

Ұлдана Молдабаева



Тараз «Формат-Принт», 2016

ӘОЖ 821.512.122-1

М 66

Молдабаева Ұ.

М 66 *«Үміт оты»: әңгімелер мен өлеңдер жинағы/*
Ұлдана Молдабаева, Тараз: ТОО «Формат-Принт», -
2016 - 261 бет.

ISBN 978-601-7806-36-1

2014-жылы «Замана сыры» атты кітабы шыққан Ұлдана Молдабаеваның бұл жинағына жас талапкер кезінде әдеби үйірмеде талқыланып, Жамбылдық танымал ақын-жазушылар тарапынан жақсы бағасын алған, бірақ әртүрлі жағдайлар мен қаржылық қиындықтарға байланысты жарық көрмеген әңгімелері мен соңғы кездегі жазылған өлеңдері топтастырылған. Оларда туған жердің табиғат көріністері шебер суреттеліп, ауыл өмірінің шындықтары, алуан түрлі тағдырлар мен махаббат машақаты шынайы бейнеленген, өзіндік бояуымен өрнектелген. Әр жылдарда жазылған, кітапқа енген өлеңдерінде туған жері, өмірдің кейбір сәттерінен алған әсерлері ойлары туралы толғанады. Туындыларының қай-қайсысының да айтары анық, тілі жатық. Оқырманын өзіне қызықтыра жетелейді. Кітап көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122-1

ISBN 978-601-7806-36-1

© Ұлдана Молдабаева, 2016

- БИСМИЛЛАҒИР РАХМАНИР РАХИМ.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнаймын.

Уақыт – не деген әділ, дәл, қатал, өткір, тұңғиық.

1 Әділ болатыны – жылдың төрт мезгілі, біз, қалайық, қаламайық дәл уақытында өзгеріп, ауысып отыратыны сияқты адам өмірі де дәл солай ауысып отырады. Туады, өседі, жетіледі, қартаяды, мезгілі жеткенде өледі. Жақсылық істесең де, жамандық жасасаң да осы жалғанда қалайда жауабын аласың.

2 Дәл болатыны – кім- кімнің де жақсы- жаманын уақыт көрсетеді. Құдды бір дәл өлшеуші таразыдай. Онда да айналасында дер кезінде оны бағалай алатындар болса ертерек, болмаса кеш.

3 Қатал болатыны – сен қанша өмір бойы жас, қуатты, әдемі болғың келгенімен, уақыт өз ізін салмай қоймайды.

4 Өткір болатыны – бір кездегі жақын жанкүйерің уақыт өте келе, алыс жекжатыңа айналады. Ал бір кезде үзіліп жоқ болады. Сондықтан да, дана халқымыз сүйек жаңғыртып отырған. Ал мүлде танымайтын біреулермен туыстасып жақын боласың.

5 Тұңғиық болатыны – миллиондаған, миллиардтаған халықтың ішінде тек санаулыларының ғана ғасырдан ғасырға аты жетіп, мәңгі өмір сүргендей болады. Қалғанының бәрі жаман да, жақсы да уақыт тұңғиығына сіңіп жоқ болады.

**Өмірдегі ең бір қастерлі де, қауыпті нәрсе,
ол – мінез.**

- 1.Жақсы мінез, жағымды қылық жатты жақын етеді.
- 2.Құйтырқы мінез немесе әділетсіз қаталдық жақыныңнан күдер үздіреді.
- 3.Сондай – ақ, опасыздық қимасыңды нағыз жауыңа айналдырса,
- 4.жағымпаздық сыйласыңды жиіркенішті етеді.
- * Білімге ұмтылу, кітапқұмарлық ең алдымен өз-өзінді тәрбиелеуге, білімді, ақылды, парасатты және жан-жақты болуға жетелейді. Тіл байлығың артады. Тұжырымдап айтсақ:
- Кітап-білімнің өзі, өзін-өзі тәрбиелеудің көзі.

Молдабаева Ұлдана Еділбайқызы. 25.03.2015ж.

1-Бөлім.



БАЛАУСА

Пейзаж.

Мезгіл күздің алғашқы жартысы. Нағыз алтын күз. Аяғыңды бассаң болды жерде қара ағаш, алма ағашы, тұт пен теректердің бірі сарғайып, бірі толық сарғайып үлгермей түсіп жатқан жапырағы. Осы жапырақтардың арасындағы қанық сары түсті, кейбірі қызғылт сары, енді бірі бояуға малып алғандай қып-қызылы үйеңкі ағашының жапырағы. Жабайы шөптердің де сарғайып барып қурап жерге түскен жапырақтары мен сабақтары бұл күнде бірі сұрғылт тартса, бірі қоңырқай реңге енген. Бұл көрініс нағыз күз түскенін білдірсе, сабағынан үзіліп түскен осынау түрлі-түсті мол жапырақтардың арасынан қылтиып қайта бұр жарып шығып келе жатқан, жап-жасыл бұршіктер мен жапырақтар бес-алты ай бұрынғы артта қалған көктемді көз алдыңа келтіргендей. Әлде не себеппен күндегісінен әлдеқайда ерте аяқталған сабақтан шығып үйіне қарай бет алған жасөспірімнің көңілін ерекше шаттық кернеп тұр. Өйткені, бүгін ол, біраздан бері көре алмай сағынған ата-анасымен қауышады. Жаз бойы құм арасындағы алыс жайлауда болған ата-анасы кеше ғана ауыл іргесіне көшіп келді. Әрине, әкесі әдеттегісінше таңмен таласа тұрып малды егістен босаған соны жайылымға айдап кетсе, анасы жаңа тігілген киіз үйдің ішкі-тысқы шаруасын ретке келтіріп, ендіге шейін ас қамына да кіріскен болар. Оның бәрін бұл ешкім айтпай-ақ, көрмей-ақ көңілімен сезеді.

Ыстық та емес, суық та емес, жанға жайлы бір

жылымық күн. Бір жағында биік таулар, бір жағында көгілжім түсті құм кемері жатқан, ескі тоғанның ұзына бойын қуалай орналасқан үлкен ауыл, даланың осынау көрікті көрінісін толықтыра түскендей. Шеткі, ұзын көшенің орта тұсындағы үйге келіп енген кішкене қыз, көп кідірмей қайта шықты. Асығыс, секектей, секіре басып шарбақ аяғындағы тоғанға қарай бет алды. Тоғанның осы тұсына жаяу жүргіншілер үшін салынған ағаш көпірден тез-ақ өткен ол, көшедегі үйден арғы бетте төбесі ғана көрініп тұрған киіз үйге қарай бет алды. Бірақ, киіз үйге жақындаған кезде, тоғанның шығыс жақ бетіндегі жағалаудың ең биік тұсына шығып алып, жан-жағына барлай қарады. Көңілін ерекше шаттық кернеген, әлі сәбиліктен арыла қоймаған жасөспірім табиғат көрінісіне көзі тоймай қарай бергісі, қарай бергісі келді. Бұрын айналасындағы көрініске аса мән бермегеніне қайран қалып тұр. Шалқая түсіп жоғары қарады. Нәзік тоқылған көгілдір, үлбіреген шифонға ұқсас аспанда уыс-уыс ақ мақта тәрізді ақша бұлттар жайымен қалқып келеді. Осы көріністі қызықтап тұра бергісі келгенімен назары сәл төменге ауды. Биіктіктен қарағанда, оның көңілін өзіне тартқан таудың, тау етегінің көрінісі еді. Жаздың шіліңгір шілдесінде ұшар басын ақ қар басып жататын тау, бұл кезде орта беліне дейін қармен қымталып алып-ты. Одан төмендеу тұс бірде қаракөк, бірде қоңырқай жасыл түске бөленген. Одан да төменгі тұс қолмен қойғандай тақта-тақта боп жатыр. Әдейі біреу өлшеп, пішіп, содан соң әрлеп бояп қойғандай. Сап-сарысы бидай егісінен босаған жер, қоңырқай жасыл түс қызылша егісінен босағаны, ал ашық қоңыр түстісі,

егістен босаған жерді жырттып үлгерген жерлер екенін пайымдап тұр. Осы уақыттағы дала көрінісі, құдды бір алып палотноға салған еңбекқор суретшінің әсем суретіндей ме, қалай? Әлде... Әлде ерінбейтін кестешінің әр түсті ерекше талғаммен таңдап алып, әдемі үйлестіре тоқыған кестесі ме, дерсің. Табиғат сұлулығына сүйсініп ойға шомған оны, осы кезде киіз үйден шыға келген анасының дауысы ұйқысынан оятқандай әсер етті.

-Ба-лау-са-а! Ол жерде неғып тұрсың, қызым? Бері, үйге келсеңші,-дегенде ғана жан- жағын қызықтаудан бір сәтке ойын бөліп, анасына, үйге қарай тұра жүгірді. Ата-анасын сағынғаны, сол үшін де асығып келе жатқаны енді ғана есіне түскендей. Есік алдындағы жер ошақта пісіп тұрған еттің иісі ошақ ішіндегі маздай жанып жатқан қидың иісімен қосылып, тек малды ауылға ғана тән ерекшелігімен жаныңа жайлы тиіп, мұрыныңды қытықтайды. Ошақтан сәл ғана алшақтау жерде жүрелеп отырып алған анасы, кезекті рет піскен нанды табадан ала беріп, сәнімен жасалған көсеуді сылдырата орнына қойып, шараның бетін үлкен табақпен салдырата жаба бергенде жүгіре басып, жетіп келген ол анасын құшақтай алды.

-Апа, сізді қатты сағынып кеттім!

-Жарығым, ботам сол ! Мен де сені сағындым. Қызын емірене кеудесіне басып, маңдайынан иіскеген ананың көзі әлде сағыныштан, әлде қуаныштан, бо- талай жасаурап тұрды.

-Көкемді де сағынып кеттім! Еркелігі даусынан да, қылығынан да байқалып тұр.

-Ендеше көкеңнің алдынан шығып кешкі астың

дайын болып қалғанын айт.

Сөзге келмей секектей, секіре басып тұра жүгірген ол, үйден біраз ұзаған соң-ақ шөбі белден асатын шүйгінге кірді де кетті. Құлашын кең жая, терең тыныстаған балғын жасөспірімге мына дүние, кең әлем, осынау алып та сұлу жаратылыс тек бұған ғана арнап жаратылғандай әсерде. Алақанымен шөптердің басын сыйпай түсіп, өзіне ұнаған әрбір гүлді өсімдікке тоқтай қалып, қызыға, зерттей қараған оның қолы қайта-қайта, аппақ жіпке ұқсас жабысқақ торға тиіп кете берді. Әлгі бұл ойламаған жерден кезіккен тордың нәзіктігі сонша, тиіп қалса болды үзіліп, қолына жабыса кетеді. Ол егістен жаңа ғана босаған даланың бір шетінен қиып өтіп, үлкен жолға қарай шыға бастады. Аракідік тоқтай қалып, аппақ нәзік жіпке таңырқай қараған оның есіне бұрынырақта әлдене себеппен әжесінің осы жөнінде айтқандары есіне түсті. -Е-е-е, мизам шуағында шығатын жіптер осы емес пе? Яғни әжемнің айтуынша кемпір-шалдар жиналып алып шуақта әңгімелесетін күндер осы екен ғой. Мизам шу-а-ғы! Қалың шалғынның жиегіне шыға бере бір топ шашыратқының арасынан бірін-бірі қуалай ұшып шыға келген ақ, көк көбелектер мұның жанынан көзді арбай ұзап бара жатты. Артынша оның ойын далада жайылып жүрген тоқтылардың қылығы бөлген еді. Осыдан бірер ай бұрын ғана аналарынан айырғанда, үш-төрт күндей бұрынғы күйлерін іздеп, күндіз-түні толассыз маңырап, маң даланы басына көтерген қозылар бұл күнде тоқты атанған. Өз бетінше күн көруге бейімделе бастаған. Отты жерде таңнан кешке дейін жайылған олардың бүйірі тоқ. Қонды-ақ. Әйткенмен, сүп-сүйкімді тұмсықтарымен

әр өсімдікті бір иіскеп, түртіп көріп ұнағанын жарыса бырт-бырт үзіп жеп жатыр. Ойын баласы секілді, кейбіреуі келесісінің алдына тұра қалып онымен сүзіссе, кейбіреуі жарыса ойнақтағандай қимылдар жасап қояды. Өзіне жақындау келіп, құлағын қалқита қарап қалған ақ тұмсық қоңыр марқаға:

-Сендер де өз беттеріңмен серуендеп, жайылатын болдыңдар иә? Менің де ата-анамсыз серуендеуге шыққаным көп болған жоқ,-деді. Қоңыр марқа:

-Түсіндім, дегендей басын изей түсіп, тұмсығын шүйіре бір пысқырып алып ары қарай жайылып кете барды. Ұшқан құстың дыбысынан ба, әлде жүгіріп өткен иттен бе, үріккен малдың бір шеті дүр етіп барып басылды. Күннің едәуір байып қалғанын сонда ғана аңғарған ол, анасының сөзі есіне түсіп, егістен босаған даланың шетіндегі жолға секіре басып шыға келді. Үстінде спорттық шалбар мен жылы кофта. Басындағы көбіне американдықтар киетін ши қалпақ-самбреро. Ұзыннан ұзақ егілген алма ағашын жанай өтетін жолмен асығыс, жүгіре басып келе жатқан жасөспірімді бір қараған жан «ер бала ма» - дер еді. Тек самбрероның астынан көрінер-көрінбес боп, бір шеті қылтиып шығып тұрған бұрымына таққан бантиктің ұшы ғана қыз бала екенін білдіргендей. Алма ағашының бітер шетіне жақындаған ол, егіс даласын суаруға арналып қазылған екінші тоғанның жиегіндегі қалың құраққа да жақындап қалды. Осы кезде ну қамысты кесіп өтетін өткелдің арғы жағынан оскырынған жылқының, шылдырлаған жүгеннің дыбысы шыға бастады. Ұзамай-ақ жирен қасқаға мінген әкесі жетегінде ақбоз құнаншығар, өткелден өтіп келе жатты. Бір-бірін қатты сағынған әке мен бала жамы-

рай қуанысып, көрісіп жатқанда бағымдағы малдың алды ауылға да жетіп қалған еді.

-Балауса! Қарашы, қызым! Бұл нағыз саған лайық ат болады. Енді үш-төрт жылда үстінде су төгілмес осынау жорғаның нағыз лайықты қожасы боласың, қызым!

Арада үш-төрт жыл өтті. Көктем аяқталып, жаз айының басталғанына көп болған жоқ. Іркес-тіркес бір-біріне асыла жабысып бітпестей боп көрінген қызғылт-сары құм төбелерде өскен дүзген мен қоянсүйек, бүрген мен кемпіршаш, сағыз шөптері бұл кезде ұсақ жапырақтарын жайып, бар сұлулығын барынша паш етіп тұр. Көгілдір аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Құм төбелерден көлге қарай түсе беріс кең, жазық сай. Сайдың құм жақ шеті жантақ, бүрген мен жусан, раң аралас, төбелердің етегінде өскен қалың құлқайырмен астасса, көл жақ шеті бақ-бақ, атқұлақ, жалбыз, шайқурай, шайшөп, шырмауық секілді көкпеңбек балғын да балауса шөптерге ауысады. Өсімдік біткен жайымен соққан самал желмен тербеле, үздіксіз бастарын изейді.

Белес-белес құм арасының бірде ойпаттау жерлерін қуалай, бірде аласалау қырға асыла түсіп анадайдан көрінген үлкен жол, жақыннан қарағанда ұшы-қиыры жоқтай боп көрінетін аумақты көлдің өткеліне кеп тіреледі.

Өлдеқайдан, жолсыз, биік жотаның ар жағынан желе жортып шыға келген жас жолаушы көлге жақындаған сайын атының жүрісін баяулата түсті. Аяқтарын билей басып, жорғалай жортып келе жатқан боздың қаракөк кекілі маңдайына төгіле түскен. Қаз

мойнының оң жағына қарай құлаған жалы мен сауырынан төгілген қалың қаракөк құйрығы онсыз да сұлу жаратылған жануардың бүкіл тұрқына жарасып-ақ тұр. Ерекше нәзік өрнектеліп, сұлу соғылған ер-тұрманымен түйіндескен жерлерін орнымен күмістеген өмілдірік пен құйысқаны аттың көркін одан әрі айшықтай түскендей. Атын баяулата бастырып келген жолаушы жан-жағын жіті бақылап алып, аз кідірістен соң өткелдің ортасына жетіңкіремей тоқтады. Осы тұста-ақ көлдің суы үзеңгілікке тиер-тимес боп тұр. Ары қарай аттың бауырынан асып ерге шейін келуі әбден мүмкін. «Биыл көлдің суы өте мол екен-ау» - деп ойлады ол. Бұл үлкен көлді былайынғы жұрт Бас көл десе, мұның ақынжанды ата-анасы Көлбастау-деп соза, байыта атайды.

Алдағы уақыттан үміті зор, арманы асқақ, мақсаты биік қыз бала әр каникул сайын реті келгенде атпен жазықта да, құм арасында да талай рет серуендеген. Әрі-беріден соң, ара-арасында ойға-қырға қарамай-ақ көсілте шаба жөнелетін. Бірақ бұрын-соңды бұл жерге оңаша келіп көрмеген Балаусаның көңілінде аздап сескену де жоқ емес. Өйткені әжесі бағзы заманда мұнда барыс мекендеген десе, өзге де үлкендер екі-үш адам болмаса, жалғыз-жарымға өтуге болмайды. «Сақтанғанды құдай сақтар»-дейтін. Әйтсе де, тәуекелге бел буып келген оның көңілін аздан соң-ақ көз тоймас көлдің көркі баурап алып кетті. Жан-жағын қалың қамыс қоршаған көлдің әр жерінде бұған таныс емес, бұтағы майысқақ бірнеше шоқ талдар өсіп тұр. Самал желдің әсерінен бүкіл қамыс бастарын ерсілі-қарсылы изей түсіп, сусылдай кеп шулайды. Күнмен шағылыса жарқыраған көлдің

бетіндегі ұсақ толқындар бір-бірін қуалай ыққа қарай толассыз ығыстап барып жоқ боп кетеді. Жиекке таман көлдің әр жерінде топ-топ әдемі қоғалар көрінеді. Өнебір тұстағы қалың қопа арасынан шыға берген сарғыш қоңыр түсті үйрек темір қанаттанып, өсіп қалған бес-алты балапанын ертіп көл ортасына қарай жүзіп келе жатыр. Қапелімде кезіккен шегіртке ме, әлденені ауадан қақшып алып қылғыта жұтқан құс:

-Ға-а-ақ, ғ-ға-а-ақ,-деп балапандарына мойнын бұрды. «Міне, жемтікті осылай аулау керек» дейтіндей. Бұл дыбыстан су ішінде тұрған жануар селт етіп оқыс қозғалып, қаракөк түктермен көмкерілген әдемі құлақтарын қайшылап, аяқтарын бір орнында дегбірсіздене қозғап, жүгенін шылдырата басын изеп, пы-ы-ыр, п-ы-ыр етіп ауыздығын шайнай, суды иіскей бастады. Атын суару керек екені есіне түскен иесі таза, қап-қара қылдан ескен, ердің бір жағына ілулі тұрған шылбырды сәл босата түсіп, аттың ауыздығын ала бастады. Еңкейе беріп, суды құныға жұтқан ат, ара-арасында басын шұлғи түсіп, пыр-пырлап қояды. Пырылдаған аттың дыбысы мен үздіксіз шылдырлаған жүген дыбысынан үрікті ме, осы кезде тап қастарындағы копадан ұшып шыққан бір топ ұсақ құстар, көлдің үстін көлбей өтіп әлдеқайда ұшып барып жоқ болды. Ұшып бара жатқан құстарға тігіле қараған қыздың көзі іле-шала су бетінде жүзіп келе жатқандай болған аппақ гүлдерге түсті.

-Не деген әдемі гүлдер,-өз-өзіне күбірлей үн қатты. Бір құшақ ақ гүлдің арғы жағында, жиекке жақындау ерекше әдемі көгілдір гүлдер жағалауды бойлай өсіпті. Тумысынан гүлге құмар қыз, жақыннан тамашалауды місе тұтпай, олардың бірнешеуін жү-

лып алып қолына ұстап көргісі келді. Осы оймен атын солға сәл бұра тебініп қалғанымен, әшейінде егесінің ойын әр қимылынан тани қоятын боз жорға бұл жолы орнынан қозғалғысы келмеді. Бір орнында секірген сияқты қозғалыс жасағанымен сол орнынан жылжымай тұрып қалды. Бір ұмтылып, бір тұрып тұрған қыз әлгі гүлдерден бергі тұстағы қалың қопаның тасасында шашырай түсіп, олардан да бетер ерекше жайнаған қызғылт сары түсті гүлдерді көргенде еңкейіп алға ұмтылды. Қанша тырысса да үлбіреген нәзік жаратылысқа қолы екі-үш қарыстай жетпей-ақ қойды. Бірінен-бірі өткен нәзік те сұлу жаратылыс елбірей үлбіреп бастарын үздіксіз изеп: «Кел, кел! Бері жақында!» дейтіндей.

-Бозым, бозым, бір-ақ қадам жылжышы! Ат қозғалар емес. Тек үздіксіз басын шұлғи береді. Ақыры оң жақ білегіне бүлдіргесінен іле салған, әдемі өрілген қоңыр қызыл тобылғы қамшыны салалы сүйрік саусақтарымен қыса ұстап, еркінен тыс атына қамшы басты. Ат тағы да мөңки секіріп, бір қадам да алға жылжымай бір орнында тұрып алды. Ақбозбен жолдас болғанына үш-төрт жылдың көлемі болғанымен бұл бұрын ешқашан оны қамшылап көрмепті. Тілсіз демесең егесін әрбір іс-қимылынан танитын жануар қамшысыз-ақ лыпып тұратын. Әйтеуір сол күні қырсықты да қалды. Әрі-беріден соң бұл ісінен түк шықпасын түсінген Балауса;

-Ех, бозым, бозым! Мүмкін сенікі де дұрыс шығар. Ал, үзіп алдым, дедік. Керемет сұлулық сәлден соң-ақ солып қалмай ма? Одан да тұрған орнында тұра берсін, жайнаң қағып. Тек тасада тұрғаны өкінішті иә?-деді атына қарап үн қатып. Ол түсінгендей ба-

сын шұлғып-шұлғып алып егесінің келесі ишарасын күтпестен-ақ келген ізімен бұрыла жөнелді. Бұлар көл жағасына келгенде үлкен сәске еді. Енді шаңқай түс болыпты. Келген шаруамыз бітті,-дегендей иесін ауылға ала жөнелген жануар бірер қырдың астындағы үлкен жасыл жазықта отырған үйге лезде-ақ алып жетіп келді. Алты қанат қоңырқай үйдің жанындағы мосы ағашқа жеткенде тоқтай қалған аттан бұлардың төбесі көрінгеннен көзін күннен көлегейлей күтіп тұрған қыздың әкесі бұларды қарсы алды. Жақындай берген аттың шылбырын босатып дереу мосы ағашқа байлады. Шашын желкесіне тастай ғып өріп, түйіп тастаған қыздың лып етіп аттан жеңіл түскен кезде басындағы ши қалпағы, үстіне киген қара көк жұқа шалбары мен бәйшешек түстес сарғыш ақ кофтасы бір-бірімен үйлесім тауып, жарасып-ақ тұр.

-Неғып кешіктіңдер?

-Көке, бозымды суарып алайын деп көлдегі өткелге барып едім. Су ішінде қопаны жағалай өскен небір әдемі гүлдер бар екен. Бірнешеуін жұлып алайын десем, мына бар болғыр, Бозым, бір қадам жылжымай-ақ қойғаны. Неғып қырсыққанын қайдам! Әйтеуір қырсықты да қалды.

-Оның қопаға қарай жылжымағаны дұрыс болған. Өткелдің табанынан бір қадам оңға да, солға да бұрылуға болмайды. Ол көлдің тартпасы бар ғой, балам-ау! Жануар, соны сезген ғой. Қайта бір қауіптен қалыпсыңдар.

-Ендеше мен, қырсығып, орныңнан жылжымай қойдың,-деп атымды қамшылады. Суда өсетін гүлдер ерекше әдемі болады екен. Өмірімде көрмеген әсем гүлдер, еріксіз өзіне қаратты.

Кешірші мені, Бозым! Балауса еркелей сөйлей жүріп, шалбарының қалтасынан қант алып атқа тақады. Бозжорға тұмсығындағы сансыз көп түктерімен Балаусаның алақанын қытықтай жыбырлатып қантты қытырлатып жей бастады. Қыз жануардың мойнынан еркелете қағып тұрғанда, мені жазықсыз жазғырдың ғой,-дегендей оның қап-қара әдемі көздерінен жас тамшылап тұр еді.

ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ.

Әңгіме.

Мезгіл ерте көктем, қыс ызғары кете қоймаған кез. Бір күн ауада нағыз көктемнің лебі білінсе, екінші күні қайта түнеріп шыға келеді. Екі күннен бері аспанды қою сұп-сұр бұлт торлап алған. Бүгін таңертеңнен бастап жауған қар аралас жаңбырдың аяғы кешке қарай жапалақтап біржола қарға айналды. Мана күн кеш кіре қаладан шыққан үсті жабық ГАЗ-53 алыстағы ауылға қарай жүйткіп келеді. Кабинада жүргізушінің қасында отырған сексеннен асқан кейуана жүзі аса мейірімді-ақ. Бірақ көзінде ауыр мұң бар. Сонымен қоса анда-санда көкірегін кере күрсініп қояды. Ал брезентпен жабылған кузов үстінде еркек-әйелі аралас бірнеше кісі отыр. Жас мөлшері де әртүрлі.

-Е-е-е,-деп ыңырана қозғалған мұрны қолағаштай, көк көз, мосқал тарта бастаған сары кісі қасындағы серіктерін әңгімеге тартқандай болды. Сырттан соққан ызғардан тоңды ма, сырт киімінің жағасын көтере түсіп, қымтанып қойды.

-Е-е, өмір деген осы! Қай-ра-а-ан, Жұпарды

да жөнелтетін болдық, қайтпас сапарға. Бекен ақсақалдың дауыс ырғағынан замандас жеңгесіне деген қимас көңілі бірден-ақ аңғарылғандай. Әжім айғыздаған жүзінен талайғы оқиғалар есіне түсіп отырғаны байқалады.

-Иә-ә, қанша жасаса да, адам өмірі қамшының қысқа сабындай-ақ. Ойын қысқа қайырған ер кісінің мол пішілген дене бітімі, келбетті жүзі мен бап-тай сөйлеген дауыс ырғағынан әлдебір тектілік, интеллигенттік байқалады. Ол да үстіндегі киімін аздап қаусырынып қойды.

-Құдайдың құдіреті-ай! Баяғыда өледі-деген Жұпар еді. Он жыл бойы төсек тартып, сал боп жатқанда, осы да адам болушы ма еді. Ана Дүйсен сорлыға қиын болды-ау,-деп талай аузына әлі жетпеген ағайын тірідей-ақ жерлеп еді-ау, бейшараны. Сол елге бір кездері жиен күйеу болса, бұл күндері құда болған Бекен ақсақал бұл кісілердің өмір жолын бүге-шігесіне дейін білетін сыңайлы.

-Өзі, неден тәуір болды, а!?-деді, туыстық жағынан күйеу боп келетін Райым, қасын кербез кере, сұраулы жүзбен Бекенге қарап.

-Неден тәуір болды дерің бар ма? Еш жерден ем қонбай қойған соң, он жыл бойы үйінде Дүйсекең өзі бақты ғой. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі»-демекші, көрер қызығы бар екен, байғұстың. Сонша жыл орнынан тұра алмай жатқан адамды кім ойлапты, тәуір боп, ел қатарлы өмір сүреді-деп. Құданың құдіреті дә. Қайта жүріп кеткеніне де оншақты жылдан асты-ау шамасы.

-Ол кезде қайбір дәрігер бар дейсің? Дәрінің де тапшы кезі ғой. Қазіргі жағдаймен салыстыруға да

келмейді.

- Оның рас. Ө-ә-әй, қазіргі жағдайда да екі талай ау. Сабазың! Жұпарды тастап басқа әйелге үйлен,- деген туыстарын тыңдаған да жоқ. Оған деген ықыласы бөлекше еді-ау!

-Өзгеге ештеңе емес, жасы ұлғайғанда кемпірінің артында қалып, Дүйсенге қиын-ақ болды. Райымның жүзінен аяныш сезіліп тұр.

-Неден қайтыс болды, өзі?

-Екі апта төсек тартып жатып қапты, деп естідім ғой. Ескі ауруы қозғалған- ау.

Үлкендер осылайша мәңгілікке аттанған кісі төңірегінде әңгіме өрбітіп келе жатқанда, әйелдер жағы үнсіз тыңдаумен болды.

Жаназаға келе жатқан кісілердің ең жасы жиырма төрт, жиырма бестердегі келіншек Седеп. Ер кісілердің әңгімесін үнсіз тыңдап отырған оның да бар ойы Жұпар енесінің төңірегінде-тін. Ол осыдан оншақты күн бұрын ауылға әлдене себеппен соққанда кеш те болса кіріп амандасып шығу үшін күйеуімен екеуі туыс енесінікіне барғандары есіне түсті. Әжептеуір ауырып қалған кісіні көріп таңертең келе алмағандарына қысылғандары, дегенмен бұл кісіні осылайша қайтыс боп кетеді екен -деп ойлай қоймағандары бірінен соң бірі ойына орала берді.

Жолдың тегіс асфальтты жерлерінде барынша жүйткі заулаған машина, жол ортасынан ауа бере тозығы жетіп, қырық шоқпыт болған шұңқыр, тесік жолмен біраз шоқырақтады. Қиралаңдай секірген көлік ақыры негізгі жол табанынан шығып, жай қара жолға түсті. Біраз жүрген соң секектеген машина батпаққа қойып кетіп, тығылды да қалды. Көзге

түртсе көргісіз, қараңғы далада кузовтағы бар жолаушы жерге түсті. Ерлер жағы жасына қарамай төңіректе өскен жыңғыл бұталарын сындырып әкеп машинаның баллонының астына тыққылап жатыр. Әйелдер аяқ астындағы батпақтан қорғана жүріп, жолдан алшақтау шығып, ұйлығыса ықтап тұр. Кабинадағы әжеден басқасы түгел сыртта. Олардың бірді-екілі тіл қатуынан бүгінгі күннің райына деген наразылық байқалады. Үздіксіз ы-ы-зың, ы-ы-зың етіп ерсілі-қарсылы жұлқына сілкінген көлік едәуір уақытта ерлердің итермелеуімен батпақ құрсауынан шықты-ау әйтеуір. Кузовқа қайта мінген жолаушылар ұзақ уақыт қараңғы, суық далада жол жүріп кеп жылы үйлеріне кіргендей қуанды. Біраз уақытты жоғалтқандай болған жүргізуші қара жолдың жиегін жағалай жолсызбен жүріп отырып қайтадан асфальттың оңдылау жеріне келгенде қиралаңдай аударыла жаздап барып, негізгі жолға шықты. Бұл кезде жолаушылар әңгімеден тиылған. Шамасы, әрқайсысы іштей діттеген жерге аман-есен жетуді тілеп отыр. Оны көліктің әрбір қираң ете қалған кезіндегі әрқайсысының «бісмиллә, бісмиллә» дегенінен байқауға болады. Бұл сөзді бірі даусын шығара созып айтса, бірі іштей сыбырлап айтып отыр. Тағы бір сағаттай жүйткіген көлік ақыры ауылға да келіп жетті. Жүрісін бірте-бірте баяулатқан машина жайлап қазалы үйдің қасына тоқтай бастады. Ауылға ене бере-ақ дыбыстары шыға бастаған үлкендер, енді қазаға емес қуанышқа келгендей дауыстары жарқын-жарқын шығып, аман-есен жеткендеріне шүкірлік айта бастады. Үйдің қасындағы нән столбының басына орнатқан шамның жарығы бірталай жерді

жарықтандырады екен. Үздіксіз себезгілей жауып тұрған қар, шам жарығымен шағылыса жайнап, төңіректі ерекше аппақ нұрға бөлеп тұр. Ерте көктем емес, нағыз жаңа жыл сияқты. Кузовтан түсе берген біреу :

-Өй, мынау қайтеді, ей! Нағыз қыс орнайтын түрі бар ғой!-деп еді, Бекен ақсақал іле: -Ой әшейін көбік қар ғой! Ертең сәскеге жетпей-ақ еріп кетеді,-деп жауап қатты. Түн жарымына таяп қалғанда жеткен бұларды әлде біреу байқап үй ішіндегілерге хабарлаған болуы керек, үйден шулаған әйелдер дауысы шықты. Артынша оған сырттан «апам-айлаған» ерлер даусы қосылды. Сол-ақ екен келген жолаушылардың да әлгінде ғана көңілдене шыққан үндері енді азынай, азалы күйге еніп жүре берді. Әйелдер отырған бөлмеге енгенде жалғыз ерке келіннің, «апам-айлап» елден ерекше шырқырай өксіген үні мен, жалғыз қайынсіңлісі Қалжанның зарлана айтқан жоқтауы сай-сүйегінді сырқыратады. Барлық рәсім аяқталып болған соң жолаушылар үйді-үйге бөлініп таңға дейін дем алуға кетті.

Өз атасының қара шаңырағына келіп төсекке қисайған Седептің ойынан әлгіндегі көріністер кетер емес. Дегенмен жолсоқты боп шаршап келген ол әлден уақытта ойланып жатып ұйықтап кетті. Бекен ақсақал айтса айтқандай, ертесіне сәскеде Жұпар ананың жаназасын шығарып жатқанда күн ерекше жылынып түндегі жауған қардан тек көлеңкеде болмаса өзге жерде түк қалмай еріп кетті. Ұлардай шулаған ағайын-туыс, жекжат-жұрат, көрші-көлем қадірлі де, қасиетті бір ананы келмес сапарға жөнелтіп барып тыныштық тапты. Бұған дейін бірде көктем, бірде

қыс, итжығыс түсіп тұрған күн райы біржолата нағыз көктемге ұласты.

Қалаға қайтқан жолаушылардың ішінде келе жатқан Седептің ойында түндегі ойдың жалғасы. Көңілінде өлген адамға деген қимастықтан да бөлек ерекше жылы сезім ұялаған сияқты. Бұл келін боп түскеннен бергі көп те емес, аз да емес уақытта ол кісімен бірнеше рет қана бірге болған екен. Онда да қысқа, қысқа ғана. Тек бір рет екеуі жарты күннен аса оңаша әңгімелескені бар.

Келіншек көңілінде басталған үздік-создық ой, жол ортасына келгенде бір арнаға түскендей болды. Бір сәт оның көз алдына есік алдындағы көлеңкеде жататын әбден кеуіп қалған ағаштың бір кеспек түбірінде дамылдап отырған немере енесі көз алдына елестеп кетті. Үнемі тап-тұйнақтай, үйіне де, түзде де үстіне қылау жолатпайтын енесі, дінгек үстіне отырып алып, тағы не қалып қойды, енді қай істі тындыруым керек,-дегендей айналасына жіті көз тастар еді. Кейде жалғыз ұлдың бір баласын алдына алса, екіншісін жанына отырғызып алып бесік жыры ма, әлдебір ескі әуенді ыңылдап айтып, енді бір кезде отағасымен екеуі бір нәрсеге мәз бола күліп, немерелерімен мәре-сәре боп отыратын. Ауылға анда-санда асығыс келіп, қайтып кететін жас келін, күйеуінің мол ағайын-туысы мен ата-енесінің ескі, жаңа жекжаттарын әлі танып та үлгермеген. Ал бұл кісінің орны ерекше. Тіпті көңіл түкпіріне үңілсе, осы елге келгенде тапқан жалғыз жанашырындай ма, қалай?

Оның есіне бірер жыл бұрын айтылған ене әңгімесі түсті. Япыр-ай,-деп ойлады ол. Әлде осы

жайдан кейін менің көңілімде ол кісіге деген ерекше жылылық пайда болды ма екен? Задында содан кейін жақын тартып кеткенмін-ау. Ол енді сол кезді есіне түсіре бастады.

Күн ұясынан шығып, арқан бойы көтеріле бере-ақ кешегіден де ыстық болмаса, кем түспесін байқатқандай еді. Ұзын көшенің шығыс жақ бетіндегі үлкен ақ үйдің оң жақ шетіне көлденең салынған сарайға, пеш қора жалғасқан. Үйдің меншігіне тиесілі жер мен есік алдын бөліп тұрған арықтың жағасына бір заманда егілген бірнеше зәулім қара ағаш бар. Одан ары сол жаққа қарай соғылған қора- қопсы келесі үйдің шарбағымен бітісіп кеткен. Үй-жайдың, осылайша орналасқаны жаздың аптап ыстығында үй иелеріне де, келген-кеткен кісілерге де едәуір жанға сая. Сондықтан ба екен, әлде осы үйдің көп балалы от анасы Бүбәннің салмағы ма, көршілес, ағайындас абысындар бір жаққа баруға бет алса қыс демей, жаз демей осы үйге жиналады. Бүгін де солай. Оң жақтағы үйде тұратын Ғайша таңертең орнынан асықпай тұрған соң шайға барынша қанып ап, ақсаңдай басып келіп сарай алдындағы көлеңкеде тұратын ұзынша орындыққа кеп жайғасты. Үнемі быршый терлеп жүретін ақсары, келбетті келген кейуана қалтасынан көлемді беторамалын шығарып, маңдайын, бет-жүзін асықпай сүрте бастады. Жетпістен аса бастаса да жасында нағыз қайнар көздің өзі болғаны көрініп-ақ тұр. Үйге бір кіріп, бір шығып жүрген Бүбәнмен қайырлы таң айтысып болысымен-ақ ол:

-Әй, мыналар күн ысып кетпей ертерек жинала ма?-деді шыдамсыздана.

-Жиналып қалар,- деп жауап қатқан Бүбән үйіне кіріп ұзақ жоқ боп кетті.

Гайша абысындар арасындағы ең жасы үлкені. Жалғыз баласы әлдеқашан үйленген. Содан туған тұңғыш немересін өзінің сүт кенжесі ретінде өсірген ол, бұл баласын аяқтандырғанына да үш-төрт жылдың жүзі боп, оның өзі екі балалы боп үлгерген. Үлкен ұл келінімен, кенже балаларымен малда. Үш-төрт қызының алды өзінің аяғын алып егде тартып қалған. Балалы-шағалы. Қолында бойжетіп тұрған бір-екі немере қызы мен жас келіні бар Гайша, үй шаруасына еш алаңдамайтын болғаны қашан? Сондықтан да қашан да, қайда жиналса да елдің алдымен сол келеді. Артынша-ақ келген сол жақтағы көрші К-700, Гайшаның қасына кеп жайғаса берді. К-700 әлі келін алып үлгермеген, Гайшаға қарағанда едәуір жас. Егделікке енді ғана бет бұра бастаған әйел. Іс-әрекеті мен бөлекше мол пішілген дене бітіміне сай бұл әйелдің өз ортасында, абысындар арасында салмағы бар. Бетті, беделді. Осы қасиетінен бе, өсіріп отырған балалары да өзінен өтпесе кем түспейді, шетінен пысық. К-700:

-Баяғы екеуіміз бе, алдымен келген? Бұлар жиналам дегенше күн ысып кетпесе жарады.

-Әй, қайдам... Әлгі Майысқақ жетем дегенше күн түс болар? Қабағын шыта тыржиған шыдамсыз Гайшаның жүзінен кейістік аңғарылады. Бұлардың бірі «К-700», бірі «Майысқақ» атануына да негіз бар.

Соғыс жылдарында арнайы механизаторлар дайындайтын курсты бітірген алғыр да батыл бойжеткен колхоздағы жалғыз-жарым техниканың жүргізушісі де, жөндеушісі де болған. Кейін бертініректе, заман түзеліп, техниканың жаңа түрі шыға бастағанда

шаруашылыққа алғашқы келген алып трактор К-700 ты жүргізуге бірлі-жарым ер азаматтың батылы бармағанда, осы әйел сөзге келмей рульге отырған. Өзінің де бітімі бөлек, бойшаң, ірі денелі келген әйелді содан бері ел өз атын ұмытып, К-700 атап кеткен. Майысқақ аурушаң, нәзік. Үнемі тәуіп пен дәрігердің алдын бермей жүретін әйел. Мінезі жұмсақ, көнбіс. Сол мінезінен үлкен-кіші, кәрі- жас «Майысқақ» атап кеткен.

-Майысқақ бармайтын бопты. Аудан орталығына тәуіпке дей ме, дәрігерге дей ме кетіпті,- деді бұлардың сөзін кезекті рет үйден шыға бере естіп қалған Бүбән, қайта үйіне кіріп бара жатып.

-Онда Жұпар келсе болды, мына Бүбән шығады. Төртеуіміз кете береміз де. Ол да кешігіп жатыр.

-Ана ерке-тотай келіні қайсы күні ауданға жібермей қойдың- деп тағы да төркініне кетіп қапты дейді ғой.

-Соның-ақ келіні ұрмай-соқпай, сәл нәрсені сылтауратып, қит етсе болды төркініне тайып тұрады екен.

-Бүгінгінің жасын адам түсінбейді. Еріккен дә. Әйтпесе шағатын шемішкем таусылды деп те есі дұрыс әйел төркінге кете ме?

-Ойбай-ау, ол өзі екі баланың анасы болған жоқ па? Тәлпіш неме, онысы несі екен?

Осы кезде әлдене іздеп сыртқа қайта шыққан Бүбән әңгіменің ауанын түсіне қойып сөзге араласты. Негізі келіндер жайлы әңгіме Бүбән үшін ең өзекті де қызығы таусылмайтын тақырып. Бірақ бүгін қауырт, жолға жиналып жатқандықтан қызыққа бел шешіп кірісе алмады.

-Екі бала тапса да есі кірмей жүргені ана

алты ағасының буы да. «Төркіні жақынның төсегі жиналмайды»-деген. Осы сөзді айтып үйге қайта ене берген оның сыртынан екі абысын енді бұның келіндерін сөз қыла бастады.

-Жұпар ғой, жалғыз келін болған соң ба, байғұс, келіні туралы жақ ашпайды. Ал мынаның келіндері бірінен бірі өткен пысық.

-О бастан Құдай бұған бақты үйіп-төгіп бере салған. Тапқаны кіл ұл болған соң ата-енеден де, байдан да тақсірет тартқан пенде емес.

-Иә, бар міні білінбей, кімсің, Бүбәнсің болған әйел ғой. Жарықтық атасының кең пейілі мен кезіндегі отағасының үлкен- кішіден алған батасының арқасы шығар, өстіп өсіп-өніп отырғаны.

-Маңдайының бағы кере қарыс. Келіндері шетінен білімді, іскер боп жолыққанын айтсайшы.

-Шетінен ізетті, ілтипатты. Кезекті рет бетін бет орамалымен сүрткен Ғайша:

-Оқыған шіркіннің аты оқыған ғой,-деді армандай күрсініп. Оқымаған жігіттің оқыған қыз алуы екіталай екені қаперінде бар ма, жоқ па, кім білсін? Әйелдер кезекті рет үйден шыққан Бүбәнға, сенің келіндеріңді мақтап жатырмыз,-деді, сұраулы жүзбен бажайлай қарап. Қолда бардың қадірі жоқтың кері ме, әлде бұйырса әлі де бірнеше келін түсіретін жайы бар жан, барын бағалап үлгермеді ме, кім білсін?

-Тапқан екенсіңдер мақтайтынды! Бірі сыйқыр, бірі көк, бірі долы,-деді ол аздап сыздана, үйге қайта еніп бара жатып. Абдырап қалған екі абысынды бірі әңгіме ауанын қайтадан Жұпарға бұрды.

-Әй, байғұс Жұпар-ай, бүкшендеп үй шаруасын игеріп бола алмай жүрдағы. -Мынаған не жоқ? Бір кіріп, бір шығып ісі өнбей-ақ қойды ғой. Жұпар кел-

генше біраз байырқалап, бізбен отырып әңгімелессе қайтеді.

Осы кезде үйден шыға келген Бүбән өзі жайлы сөз боп жатқанын ұға қойып:

-Бір келін алсаң тамағыңды жүрелеп отырып ішесің. Екі келін алсаң түрегеп тұрып ішесің. Үш келін алсаң жүгіріп жүріп ішесің-деген осы. Әлгілердің үй жинаймын-деп қай затымды қайда қойғанын білмей күндікке әуре боламын, өстіп. Сендер ғой асықтырып қоймайсыңдар. Сасқаннан бір кіріп, бір шығып заттарымды әрең түгендедім-ау, әйтеуір. Балаға қарадың, далаға қарадың деген осы. Маған тиесіліні бір жерге қойыңдар деп қанша айтам осы! Қаперлеріне де кірмейді, бәтшағарлардың.

- Үш келін алып әбіржіп жүрсің, әлі төрт-бес келін түсіргенде қайтесің, байғұс-ау?-деп абысындардың бірі мысқылдағандай болды.

-Тіпә! Тіпә! Оны да бұйыртса көрерміз! Тіл-көздерің тасқа болсын. Абысындың мына сөзінен ішін жинап қалған Бүбән, оған жақтырмай қарады.

-Әй, ана Жұпардан шықты да, әңгіме. Сені бір көре алмай отыр деймісің? Тіпә, тіпә! Тіл-көзіміз тасқа, лайым, өсіп өне бер.О несі ей?!

-Жалғыз баланың қатынын Құдай оңдырмаған соң сол дә,-деп абысындардың бірі сөзді бастырмалата көзі жоқ адамға қарай бұра түсті.

-Е-е-е, не бопты, оңдырмайтындай? Әп-әдемі, тап-тұйнақтай, пысық келін ғой.

-Өзі де бір бар болғыр. Жалғызға біреудің шолжандаған еркесін әперіп несі бар,-деді маңдайын, иегінің астын, алқымын кезекті рет сүрте түскен Ғайша ернін сылп еткізіп.

Сарайдың қалтарысынан бүкшендей басып шыға

келген Жұпар:

-«Өзі жоқтың көзі жоқ»-деп, көзі жоқты сөз етпесеңдер отыра алмайсыңдар-ау осы. Жалғыз баланы сүйгенін алсын деп еркіне қойғанымыз рас. Сонда не бопты?-деді қабағын тыржита ренішін білдіріп.

-Жұпаржан-ау, естіген құлақта жазық жоқ,- деген. Мына жеңешем мен Бүбән да құлағдар екен. Не болса соны сылтау ғып төркініне кете береді,-деп естіген соң, саған жанымыз ашып жатыр дә. К-700 ма-надан бергі әңгімелерінің мәнін түсіндіріп, жағдайды жайбағыстай бастады.

-Жайбағыстамай-ақ қой. Төркініне кетсе екі баласы мен күйеуін сағынған соң келеді де. Шал екеуімізді сағынбаса да, сағынатын адамдары бар ғой, құдая шүкір. Әркім өз жөнін жөндесе болар. Елді сөз қылмай-ақ.

Ел не десе о десін, Жұпардың әу бастан жалғыз келінге шаң жұқтырғысы келмейтін әдеті. Өзі де кемшілігін тізбелемейді, өзгенің де тілге тиек етуіне жол бермейді. Сөз осымен бітті.

Үстіне ақшыл сары майда гүлдері бар ақ креп-дешин көйлек пен жеңіл ақ сұр қысқа қамзолды жарастыра киіп, басына жеңіл біртартардың сыртынан шет-шетін кестелеген, шашақты ақ крепдешин ор-амалды үйлестіре бос сала салған Жұпар абысынға өзгелері қызыға таңырқап, аңтарыла қарап қапты. Осы кезде үйден бар тәуірін киіп, сөмкесін сайлап болып Бүбән да шықты. Күн шыжып, түске таяй бастаған кезде жасана киінген төрт әйел, аудан орталығынан әрі шыға берістегі ауылда өтетін жиынға баруға бет алды.

Үлкендердің асқа барып қайтқандарына да екі-үш күн өткен. Сәске уақытында дүкеннен қайтып келе жатқан Жұпар, Бүбәннің есігінің алдынан өтіп бара жатып, үй шаруасымен айналысып жүрген кіші келінге арнайы бұрылды. Өзіне ізетпен иіліп сәлем берген келінге ырза пейілде:

-Көп жаса, қарағым! Ұл тап!-деді бүкшендей басып келіп кідіре берген ана.

-Бүгін енең көрінбейді ғой? Бір жаққа кеткен бе?

-Иә, апа. Қаладағы үлкен ағаныкіне кетті.

-Олай болса үйдегілеріңе түскі асын беріп болған соң біздікіне кел. Жарай ма?

-Жарайды, мақұл.

- Күтемін . Ол осыны айтты да жайымен аяңдай басып, шарбақ арасындағы жалғыз аяқ жолмен өз үйіне қарай бет алды. Кейуана кеткен соң Седеп түскі ас әзірлеу үстінде де, атасымен қайындарын қосқанда кіл ер азаматтан тұратын өзінің жаңа жанұясымен түстену кезінде де, ол кісі не үшін шақырды екен,- деген ой үстінде жүрді. Жаңа түскен келінді жақын-жуық туыстар әлдеқашан шақырып қойған. Бұл кісілер елдің алды боп шақырған еді ғой. Әлде ана бір жолғы келгендегі үлкен енесі құсап көрпе тіктіре ме екен. Ертең қалаға қайтамын,-деп отырғанда өз енесі Бүбәннің үлкен абысыны Би апа келіп қолқа салып, түнімен ұйықтамай көрпе тіккені бар. Құдай-ай, тек тағы көрпе ме, көйлек пе, бірдеңе тік-деп жүрмесе екен-деп ойлады ол. Осы үйге келін боп түскелі бір байқағаны, бұл келсе болды бір-екі күннің ішінде енесі не қаладағы үлкен баласыныкіне, не алыстағы төркініне кетеді де айлап жатады. Ал ата-енесінің

қолындағы ортаншы келін сөз жоқ төркініне, немесе өзінен үлкен тұрмыстағы әпкесіне кетеді. Төркініне барса апталап жатады. Ал әпкесінікіне барса үш-төрт күнде қайтады. Қай-қайсысы да мұның мерзімді демалыс уақытына қарай есептелетін сияқты. Түскі астан соң, жаздың ыстық аптабында ауылдықтардың біразы жатып ұйықтайтын әдеттері. Қисайып жатқан жерінде мызғып кеткен кіші қайнаға тез тұрып, ұйқысын ашар-ашпастан машинасын от алдырып, жұмысына кетті. Атасы үлкен залға кіріп алып теріс қарап жатып қалған. Ол кісі осыдан кешке қарай күннің ыстығы әбден басылғанда бір-ақ тұратыны өзіне белгілі. Қайындары да бірі орнынан тұра сап әлдеқайда бет алса, бірі терең ұйқыға батқан. Дастарханды жиып болып, ыдыстарын жуып-шайып тез-тез орындарына жайғастырған келіншек Жұпар енесінікіне қарай бет алды. Келе жатып та әлгі ой мазалады. Бірақ жағдай мүлде бұл ойлағандай болып шықпады. Есік алдындағы зәулім үш қара ағаштың саясына құрылған тапшанның үстінде дастархан жаюлы. Сыйлы кісіге даярлағандай үйдегі бар мәзір қойылған. Бүкірейгені болмаса үйінде де көзге түсердей жасанып жүретін Жұпар ана жаңа ғана табадан алған ыстық нанды дастарханға қойып жатып:

-А-а-а, келдің бе, қарағым? Өзім де қазір кеп калар-ау, деп ойлап отыр едім.

Келе қайнап тұрған самаурынның құлағына жармасқан Седеп, оны көтеріп әкеп тапшан үстіндегі пәтүніске қоя салды.

-Болды-болды, бәрі даяр. Өзі әлгінде ғана жанған оттың қозына қарай бет алған кейуана, қозды ысырып жіберіп, арасындағы табаның бетін аша бергенде

маңайды ет қоса пісірген картоптың иісі алып кетті. Тамақтың өте дәмді екені иісінен-ақ сонадайдан сезіліп тұр. Бір кісілер келе ме?- деп ойлаған келін сұраулы жүзбен енеге қарады. Келіннің ойын түсіне қойған ол:

- Жоқ екеуіміз ғана.

Бүгін бір жақсы көретін келініммен оңаша шай ішкім келді. Атаң бір шаруамен аудан орталығына кетті. Қайнағаң жұмыста. Абысының әлі төркінінде. Бірер күнде ол да келіп қалар. Ана кішкентайын омыраудан ажырату үшін төркінінде ғой. Кішкене есінен шығарып ұмыттырмаса қиын ғой. Анау күні әдейі бұл жөнінде ештеме демедім. Әлгілер тағы не дер екен, -деп.

-Кішкентайлар қайда?

-Оларды ұйықтатып тастағанмын. Екеуі де осыдан екінтіге дейін ұйықтайды. Шай құюға ыңғайланып, самауырдың қасына отыра бастаған Седепке енесі :

-Жоқ, сен жоғарырақ отыр, балам. Ол шай құюды өз қолына алып жатып: -Қысылма. Сен де біреудің ардақтап өсірген қызысың ғой. Жақсы келін қызыңнан да бетер ардақты. Қыз бала бөтен елдің адамы. Сондықтан қонақ-деп еркелетеді, қазақ. Ал келін өз адамың. Біздің келін де жаман емес. Тек аздап еркелеу. Келе-келе басылады ғой. Өмір өзі-ақ өз орнына қояды. Өзір біз бар болған соң еркелейді-дә. Шайды біреудің құйғанынан гөрі өзім құйсам сүйсініп ішемін.

Бабымен шай құя бастаған ене алыс көкжиекке қарап алып күрсінді де, жас келінге өз өмірінің өзекті де, өкінішті сәттерін баяндай бастады.

Ашаршылық жылдарында бар тапқан талғажауын балаларының аузына тосқан ата-ана, ауыр бейнет пен үнемі ашқұрсақ жүргеннің салдарынан ауру тауып, ақыры арасына жыл салып бірінен соң бірі қаза болды. Осылайша он жастан енді ғана аса бастаған Дүйсен мен бес-алты жасқа енді келген (Қалдыкүл) Қалжан қабырғасы қатпай тұрып тұл жетім боп қалды.

Сол бір ауыр жылдарда Әлімжан ақсақалдың кіші ұлы Әуелбектің еті тірілігімен аты шығып тұрды. Оның бұл қасиетінің пайдасы да, зияны да болмай қалған жоқ. Отызыншы жылдардың бел ортасында өңірде Әуелбек атты банда шығып, өкімет орны осы аттас кісілердің бәрін ұстап әкетіп жатты. Біреулер атып жатыр екен десе, біреулер асып өлтіріпті,-деп ел іші дүрлігіп-ақ тұрды. Бұл сұмдықтан сескенген Әлімжан ақсақалдың әулеті еті тірі ұлдарын жеңгелерінің қойған атымен Әуелбекті Әбек атап кетті. Тіпті осы жағдайдың өршіп тұрғанында Ташкент жақтағы алыс ағайынына бас сауғалап кеткен жас жігіт, ақыры жасырын ұйымдасқан топқа қосылып, Қытайдан, Кавказдан, өзге де шет елдерден азық-түлік таситын керуенге ілесті. Одан жаман болған жоқ. Ара-арасында ебін тауып елге оралып отырған жігіттің табысы еселене түсіп өз отбасына ғана емес, талайларға пайдасы тиген еді. Қысы-жазы үй бетін көрмей алыс сапарларда жүретін Әбек, өз ұясына әр келгенде сол кезгі ұғыммен, азық-түлік пен астықты үйіп-ақ тастайтын. Бар ағайынға бас боп отырған, баласының қажыр, қайратына сенген Әлімжан ақсақал кемпірімен екеуі қолында барын барлық

алыс-жақын ағайынмен бөлісуден еш жаңылған емес. Қолында үлкен ұлы Жәнібек. Ол момындау, біртоға үлкендердің жайына ыңғайлы шаруа адам. Есесіне келіні Базан естияр, ұсынақты. Қолынан бірді-екілі тігін-пігін де келеді. Жас бала мен кемпір-шалдың жайын тапқыш болғандықтан үнемі ат үстінде үдере көшіп жүретін қайнысы Әбек пен келіні Бүбәннің де балаларын қыңқ етпестен алып қалып, өз балаларымен қоса бақты. Жүрегі мейірімге толы келінді ата-ене ғана емес, бүкіл ауыл-аймақ сыйлады. Сондықтан да кемпір-шал бұл екеуін қолында қалдырған.

Сол бір ауыр кезеңде әке-шешеден жастай жетім қалған Дүйсен мен қарындасы Қалжанды немере туысы Әлекең бірден-ақ өз қолына алып, балаларымен қоса тәрбиелеп өсірді. Осы ақ-адал пейілі мен қажырлы еңбегінің нәтижесінде көпшіліктен алған ақ батасының әсері ме Алла Тағалам жарылқап, кіші ұл Әбек пен Бүбән сегіз ұл, үш қыздың ата-анасы болды. Неге екенін кім білсін? Қыз балалары тұрмады. Жастай шетінеп кетті.

Дүйсен оң- солын енді ғана танып, ер жете бере-ақ, 1940-жылғы күздің аяғында әскер қатарына алынды. Анау-мынау емес, Кеңес үкіметінің бір шеті Қиыр Шығысқа жеткенше үш айдан аса уақыт өтті. Бұл оның поездбен алғаш рет ұзақ жол жүруі еді. Суық вагон, тәулігіне бір-ақ рет берілетін «сухой паёк». Салдыр-гүлдір, түтіні будақтай, шұбалаңдап сырғи жөнелген поезд, кейде әлдебір стансада, кейде айдалада сарылып ұзақ тоқтап қалады. Мұндайда вагоннан секіріп түсіп, жан-жағын тамашалап, қала берді су көздерінен ыдыстарына су құйып алатын. Кісі бойы жауған қарды да осы жолы көрді. Мұндай

қалың қарда адамдар қалай өмір сүреді, малтығып қалай жүреді,-деп ойлады. Ол сұрақтың бәрінің жауабын сол жерлерде өткізген күндерден тапты. Кейбір стансаларда тоқтап тұрғанда олардың әскер қатарына алынған жастар екенін білген кей аналар бұларға ұзақ телміре қарап тұрады. Сөздерін түсінбесе де, қайсыбір жақын маңда тұратындары айран, сүтін ұсынып:

-Іш, ішіндер-дейді бұларға жаудырай қарап. Менің де ұлым әскерде! Ол да сендер құсап ашқұрсaq, тоңып жүр ме, қайдам?.. Осы сөзді айтып көздеріне жас алады. Кейбірі піскен ас әкеліп сатады. Осындай бейнет пен мехнат кешіп жеткен Қиыр Шығыста көп бола алған жоқ. Ұзамай соғыс басталып кетіп, бұларды енді тағы да поезбен Қиыр Шығыстан Батысқа жөнелтті. Соғыстың алғашқы кезеңінен-ақ оқ пен оттың қақ ортасынан бір-ақ шыққан жас жігіт, Отан үшін жан беріп, жан алысқан сол бір сұмдық кезеңдерді есіне де алғысы келмейтін. Өмірінің бұл бөлігін ұзаққа созылған қорқынышты түстей көретін. Алапат соғыстан бірнеше жылды артқа салып, соғыс аяқталған соң да елге бірден қайта алмай, тек 1946-жылы жылдың басы, қыстың аяғында оралған бауырына Әлімжан ақсақал да, ел-жұрт та барынша қуанды. Тек соғыс болған аймақтарда ғана емес, тылдағы ел-жұрт та тоз-тозы шыға, күйзеліске ұшырап, әрең-әрең жан бағып жатқан бір ауыр кезең еді. Тек ұзаққа созылған соғыстың жеңіспен аяқталуы ғана көңілдерге медет. Көкіректерде қиындықтың бәрі артта қалып, алдағы күндердің жақсы боларына үміт сәулесі ояғандай...

Шаруашылықта жұмыс қолы жетпей жатқан кез.

Кеудесі тола ордендер мен медальдар. Соғыста біраз уақыт танк жүргізген деген аты бар Дүйсен келген бойда-ақ, кез келген тілін біле бермейтін ауылдағы жалғыз-жарым тракторды ұршықша үйірген. Ауыл басшылары да, ағайындары да мұның әр іске епті, ұқыптылығына бала кезінен-ақ тәнті-тін.

Әлімжан Дүйсенді ертерек үйлендіргісі келді. Өз еркімен қалаған адамына үйленсе екен- деген ізгі оймен ауыл арасындағы, Һәм көрші ауылдардағы ойын-тойлардан қалдырмауға тырысты. Ол кездегі ойын-той дегеннің түрі көбіне сабан той, бірлі-жарым соғыстан қандай жағдайда болмасын елге оралған азаматтың қуанышы. Әйтпесе ілуде бір шілдехана, болмаса келін түсіру дегендер мүлде сиреп, жоқтың қасы боп кеткен. Көрші ауылда өткен осындай жиынның бірінде шөп орағынан келген орта бойлы, нәзік денелі, аққұба өңіне тарыдай білінер-білінбес секпілі жарасым тапқан жас бойжеткенмен Дүйсеннің көзі түйісіп қала берді.

-Соғыстан аман-есен қайтқан батыр сіз екенсіз ғой,-дейтіндей, бойжеткен көзі.

-Иә, менмін! Шір-кі-і-н, сізбенен жақынырақ таныссам ғой,-дейтіндей жігіт көзі. Ақыры топ елдің ішінде қайта-қайта көздері түйісіп қала берген бұларды байқаған мұндай жағдайда тәжірибесі бар, ақжарқын мінезді Күләндә жеңгей екеуіне дәнекер болды. Бірде ебін тауып әдейі бастаңғы кешін ұйымдастырған ол, түнге қарай жастарға ақсүйек ойынын ойнатып, екі жастың жақындау танысып, бірер ауыз тілдесуіне мүмкіндік жасады. Жігіттің іске өте пысық болғанымен сөзге шорқақ, қыз мінезді ұяң екенін бойжеткен байқаса, қыздың аса сезімтал,

ақылды екенін жігіт байқағандай еді. Көп айтып, аз айтып не керек, қысқа-қысқа осындай бір-екі кездесуден кейін екеуі бір-бірін ұнатып-ақ қалған еді. Жаз ортасындағы қарбалас шаруа арасындағы үзілісте, Әлімжан інісіне сұраулы жүзбен барлай қарап:

-Қалай, Дүйсен қарағым, ұнатқан қызың бар ма?- деді. Ол қысыла қызарып отырып басын изеген. Кешікпей күзгі жиын-терін аяқталған соң-ақ Әлекең інісінің ұнатқан қызын айттырып алып берді. Дүйсен мен Жұпар осылайша 1946-жылғы күздің аяғында бас қосқан еді. Жастар үш айдан аса Әлекеңнің отбасымен бірге тұрды. Көктем шығып күн барынша жылынған мезгілде, күннің жауын пайдаланып, ағайын-туыс Дүйсеннің ата-анасынан қалған жапырайған жаман тамды асарлатып, жұмыс арасында жөндеп үлгерген.

Әке шаңырағына бөлек шыққан жастар ары қарай не істерлерін білмегендей, екеуден-екеу қалғандарына біртүрлі қысылғандай, тосырқағандай күй кешті. Олар үй ортасында бір сәтке бір-біріне аңтарыла қарап тұрып қалған-ды. Ол кезде қайбір жасау-жиһаз бар дейсің. Тағы да екеуінің ағайын-туыстары азын-аулақ көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, қазан-ошақ сынды үйдің керек-жарағын хал-хадірлерінің жеткенінше ортадан жиып беруге тырысты. Он тоғыз жасар Жұпар мен жиырма жетідегі Дүйсен осылайша біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей үй боп шыға келген.

Дүйсен болса болмаса таңның атысы, күннің батысы колхоз жұмысында. Мен де егін егу, шөп шабу сияқты науқанды жұмыстардан қалған емеспін. Тіпті егін суғарып, қой да қырыққан кездерім болды. Бейнетті болғанымен базарлы, бақытты күндеріміздің

қалай тез өтіп жатқанын білмей де қалыппыз,- дейді бұл кезде ұйқысынан оянып, қастарына кеп тамақтанып отырған немерелеріне мейірлене қараған ана.

Алғашқы перзенттеріміз қыз балалар еді. Екеуі де жасына жетпеді. Тұңғышымыз жеті айлығында, екінші қызымыз он айлығында балпанақтай боп талпынып қалғанда шетінеп жүре берді. Бұл жағдай бізге аз уайым болған жоқ. Сөйтіп жүргенде 1950-жылдың аяғында осы қайнағаң Серікжанды дүниеге әкелдім. Қатарынан екі баламыз шетінеп кеткендіктен атын әкесіне серік болсын деп ырымдап қойған түріміз ғой. Құдай қолдап міне осы баланың азды-көпті қызығын қызықтап отырмыз. Ол кезде балалы болғанда бұл күнгідей жылдап демалыс алып отыру қайда! Бірнеше күннен кейін-ақ белді бекем буып жұмысқа шығып кететінбіз. Ондай күндерді Құдайым қайтып басқа бермесін. Сендерге көрсетпесін. Соның бәрі ойлап отырсам осындай жақсы өмір, жайлы тұрмысқа ертерек қол жеткізу үшін екен ғой. Сол кезде сәл ғана жаңалыққа да ағымыздан жарылып қуанушы едік.

Соғыстан кейінгі ауыр жылдар. Тапшылық. Сонда да елдің пейілі жақсы, адамдар бір-біріне мейірімді еді. Серікжан үш жасқа толған соң ауыр тірліктің әсері ме, кім білсін, уағына жетпей шала қыз таптым. Ол бірнеше күннен кейін-ақ шетінеп кетті. Осыдан кейін көп кешікпей денсаулығым күрт бұзылды. Алғаш қол-аяғым қақсап, белімнен шойырылып жиі-жиі ауырып жүрдім. Ақыры 1954-жылдың аяғына қарай мүлде төсек тартып жатып қалдым. Бұрынғы арқа-жарқа күніміз көзден бұл-бұл ұшты. Атаң байғұс қаратудан кенде қылған жоқ. Ол кезде

дәрі де, дәрігер де тапшы. Сонда да сол кездегі осы өңірдегі мықты дәрігерлік ем, тәуіп, емші дегендерің түгел, ешқайсысы қалған жоқ. «Ауру келді, әлек келді»-деген сол екен. Берекеміз кетіп, ісіміз алға баспаған ауыр кезең ұзаққа, он жылға созылды. Сол кезде жалпақ ел, күллі жанашыр, жақындарым менен күдерін үзсе де, жақсылықтан үмітін үзбеген, алдымызда жарқын күндердің барына шүбәсіз сенген жалғыз ғана отағасым болды...

Ауыр күрсініп, көздері боталай, ұзақ үзілістен кейін:

-Ұзақ уақыт сарылып ауруханада жатқан күндерде өзімнен өзім күдер үзетінмін. Іштей бұдан гөрі Алла-Тағалам жанымды қинамай алса екен,-дейтінмін. Ауық-ауық жұмыс арасында қолын тигізіп артымнан хәлімді білуге келген ол менің ішкі ойымды сезіп қойғандай, көңілімді көтеруге тырысатын. Әшейінде көп сөйлемейтін сөзге шорқақ кісі тіпті шешен, әзілқой болып кеткендей еді.

-Осындай әдемі, жап-жас келіншекке тымау-сымау деген сөз боп па, тәйірі! Әлі-ақ тәуір боп, өз аяғыңмен шауып кетесің дейтін, мені жас балаша аялап. Мұндайда үшеуіміз де әне-міне орнымнан тұрып кетердей әжептеуір көңіліміз көтеріліп қалады. Айлап ауруханада сарылып жатқан мен де , ұзақ уақыт анасын көре алмай сарғайған балам да, бір-бірімізді қатты сағынамыз. Мені сағынып, қапа боп жүрген баламды әкесі өзімен бірге жиі әкелуге тырысатын. Апалап, мойнымнан құшақтаған ол да, құлыншағым, балапаным-деп мен де, мейірлене құшақ айқастырып, мәз боп қаламыз. Бала емес пе? Серік:

-Апа, осы жолы жазылып, ауылға өз аяғыңызбен

жүріп келесіз иә?-дейді. Көңілім күпті мен бірден жауап беруге күмілжи бастағанда, атаң алдын ала:

-Иә, балам, апаң ұзамай әлі-ақ аяғына тұрып, жүріп кетеді,-дейді. Мені бір көргеніне көңілі тоғайған баламды ертіп, маған жігер беріп, баласының көңілін жүріп кететініме сендіргісі-ақ келіп, есіктен шығып бара жатады. Дегенмен, ол жағдайдың қашан бола-рына анық көзі жете алмай, іштей сарсаң боп бара жатқанын сезіп мен қала беремін. Бұл күйімді уайымдап шынымен де қайта тұрып кете аламын ба, жоқ па?-деген ұзақ-сонар ой, жанымды жегідей жейді. Кейде өз-өзіме шынымен-ақ өлім тілегенмен, аракідік, өліп кетсем жалғыз ұлым кімдерге көз түрткі болар екен,-деген ұры ой да мазаны кетіреді.

Алғаш көктем мен күз айларында колхоздың жәшікті ат арбасының үстіне сабан төсеп, оның үстіне киіз салып мені ауруханаға жас балаша орап-шымқап апарып жүрді. Осылайша кейде айжарым, кейде екі ай ауруханаға жатып емделіп жүрдім. Бұл емнің аса себі бола қоймаған соң келе-келе оны сиреттік. Есесіне атаң осындай шөп ем екен-деп естісе болды, сол шөпті тауып әкеп, қыс демей, жаз демей жұмыс арасында мені былауға салатын болды. Осы Сыр өңірінде өсетін емдік қасиеті бар шөптерді түгендеп шықтық-ау десем өтірік болмас сірә.

-Апа, сонда үй тіршілігімен кім айналысады?

-Атаң қарағым, атаң! Ертелі-кеш жалғыз сиырды өзі сауып, төрт-бес уақ малды малшыларға қосады. Сүт пісіріп, айран ұйытқан да күндері болды. Нанды көбіне стансаның дүкенінен әкелетін.

Паузадан кейін, толғана қозғалақтаған ана: -Се-ерік-жан да ертелі-кеш әкесінің тынбайтынын, менің

қимылсыз жатқанымды түсініп шаруаға ерте араласып, ерте есейді ғой, жарығым. Титтей кезінен-ақ зерек болды. Ойын баласы болса да маңымнан аса ұзап кетпейтін. Үйде әкесі болсын-болмасын қажетімді әперіп, сусынымды ішкізіп, шамасы келген-келмегеніне қарамай тырбаңдап, қайтсе де көмек көрсетуге тырысатын. Қабырғасы қатып болмай жатып кірленді төңкеріп ап, үстіне шығып күбі пісті. Үйдің ішін сыпырады. Кесе-шайнекті жуып-шайып орын-орнына жиыстырып қояды. Жазда үйдің айналасына су сеуіп сыпырады. Бекер обалы не керек, ара-арасында абысын-ажын да көмегін аяған жоқ. Бірақ бізге қамқорлық қылған боп жүріп, кері үгіт жасап, атаңа басқа әйел әпермек болған кісілер де табылды.

Тіпті бір өзі жас, өзі әдемі жесір келіншек ер азаматтың қол күшін керек етер жұмыстарға көмекке шақырып, үйіне отын түсіртіп, шөп жинатқан кездерінде лажын тауып үйіне кіргізіп алмақшы да болды. Ол мұндай жағдайлардың ешбіріне көңіл қойып, мойын бұрмады. Жылдар бойы жалғыз қайынсіңлім Ақылдас та қолынан келгенінше көмегін аяған жоқ. Бірақ ағасынан бірнеше жыл бұрын үлкен кісімен тұрмыс құрған оның өз отбасы, бала-шағасы бар. Бізден әлденеше шақырым алыс ауылда тұратын ол байғұс сол себептермен де жиі келе алмайтын. Былайынша айтқанда, жылына үш-төрт рет келуге тырысатын. Келген сайын әйел адамның қолын керек етер шаруаның бәрін тындырғысы-ақ келеді. Үнемі жартылай жаяу, жартылай әлдеқалай кезіккен көлікпен келетін ол, төркініне қыдырып келген қыз сияқты демалып, аяқ-қолын созып, ағайын аралап көрген емес.

Өз отбасының шаруасы, қала берді қалхоздың шаруасымен қажып жүрген оған біздің бұл жай-күйіміз өте ауыр тигені анық еді. Бір жыл емес, екі жыл емес бақандай он жыл едәуір қашықтықтағы екі ауылдың арасына талай сабылған қайран қайынсіңлім әбден қажыса керек. Оның үстіне ағайын-туыстың:

-Сал боп қалған әйелге байланып қалғандай ағаңның мұнысы несі? Қол-аяғы балғадай жігіт емес пе, ажырасып дені сау әйел алмай ма? Тіпті қыз алса да жарасады,- деген сөздері әсер етті ме, кім білсін...

-Бір жағы ұзаққа созылған ауру, бір жағы осындай қаңқу сөздер жанымды жегідей жеп, жігерімді жасытпай қоймады.

Менің төсек тартқаныма он жылға жуықтағанда, ерте көктемде үйімізге келген ол, бір күн қонған соң-ақ оңашалау жерде ағасына әлденені күңкілдеп жүргенін байқадым. Әдеттегідей емес, қарындасының сөзін жүре тыңдаған ол, сыртқы есікті сарт еткізе жауып, бауырына наразылығын білдіргендей кейіппен шыға жөнелді. Сол бойда қайрылмастан жұмысына аттанып кетті. Ойын толық тыңдата алмағанына қатты ызаланған Ақылдас бар ашуын менен алғысы келгендей төсекте жатқан маған небір ащы сөздері мен қатыгез ойларын төге бастады. Сұрлана, қанын ішіне тартып, маған қарай бұрыла берген ол:

-Тірі өлік! Бір жыл емес, екі жыл емес, осы өлексенің несін қимайды екен, а-а-а!? Саушылығында майлы бас қып жарытқаны да белгілі! Үй шаруасымен айналыса жүріп жұлқына маған қарай жалт-жалт қараған ол:

-Тапқаны жалғыз ұл. Я өзінде қызық жоқ, я баласында қызық жоқ! Сормаңдай сорлыларым-ай! Бірі

қатынды боп жарымады! Бірі ананың ыстық алақанын сезіп, қамқорлығын көре алмады! Не өлмедің, не қоймадың!- деді мені жұлып жердей боп. Бірақ жұлып тастауға әлденеден сескенетіндей. Көптен шер боп қатқан ой түйіндері дәл сол күні көкірегінен ащы запырандай лықсый шығып жатты. Көрпешені қағуға бет алып бара жатып оны тастай беріп, әлде бір сырт киімді ұстай алып жұлқылай сілкінген ол:

- Қураған қу қар-ай! Сен-ақ бәле болдың ғой!- деді, ышқына дауыстап. Бар даусымен бақыра, орамалы бір жағына қисайып шашы дудырай, тұрған жеріне отыра кеткен оның бар қылығы біздің бұл тіршілігімізге наразылығын толықтыра түскен-ді. Бір уақ аракідік жерді жұла төмпештей:

- Төркініме келіп, тіземді бір бүгіп отыра алмадым-ау!-деп отырған жерін түйгіштей жөнелді. Бетін жасы жуып кеткен ол, көзі шарасынан шыға, даусы барлығы шыңғырып:

-Өзі бір асқан сұлу болса екен! Шұбар бет, бұл пәлені не үшін қимайды екен! Сормандай, сорлы-ай! Өл! Әдірем қалғыр! Ертерек өлсең екен!? Бауырымның бағын байламай! Сонда өзіңе де, өзгеге де жеңіл болар еді, бұдан гөрі,-деді де орнынан атып тұрып киініп алды да, үйден шыға жөнелді. Оның мұндай күйін бұрын-соңды көрген емеспін. Манадан бар сұмдықты көріп, бар ащы сөздерді естіп көз жасыма ерік беріп жатқан мен, ол кеткен соң шындап-ақ өлгім келді.

Үйден жұлқына шыққан Қалжан, сырт киімін қаусырынып, түймесін түймелеуді де ұмытып

кетті. Әлі түгел еріп бітпеген қар әр жер, әр жерде ағараңдайды. Оның бойын ашу мен ыза кернегені сонша қыстың әлі ызғары кете қоймағанын да, қай жермен жүріп келе жатқанын да сезбеді. Әйтеуір бағыты өзі тұратын ауылға апаратын үлкен жол жақ. Өз ойымен өзі алысып келе жатқан әйел аяғын аннан бір, мұннан бір басады. Ызалана, іштей ағасы мен жеңгесімен ұрсып келе жатыр. Ауық-ауық өз-өзінен күбірлей сөйлеп қояды. Зілдене сөйлеген сөздерін тыңдаған жан болса, тіпті аға-жеңгесінің бақытын көре алмай, қызғанады екен-ау дер еді. Құмақ жерлерде еріген қар жерге сіңіп топырағы жентектеліп жатса, саздауыт жерлер қар суы толық сіңіп үлгермегендіктен лайсаңдау. Қалбалақтай жортып келе жатқан әйел:

-Сорлы қар! Не өліде жоқ, не тіріде жоқ. Жылдар бойы сорлы ағамның бағын байлап сорлатты-ау, қайта! Осының тіпті не сиқыры бар екен! Иә еркек боп бір еркектік мінез көрсетіп, қайыра бір боқтасашы, шіркін! Жо-о-оқ! Ең болмаса жақсылап бір боқтамады да ғой! Иә жан-жағындағы небір қол-аяғы балғадай, дені-басы сап-сау келіншектерді көрмейді. Айналада солқылдаған қыздар қаншама? Не оларды байқамайды. Бізден қай жері артық осы қардың! Тәп-тәуір болсақ та әкемізден сәл-ақ кіші еркекке таңылып-ақ жүрміз ғой пенде боп! Тірі өлік неме! Осы оймен өз-өзімен сөйлесіп, аннан бір, мыннан бір басып, манадан қалбалақтап жүріп келе жатқан ол, едәуір аумақты шалшыққа келіп қалғанын да байқамады. Екпіндей басып келе жатқан Қалжанның батпақты шалшыққа қойып кеткенде де ойы сейіле қоймады. Тәлтіректей басып барып, екі

аяғы екі жаққа кете оңбай құлағанда барып ауыр ой әлдеқайда ұшып кетті. Құлап бара жатып, сарт ете қалған дыбыстан аяғым сынған-ақ шығар,-деп ойлаған ол нағыз шпагатта отыр еді. Көзінің оты жарқ етіп, ток ұрғандай жалп ете түскен бейбақтың басына енді «басқа түгіл бас қайғы» орнағандай. Екі аяғының қатты ауырғаны сонша, жаны көзіне көрінгендей болған ол, әп сәтте ең болмаса бір аяғын жинауға зар боп қалды. Алғаш сөйлемек түгіл, дем ала алмай қалғандай жаны қинала қыстықты. Біраз уақыт өтті. Аурудың алғашқы қатты әсері сәл де болса бәсеңсігендей болғандағы ойына ілку алды келген сөз:

-Бісміллә, бісміллә! Жан-жағына қармана қараған әйел:

- Япырмай, үлкен жолға қанша қалды екен?..
-Е-е-е, құдая шүкір! Жакындап қалыппын ғой. Біреу-міреу жақындаса жақсы болар еді. Япыр-ай, айқайласам даусым естілер ме екен? - деп ойы сан-саққа кетіп отырғанда ғана Құдай есіне түсті. Сол сәтте-ақ, манағы ағасының үйінен шығардағы іс-әрекеті, одан жол-жөнекейгі өзінің ашу-ызаға берілген қылығы мен айтқан қарғыс сөздері есіне түскенде біреу маңдайынан қамшымен салып қалғандай шошып кетті. Жағасын қос қолдап ұстай алған ол енді аспанға қарап зар еңіреп жылай бастады.

-Е-е-е, Жаратқан Ием-ау! Кешіре гөр, күнәһар пенденді! -И-и-ә, Раб-бым! Бар жақыным-ды-ы, бар жан-күй-е-рім-ді со-о-н-ша тілдегенім не еткенім?! Ақыма-а-ақ қана басы-ым-ай! Е-е-е, Құ-ді-ре-ті күш-ш-ті Жан Ал-л-ла! Жақсылық та, жамандық та, бейнет те бір өзіңнің бұйрығыңнан екенін ұмытыппын.

Кешіре гөр! Күнәһар пендеңнің күпірлігін!

Зарлап жылап отырып жан-жағын жіті бақылап отырған әйел, көз ұшында, үлкен жолдың үстімен келе жатқан қарайғанды байқап қалды. Едәуірден кейін жылжып келе жатқанның нобайы біліне бастады. Әлдене артып алған аттылы арба бірте-бірте жақындап келеді. Көңілінде жылт еткен қуаныш сезімі оянған Қалжан, дереу жылауын тоқтатып, көз жасын сүртіп, жолаушының жақындай түсуін күтті. Манағыдай емес аяғының ауырғаны сәл де болса басылғандай. Алғашқыда дем ала алмай қалғандай болған ол, жылап отырып қай кезде ауруының бәсеңсігенін байқамай да қалыпты. Жолаушыға даусым жетеді-ау дегендей жерге келгенде бар даусымен ышқына айқай салды.

-А-а-а-у-у, кө-мек-те-сі-ңі-і-із! Кө-мек-те-се кө-рі-ңі-і-із! Арбаның салдырымен, ат тұяғының дыбысымен даусымды естімей қалар ма екен деген қауіппен, осы сөздерді айтып бірнеше рет бар даусымен айқайлай берді. Әрі-беріден соң басындағы бұл кезде мойнына құлап түскен орамалын шешіп ала салып, барынша жоғары көтере түсіп, бұлғай бастады. Ауырсына отырып әрең істеген бұл әрекеттер текке кетпеді. Әдепкіде сәл кідіріп барып қайта жүре бастаған жолаушы бұның тұсынан өтіңкіреп барып тоқтады. Тоқтаған кезде дауысты анық естісе керек, арбаны доғарып көліктен түспекші болған жолаушы, орнына қайта жайғасты да дауыс шыққан жаққа бұрыла бастады. Қалжанның қуанышы еселене түсіп, тіпті шаттанғандай болды.

Арбашы сақал-мұртын ақ басып, егде тартқан кісі екен. Аудан орталығындағы диірменнен азық артып

келе жатқан ақсақал жауын жауса су болмасын дегені болса керек, азықтың үстін шөппен бастыра жауып қойыпты. Жақындай бере жас әйелдің ыңғайсыз отырысынан-ақ тайып құлағанын түсіне қойған жолаушы:

-Амансың ба? Қарағым-ау, байқамадың ба? Айнала құрғақ, құмақ жол. Жер жетпей қалғандай батпақты шалшыққа ұрынғаның қалай?

- Амансыз ба? Е-е-ей, ағатайым-ай, қалың ойда келе жатып байқамай қалыппын. Бір жерім шығып кетті ме, әлде сынды ма, қайдам. Қозғала алмай, аяғымды жиып ала алмай қалдым.

-Құдай сақтасын! Ондай болғанда мен не істей аламын?! -

-Бісміллә! Еңкейе беріп, жас әйелдің аяғының басын ұстай беріп, қозғап көре бастаған үлкен кісі оған жіті бақылай қарап:

-Мен бірдеңе білсем аяғың сынықтан да, шыққаннан да аман. Тек сіңірің созылып қалған-ау, шамасы. Етің ауырып қалған. Қане, өзің де аяғыңды жинауға талпын! -Бісміллә! Ол жансыз боп қалғандай болған Қалжанның оң аяғын жайымен бүге бастады. Өзі де барынша тырысып баққан Қалжанға әдепкіде тағы да ток ұрғандай әсер етті. Біраз бейнеттеніп бір аяғын әрең жинаған оған екінші аяғын жинау сәл де болса жеңілдеу болғандай болды. Іштей мына кісіні кезіктірген Құдайға мың, миллион шүкіршілік қып, әрі-беріден соң ол ойын естірте айта бастады. Аяғын қозғай бастағаннан-ақ:

-Ой-ой, ой-бай! Аяғым, аяғым -ай! Жаным көзіме көрінді ғой!

-Бе-е-у, Аллам-ай! Мына жағдайда өздігімнен ор-

нымнан тұра алмас едім. Сіз болмағанда қайтер едім? Аллаға мың шүкір, Сізге кез келтірген.

-Ыңғайсыз жағдайда ұзақ отырғандықтан аяғың ұйып та қалған-ау.

Осы аралықта жөн сұрасқан жолаушылардың жолы бір бағытта болып шықты. Оған екеуі де іштей шүкіршілік қылды.

Дегенмен, орнынан ұялғаннан әрең тұрған Қалжан, үлкен кісінің демеуімен сегіз көзін қос қолдап ұстай түсіп, аяқтарын ауырсына әрең басып арбаның бір шетіне келіп жайғасты.

-Жануар, жүгің онсыз да ауыр еді. Қайтеміз енді, ептеп-септеп діттеген жерімізге жетеміз де. Құдай өзі куат берсін!- деп өзі де арбадағы орнына жайғасқан үлкен кісі: -Шу, жануар! Шу!-деп божыны қағып-қағып қалды. Арба орнынан жайлап жылжи жөнелді.

Күн ұясына кіріп, қас қарая бастағанда үйіне әрең жеткен Қалжан жеткізіп салған кісіге мың рахметін айтып қала берді. Арбаға азық артқан жолаушы аз да болса жүгі жеңілдеп, түнделетіп өз жөніне кетті. Түннің бір уағына дейін төсегінде дөңбекшіген жас әйел, бір күнгі көрген бейнетінен өзінің күпірлігін түсінгендей болды. Жаратқан Иеден қанша кешірім сұраса да аздық ететіндей. Өз-өзін ұзақты түн кінәлі сезінген ол, тіпті аға-жеңгесінің бетін енді қайтып көремін-деп ұяла бастады. Сол сезіммен таңға жуықтағанда ғана әбден талығып барып ұйықтап кетті. Содан былай қарай Қалжанның оң жақ жамбасы мен аяғы кейде сегізкөзі ауық-ауық кілтілдеп бастырмай қалатынды шығарды. Құдды бір жеңгесінің алдындағы кінәсін ұмыттырмай есіне салып тұратындай.

Қайынсіңлім шығып кетісімен-ақ басымдағы терлесе жаурап қалмасын деп-орай тартқызып қойған он екі бүршік көлемді орамалымды шешіп алып, шиыршықтай бастадым. Ойым бөлменің қақ ортасындағы тіреуге жетіп, киім-кешек пен үйдің басқа да заттарын іле салу үшін қағылған жуан екі-үш шегеге жету. Бұрын сіресіп қалған денемді қозғай бастасам буын-буыным шаншып денем зар қақсай бастайтын. Бұл жолы олай болмады ма, әлде ызалы оймен, нық бекінген шешім ештеңе сездірмеді ме білмедім. Тек бар күшіммен ышқына беріп, алғашқы рет өз еркіммен аударылып түскенде барлық денем солқ еткендей болды. Одан әрі жан дәрмен тырмыса жылжуға тырыстым. Аздан соң аунай түсіп, жер тырмалай, жанұшыра жылжуға тырысқан маған қозғалысым білінбеген еді. Қанша уақытта, қалай жеткенімді білмеймін, әлден соң діттеген жеріме жеттім-ау. Енді шиыршықталған орамалды әлгі шегелерге лақтыра алсамшы! Тұзақталған орамал бірнеше рет үстіме құлап түсті. Мен ызалана қайта лақтырамын. Әлден уақытта орамал шегеге ілінді. Енді орамалдың тұзақталған ұшына мойнымды іле алмай жатқанда қаннен-қаперсіз кіріп келген атаң, алғаш менің қозғалғанымды көріп қуанып кетті.

-Жұ-ұ- па-а-р! Жұ-па-а-р-жан-ау! Ол маған қарай тұра ұмтылды. Жақындай бере бар жағдайды түсінген ол бірден түсі суып, сұрланып кетті.

-Ау, Жұпар! Жұ-пар-жан-ау! Мұның не, жаным-ау! Есің дұрыс па? Қолы қалтырай орамалды былай алып тастап, мені орныма көтеріп апарып жатқыза бастаған отағасым: -И- ия, осылай өлдің делік! Сон-

да балаң екеуіміздің күніміз не болмақ,-деді көзінен аққан жасы менің бетіме тамып. Қорқып кетсе керек, денесі дір-дір етеді.

-Менің мұндай тірілігімнен не пайда? Екеуің не рахат тауып жүрсіңдер! Одан да өлгенім артық емес пе?-деймін, көз жасым сорғалап. Ұзақ жылдар бойы мен үшін қаншама мекнат шектіңдер. Құдай біледі, сендерге мұндай бейнет шеккізгенше мен де тыныш, сендер де тыныш болғандарың абзал емес пе?!

Ол ары қарай үндеме дегендей бір саусағымен менің ернімді басып, өзінің көз жасын жеңімен сүртіп, менің жасымды орамалыммен сүртіп, терден су боп кеткен киімдерімді ауыстыруға кірісті. Терге малшынған киімдер денеме жабысып, оңайлықпен шешілер болмады. Ол жас балаша аялай, бір жерін ауыртып алмайын дегендей сақтана қозғайды. Әрі тері қатып қалмасын деген ойда мазалайтын сияқты. Осы кезде сабағы біткен соң жалғыз сиырдың бұзауын енесінің жанына жақындата байлап барып үйге балам да кіріп келді. Бұл күнде адам боп іске жарап, жігіт боп қалған балам ештеңе сезген жоқ. Кідірмей сиырды сауып, мал жайғауға шығып кетті. Күндегісіндей жұмыстан келе салып әкесінің киімінді ауыстыра бастағаны екен-деп ойлады. Тек кейін бәрін түсінді. Бұл жағдай алғаш тәніме де, жанымда да өте ауыр тиді. Көзімнен қайғы жасы, тәнімнен жан терім сел боп аққандай көрінгенімен, қуаныштың да алғашқы сел боп аққан жасы болғанын ол күні біз біле қойғанымыз жоқ. Құдай қосқан қосағымның балаша аялап жұбатқаны, көзге көрініп, жігіт боп қалған баламды көргендегі көңілімдегі шүкіршілік жанымды жай таптырған болуы керек. Қатты қалжырап шаршаған

мен тас боп ұйықтап қалыппын. Отағасым мен балам мына жайдан кейін не де болса тынықсын деген болуы керек. Менің үстімді тас қып қымтап тастап, кешкі астарын үн-түнсіз ішкен олар да жатып қапты. Содан таңда бір-ақ оянған мені, балам, әкесінің тапсыруымен сабағынан қалып күтімге алды.

Әдетінше түннің бір уағында кешкі астарын ішуге отырған Дүйсеннің көңілі алабұртып, бұл, жұмыстан қайтып үйге кіріп келгендегі көрініс көз алдынан кетпей қойды.

...Япырым-ай, қаншама жыл қозғала алмай төсек тартып жатқан жан, бірінші рет өздігімен қозғалды-ау. Бұл бір жақсылықтың белгісі. Өзі бұрын-соңды бұл аса байқамай жүр ме, осынша малшына су боп терлегенін көрмепті. Енді терді қатырып алмау керек. Дүйсен осы оймен ұйықтап жатқан Жұпардың көрпесін тағы қымтай түсті. Оны кешкі асқа да оятпады. Ұлы екеуі дыбысын шығармай үнсіз отырып тамақтанды да, дастархандарын жинап жатып қалды. Бірақ толассыз түрлі ой, осыған дейін басынан кешкен жайлар бірінен соң бірі көз алдынан тізбектеле өтіп мазасын алды. Әлден уақытта көзі ілініп терең ұйқыға кеткен ол түс көріп жатты. Түсінде соғыс даласында жүр екен.

Тағы да пулемёттен үздіксіз атылған оқ, жанұшыра жүгіріп бара жатқан жауынгерлер. Әне, кеудесінен жараланған, үсті-басын қан жуып кеткен бір жас жауынгер қорылдай сырылдап барып құлап түсті. Бұл да жан ұшыра жүгіріп бара жатыр екен. Іші удай ашыған бұл жас жігітке жаны ашып, бұрылып

қарай береді. Құлап түскен жауынгер емес Жұпар болып шықты. Бұл бәрін ұмытып дереу оған ұмтылды. Апыр-ау, бұл неғып жүр мұнда?-деп ойлағанша болмады. Жұпар орнынан тұрып бұған күле қарап жүріп келеді. Бұл оған қуана ұмтыла бергенде бомба түсіп жер дүние күңіреніп кеткендей болды да Дүйсен оянып кетті. Сөйтсе күн қатты күркіреген екен. Соғыстан қайтқалы талай түнде соғыс жайлы небір қорқынышты түстер көріп, талай рет шошып ояна-тын Дүйсеннің бұл жайы Жұпарға да таңсық емес еді. Бүгінгі түсін екеуі де жақсылыққа жорыды.

Малшына терлеп жатқан Жұпар әдетінше таң алакеуімде оянып, жан-жағына қараса әлдеқашан тұрған Дүйсен таңғы асты дайындап болып, ауыстыруға мұның құрғақ киімдері мен көрпешастығын даярлап жатыр екен. Әйелінің киімдері мен төсек-орнын ауыстырып, баласы үшеуі таңғы шайын ішіп болған соң тамағын кеней түсіп:

-Жұпар, әзірге көп қозғала берме. Терінді қатырып алма. Ауру жел боп кірем, тер боп шығамын,-деген. Буын-буыныңа жел боп кіріп, қатып қалған дерттің бір ұшы шешілгендей боп көрініп отыр, маған. Ең болмаса бір апта осылай терлеп күтінсең, әлі-ақ жүріп кетерсің бұйыртса! Қайта шапқан жау жаман,-деп терінді қатырып алсаң жаман болады. Содан сақтан. Баласына бұрылып:

- Осы күндерде апаңның жанынан ұзап шықпа! Тіпті сабағыңа бармай-ақ қойсаң да болады. Мұғаліміңе өзім айтамын. Тамағын да, шайын да ыстықтай бер. Суып қалмасын. Әйтпесе себі болмайды. Киімі мен төсек-орны су боп кетсе дереу ауыстыр. Бұл өтініш емес. Бұйрық!-деді де жұмысына

шығып кетті. Көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстарының қызу кезеңі. Оның осыдан кешке бір-ақ қайтатыны бесенеден белгілі жай. Егіс даласындағы жұмыстың қызған кезінде де біресе түндегі түсі есіне түссе, біресе майдан даласында өткізген қиямет шақтар кезек-кезек алмасып есінен бір шықпай-ақ қойды.

Азаматы жұмысқа кеткен соң өз-өзін байқап көрген Жұпар, бұрынғыдай емес бойынан біртүрлі жеңілдік сезгендей болды. Түске жетпей шөл қысқан анасына ұлы бар бабын келтіріп шай қойып берді. Шайды ұзақ уақыт, шөлі қанғанша ішкен ол бұршақтай терлеп отырды. Пеш жанында кептіруге қойған киімдерін баласының көмегімен ауыстырып киіп, қымтана түсіп қайта жатты. Біртүрлі жатқысы келмей, тұрып жүріп кеткісі келетіндей сезімдер билеп алған ол, көрпе ішінде әр мүшесін қозғап, қимылға келтіріп көріп кешке дейін тыным таппады. Бар дәмдісін кешке сақтайтын қайран қазақтың әдеті бұл үйде де бұлжымайды. Қыстан қалған қатқан-құтқан сүрді баласына айтып кешкі асқа астырып қойды.

Қалыңдау тығыз матадан тігілген қоңыр жейденің үстінен киген жуыла-жуыла түсі оңған, әрі өңі күнге желінген, мақталы, сырма, көкшіл фуфайка мен қара қоңыр шалбар, құлақшаларын жымыра жиегіне ұқыптап қайырған малақайын шекесіне бастыра киген Дүйсен таң алакеуімнен үйден жіті басып шығып, тракторының кабинасына жайғасты. Осы болмысынан-ақ оның өн бойынан әлдебір

ұқыптылық пен тазалық байқалады. Алғаш көңіл күйі көтеріңкі көрінген. Тәтті қиял бірте-бірте мұңды оймен жалғасты. Оның да өз себебі бар еді.

Егіс алқабында жүрген оның қолы, іс-әрекеті жұмыста болғанмен бар ойы түнде көрген түсінде болып барып, ақыры ол алыста қалған соғыс оқиғаларымен жалғасты.

Бір эшалон жауынгерлерді тиеген поезд батысқа, соғыс жүріп жатқан жаққа жүйткіп келеді. Сонау Қиыр Шығыстан батысқа бұрынғы сол жаққа жеткен уақытынан әлде қайда ерте жетті. Поезд бірте-бірте батысқа, майдан даласына қарай жүйткісе, соғыс даласы қиян-кескі ұрыстардан соң бірте-бірте шығысқа қарай жылжып келе жатты. Жүйткіген эшолондағы тың күшті Украинаның батысындағы бір қала маңына жақындағанда шағын стансада полктарға, роталарға бөледі екен - деген болжам болды. Естігендегідей жоспарды төтеннен киліккен жаудың бомбалауы бұзып-жарып кетті. Тылға көшіп келе жатқан эшалонды байқап қалған құтырынған жау ұшақтары майдан даласынан оза, бейбіт жағдайда шығысқа бет алған поезды қуалай жүріп аяусыз бомбалады. Бомбалау барысында жақындап қалған қосымша күш тиеген поезды да байқады. Мұны сезген эшалон басшысы поезды кезектен тыс тоқтатуға бұйрық берді. Абырой болғанда қалың орманның шетіне іліге бастағандары зор септігін тигізді. Күңірене зар еңіреген жау ұшақтарының өздерін бомбалауға бет алып, қайта айнала ұшып келе жатқанын байқап қалған командирлер дер кезінде команда беріп үлгерді. Тоқтай бастаған поездан секіріп-секіріп түскен жауынгерлердің көбісі орманға қарай тұра жүгірді. Алды қалың орманның

ішіне кіріп, үлгермегені жүгіріп келе жатқан бойы белуардан келетін қалың шөптің арасына жата-жата қалды. Өсімдікке бай Ресей мен Украина жерінің шалғыны, күздің бел ортасында қурап, жаздағы жайқалған реңін жоғалтқанмен өлмес құлға әжептеуір пана.

Жерге түскен бірнеше бомбаның әсерінен аспан жарылып жерге құлап, жер айрылып бөлшек-бөлшек боп аспанға ұшып жатқандай алапат бір сұмдық жай басталды да кетті. Орманға жетіп үлгермеген Дүйсен де жүгіріп келе жатқан бойы құлай кетті. Тек басын екі қолдап ұстап алғаны есінде. Құлақ тұндырған бомбардировщиктердің дыбысына әр жерде жарылып жатқан бомбалардың дауысы қосылып бүкіл жер дүние әлем-тапырақ күйге енді де жүре берді. Бір уақ құлағы түк естімей қалғандай болды. Әлдекім қатар жүгіріп келе жатқандай еді. Оларға жақын маңнан бомба жарылды. Қатар құлаған бұлардың үстін әлденеше қабат топырақ басып қалғандай болды. Алғашқы келген ой: -Тірімін бе, мен осы?-болды. Тірі екен. Өлмепті. Тек басының ауыр тартып, құлағының зыңылдап тұрғаны болмаса, жараланбапты да. Әлден уақытта бомбалаушы ұшақтардың ұзап бара жатқан дыбыстары келіп жатты да бір уақытта мүлде тына қалды. Әр жер, әр жерден топыраққа көміліп қалған жауынгерлер құдды бір жер астынан шыққандай үстеріндегі зіл батпан топырақты сырып тастап көздері ғана жылтырап шығып келеді. Бұл да сөйтті. Бұл үлкен сәскеге таяп қалған уақыт еді. Бірнеше жауынгер осы жағдайдың кесірінен соғысқа кірмей тұрып-ақ сол күні қаза болды. Біразы, соның ішінде бұған жақын жүгіріп келе жатқан жауынгер де жара-

ланды. Әлгінде ғана тыныштықта көз тойғыза тұнып тұрған орманды дала әп-сәтте ойран-ботқасы шығып, маңай адам көргісіз аударылып қалған топырақ пен қара күлге айналды. Сәл ес жиғандай болған соң-ақ, командованиеден бұйрық кеп, алдымен жаралыларды жинап, жақын маңдағы госпитальға жөнелтіп, қайтыс болғандарды жерлей бастады. Күн екінтіге таяу бұлар жанұшыра жүгіре басып орманның екінші жағына енді іліне бастаған, әлгі шығысқа бет алған поездасы зардап шеккендерге көмекке келді. Үш вагонда соғысып жатқан командирлер мен жауынгерлердің отбасы мүшелері, бейбіт тұрғындар-сәбилер, қарттар, әйелдер екен. Қалған вагондарда көшіріліп жатқан заводтың ба, фабриканың ба аса қажетті заттары, тұрмыстық заттар. Өлі тіршіліктің бүлінбегені жоқ. Ал адамдар ше?..

Адамдарға келер болсақ өлгені өліп, ал тірі қалғандарының сол кездегі хал-күйі төбе шашынды тік тұрғызғандай. Бұл жағдайды бастан кешірмек тұрмақ, оларды көріп, жандарында шыдап тұру мүмкін емес. Жан түршігерлік жағдайды бірінші рет бастан кешіре отырып, соғысқа жаңа келе жатқан жауынгерлерге ертерек ес жиып, азапты жағдайдағы жандарға шұғыл көмек көрсетуге тура келді. Алғаш келіп жеткендегі көріністен байқағандары кеудесінде жаны барлары орманға қарай жылжып жан сауғалауға тырысқан. Жүріп өткен жерлеріндегі шөптерде, топырақта қалған қан іздері оны айқын көрсетіп тұр. Орындарынан жылжи алмай қалғандары да жеткілікті. Олар өлгендер, өлім аузындағылар.

Келе біреулер бақилық болғандарды жерлеу ісіне кіріссе, біреулер ауыр жаралыларды қолдан зембіл

жасап соған салып орман ішіне жеткізуге тырысып жатты. Дүйсен әлденені құшақтай құлаған жас анаға қарай жақындады. Оған шырылдап жылай-жылай даусы қарлыққан жас баланың үні сол тұстан шыққандай болған. Келсе, бір жақ шекесінен жараланған ана, үш-төрт жасар ұлын қорғаштай құшақтаған күйі етпетінен құлап, жан тәсілім болған. Үсті-басын анасының қаны жуған, өлі ана құшағындағы жас сәби, қанға малшынған саусақтарымен анасының омырауынан ұстап алып:

- Мама, тұр! Маматай, тұр!-деп шыр-шыр етеді. Қарап тұру мүмкін емес. Тірі баланы өлі ана құшағынан әрең ажыратып алған ол, жақын маңдағы жеңілдеу жараланғанымен, бұл уақытта қансырап қалған және бір ересектеу баланы қоса құшақтап орман ішіне тұра жөнелді.

Соғыс жағдайындағы бұл алғашқы сұмдық күн оның есінде өшпестей сақталып, түсіне жиі кіретін жайдың бірі болып қалды. Бұлар орман ішіндегі жаралыларды қауіпсіз жерлерге жеткізіп, қайтыс болғандарды жерлеп боламыз дегенше де ертеңіндегі түс болды. Ас-аухат ішіп, жантайып дем алу дегенді бұлар бірінші рет мүлде ұмытты. Бұл кезде ұрыс шебі бұларға анық жақындағаны алыстан талып жеткен дүмпулерден-ақ сезіле бастады.

Жиырма шақты жауынгер соғыс жүріп жатқан деревняның қасына жер бауырлап жеткенде ол жерде шайқасып жатқан қырық адамнан аман-сау қалғаны жеті адам, жаралысы төрт, ауыр жаралысы бес-алты адам. Қалғандары түгел қаза болған. Оқ-дәрі де таусылуға таяу. Тек өлген, ауыр жараланған жауынгерлердің қаруын алып қана тіресіп тұр екен.

Келген жиырма шақты жауынгердің бес-алтауында ғана қол винтовка бар. Қалғаны мүлде қарусыз. Жаңадан келген көмекке қуанып, рухтанған жауынгерлер: -Отан үшін алға!-деп ұрандай жөнелгенде құр қолмен не істерін білмей сасқалақтап қалған бұған бір тәжірибелі мосқалдау жауынгер:

- Құлаған кісінің қаруын ал. Өзіміздікі ме, жаудың жауынгері ме қарама!-деді, жанынан өтіп бара жатып. Құлап жатқан неміс солдаттының иығындағы автоматын ала салып, қатардан қалмай жүгіре берген бұған қатарласа берген біреу:

- Әй, әй! Күрегін неге алмадың?-деп мұны иығынан қапсыра құшақтай құлады. Етпетінен құлап жатқанда әлгі кісінің айтқаны:

-Соғыста автомат керек-ақ. Бірақ жаныңды алып қалатын күрек-деді. Бақса, келген қосымша күшке рухтанған жауынгерлер, уралап алға лап қойғанда, енді қайтер екен-дегендей аңысын аңдап жатқан жау автоматпен де, дзотпен де оқ жаудырып жіберген екен. Бұлар бастарын тұқырта шұқыр ішінде жатыр. Сондағы мұндайға еті үйренген тәжірибелі, мұны құшақтай құлаған кісінің айтқан ақылы:

-Автоматпен дәл тигізе алсаң сен жауды атып жер жастандырасың. Бұған сөз жоқ. Ал күрекпен осындай шұқанақ кездеспеген кезде өзінді кішкентай болса да оқтан қорғап жасырылатын жер қазасың -деді.

Екі күнге созылған ауыр шайқастан кейін бұлар амалсыз артқа шегінді. Жауынгерлердің жартысына жуығы қаза тапты. Алғаш басын, қолын, жағын таңып алып соғысып жатқандарды көргенде олардың өлермендігіне таңырқаған. Ұзамай-ақ бұл да жау оғы қолының қар етін тіліп түскенде ауырғанын

елемей жарасын таңып алып, қаруын қолдан тастамай соғысуына тура келді. Осы екі күнде бұлардың ұтқаны жақын маңдағы дала госпитальдары мен біраз елді мекен тұрғындары тынышсыз жерден едәуір алшаққа, қауіпсіз жерлерге көшірілді. Бірталай уақыт осылайша соғысқанда бұлардың алдында тек штрапбат қана болған екен. Кейін бірнеше рет азайып, бірнеше рет жаңарған жаңа құрамдағы жауынгерлерді іріктеп, он-он бестей жауынгерлерді танктен кейін жүретін взводқа әкеп қосты. Мұнда үш айдан аса соғысты. Осы уақыт аралығында бірнеше рет жеңіл жараланды. Ақыры бір күні қиян-кескі шайқастан соң біздің бірнеше танктің жауынгерлерін жаңарту кезінде бұл танк жауынгерлерінің құрамына еніп, төрт жігіт бір танкке ие болды. Бұл жағдайға ол дәрежесі көтерілгендей іштей мақтаныш сезімде болды. Алты айдан аса жаумен танкте жүріп жағаласқан бұлардың танкіне жау снаряды тура тиіп екі жігіт сол жерде қаза боп, біреуі ауыр, біреуі жеңіл жарақаттанды. Ауыр жараланған жауынгерді алғаш мұнымен дала госпиталыне бірге жеткізілгенімен кейінгі тағдыры бұған беймәлім. Ал мұның сол жақ санындағы жарақатты алғаш қалың етті осып кеткен жеңіл жарақат -деп байлам жасағанымен кейін олай болмай шықты. Ақыры Могилёв маңындағы госпитальда екі ай емдеп жаяу әскердің құрамына соғысқа қайта жіберілді.

Дүйсен кезекті реткі шайқастан соң екі апта өтпей блиндажда құлап түсті. Ыстығы қатты көтерілген ол ес-түсін білмей жатты. Оны бұрынғы емдеген госпитальға қайта жөнелтуге тура келді. Госпитальда әрі-бері тексеріп көрген дәрігерлер оның аяғын кесу

керек деп шешім шығарды. Дәрі-дәрмектің көмегімен есін жиған оған бас дәрігер аяғынан айрылуы мүмкін екенін хабарлады. Бірақ бұл іс барысында мәлім болатыны туралы ескертті. Мұны естігенде бұған дейін талай сұмдықты көріп ысылып қалған азамат, неге де болса тәуекел етті. Құдайдан:

- Тек осы нәуметтен тірі қалсам қандай тағдырға болса да ризамын. Атадан қалған жалғыз едім. Тірі қалып, әкемнің шаңырағын құлатпай, түтінін түзу ұшырсам екен,-деп тілейді. Мұрнына бір уыстай мақтаны әкеліп иіскетіп жатқанда да осы ой миында зыңылдап тұрғандай болады.

Могилёвтан келген білікті дәрігер аяқтағы жараны қайта тіліп көргенде, тоқпан жіліктің қалың етіне терендей еніп барып сүйекті қаптап тұрған тін мен сүйек арасына еңдей кірген жарықшақты суырып алды. Айналасындағы іріңдеген ет пен қарая бастаған сүйекті тазартып тиісті ем-домын жасады. Осылайша жуан саннан кесілетін болған аяғы аман қалды. Жараланған жерінің етін ойып алғандай шұқырайып, сол жақ санында бір қарыс тыртық қалды. Бірнеше ауыр жағдайдағы жаралыларды да тексеріп көріп тиісті емдерін тағайындаған білікті дәрігер өзі істейтін үлкен жерге қайтып кетті. Осы оқиғадан соң бұған дейін емдеген дәрігер қатаң сөгіс алды.

Екі айдан аса емделген, бұған дейін екі-үш наградаға ие болған Дүйсенді қайтадан соғысқа жіберді. Бұл Кеңес жауынгерлері күш алып, жауды тықсыра, келген ізімен кері қуа бастаған кез еді. Мұнда жаяу әскер құрамында бірнеше рет соғысқа кірген соң Дүйсенді қатты жүгіре алмауы себепті азат етілген жерлерді соғыс қалдықтарынан та-

зарту бригадасының құрамына жіберді. Бұл біздің әскерлердің жауды шекара асыра қуып бара жатқан кезі.

Күні кеше майдан даласы боп жатқан жерлерді, деревнилар мен селоларды, соғыс қалдықтарынан тазарту жұмысы соғыстан бірде-бір кем түспеді. Ел ішіндегі сатқындар мен старосталарды ұстау, түрлі зиянкестік әрекеттеріне тосқауыл қою жұмыстарына көбіне партизандардың көмегі тиген-ді. Бұл да шығынсыз болған жоқ. Әсіресе жайылымдар мен егіс далаларын минадан тазарту үстінде талай жауынгер жер құшты. Талайларының денесі сәл мүлт кеткеннің кесірінен күл боп көкке ұшты. Сондай мина іздеу кезінде жақын маңнан жарылған минаның жарықшағы тиіп оң қолы мен, оң жақ қабырғаларынан жарақат алды. Жараланған жерінде ес-түссіз жатып қалған, көп қан жоғалтқан оны алғаш өлдіге санады. Біраз уақыт өткенде тірі екенін біліп бірден ірі госпитальдардың біріне жөнелтті. Тексеру нәтижесінде ішкі құрылысы аман болғанымен ауыр жарақатының әсерінен іш құрылысы да зардап шеккен,-деген шешім шығарды. Сүйектерін сақтау мақсатындағы емнің нәтижесі аса оңды болмағандықтан ақыры үш қабырғасын түбінен алып тастауға тура келді.

Бұл госпитальда ұзақ емделген оның бұл күнде бұрынғы наградаларына және екі награда қосылған еді. Госпитальдағы жаралы жауынгерлердің жай-күйін біліп, олармен сұқбаттасуға келген майор Иващенко кейбіреулерді әлдеқайда шақырып, осыдан шыққан соң штабқа кел-деп жатса, біреулерге үйіңе қайтуға болады,-деп жатты. Дүйсен іштей мені де елге қайтарса екен,-деп тіледі. Бірақ бұған елге емес

Москва түбіндегі санаторийге барып бір ай дем ал,- дегенде не қуанарын, не қуанбасын білмеді. Мұны қайтер екен деген болуы керек. Біраз әрнені айтып жауынгерлерді қуақылана күлдіріп барып қайта бұрылған ол кісі:

- Айтпақшы, демалып болған соң еліңізге қайтуыңызға болады,-дегенде қуаныштан жүрегі жарыла жаздады. Москва маңындағы санаторийде бір апта болған ол ары қарай шыдай алмай санаторий басшыларынан рұқсат алып елге қайтты.

Күнімен осы оқиғаның бәрін көз алдынан өткізіп, өз-өзіне өткен күннен есеп бергендей болған Дүйсен, ойпырым-ай осынша сұмдықтан бір Алланың көмегімен аман қалыппын-ау. Әйтпесе сол сұм соғыста нелер асыл азаматтар көз жұмды. Небір менен әлде қайда ақылды да, небір көркем де, небір алғыр да жастар үйленбей, бала сүймей қыршынынан қиылды-ау. Ол бүкіл халықтың басына адамның қолымен жасалған нәубет екен. Ал менің жеке басымдағы яғни Жұпар екеуіміздің басымыздағы мына нәубетті осыдан аман қалсам қандай тағдырыңа да ризамын-деп өзім тілеп алдым ба екен? Жеке басымыз үшін, өз отбасым үшін бұл жай оңай болмады-ау. Тек мылтықсыз, оқсыз демесең...

Қыршын жас өмір соғыс қияпатында өтсе, қалған жемісін төгер жас шағым жарымның ұзаққа созылған азапты ауруымен алысумен өтіпті. Анадай сұмдықтан аман келгеніме шүкіршілік қып, сағызша созылған бұл қияметті елеменгендей боп жүрдім. Жарыма да мықты болып көрінуге тырыстым. Мен мұқалсам оның көрген күні не болмақ?! Ол басына түскен мына бейнетпен қалай күреспек?!

Жалғыз перзентімнің жайы ше?!-деп жүріп санаулы өмірдің сансыз көп күндері өтіп те кетіпті-ау,-деп ойлады. Сырттай мұқалмағандай, қажымағандай боп көрінгенімен, шыдау керек, аз ғана, енді аз ғана қалды,-деп өз-өзін қайрайтын. Енді біраз шыдасақ бәрі артта қалады. Көрген бейнет, көрген түстей боп өте шығады,- деп өзін де өзгені де осы ойға сендіргенді. Сендіруге тырысқан-ды. Бірақ оңаша қалып басынан өткен жайдың бәрін ой елегінен өткізгенде түпкі бір тереңінде, өзге тұрмақ өзіне де көп уақыттарда сезіле бермейтін терең бір зынданында өкініш пе, өксік пе тұрғандай болды. Ол ойымен ғана емес, бойбітімімен де мықты болуға тырысты. Сол жақ аяғы кей-кейде қанша сыздап ауырса да ақсамай жүретін. Оң жақ қабырғалары сөгіліп қалса да бір жағына қисаймай жүруге тырысты. Сыртынан қараған кісі он екі мүшесі сап-сау, дін амандай көретін. Сырт кісіге момын боп көрінгенмен оның рухы болаттай берік еді. Жан жарасын да, тән жарасын да ақырғы сәтіне дейін ешкімге сездіртпеді.

Біраз тұңғыық ойларға берілген ол, күннің байып бара жатқанын көргенде өз-өзіне келіп, өткен өмірінің ешбір сәті, ешбір кезеңіне өкінбейтінін сезді. Қайта шүкірлік ету керек. Майдан даласында бірінің беті жасырылса, бірінің тіпті беті де жасырылмай қалған сол қылқандай қыршындардан қай жерім артық еді. Алланың мұнысына мың қайтара шүкіршілік. Ауру болса да жанымды айтқызбай-ақ ұғатын сұңғыла жарым, еш бейнеттен қашпайтын, көмейіндегіні бірден ұға қоятын, шаруақор, елгезек жеткіншек ұлым бар. Мен бақыттымын! Бірлікшіл тату-тәтті отбасы бар әйелім мен балам да бақытты.

Бұйыртса ауруды да алқымдап жеңеміз-деп ойлады ол. Осы оймен марқайған отағасы жұмыстан күндегісінен де кештеу оралды. Есікке таяй бергенде бабымен піскен сүрдің иісі мұрнын қытықтады. Бұл оған баяғы мұнсыз күндердегідей әсер етті. Бұрынғы саушылығындағыдай Жұпар етті пісіріп боп тек мұның келуін күтіп отырғандай. Ол үйіне көңілдене енді. Тұрып жүріп кетпесе де кеудесін ешкімнің көмегіңсіз өзі көтеріп отырған Жұпар ерекше көңіл-күймен жүзі нұрлана қарсы алды. Сол күні баласының да көңіл-күйі ерекше көтеріңкі еді.

Түн ішінде кешкі астарын ішіп болған соң Дүйсен қорадағы төрт-бес қойының ең қоңдысын қалжаға деп сойып тастады. Баласы айға жуық сабағынан қалып анасын күтімге алды. Отағасының айтуымен бір апта қатты терлеп, аурудың зәгі шығуын күткен Жұпар бір аптадан соң белін бекем буып алып күнде әр түрлі қимыл-қозғалыстар жасауға кірісті. Рас, алғашқыда өте ауыр тиді. Тұрып, жүріп кетуге үміті оянған, көңілінде жақсылыққа деген сенім ұялаған оған денесінің ауырғаны кедергі болмады. Алғашқы азапты аурулар бірте-бірте жеңілдей түсті. Бұл ісі оң нәтижесін беріп, ол екі аптадан соң құйрығымен жылжып еңбектей бастаған балаға ұқсап, орнынан жылжи бастады. Бір айдан соң орнынан тұрып жүріп кетті. Алғаш таяқпен жүрген ол, кейін таяқсыз-ақ жақсы жүретін болды. Бірақ сарыла өткен он жылдың айықпас белгісіндей боп белі бүгіліп қалды. Бұған үй іші мүшелері еш қынжылған жоқ. Тіпті бұл жағдайды елемеді де. Манадан сөзін бөлмеуге тырысып әңгімені үн-түнсіз, мұқият тыңдап отырған Седеп осы кезде енесіне сұрақ қойды:

-Апа, сіз қайынсіңліңізге ренжімедіңіз бе? Аз ой-ланып барып жауап қатқан ана:

-Бұрын-соңды Ақылдастың осыншалық шап-тыққанын көрмеппін. Рас, алғаш шымбайыма қатты батты. Ауру адам жақындарының жылы шырайы мен жақсы лебізіне, ықыласына зәру болады. Ауру бір жағынан, қаңқу сөздер бір жағынан онсыз да қатты қажыған маған оңай тиіп жүрген жоқ-ты. Оның бұл қылығы мен ащы сөздері талай жылдан бергі дәрменсіздігімді мойындатып, өлімге шындап-ақ ба-сымды тіктім емес пе? Бірақ уақыт емші екен. Ке-ле-келе ренішімді ұмытып, тіпті қап-ай, осы жағдай неге ертерек болмады екен,- деп ойладым. Бірте-бірте баяғыда-ақ осылай қамшылауың керек екен ғой!-деп, оған ренжімек түгілі іштей риза болдым. Үш-төрт күннен соң-ақ, өздігімнен кеудемді көтеріп дастархан басында отыра бастадым. Терең күрсіне түсіп:

-Е-е-е, қарағым-ай, бұл жағдайға да Жұпар бой жасап жатыр екен. Зады күні жақындаған-ау шамасы,- дегендер де табылды. Ал күйеуім мен балам менің денсаулығымның сәл ғана оң өзгерісіне барынша қуанып, Аллаға мың қайтара шүкір етіп, тәубә айтып жүрді.

Бұл кезде күн де едәуір жыли бастаған. Бір күні атаң жұмысынан қайтқанда ұзыншақ орындыққа ұқсас, жуандау қара ағаштың бір кеспегін алып келді. Бұған дейін көктемгі күннің нағыз қызған уағында бірер рет шуаққа шығып отырғанымды байқаған ол, маған қуана күлімсірей қарап:

-Жұ-п-а-а-р! Қарашы! Дап-дайын орындық!

Үй ішінде отырған мені ерік-алдыма қоймай, сүйемелдей тұрғызып, далаға шығарып келе жатып :

- Енді сен осындай кезеңдерде күннің шуағына да, жаздың аптап ыстығында көлеңкеге де осының үстінде отырасың!-деді риясыз көңілі жарқын-жарқын шыққан үнінен байқалып. Ықтасын жердегі шуаққа қойылған түбіртекке екеуіміз жайғасып отырдық.

-Қарашы, жайлы емес пе, а!?

-Жақсы, жайлы-ақ екен.

-Жазда көлеңкеге жылжытып қоямыз! Мұны көріп балам да әкесі бір тәуір жиһаз сатып әкелгендей қуанып жүр. Бала емес пе, ағаштың сыртын әктеп қойса әдемі болады-деп ойласа керек. Бір күні ол түбіртекті жақсылап әктеп қойыпты. Кешке жұмыстан шаршап келген әкесі үстіне отыра кетіп, бар киімі аппақ әк боп, Серікжанмен екеуіміз ішегіміз қата күлгеніміз бар. Ол ыза болудың орнына бізбен қосыла күліп, бәріміз мәз болдық. Кейін балам қабығын аршып, артық бұтағын кесіп, сыртын көкшіл сырмен сырлап қойды. Содан бері осы кеспек ағаш біздің үй ішімізбен, бітпейтін күйбең тірліктен бір сәт қол босатып, дамылдайтын орнымызға айналды.

Седеп көлеңке астына құрылған сәкіге таяу жерде жатқан ұзынша орындыққа ұқсас ағашқа барлай қарады. Бұл өзі неге ұқсайды?- деп ойлады. Арамен екі жерден араласа үшке бөлінеді. Бөлінген кеспектерді балтамен жарса кәдімгі қыста отқа тамызыққа пайдаланатын тамызық ағаш боп шыға келеді. Бір қарағанда кәдуілгі тамызыққа жарата-тын ағаш. Аздан соң байқады. Бір жақ шеті отыруға ыңғайлап олақтау сүргіленген тәрізді. Астыңғы жағында үш жерден ұзындығын бір қарыстай етіп қиған жуан бұтақтары скамейканың қисайып кет-

кен аяқтары сияқты, кеспекті нық ұстап тұр. Соның әсерінен кеспек шағын скамейкаға ұқсайды екен.

Бір сәт өз ойымен болып кеткен келіншектің ойын аз үзілістен соң, әңгімесін жалғастыра түскен енесінің даусы бөліп жіберді.

-Алланың басқа салған ұзақ сынағына төтеп беруіме, жеңіп шығуыма бірден-бір жетекші де, көмекші де болған жарымның адалдығы. Маған, отбасына деген риясыз көңілі. Қажымай, талмай соның еткен еңбегі. Әйтпегенде не боларымызды кім білсін? Ұзаққа созылған сал аурудан тәнім қажыса, қаңқу сөздерден жаным қажып, дәрменсіз күй кешіп жатқан менің көкірегімде үміт отын жаққан отағасымның маған деген ыстық ықыласы мен жылы қабағы, жайлы сөздері. Кейбіреу оны момынсып менсінгісі келмейді. Бірақ дәл сол кісілерге менің отағасымның басына түскен нәубет түссе, пысықсып жүргендердің көбісі-ақ көтере алмас еді. Ол сырттай момын боп көрінгенмен, анау-мынау пысықтарың төзе алмасқа төзе алатын нағыз мықтының өзі. Мен үшін, нардың жүгін арқалаған марқасқа! Ұзын сөздің қысқасы, осы қарқа ләзи құтты шаққа жетуім, бір Алланың, қала берді отағасымның арқасы. Аз паузадан кейін:

-Мен орнымнан тұрып кеткесін-ақ тірлігіміз де дөңгеленіп ілгері баса бастады. Серігім ел қатарлы мектебін бітіріп, аттестатын алды. Одан кейін шопырлық курсты бітірді. Енді ғана машина айдап жүргенде әскерге алынып, Отан алдындағы міндетін абыроймен атқарып келді. Ол әскерде жүргендегі екі жылдан аса уақытта біз де әкесі екеуіміз қарап отырмай ел қатарлы еңсесі биік ақ үй салып алдық. Төбесін шипырлатып, еденін ел құсап тақтайлаттық.

Ол әскерден келген соң бірден шопырлық жұмысын жалғастырып алты айдан кейін келін түсірді. Төрт-бес жылда Құдайдың берген екі немересін сүйдік. Қорамыздағы баяғы төрт-бес уақ мал, бұл күнде төлін қоспағанда жиырмаға жетті. Екі бұзаулы сиыр, тайынша, тана-торпағымен. Аллаға шүкір бір орамға келіп-ақ тұр. Тек енді осылардың қызығын, рахатын ұзағынан сүйіндіргей де,-деп отағасы екеуіміз тілек тілеп отырған жайымыз бар. Аздап күрсініп алып:

-Бірақ қаншама қимыл, қозғалыстар жасап, уқалатсам да, емнің неше түрін қабылдасам да, жүріп кеткеніммен осылайша бүкшиіп, бүкір боп қалдым ғой. Дегенмен енесі бүкір боп қалғанына іштей налитындай.

-Ештеңе етпес апа, анадай ауыр жағдайдан тұрып, жүріп кеткеніңіздің өзі неге тұрады!

-Соны айтсаңшы, қалқам-ау. Бастан құлақ садақа деген. Шүкіршілік!- деп жүріп жатырмыз. Сыртынан қарағанда жетпістерге келген кісі ме, деп ойлауға болатындай. Ал бет-пішіні жас көрінеді-ә,- деп ойлаған келін:

-Апа, осы сіз нешедесіз?-деп қалды.

-1927- жылғымын.

-Ой, сіз жап-жас екенсіз ғой. Елу бірде ғана екенсіз. Сізді бұған дейін менің анаммен жасты деп ойламаппын. Бәсе, беліңіз бүкірейгенімен бет пішініңіз өте жас көрінеді ғой.

-Қа-ай-й-дағы жас, қарағым-ау. Жер ортасынан аудық қой. Әйтсе де құдағи менен әлде қайда жас көрінеді.

Осы кезде аудан орталығына кеткен Дүйсен ата да кешкі автобуспен үйіне келді. Төрт жасар

ұл немересі қаудан кіріп келе жатқан атасына тұра ұмтылды. Оның артынан ілесе жөнелген бір жарым, екі жастағы қыз немересі де құлдыраңдай атасына қарай жүгірем деп сүріне құлап түсті. Әбжіл қозғалған аталары бірін жұбата жерден көтеріп алып, бірін жетелеп кеп әлгі кеспек ағаш үстіне жайғасты. Іреңінен риясыз жылу мен мейір төгілген ананың әрбір қимыл-қозғалысынан қосағына деген ыстық ықыласы көрініп-ақ тұр. Күннің ыстығында жолдан шөліркеп келген отағасына кәрлен кесемен бір кесе ашымық көже ұсынды. Қышқылтым, сапсалқын ашымықты сүйсіне сіміріп салған Дүйсекең Шиеліден әкелген базарлығын немерелеріне үлестіре бастады. Базарлықтан Седеп пен Жұпар да құр қалған жоқ. Күн екінтіден ауа бастағанда кешкі ас даярлауға үйіне асыға басып келе жатқан келіншек «нағыз шынайы махаббат»-деген осы шығар,-деп ойлады. Қызық бір кітапты оқып тауысқандай әсерде келе жатыр. Нағыз жазылмаған кітап, айтылмаған хисса,-деп ойлады ол.

Дүйсен- жаратылысында тұйықтау адам. Кемпірінің қазасынан кейін мүлде одан бетер тұнжырап, өз-өзімен тұйықталып қалды. Сұрақ, жауаптан өзге ешкіммен шешіліп тілдеспейді. Тамаққа да зауқы жоқ. Жалғанның бар қызығы сонымен таусылғандай.

Анасының қазасынан кейін тоғыз ай өткенде, екі-үш күн орнынан тұрмай жатып қалған әкесіне Серік:

-Көке, не болды, ауырып қалған жоқсыз ба? -деді дегбірісідене.

-Жоқ, балам!

-Ендеше неге жатырсыз?

-Сәл аздап, мазам болмай жүр. Кішкене жатып демалсам болды, қунап қалармын.

-Мүмкін дәрігерге көрсетерміз?

-Жо-жоқ, әуре болмаңдар. Дәрігерге көрінетіндей себеп жоқ.

Себеп жоқ емес, тіпті қайтарымыз болды. Үш-төрт күннен соң қайтпас сапарға аттанып жүре берген қайынатасын, соңғы сапарға шығарып салысуға келген Седеп, көпшіліктің аяғы басыла бергенде баяғы кеспекті көзімен іздей бастады. Кеспек сол бұрынғы орнында тұр екен. Ешкім жарып тастамапты, әйтеуір. Тіпті қозғамаған да сияқты.

- Туһ, орнында екен ғой! Жалғанда жарасым тапқан қос жұптың жақсылықта жайғасқан орны! Жарасымды жұп ана дүниеде де тыныштық тауып, осы орындықтың үстінде қатарласа сырласып отырғандай боп көрінді оған.

БІР ҮМІТ, БІР КҮДІК.

Жазғы шілденің ұзақты күн шыжыған ыстығы басылып, екінтіден әлдеқашан ауып, шамға таяған кез. Таудан алыс, құмақты далаға орын тепкен колхоздың үшінші бөлімшесі шағын ғана ауыл. Жүзге де жетер жетпес үйдің қырық-елудейі бір көше, қалғаны екінші көше. Ауыл сыртынан айқыш-ұйқыш өтетін бірнеше қара жолдың дені осы ауыл ішіндегі екі көшеге еніп барып жұтылып кетеді. Мұндағы халықтың көбіне дилысы малмен айналысады. Ал біразы колхоздың техникасын жүргізетіндер. Ауыл

интеллигенттері де жоқ емес. Шағын бастауыш мектеп, бір бөлме, бір дәлізден тұратын аядай ғана медпункт. Ұзыншақтау етіп салынған ақ үйдің бір беті кішкене ғана кітапхана, қалған бөлімі түгелдей клуб. Осы айтылғандардың дені әлгі тұрғын үй саны көбірек көшеде болғандықтан екінші көшеге қарағанда бұл көше едәуір ұзын. Сол ұзын көшенің қақ ортасында маңдайшасына үлкен, көрнекі етіп «Сельмаг» деп жазылған дүкен бар. Зер салып қараған жанға дүкеннің өзінен гөрі маңдайындағы жазуы әлдеқайда ірі көрінер еді. Бұл көшені тұрғындар, әсіресе жастар жағы «орталық көше» деп атайды. Кейбірі тіпті осы көшеде тұратындығын өздерінше әжептеуір мәртебе санайды. Шығыс жақ алыс құм жиегіндегі сиыр ферма жақтан құйғытып келе жатқан бензовоз, ауыл сыртындағы қос өзек жақта жайылып жүрген бұзауды қақпайлай, асыға айдап келе жатқан велосипедтегі жігіттің жанына қара жолдың шаңын бұрқырата кеп тоқтай қалды. Кабинадан біреу қуып шыққандай домалай түскен күнқақты жүзді, орта бойлы қағылез Қанат:

-Ас-с-са-лау-ма-ға-лей-ку-у-м, Жәке! Қалайсың, е-ей!?-деді еңтігін баса алмай. Өзі аса қуанышты сияқты. Үстіне киген киімдері де күндегіге қарағанда әлдеқайда жинақы әрі таза сияқты.

-Уағалейкумассалам! Не болды? Тыныштық па? Танауыңнан жел есіп тұр ғой,-деді жауырыны қақпақтай, бойшаң қараторы жігіт. Осы кезде ауылдың батыс жағындағы шабындықтан тыр-тырлап келе жатқан көк трактор бұл екеуіне жақындап кеп тұра қалды. Кабинадан секіріп түсе беріп, бойы ортадан жоғары, шашы жалбыраған, үсті-басы май-май, арық

сары жігіт:

- О-о-оу! Сәлем! Тұрыстарың жаман емес қой, ей! Бір жаңалық бар ма?-деді кір-кір қолымен бейберекет маңдайына түскен шашын кері қайырып.

-Болғанда қандай, Самат-ау! Сүйінші! Бүгін түске таяу келіншегім босанып, ұл тапты.

-Ау, қуанышың құтты болсын!

-Бауы берік болсын!

-Айтсын! Қазір ертерек үйге барып, мамашаның дайындап қойған тамағын алып, орталықтағы перзентханаға бармақшымын.

-Молодец-ей! Ұзамай сенікіне шілдеханаға барарды екенбіз ғой!

-Бұйырса! Әрине, әрине!

-Әй, Жалғас! Осы сен қашан үйленесің ей?-деді құрдастар қосарлана жамырап. Ана екеуіндей емес, велосипедтегі Жалғастың үсті-басы тап-таза, әлдеқайда жинақы. Көнелеу көк джинсыйы мен ақ тоқыма жеңіл көйлек жарасып-ақ тұр. -Мен болсам үш баланың әкесімін. Мына Қанат та қалысар емес. Әне-міне дегенше екі баланың әкесі боп үлгерді. Сәл ғана езу тарта жымыған Жалғас:

-Бұйырған күні болар,-деп ойлана жауап қатты.

-Бұйырған күні, бұйырған күні-деп жүріп жиырма беске келетін болдың ғой? Қанаттың үнінде біртүрлі кінәлау бар сияқты.

-Ой, мұны өзіміз өйтіп-бүйтіп бір амалын тауып үйлендірмесек жиырма бес түгілі отызға келсе де жүре береді, бұл әлі. Самат жағдайды одан әрі өршіте түсті.

-Әлде кітаптарда жазылғандай, әлгі анау орыстардың киносындағыдай махаббатты күтіп

жүрсің бе?

-Әй, сол! Махаббат-сахаббат деп! Ол бір әшейін қиялилардың ойдан шығарғаны ғой!

-Әй, көп сөйлей бермейік. Одан да әрекетке көшу керек. Тамыздың ортасын ауа ана Ербосынның тойы болады екен. Сонда тойға келген қыздардың бірін Жалғасқа алып қашамыз. Міне, махаббат содан басталады,-деп пысақай Самат ойын бір-ақ түйді. Үшеуі мәз бола қарқылдай күліп алды. Манадан құрдастарын үнсіз жымия күліп тындап тұрған Жалғас келіскендей.

Осы кезде өрістен қайтқан сиырлардың қалың шаңы көріне бастады да, жамыратып алмас үшін Жалғас бұзауын үйіне қарай асыға, қақпақылдап айдай жөнелді. Сәл кідірген бірі бензовоздағы, бірі трактордағы екеу биыл күзден қалдырмай Жалғасты үйлендіруді өз міндеттеріне алғандай боп, келісіп, жөндеріне тарасты.

Сиырдан бұрын бұзауын үйіне жеткізген Жалғас ноктасын басына кигізіп қазыққа қысқа етіп байлады да астаушаға бір айыр балғын шөп салды. Осы кезде бүйірі тоқ қара ала сиыр бұзауына қарап даусын соза мөңіреп, қарағайдай мүйізін шайқап, басын шұлғи түсіп, маң-маң басып, қаудан еніп келе жатты. Есік алдында бастырманьң астындағы пешке кешкі ас дайындап боп қалған Қара кемпір пеш қораның қадасына төңкеріп іле салған шелегін салдырата алып жатып:

-О-о-о, қу белім-ай! Осы бейнеттен қашан құтылар екенмін! Тіземді бүгіп, төрге бір шығар күнім бар ма екен?-деді даусын соза күңіреніп. Сиырдың бас жібін мүйізіне іле беріп, қолында шелегі, ақсаңдай,

қиралаңдай басып сиыр саууға келе жатқан шешесіне жаны ашып, аяй қараған жігіт естілер-естілмес:

- Бұйырса, ол да боп қалар...,-деді. Қарбалас жұмыстары бітісімен кешкі астарын ішуге отырған аналы-балалы екеудің әңгімесі тағы да келін түсіріп, қол ұзарту жайында болды. Бірақ қысқа, нұсқа.

-Жасың болса жиырма беске таяды. Елдің сен сияқты баласының алды әне, Самат сияқтылар үш баланың әкесі. Арты үйленіп әне-міне балалы болайын деп жатыр. Бұл жөнінде ойлайсың ба, өзін?

-Неге ойламайын, апа? Ойланамын ғой! Олар мен құсап армияға да барған жоқ. Самат мектеп бітірісімен үйленіп алды. Қанат та майтабан боп армияға барған жоқ. Үйленбегенде не істейді.

-Өйдөйт деген! Сонда сенің үйленбей жүріп алуыңның себебі әскерге барғаның екен ғой!

-Жарайд-жарайд, апа! Мына бригад сөзінде тұрып, колхозға келген жаңа машинаны маған берсе, бұйырса күзге салым келін түсіремін.

-Не, бригад жаңа машина бергізбесе келін алмаймыз ба сонда?

-Аламыз-аламыз, апа!

Сөз осымен бітіп, әрқайсысы өзді-өз төсегіне барып жатты. Төсегіне кеп қисайған Қара кемпірдің ойы осыдан таң атса әлгі бригады бар болғырға жаңа машина жөнінде тағы есіне салу. Тіпті болмай бара жатса басқарма бастығының өзіне кіріп, жалынса да өтінішін орындату. Бір жаңа машинаға қолы жетсе болды. Мұның ұлы кімнен кем. Бой десе бой бар, ой десе ой бар. Қайсыбіреулердің баласындай елтеңселтені жоқ. Көрнекті, қараторы жігітке ойлы қыздың өзі-ақ құлап түскендей. Осы ойға бекіген кейуана

жаны тынышталып ұйықтап кетті. Ал Жалғастың ойы одан әлде қайда күрделірек боп шықты.

Төсегіне барып құлай кеткен жігіт нақ бүгінгі күні жолдастарына да, қартайған анасына да ант бергендей болғаны толғандырды ма, ұзақ уақыт ой жетегінен арыла алмады. Мектепті бітіргенге дейін қатар-кұрбыларындай уайымсыз, қайғысыз сияқты еді. Тура аттестат аларда аяқ астынан мұның өмірінде күрделі өзгеріс шыға келді. Бұрын кіші әпкем деп жүргені мұның анасы, ал анам деп жүрген адамы нағашы шешесі боп шыға келгенде мұның ішкі әлемінде қайтарымсыз бір төңкеріс болып еді.

-Қартайғанда көрген жарығым! Қара шаңырағымның иесі! Алланың адастырып барып берген сыйы!-дейтін анасы байғұс мұны еркелеткенде. Көңілінде зәредей бір күдік болсашы. Осы Қара кемпір туды. Соның қартайғанда тапқан жалғыз ұлымын -деп ойлайтын. Ал әкесінің қай заманда қайтыс болғаны мұны толғандырмайтын да. Шешесіне алаңсыз еркелеп, достарымен асыр сала ойнап жүре беретін. Дегенмен бала кезден-ақ сол қарт шешесіне ұқсаған мінез ауырлығы аракідік байқалып-ақ тұратын.

Бәрі сол құжат толтырудан басталды. Қарт анасы мен әлгі анасы боп шыққан кіші әпкесі айдан аса табандарынан таусылып жүріп мұның құжатын әрең ретке келтірді. Сондықтан аттестатын да ел қатарлы ала алмай бір ай кешіктіріп, жеке-дара алды. Жағдайына жастайынан іштей қанық бозбала қайбір сыныптастары сияқты үлкен жоғары оқу орнына баруды да ойлаған емес. Қалай болғанда да шопырлық курсты бітірсем, колхоздың бір жаңа машинасын ай-

дасам деп армандайтын.

Бұл аралықтағы Жалғастың жан күйзелісі өзіне ғана аян. Мұның бойындағы өзгерісті ептеп қарт анасы да сезетін. Аттестатын алысымен -ақ шопырлық курсқа түсіп, оны аяқтауын аяқтады. Ал дәп қазіргі жаңа машинаның жайы уақыт еншісінде.

Анасының қай кезден Қара кемпір атанғаны есінде жоқ. Шын атының Күләтай екенін де кейінірек білді. Қыздай қосылған күйеуінен тұңғышы қыз-Рысалды соғыс басталардан бір жыл бұрын тұрмыс құрыпты. Одан кейін туылған үйелмелі-сүйелмелі екі ұлын да, соғыс жалмады. Конфискациядан, одан кейін ашаршылықтан қашып он бір, он екі жылдай елден алыстап кетіпті. Үш бірдей жетілмей қалған баламен жесір қалғанда күн көріс қамымен қосылған жамағайын қайнысы өзінің де ұзамасын білді ме екен, ел шетіне көшіріп әкеп, ол да көпке бармай көз жұмды. Одан туған Ханшайым, кіші әпкесі, яғни мұның анасы. Ол өзі бір ерекше жан боп өсті. Қараторының әдемісі. Қасы-көзі қап-қара, қолаң шашы тірсегін соққан. Бір бұралып өсіп келе жатқан көркем қыз болды. Соғыс аяқталған жылдары аудан орталығынан бір жас уәкіл келіп жүрді. Алғаш бұған ешкім бәлендей мән бермеген. Бірте-бірте әртүрлі шаруамен келуін жиілеткен уәкіл екі жылдан кейін он бес жасар Ханшайымды алып қашты. Алғаш көпшілік қызды жастау кеткенмен орнын тауып бағы ашылды деген. Бірақ артынша үш-төрт айда үлкен шу шықты. Өзін бойдақпын деп сендірген уәкіл жігіт үйленген, онымен тұрмай екі-үш жас баласы бар боп шықты.

Жас босанып отырған әйелі алғаш күйеуінің

жүріс-тұрысына түсінбей жүреді. Белі бекіп өз-өзіне келген соң жұбайының сатқындығына көзі жеткен, әрі Кеңес үкіметінің әйел теңдігі заңымен қаруланған жас әйел, Коммунистік партияның мүшесі, аудандық дәрежедегі уәкіл күйеуінің үстінен жұмыс орнына арыз түсіреді. Уәкіл жігіт Партия қатарынан ғана шығып қоймай, сонымен қатар қызметінен де айрылып, Партияның сенімін ақтамай, Кеңес үкіметінің заңын аяққа таптап, жас қызды алдауына түсіргені үшін бірнеше жылға сотталып, бас бостандығынан айрылады. Сол төрт-бес айдың ескерткішіндей болып Ханшайымның құрсағында қалған Жалғас осы жігіт боп шыға келді.

Бұл оқиға сол жылдарда үш-төрт жылға дейін қызуы басылмай ел ішінде гу-гу әңгімеленгенімен, бірте-бірте ескіріп, естен шыға бастады.

Әрине, күнәсіз жас қыздың жастықпен, аңқаулықпен құрулы қақпанға түсіп, неше жылдай ел ішіндегі желауыз, еріккендердің әңгімесіне айналуы өзіне де, жақындарына да өте ауыр тиіп, жасытып-ақ кетті. Алдауға түскен жас қызды әкесінің қалада тұратын туысы қолына алып нан зауытына жұмысқа тұрғызды да, Жалғас туылған соң оны қырқынан шыға салып Күләтайдың қолына берді. Әрі қарай бес-алты ай өткенде Ханшайымды өзінен он жас үлкен, бір баласымен жесір қалған жігітке тұрмысқа берді. Бір кездері аусарлау, ақкөңіл, қамсыз-қайғысыз жүрген бозбала Жалғастың қысқа ғұмырындағы жарық дүниеге келу тарихы осылай боп шықты. Бұл оқиғаны там-тұмдап, бөліп-жарып жүріп баласына Қара кемпірдің өзі баяндап берген.

Бекер обалы не керек, ол кезде тапшылық за-

ман болғанымен ағайынның ауызбірлігі күшті еді. Қырқынан жаңа шыққан шақалақты алғаш әкелген күні бірінші күйеуінің де, кейінгі қайнысының да бар жанашыр жақындары жиналып кеп құтты болсын айтқан. Сондағы бұрынғы-соңғының көзін көрген ақсақалдардың айтқан уәжі:

-Қызымның арына дақ түсті деп қынжыла берме! Екі шалдан адастырып барып, ебін тауып із қалдырған Құдайдың ісі дә! Алланың шеберлігінде шек жоқ деген осы! Екі шалдың ізін жалғастырушы бала бұл. Ары қарай түтінін түтетсін. Қайта қуан! Атын Жалғас қояйық!-деп бәрі бір ауыздан азан шақырып ат қойды.

-Өзіңе, құдай осы баланы бағып-қағып, өсіріп, жетілдіруге өмір, күш-қуат берсін!- деп баталарын да беріп кетті. Содан бері бір адам бұлардың көзіне түртіп сен мынадай жағдаймен дүниеге келгенсің-деп айтып көрмепті. Міне, қазақтың нелер түрлі заманды бастарынан өткерген ақсақал-қарасақалдары осындай еді,- деп барып сөзін тамамдаған Қара кемпір.

Иә, әкелері дос болғандықтан ескі салт бойынша туылар-туылмастан бір-біріне атастырып қойған Самат пен келіншегі мектепті бітірісімен бір айдан соң үйленіп, бұл күнде үш баланың ата-анасы атанып отыр. Майтабан боп әскерге бармай қалған Қанат та көп кешікпей көрші ауылдың қызын алып қашып, міне бүгін екінші баланың әкесі боп қуанышы қойнына сыймай, елпең қағып ұшып жүр. Екеуінің де бұл күнде егде тартса да ата-анасы, қалай қисайса да қабырға сүйер ағайын-туысы түгел. Бұның өмір бойы бейнет пен уайым шегіп әбден қажыған қарт анасы неге қауқар болар. Екі әпкесінің үлкені тым

алыста, кішісі де тиіп тұрған жерде емес. Өз отбастары, өз мойын бұрғызбас, бітпес тірліктері бар. Ұзын ойдың қысқасы не керек арқа сүйер жоқ деген сөз. Құдай ондап мына басшылар айтқан уәждерінде тұрып, кешікпей бір машина берсе екен. Үйленгенде ең болмаса күйеу бала шопыр екен, дейтін,-деп ойлады Жалғас. Әскерден келе сап күздей колхоздың қыстауларындағы қора-қопсыны жөндеуге қатысты. Одан қыстай сақпанда болған. Мал төлдетіп болған соң ғана қарт анасының қасына келген жігітке жап-жаңа жүк машинасына ие болу бір үлкен арман болды. Қысы-жазы әр жұмыстың басын бір шалмай, бірсыдырғы рульге ие болып, басшылардың тапсырмасымен ойға-қырға зырқырай жөнелсе. Қала берді күн сайын ертелі-кеш жұмыс аяқталған соң үйіне кеп кабинадан түсіп жатса. Есік алдында шай қойып, тамақ пісіріп, үй шаруасымен айналысып жүрген келіншегі күлімдей қарсы алып тұрса. Бұл үстіндегі шаң болған киімдерін шешіп, жуынып-шайынып үйге кіріп келгенде қарт анасы төрдегі төрт қабат етіп төселген көрпешенің үстінде отырса. Мұңмен басталған ауыр ойлары осындай тәтті қиялдарға жалғасқан жігіт ақыры таңға таянғанда терең ұйқыға батты. «Жас тілеуі қабыл» деген. Шындап -ақ армандаған екен.

Біраптадан соң колхозға екі бірдей су жаңа машина келіп, біреуі әскерде шопырлықпен командирлерінің көзіне түсіп, марапаттауға ие болған Жалғасқа тиді. Қара кемпір мен Жалғастың қуанышында шек болмады. Ендігі мақсат қалайда келін түсіру еді.

Ербосынның тойы тамыздың жиырма алтысында болды. Шарбақ ішіне жасалған тойға жиналған халықта есеп жоқ. Ауылдағы ағайын-туыс, жекжат-жұраттан бөлек жігіттің институтта бірге оқыған жақын жолдастары да шақырылған. Соның әсері ме екен, той да айта қалғандай ерекше, әрі өзге тойлардан гөрі мәдениеті жоғары той боп өтті. Ербосын құрдастарының ішінен оза шауып бәйге алғандай күйде. Мұның екінші мүшелге жақындап барып үйленіп жатқанын сөз етіп жатқан жан жоқ. Өйткені мектеп бітірген жылы-ақ Алматыға жоғары оқу орнына түсті. Оны аман-есен бітірген жылы күзде әскер қатарына алынып бір жылда ол міндетінен де құтылды. Енді міне сүйген қызына үйленіп, той өткен соң өкіметтің жіберген жағына барып қызмет етпекші. Одан арғысын тағы көре жатар. Қысқа ғана ғұмырнамасына жұрт қызыққандай. Туғалы бергі бірде-бір жылы бос өтпегені көрініп-ақ тұр. Осының бәріне тек бір-ақ нәрсе көлеңкесін түсіріп тұрғандай еді. Ол көлеңке түн ортасына таяу тойға келген құдашаның жоғалып кетуі. Жалпы қызды құдаша дегендері болмаса ол бұл үйдің отанасының туған бөлесінің қызы. Сонымен қоса Қанаттың туған жеңгесінің құдашасы.

Түн ортасы ауа той әбден қызып, келген қонақтардың біразы ащы суға елтіп, жастар жағы биге ден қойды. Ербосынның курдастарының бірімен билеп жүрген Қалиманы бір би бітіп екіншісі бастала бергенде, тісқақты боп қалған Самат қарсылығына қарамай іліп ала жөнелді. Саматтан кейін қыздың қол-аяғын жерге тигізбей ала жөнелген Қанат, дөңгелене

жүріп Жалғаспен жалғастыра салды. Бұған дейін бірер тойда болғанда мұндайды байқай қоймаған қыз өзін өң мен түстің арасында жүргендей сезінді. Бұдан соң да бір-екі рет Жалғаспен билеген қыз, жігітпен тек танысып қана үлгерді. Бір мезет үнсіз теңселе бергеннен қызды жалықтырып аламын ба,-деп ойлаған жігіт қызға ебедейсіздеу қарап, ыңғайсыздана жымы-ып:

-Қарындас, танысайық. Мен Жалғаспын,-деді.

-Мейлі, танысайық Қалимаш. А-а-а, Қалима!

-Не дедің? Сыпайылыққа жоқ па, әлде сасқаны ма, жігіт бірден сенге көшті.

-А-а-а, не ғой! Апам солай еркелетеді. Сосын бәрі солай атап кеткен.

-Ы-ы. Жақсы екен. Қа-ли-ма! Тағы да ұзақ үнсіздік. Біраз уақыт өткенде қыздың Ербосынға анасы жағынан туыс болып келетіні айтылды. Би біте бергенде Қанаттың жеңгесі Жәния қызды оңашалау алып кетті. Қараңғылау қалтарыста сөйлесіп тұрған екеуге капелімде бір қамқоршы шыға келіп:

-Әй, Жәния түн салқын боп кетті. Тоңсаңдар мына машинаның ішінде отырып-ақ сөйлеспейсіндер ме?-деді, қамқорсып.

-Қайдам, мені қойшы, Қалимаш болмаса. Киімі тым жұқа екен.

-Әй Жәния-ай! Бала емізіп жүрген соң кеудеңе суық тигізіп алмасын деп, мен сенің қамыңды ойлап тұрсам, сен құдашанды ойлап тұрсың ғой,-деп шынымен жаны аши сөйлеген Жәнияның күйеуінің құрдасының сөзіне сенбеу мүмкін емес еді.

-Әй қайран құрдасым-ай! Сен болмасаң менің қамымды кім ойлар. Қызға қарап бұрылған Жәния:

-Сені қайдам?... І-іщ-щай! Мен шынымен-ақ тоңдым.

-Рас. Мен де тоңдым. Билей-билей аяғым да талып кетті. Енді бір би біте берсе біреуі сүйрей жөнеледі. Шаршадым десем де қоймайды. Ұят екен, тіпті!-деді қыз Жәнияны өзімсіне.

-Жүр ендеше! Қабылдың машинасының ішіне отырып біраз жылынып алайық. Сен де дем алып қаласың. Той бітем дегенше, қа-й-йда-а-а әлі. Ішіп алғандар шаршамайды.

- Шынында мазам кетті.

Құдай көктен тілегендерін жерден берген қыз алып қашушылар мына сөзді естігенде қуанып кетті.

-Жүр, ендеше! Екеуі келіп УАЗикке отыра берді. Осы кезде Қабыл келіп машинаның пешін қосты да: -Қазір-ақ кабина жылынады. Біз де осындай болдық па? Шіркін жастар-ай! Шаршау дегенді білмейді. Осыдан таңға дейін ауық-ауық аяқтарын суытып алып билей береді ғой, шіркіндер,-деп сөйлей жүріп өзі де орнына отырып алды. Артынша машинаны от алдырып жүре бастаған оған келіншек пен қыз қосарлана:

- Ау, қайда?

-Қайда барамыз?-деп қосарлана шу ете қалды.

-Айтпақшы, мына Жалғастыкінде тросым қалып қойып еді, есіме түсіп тұрғанда соны алып машинама салып қоймасам. Ұмытып кетіп, керек кезінде әбігер боп қалармын.

-Ау, ол жаңа ғана тойда жүрген жоқ па еді.

-Иә, тойда ғой... Тоңып қалдым сыртымнан бірдеңе киіп келейін-деп осы сендердің алдында ғана үйіне кетіп бара жатқан. Сол қайтып келмей тұрғанда

есіме түскені жақсы болды. Осы сөзден кейін қыз-келіншек қаннен қаперсіз отыра берді. Бұрышты айнала бергендегі екінші үйде тұратын Жалғас шынында да көйлегінің сыртынан пиджак киіп, енді ғана сыртқы есіктен шыға берді. Қабыл:

- Ау, Жалғас, әнеу күнгі тросымды бере салшы. Есіме түсіп тұрғанда ала салмасам, бір күні керегі боп қап әбігерім шығар,-деді жайбарақат. Ауланың ортасында тұрған су жаңа машинасының кузовына секіріп шыққан жігіт әп-сәтте тросты алып кеп Қабылға ұстата беріп, қатарындағы животнаводтың орнына өзі жайғасты.

Орнынан жылжи беріп барып, бірте-бірте жүрісін үдеткенде, қыз өзін алып қашып бара жатқанын түсінгенше көлік ауылдан ұзап, шыға жөнелді. Осы кезде:

- Мені қайда апара жатырсындар, бұларын не?!-деп дауыс көтере бастаған қыз, алдымен жанындағы келіншекке ренішін білдіре бастады. Әрі-беріден соң орнынан жұлқына тұрып, машинаны жедел түрде тоқтатуын талап етті. Осы сәтте артқы орындық пен бір бүйірдегі орындықтың астынан сопаң етіп шыға келген екі жігіт қызды құшақтай алды. Өздерінен басқа ешкім жоқтай көрінген кабина ішінде ойламаған жерден сопаң етіп мауыздай екі жігіт шыға келгенде қыздан да бұрын зәресі ұша қорқып кеткен келіншектің тілі байланып қалғандай болды. Машинадан қалайда түсіп қалуға талпынған қыз ашу үстінде мұны алғаш аса байқамаған да сияқты. Тек орнына отырғызуға, тыныштандыруға әрекеттеніп, тілдері жеткенше сөздің майын тамызып, болған жайға мойын ұсынуға, көнуге тура келетінін

түсіндіріп жатқанда ғана бұл машинада манадан бері өздерінен басқа да жандардың тығылып отырғанын сезді. Жоқ жерден шыға келгендерді бірте-бірте дауыстарынан тани бастаған Жәния, аз-кем уақытта есін жиып:

-Ой-ба-ай! Бұлар кім десем, тағы! Зәремді ұшырдыңдар ғой!

-Біз ғой! Біз.

-Қорықпа, Жәния! Өзіміз ғой!-деп Қанат пен Самат қосарлана жауап қатқанда:

-Ой, көбейгірлер-ай! Ойлап таппайтын бәлелерің жоқ ау, сендердің! Қайдан? Қай жерге тығылып отырғансыңдар манадан бері?!

-Ой, қойшы!

-Жания! Ой, сен де бір! Одан да құдашаңа түсіндірсеңші. Бағы ашылып, жақсы жігітке бұйырып тұрғанын. Екінің біріне мұндай бақыт бұйыра бермейді! Машинаның ішінде бірде дара, бірде қосамжарлана шыққан жігіттердің үні басым шықса, бірде топты жанмен жалғыз арпалысқан қыздың:

- Түсір дедім, түсір! Үйге кетем! Бүйткен тойы да құрысын, басқасы да құрысын!- деп жылаған үні басым түскендей. Ойламаған жерден қақпанға түскендей болған қыз бір уақ: - А-а-па! А-а-па-тайым-ай! Енді қайттым!

-Жа-а-ни-я-я! Жіберткіз! Жі-і-бе-рің-дер!-деп шарасыздана шыңғыра бастағанда, манадан тілін жұтқандай, демін ішіне тартып үнсіз отырған Жалғас машинаны тоқтатуға бұйырды. Қыздың болашақ егесін еріксіз тыңдаған Қабыл машинаны кілт тоқтатқанда қыздан басқасы бір сәт үнсіз қалды.

Жаппай ашылған машинаның есігінен қапастан

шыққандай шырқыраған қыздың дауысы түнгі далаға жайыла түсіп, тұнық ауаны жаңғырыққа толтырып тұрып қалғандай болды. Машинада келіншек пен қызды ғана қалдырып жөңкеріле түскен жігіттер аңтаң. Төрт жігіт былайырақ көліктің артқы жағына таман шығып сөйлесе бастағанда, іштегі қыздың келген ізімен мені үйіме апарып салсын. Ешкімге де шағым жасамаймын. Тек үйіме жеткізсе болды-деген жалынышты үні аулақтау тұрған жігіттерге үзіліп-үзіліп естіліп тұрды. Ауылдан көп ұзап кеткесін бе, Жәния әлі оны көндіруге тырысып отыр. Машинадан түсе бере-ақ, манадан бірде ұрсып, бірде өтініп, бірде жалынып шырқыраған қыздың үнінен жүрегі май ішкендей кілкіген Жалғас:

- Бұл бір болмайтын іс болды,-деп манадан тынысы тарылғандай сезімде отырған ол таза ауада аңқасы ашылғандай терең бір тыныстап алып оң қолын сілтей қынжыла сөйледі.

-Не?!

-Не деп тұр ей, мынау? Ары қарай не айтар екен дегендей достары аңтарыла Жалғасқа қарап қалды.

- Жігіттер, рахмет, сендерге! Мен үшін біраз әуре болдыңдар. Жағдай ушығып кетпей тұрғанда, кешірім сұрап, қызды алған жерімізге апарып салайық,-деп енді өкінген үнмен баяу тіл қата бастаған Жалғастың ойын ары қарай айтқызбай:

-Ой-бу, не-ғыл-дейт мынауың? Әй, сенің есің дұрыс па өзі?-деп Қабыл санын бір-ақ соқты.

-Ол айта береді. Осы мінезінен ғой, осы уақытқа дейін жүргені. Қанаттың даусынан не де болса қайтпау керектігі байқалғандай.

-Бұған салсаң қырыққа дейін қатын алмас.

Саматтың күйіп-пісіп тұрғаны осы сөзінен-ақ аңғарылды.

-Әй, біле-білсең осы тұрған бәріміздің әйелдеріміз осылайша келін боп түскен,-деп манадан бергі істерінің еш сөкеттігі жоқ екенін аңғартқандай болды, бәрінен жасы үлкен Қабыл. Мен айтарымды айттым ендігісін өздерің шешіндер дегендей ол машинаға барып рульдегі өз орнына жайғасып алды.

- Әй! Миың бар ма өзіңнің?

-Сонда бағанадан бергі еңбегіміз еш кеткені ме?-деген сияқты сөздермен Самат пен Қанат алдымен Жалғасты біраз қыжыртып алды.

-Ақымақ болма!

-Ау, о заман да бұ заман қашан көріп едің, қыздың жыламай көне салғанын!

-Біраз жылайды, жұлқынады, көнбеген болады.

-Сөйтіп назданбаса қыз бола ма?

-Бір түнді артқа салған соң өзі-ақ жуасып шыға келеді.

-Тіпті бірер айды артына салған соң туды бітті сол үйдің адамындай боп шыға келеді. Қарқылдай күлген жігіттер:

-Бірер балалы болған соң, кет-десең де кетпейді-деп бастырмалата жөнелгенде бұл уәждерге еріксіз елтіген Жалғас:

-Мейлі, өздерің біліңдер. Түбі қайыр болса болар,-деп оң ойын білдірді.

-Анаң қара!

-Бұның үйленгені бізге міндет сияқты ғой, ей!

-Болды, болды, жігіттер!

-Сәтімен басталған істі сәтімен аяқтау керек.

-Ал, бісміллә! Кеттік онда!

-Нар жолында жүк қалмас! Жаңа бір күшпен, жақсы ниетке бет қойған жігіттер қайта машинаға отыруға бет алды. Бұл аралықта екі рет машинадан түсіп кетпек болған Қалиманы:

-Жындымысың?! Тас қараңғы түн ішінде қайда бармақсың. Көнбесең айтамыз адам құсап. Олар да біз секілді адам ғой, жауыз емес. Бәрінің де өсер-өнері бар. Түсінер де апарып салар айтқан жеріңе, -деген келіншектің уәжіне қыз аздап сабасына түскен.

Уазикке топырлай кеп қайта жайғасқан жігіттер капелімде ауға түскен балықтай тулаған қызды қырық бес шақырым жердегі ауылда тұратын Қара кемпірдің туған бөлесінің үйіне әкеп түсірді. Жаздың қысқа түні түріліп, бұл уақытта таң сыз бере бастаған еді. Даладағы тапшан үстіне салынған төсекте жатқан үй адамдары, алғаш, бейуақта суыт жүрген бұл қандай кісілер-деп тіксініп қалған. Төсегінен абдырай атып тұрған бөле апа, Жалғастың келін әкелгенін, және оны өз үйіне емес, нақ бұның үйіне әкелгенін естігенде қуанышы қойнына симай кетті. Алас-қапаста сүріне-қабына жүріп риясыз көңілін білдіргісі келген ана, сүйіншіге Жанияның иығына бір жібек матаны әкеп жаба салды. Ендігі бар шаруа ауылдың кәрі-жас әйелдеріне ауысты. Тойдағы әбігерлік бар, одан қыз алып қашу машақатынан әбден шаршаған жігіттер ендігі бар шаруаны әйелдерге тапсырды.

-Таңертең жұмыс. Оған дейін ең болмаса бір-екі сағат мызғып алғанда ә?- деп тапшан үстінде әлі жиналып үлгірмеген төсекке есіней, қызыға қарады. Үстерінен ауыр жүк түсіріп, бір үлкен міндеттен құтылғандай сезімдегі олардың өңінен қанша шаршағанмен бір тоқмейіл, қуаныштың лебі ескен-

дей. Өздеріне жасалып жатқан дастарханнан тек ауыз тиген олар анадайдағы шығырлы құдықтан бір-бір шелек мұздай суды алдымен қылқылдата жұтып, қалғанын бастарына төңкере салып, кеуде тұстарын бірер ысқылап алды. Бойларын қысқан таңғы тәтті ұйқыдан сәл де болса сергіген жігіттер таң рауандап келе жатқанда келген іздерімен кері қайтты. Өйтпеске лажы жоқ. Колхоздың қысы-жазы бітпейтін науқанды жұмыстары. Бұлардың әрқайсысының мойнында кезек күттірмес міндетті жұмыстары бар.

Әуіріммен қызды машинадан түсіріп алған көпшілік үлкен-кішісі, кәрі-жасы жабылып жүріп бір пәсте-ақ қыздың басына ақ орамал салып, шымылдық ішіне отырғызып үлгерді. Жылай-жылай даусы қарлығып, жұлқына-жұлқына сілесі қатып шаршаған қыз байғұс, не де болса тәуекел етіп, басына түскен іске көнуге бел буды. Күн ұясынан көтеріле бере-ақ жұмыстарына асыққан жігіттер мен бұл уақта кеудесін сүт кернегеннен сыздап, мазасы қашқан Жанияны Қабыл ауылдарына алып кеткен.

Түннің бір уағында тойдан жоқ болып кеткен келіншегін күйеуі түтіге қарсы алды. Қос жұдырығын тас түйін түйіп алған ол ештеңеден тайынбайтындай, алшаңдай басып келіншегіне жақындай берді.

- Түнімен қайда жүрсің қаңғып?

Қаудан кіре күйеуінен сескеніп, жанұшыра аяғының ұшымен басып келе жатқан келіншекті ашуға булыққан күйеуі жағынан салып-салып қалды.

-Жасына толмаған баланы да ойламай таңға дейін тастап кетердей не күн туды басыңа, а?! Осы кезде ерлі-зайыптының қасына көбелектей ұшып жеткен кейуана:

-Әй, әй! Жүгермек, тоқтат қане! О несі, әй?! Қит етсе қолын ала жүгіріп... Ұқсамасаң тумағыр! Таңға дейін жүрсе, сенің ағайыныңның қамы да! Ана Жалғас жақсы бала еді, айналайын. Соған бір себі тисе мейлі, - деп өзім рұқсат бергем. -Е-е!Енді, тірлік солай ұзап кеткен де?.. Тек әйтеуір түбі қайыр болсын де одан да! -деп баласын ары қарай бүлінуге жібермей ұстап қалды. Әлеуетті қолдың шапалағынан біресе оңға, біресе солға құлай ұшып кеткен келіншек бір кезде бойын әзер түзеп жүгіре басып үйге енген. Жанияның көзінен моншақтай аққан жасы бетін жуып кетті. Үйге кіре өксігін баса алмай өзіне қарай ұмтылған бөбегін қолына алды. Астыңғы ернін тістелей күбірлеп отырып баласын басынан аялай сипай түсіп емізген ол, дуылдаған жағын алма-кезек сипады. Ал енесінің күйеуіне әлі де зеки ұрсып жатқаны оның сырттан үй ішіне талып жеткен үнінің екпінінен білініп тұрды. Күйеуі сонда да болса аракідік дүңк-дүңк етіп қояды.

Келін түсірген құрметіне Жалғас ол күнгі жұмыстан босатылып, анасымен алдағы тірлікті ақылдасты да, жаңа түсіп жатқан келіншегінің қасына қайтып кетті. Қызды қара кемпірдің бөлесінің үйінде бір тәулік ұстаған ағайын бұл аралықта қыз төркініне « өз еркіммен келдім»- деген қыздың қолхатын алып хабаршысын да жіберіп үлгерді.

Бұл күні беташар рәсіміне толық дайындалған Қара кемпірде ес жоқ.

-О-о, айналайын! Садағаң кетейін, Жалғастай! Жалғыз қарам! Тәубә! Құдая шүкір!- деп қуанғаннан өз етегіне өзі сүрініп-қабынып, жүрегіндегі бар жақсы лебізін айтып тауыса алмай өз-өзімен сөйлесіп жүр. Келесі тәулікте түске таяу Жалғастың өз үйіне

әкелген келіннің бірден бетін ашып ауылдастар мәре-сәре болысты. Кешке қарай қыздың артынан келген қуғыншыларды күтіп, түн жарымы ауа жаңа жекжатты шығарып салып болған соң, ух-деп бір-ақ демалған ағайын үйді-үйіне тарасты. Ертеңіне таңмен таласа әдетінше шелегін салдырата сиыр саууға шыққан Қара кемпір, түкпір тамнан көзін уқалай асыға шығып келе жатқан жас келінге:

-Бүгінше жата тұр, қалқам! Демал! -деп бөлмесіне қайтарып жіберді. Ізінше далаға атып шыққан Жалғас асыға басып талға ілінген умывальникке жақындай беріп басын төмен салып тұрып қалды. Бұл кезде көрші үйден сиыр саууға шыққан келіншектің көзі сәл еңкейе берген жігіттің мұрнының дедектей қанағанын байқап қалып: -Ау Шырақ, келіншегің алғашқы күннен-ақ мұрныңа бір қойған ба?-деп әзілдей, сықылықтай күліп алды.

-Тәйт әрі! Бір қойғаны несі? Сиырдың бауырына отыра беріп, көршінің әзілін құлағы шалып қалған кейуана жылы ғана жымыды. Бұрын да мұндай жайды бір-екі рет байқаған Қара кемпір бұған аса мән бере қоймады. Дегенмен, көкірегінде екі-үш күнгі сүрлігісті көтере алмағаны ма, әлде күн өтті ме екен?-деген жеңіл уайым қалды.

Жалғастың өзі де демалыссыз өткерген осы күндердің зардабы болар. Әрі қыз көнбесе қайтемін? Жолдастарымның, ағайындардың алдында масқара болатын болдым-ау деген іштей уайымның әсері-ау,-деп ойлаған да қойған. Сол күнгі кеште жұмыстан кейін Жалғас пен Қалиманың ақ дастарханының басында алғаш рет бас қосқан жолдастары түннің бір уағына дейін небір қызу да, жақсы тілектер айтып,

шын көңілден ақ ниеттерін ақтарды. Әсіресе Самат пен Қанаттың қуанышында шек жоқ. Бар істің оңымен шешілгеніне мәз. Бұлардан жасы үлкен Қабыл да:

-Түбі қайыр болады деп едім ғой, міне түбі қайыр деген осы. Қалиманың ақылы бар қыз екенін сол кезде-ақ танығанмын,-деп оған арнап небір ақ тілектер мен ақыл сөздерін ағытты. Көпшіліктің ізгі ниетпен ақтарыла айтқан небір жылы лебіз, ақ тілектерінен көңілі көк аспанда қалықтап жүргендей көтерілген Жалғас сол күні бұған дейінгі барлық мұң-қайғысын ұмытты. Мүмкін аздап ұрттаған ащы судың да әсері болар, әдеттен тыс ашық-жарқын, сөзшен боп кетті. Ойда жоқта үйленіп шыға келгеніне іштей өзі де таңырқағандай сезімдегі ол алғаш қыз көнбей қойса қайтемін,-деп қатты уайым шеккен. Жоқ, бірте-бірте бәрі оңынан шешілгенде бүкіл ауылдас, ағайынның алдында сағын сындырмай, азамат атына кір келтірмей қыздың өз еркімен көнгені мұның мәртебесін көтеріп-ақ тастады. Сондықтан ба екен, алғаш рет жарына деген ыстық сезімдері санасын жайлап алғандай. Басқа ештеңе де ойына келер емес.

Жора-жолдастарын шығарып сап үйге кірген Жалғас келіншегінің бұрынғыша тосырқай томсырайып жүргенін көрді. Манағы көптің көзінше бірнеше рет байқалған жылы жымыиыстан із де жоқ. Мұны бірден сезе қойған ол, құдай қосқан жарының көңілін жібіткісі кеп, ақындарша небір асыл сөздерді арнағысы келді. Бірақ қапелімде әлгіде ғана санасын жаулап алған небір жылы лебіздің бір де бірі тіліне оралсашы. Сырттан көтеріңкі көңілде келген жігіт келіншегінің бұған әлі де өкпелі екенін түсініп, енді одан кешірім сұрағысы келді.

-Қ-Қа-а-алима, Қалимаш! Кешіріші мені! Көрдің бе, осының бәрі біз екеуіміз үшін болып жатқан жоқ па? Бүкіл ауыл, ел қуанып жатыр ғой!

-Енді не ғыл дейсің маған? Ол сұраулы жүзбен еріне бір қарап алып теріс айнала берді.

-Мен де қуаныштымын. Сен де қуаншы!

-Иә деген!

-Екеуіміз бірге қуанайықшы! Жалғас томсырая теріс айнала берген жарын иығынан ұстап, еркінен тыс өзіне қаратты.

-Қ-қ-ка-лимаш, Қалима! Қойшы енді! Томсырай-машы, бәрін қуанышпен бастайықшы!.. Қ-қ-қа...

Су жаңа машинаның қызуы басылмаған кез. Жалғас күндіз күнімен бірде ойға, бірде қырға шапқылайды. Тіпті бөтен ой ойлауға шамасы жоқ деуге болады. Оның үстіне ойламаған жерден жолдастарының арқасында ел қатарына қосылып, үйленіп те алды. Бұның бәрі Жалғастың көңілін біртүрлі тоғайтып томаға тұйықтау жігітке аздап желік бітіргендей. Анасының да көңілі жайланып, үй шаруасынан біржола босаған. Бар өмірін қу тірліктің қамымен өткерген қарт ана жас келінге жаны аши ма, әлде бірден мойнына бәрін арта салғысы келмей ме, кей уақытта әдетінше әлденеге кірісіп кетеді.

Жалғастың үйлену машақаты жайлы іштей уайымы бекер боп шықты. Кезіндегі екі шалдың беделі ме, ағайын-туыс жұмылып-ақ кетті. Екі әпкесі анау-мынау ағалардан артық боп шықты. Айдан аса уақыт өтер-өтпесте қайсы біреулердей ұлан-асыр болмаса да айта қалғандай өздеріне лайық жап-жақсы той өткізіп, құдалықтан да құтылды. Тойға жиналған көпшіліктің арасында әшейінде біреудің бір кемісін

түйреп өтпесе тілі қышып отыра алмайтындардың да сол күні үні өшті. Әрине, дос сүйінді, дұшпан іштей күйінді.

Тек оңашада көңіліне түйткіл болар бір жай бар. Ол -достары айтқандай, бұл күткендей махаббаттың бас-талмауы еді. Бәлкім бұған томаға тұйықтау өз мінезі мен өзінен аумай жолыққан қыздың да тұйықтығы себеп шығар. Кім білсін?Мүмкін, жұрттың бәрі айта беретін «Махаббат» деп аталатын сыйқырлы дүние біреуге бұйырып, біреуге бұйырмас нәрсе шығар. Ол өзін орынсыз қиялға беріліп, белгісіз сағым куудың қажеті жоқ. Анам риза. Екі әпкем риза.Тіпті ағайын-жұрт бір жыртығы жамалғандай желпініп-ақ қалды. Сонда мен неге риза болмасқа-деп іштей бұл жайға мойын сұнған да қойған.

Бала шопыр, келін тігінші. Күннен күнге үйдің іші-сыртында да оң өзгерістер болып-ақ жатыр. Қисайып құлағалы тұрған шарбақтың бір жағы түзеліп, мықты ғып жаңартылды. Көше жаққа ел қатарлы штакет шарбақ қойылып, машина кіретін қау есік пен адамдарға арналған кіре беріс адам танығысыздай көз қуантады. Үй ішіндегі терезе перделер мен от басындағы көрпешелердің тыстары да жаңаланған. Ондаған жылдар бойы дастархан басында екеуден-екеу шоқиып отыратын аналы-балалы екеудің, енді үшеу болғаны көңілге көп медеу болған алты-жеті ай уақыт өз қуанышымен, өз жұбанышымен өтіп жатты. Бұйырса, енді үш-төрт айда төртеу болады. Сол күнді асыға күткен қарт ана Жаратқанға сансыз тәубә келтіріп, шүкірлік қылғаннан жаңылған емес. Дегенмен Жалғастың мұрны қанауы жиілей түскендей болғаны соңғы уақыттарда көңілін күпті-ақ қып

жүр. Қыстай құмдағы малға жем-шөп тасуға жиі шыққан «вездеход» аракідік бірер күн сонда қонып та қалады. Көктемнің алғашқы лебі білініп, мал жаппай төлдей бастады. Бұл қауырт кезде «вездеходтың» да жұмысы еселене түсті. Колхоз орталығынан 120 шақырым жердегі ең алыс қыстауға ел орынға отыра жем жеткізген Жалғас пен қой фермасы бастығының сол күні сонда түнеуіне тура келді. Түнге қарай жауған қар аралас жаңбырдан малшылардың да, жолаушылардың да апшысы бір уыс болғандай. Ертесіне ертелеп жолға шыққан ферма бастығы мен Жалғас әрнені әңгімелеп отырып орта жолға да кеп қалған еді. Қапелімде мұрнынан дедектей аға жөнелген қанға алғаш бір алақанын тосқан жігіттің машинасын еріксіз тоқтатуына тура келді. Маңайда көл де, құдық та жоқ. Қан тоқтату мақсатында істеген әрекеттерінің бәрі дерлік босқа кетіп жатқандай. Жан-жақтарынан су іздеп қапалақтаған жігіттер жүз-жүз елу қадамдай ойпаттау жердегі шалшық суға ентелей келіп жетті. Бірталай қанаған мұрынның қаны өздігімен тоқтады ма, әлде шалшықтың салқын суы әсер етті ме әйтеуір саябыр тапты-ау. Құп-қу боп, теңселіп барып бойын түзеген шопыр жігітке тігіле қараған ферма бастық:

- Қарағым-ау, мынауың жарамайды. Денсаулығыңды тексерту керек. Дәрігерге көрініп пе едің?-деп сұрақты жаудырта жөнелді.

-Жоқ, әскерден келгелі көрінген емеспін.

-Ал әскерде ше? Әскерде жүргенде де өстіп қанаушы ма еді?

-Бір-екі рет қанаған. Бет-аузын жуып рульге отыра берген жігіт тағы теңселіп барып сөзін жалғастырды.

-Сан частьта қанымды алып тексеріп, қаның өте төмен екен, -деп дәрілер берген. Соларды біраз күн ішкенмін. Беті-қолын жуып, кабинадағы орнына отыруға бет алған оны қолымен жасқай беріп, өз орнына отыруын меңзеген бастық, рульге өзі отырып жатып:

-Ол қай кезде? Алғаш барғанда ма, әлде кейін бе? Кабинадағы бастықтың орнына отыра берген жігіттің жүзі тағы қуарып кетті. Көзін жұмып біраз үнсіз отырып барып жауап қатқан ол:

-Жоқ, қайтуға жақын қалғанда.-деді үні әлсірей шығып.

-Сонда содан бері дәрігерге көрінген емессің бе?

-Жоқ көрінген емеспін. Жалғастың өз-өзіне келуін күтіп біраз кідірген бастық:

-Міне, мұны қазақшылық дейміз бе, балалық дейміз бе, енді не дейміз? Машинаны жүргізе беріп:

-Бүгіннен қалмай дәрігерге көрінуің керек-деді үзілді-кесілді. Бірде ұзақ-ұзақ үнсіз, бірде әрнені сөз ете отырып құмдағы алыс қыстауды артқа тастап ел шетіне іліккенше сәске түс боп та қалды. Ауыл іргесіндегі үлкен жолға іліккен бойда аудан орталығына қарай бет алған ферма бастығы Жалғасқа:

- Көзің ашық жассың. Денсаулыққа немқұрайды қарауға болмайды. Өзің жаңадан бас құрап жатырсың. Сенің амандығың өзіңе ғана емес, ана қарт шешеңе, жас келіншегіңе, қала берді құрсақтағы әлі дүниеге келмеген сәбиіңе керек-ақ. Міне, сен қаншама адамның алдында өзіңнің саулығыңмен жауапты екенінді білдің бе? Мен қазір сені аудандық ауруханадағы дәрігер досыма апарамын. Не дейтінін көреміз. Ары қарай айтқанын істеп өзің уақтылы көрініп тұр,-деп

ақылын айтып келе жатып ауруханаға да жетіп, алдына кеп тоқтай қалды. Ішке ентелей кірген бастық ұзын дәліздегі өз досының кабинетінің алдына кеп кілт тоқтады да, тұрғандардан рұқсат сұрап:

-Алдымен мен кірейін,-деді Жалғасқа мойнын бұрып. Ол үнсіз ғана басын изеді. Аздан соң іштегі дәрігердің шақыруымен ішке кірген Жалғас біраз кідіріп барып сыртқа шықты. Екеуі дәлізде дәрігерлердің шұғыл қан талдауының нәтижесін күтіп отыр. Әлден уақытта сыртқа шыққан медбике ферма бастықты ішке шақырды. Қабағы қатыңқы терең ойға шомған дәрігер ішке енген Рамазанның дыбысынан селт етіп ұйқысынан ояңғандай:

-Ау, Реке, мына жігіт кімің болады?-деп оған сұраулы жүзбен жалт қарады.

-Жай, ауылдасым. Қарамағымда істейтін шопыр жігіт.

-Қалай болғанда да мына жігітіңнің халі мүшкіл. Жазылып кетуі екіталай. Мұндай аурудың дауасы әлі табылған жоқ.

-Ойпырым-ай! Неғыл дейді?

-Иә, солай! Бұл меніңше лейкома. Қаннан болған жаман ауру.

-Сұмдық-ай! Түрі лезде сұрланып шыға келген Рамазан:

-Қап-ай, кап-ай! Неғыл дейд, құдайым-ау?-деп аянышпен басын шайқай берді.

-Неде болса бірден тарс еткізбей жұқалап жеткізейік,-деді ол дәрігерге өтіне қарап. -Өзі жаңадан үйленген еді. Әлі жыл да толған жоқ. Бірден күрт түсіп кетпесінші... -Негізі науқастың жайын одан жасыруға болмайды. Дегенмен қазақпыз ғой. Барын-

ша жұмсартып көрерміз. Артынша ішке Жалғасты да шақыртып алды. Талдау нәтижесі өте нашар. Дабыл қақтырарлықтай екенін жеткізеді. Біраз дәрілерді уақытша іше тұруға кеңес берген дәрігер, осы бүгін-ертеңнен қалдырмай онкогематолог дәрігерге көрінуі керектігін қадап айтты. Одан кешіксе, кеш болады. Қазірдің өзінде біраз кешікті деуге де тура келетінін жасырмады. Жалғасқа ұзақ және өте күрделі ем қажет болып тұрғаны бірден-ақ аян болды.

Үйдің жанына гүрілдей кеп тоқтаған машинаның дыбысын естігенде жіп иіріп отырған Қара кемпір ұршығын асығыс тастай беріп, сүріне-қабына сыртқа ұмтылды. -О-о, жарығым! Алыс қыстауға барамыз,- деп еді. Аман-есен қауыштырғаныңа шүкір, Аллам! Есік алдына шыға берген кейуанаға қарсы ұшырасқан баласының реңі сүлік сорғандай құп-қу.

-Ойпырым-ай, аманбысың?! Ілесе келген зав. ферма Рамазан:

-Есенсіз бе, шешей?

-Шүкір, қалқам. Е-е-е, бізді құдай алар дейсің бе? Сендер аман болсаңдар болды да! Баласына бұрыла беріп ыстығын байқайын дегендей маңдайына қолын созған ана:-Не болды? Ауырып қалғаннан саумысың? Жарығым-ау, өңің құп-қу ғой!

-Жо-о-оқ. Әшейін, мұрным тағы қанаған, соныкі шығар. Осы сөздерді айта жүріп олар ұмай-жұмай үйге енді. Рамазан балапанын әбжыланнан қорғаған торғайдай шыр-пыры шыға бәйек боп жүрген қарт анаға бір, өздеріне салқын ғана амандасып, шай қойып, дастархан жасауға кірісе бастаған жас келінге бір қарады. Мұнда келгендегі ойы Жалғастың жайы еді. Үйдегілерге оның ауыр халін, ертеңнен бастап

жұмысқа шықпайтынын, үлкен жерге қаралып, ауруханада жатып емделуі керек екенін жайымен айтып түсіндірермін деп келген. Бірақ үйдегі жай оны ойынан айнытты. Бұл жайды естісе онсыз да жаны қылға әрең ілініп тұрғандай мына кейуана опырылып кетер. Аяғы ауырлап, болып жатқан жайларға бей-жай қарап, аса селт ете қоймаған келіншек мұны түсініп, осы ауырлықты көтере ала ма? Шайға қарамай, тек тізе бүгіп нан ауыз тиген ферма бастығы кешірім сұрап, асығыс екенін айтып шыға жөнелді. Жол-жөнекей қосылғандарына бір жыл да тола қоймаған жастардың арасының аса салқын екенін байқаған ол, Жалғасқа қатты жаны ашып, өкінішпен терең күрсінгенін өзі де байқамай қалды. Ертесіне таңертеңгі автобуспен келіншегімен Жалғас облыс орталығына бірге шықты. Қалима бұлардың босағасын аттағалы төркініне барған емес. Босанбай тұрып бір барып қайтқысы келгендіктен күйеуі мен енесі ризашылық білдірді. Сол себепті де ол үш-төрт күнге сұранып күйеуімен бірге шыққан беті еді. Қалаға бірге келген жастардың жолы автовокзалда екі айрылып Қалима төркініне, Жалғас қалаға, дәрігерлерге көрінуге кетті. Ол екі күнде барлық тиісті талдаулардан өтіп, үшінші күні сәске уақытында үлкен, білікті дәрігердің алдында отырды. Талдауларға үнсіз көз жүгірткен дәрігердің жүзі қуқыл тартып, күрсіне беріп, басын шайқап:

-Қарағым-ау! Соңғы рет дәрігерге қашан қаралдың?-деді мұнды жүзімен жігітке тігіле қарап.

-Көп болды қаралмағаным.

-Сонда қанша уақыт болды? Ол іштей, мен осы өмірімде дұрыстап дәрігерге қаралып көріп пе едім?-деп ойлады.

-Әскерге шақырғанда тексерген.
-Мұрның қанай бастағалы көп болды ма?
-Әскерден қайтар алдында бір-екі рет болған.
-Сол кезде дәрігер тексерген жоқ па?
-Медпунктте тексеріп, қаның аз екен-деп бір-екі дәрі берген.

-Іштің бе?

- Иә.

-Әскерден келгеніңе қанша уақыт болды?

-Екі жылдай. Басын қайта-қайта шайқаған егде дәрігер:

-Кеш! Тым кеш! Көрерміз енді.

-Сонда бұл не? Жазылмайтын ауру ма?

-Жазылмайды деп айтуға қақым жоқ. Бірақ қай нәрсенің де алдын алу дұрыс болған болар еді. Сенде анау-мынау емес, 2-3- сатысындағы лейкомия, карағым. Алдағы дүйсенбіден қалмай ауруханада ем қабылдауың керек. Орнынан үнсіз тұрған ол, жарайды, дегендей басын изеді де кабинеттен шығып жүре берді.

Жігіт алда ұзақ ем қабылдау керек екенін түсінгенімен оның қаншалықты қауіпті екенін ол кезде біле қоймады. Бұл бір жағынан мезгілсіз уайымға салынбауына сеп болды.

Қалиманы төркіні жақсы-ақ қарсы алды. Бірақ неге жалғыз келгені күдік тудырып, анасы:

- Күйеу бала қайда? Түсінеміз, қазір қауырт жұмыстың уағы. Тым болмаса әкеліп салмады ма?- деген еді. Қалимаш:

- Ол ауырып жүр. Аудандық дәрігерге көрінген екен облысқа жұмсапты. Бүгін менімен бірге шығып, қаладағы дәрігерге көрінуге қалды. Мұны естіген

анасы мен жеңгесі тіксініп қалды.

-Не дейді? Аудан облысқа жұмсаса едәуір күрделі науқас боп жүрмесін.

-Алпамсадай жігіт. Ауырды дегенге сенбейді екенсің-деді жеңгесі. Сонда не, қайтіп ауырады?

-Мұрны қанай береді.

-Ой соны да ауру-деп. Кімнің мұрны қанамайды екен? Кей-кейде менің де мұрным қанайды ғой,-деді манадан сөздерін тыңдап тұрған жасөспірім сіңлісі.

-Ол жай мұрын қанау емес. Күрделі, қан ауруы көрінеді,-деп терең күрсінді Қалима. Бұл күнде толысып іші едәуір үлкейіп, қарақошқылдана түскен секпілі бүкіл бетіне нөкталана жайылған қызына анасы жаны ашып, аяй қарады.

Келгеніне үш-төрт күн өтсе де қызының қайтар ойы жоғын байқаған Сабыржан ана келініне:

-Сен жеңгесің ғой. Ана қыз қашан қайтады. Күйеуінің ауырып қалғаны анау. Ол бәлніске жатып қалды ма? Одан да хабарымыз жоқ. Құдағи да қарт адам. Әбіржіп қалған шығар байғұс! Ұят болады. Ертерек қайтсын. Мен айтсам өкпелеп қала ма?.. Сен жұқалап жеткізсеңші!-деді қиыла өтініп. Кешкі астан соң енесінің өздерін әдейі оңашалап жатқанын байқаған Рәзия қайынсіңлісін жайымен әңгімеге тартты. Жеңгесінің ақ босаға аттаған жас келіннің төркінде көп жата бермей өз шаңырағына асығуы керек екенін меңзеп отырғанын түсінгенде Қалима алғаш біраз тулап алды.

-Менен құтыла алмай отырсыңдар ма? Жеті-сегіз айда алғаш рет бір келіп ем, оны да көп көріп отырсыңдар ма? Керек десендер бармаймын. Ал неғыласыңдар?! Қуып жібересіңдер ме?

-Бармағаны несі, шырайлым-ау! Қой ондайыңды. Мына сөзді естісе апам талып қалар.

-Бармаймын десем, бармай-ақ қоям. Сүймеймін мен оны.

-Ой-ба-ай, шырайлым-ау! Не деп отырсың? Қой! Қайдағыны айтпа!

-Мені зорлап алып қашқан.

-Кімді зорлап алып қашпады дейсің? Мына мен де сөйтіп келгенмін. Ағанды көріп, жүріп-тұрып үйленіп пе едім? Ештеңе жоқ көндігіп кеттік қой. Қазір одан жақсы, одан жақын адам жоқ.

-Білмеймін... Әйтеуір, бір-бірімізге салқынбыз.

-Ihi! Сүймеймін! Салқынбыз дейді ғой! Сүймесеңдер мынау не? Ол қайынсіңлісінің шартый-ып тұрған ішін меңзеді. Қалимаш ұялып жым болды. Өмірде көргенінен көрмегені көп, өзінің тап қазіргі күйін мойындап үлгермеген жас келіншек, бұл жағдайға махаббат атты асыл сезімнің аса да қажет емес екенін пайымдап үлгермегендіктен, жеңгесіне айтар жауаптан тосылып қалған еді. Үнсіздікті дұрыс пайдалана алған жеңге бастырмалата:

-Әлі бұл туылған соң одан жақсы адам болмайды. Бой десең бойы бар, ой десең ойы бар, көрсең көз тойғандай. Жөнсіз арақ ішпесе, темекіні аузына да алмайды екен. Әр қыз-ақ менің жарым болсашы шіркін,- деп армандайтындай-ақ жігіт. Одан артық не керек саған?! Өйтіп мастанба қарағым! Елдің бәрі, үлкен-кіші түгелдей, сені үндемей жүріп орнын құп-ақ тапқан қыз болды,-деп жатыр. Екеуі өте жарасымды жұп -деп құрдастарың да қызығып жүр. Үздіксіз соққан желден бір жағына жапырыла құлаған шалғындай Қалимаштың көңілі жаңа аттаған

босағасына еріксіз ауа бастады. Оның үстіне күннен күнге өсіп, өз тіршілігінен үздіксіз хабар беріп, жарық дүниеге ұмтылған құрсақтағы шарана да тумай жатып өз туыстарына ұмтылатындай көрінді оған. Сонымен Қалима райынан қайтып төрт-бес күнде өзінің аттаған ақ босағасына аттанды. Бұдан былай төркінге келсе бір күннен артық аялдамауға уәде беріп кетті.

Келін боп түскеніне он бір ай толғанда Қалима босанып, ұл тапты. Өмірге жас нәрестенің келуі қара кемпірді, барлық жанашыр жақындарымен қоса қуантқанымен Жалғастың денсаулығына байланысты уайымдары тереңдей түсті. Ауруханада жатқанына айдан асып қалған ол, тұңғышының дүниеге келу қуанышында қасынан табыла алмады.

Ерте түскен қыс қарлы, аязды-ақ. Қыстың нағыз қаһарына мінген кез. Облыстық аурухананың барлық бөлімі әдеттегідей, біреулер жазылып шығып жатса, енді бірі емделуге келіп жатыр. Бүгін де үлкен бір бөлімнен таңертеңнен бері бірнеше адам шығып, бірте-бірте бірнеше адам келе бастады. Аурухана төсегінде сарыла, бірнеше апта емделіп жатқан кісілердің бар ермегі дәліздің кеңдеу жеріндегі шағын столдарға қойылған түрлі денсаулық жөнінде жазылған кітапшалар мен газет-журналдарды оқу. Ерлер жағы көбіне шахмат, шашка, домино ойнауды ермек етеді. Науқастардың үш мезгіл тамақтанатын орындары да осы жер. Сондықтан ба екен ол жерді көбіне «асхана» дейді. Науқастардың көбі ем алып жағдайлары түзеле бастағаннан-ақ, күнімен ерігіп отырған кісілер осында бастары тоғысып,

түрлі әңгімелер де осы жерден бастау алады. Бұл онкүндікте түскен аурулардың біразы оқығантақығаны бар көзі ашық кісілер екені әңгіме ауанынан байқалады. Әсіресе алтыншы бөлмедегілерді ел ішінен іріктеп алғандай. Ішіндегі ең қарт кісі жасы жетпістердің о жақ, бұ жағындағы арық келген теке сақал Исақ шал. Өмір бойы қарауылдықпен айналысқан. Өзі осы жасына қарамай мінезі жеңілтек, әрнеге киліккіш, ақкөңілдеу болғанымен кейде өзіне лайықты қулығы да бар. Одан кейінгі жасы жағынан үлкені елулерге еніп қалған бір совхоздың зоотехнигі Сәбден. Аса толық денесін орта бойы әрең көтеріп жүргендей, мінезі де салмақты кісі. Одан қырықтың бел ортасындағы аудандық газетте белді қызмет атқаратын журналист Тұрар. Ортадан жоғары бойлы келген бұл азамат енді тола бастаған ба, әлде тегіне қарай қалыптасқан болмысы ма, әйтеуір аса артық-кемі жоқ көрнекті келген азамат. Бұл кісіден біраз кіші, орта бойлы Төленді туғалы бір шыр бітпегендей арық. Бұдан кейін, орта жастағы, жазылып бүгін шыққан домалақ сарының орнына келген елулерге тақаған үндемес. Оның құлағы естімейді екен. Сондықтан оған лор-дәрігері келді. Және ең жасы, екінші мүшелін аяқтауға аз қалған ауыр наукас Жалғас. Оған бірде гематолог, бірде онколог келеді. Жұмыс бабында суық тиюіне байланысты Исақ пен Тұрарды бір дәрігер, яғни терапевт қарайды. Емделу уақыты бірдей болуы да әбден мүмкін. Он сегіз, әрі кетсе жиырма бір күн. Бірақ ауруханаға түскен күндері әртүрлі. Толық денелі Сәбден мен ит тигендей арық Төленнің дәрігері гастролог, яғни іш құрылыс деген сөз. Бұларға бөлмелестері етті жорықсыз көп жеген-

нен іштерің ауырған ғой деп әзілдейді.

Үндемеске лор дәрігері келіп кеткен соң-ақ зоо-техник Сәбден төрдегі терезеден сыртқа қарап:

- Ойпырмай, мына здания қашан бітеді? Қызыл кірпішпен ұқшатып-ақ салған екен. Үш жыл болды бітпей тұрғанына,- деп сұраулы жүзбен Тұрарға қарады. Шамасы, журналист қой, бір білсе осы білер мұның жайын,-деп ойлайтын болуы керек. Әрі сөз ауанынан жылда емделіп тұратынын байқатты. Тұрардың жауабын күтпей-ақ дегбірсіздене:- Өстіп тұрып жауын-шашынмен мүжіліп жарамсыз боп қалмаса болғаны-деп сақалы шошаңдай жөнелген Исаққа да жауап айтқандай:

- Дегенмен байқайсыздар ма? Көз ауруы ауруханасы біткелі сәл де болса оң өзгерістер байқалады. Бұрын ана түкпірдегі екі бөлмеде солар емделмеуші ме еді? Бұйырса бұны да қолға алады. Қазір кезек күттірмейтін тапсырма онкологиялық аурухананы тезірек бітіріп пайдалануға беру екен. Биліктің тапсырмасымен құрылысшылар бар күшін соған салып жатқан көрінеді,- деп байыппен толыққанды жауап қатты Тұрар.

-Ой, онда жақсы екен.

- Аты жаман ауру ғой.

- Құрысын, беті аулақ,-деп бір-біріне және қозғалақтай түсіп үнсіз жатқан жігітке қарап барып басыла берді. Іле-шала:

- Сол онкологиялық ауруханасы да, мына зданиясы бар болғыр да тезірек бітсе екен,-деген сияқты тілеуқор үндер қосарлана шықты.

-Сонда түрлі науқастар бір бөлімде қазіргідей іркес-тіркес болмай әрқайсысы өзді-өзіне тиесілі

аурухананың бөлімдерінде жатып ем қабылдар еді. Барлық әңгімені үнсіз тыңдап жатқан «постельный режимдегі» Жалғас та күнімен ұзақ-ұзақ терезеден сыртқа телміреді де жатады. Нені күтеді, кімді күтеді, әзірге белгісіз.

Ем-домдарын алып кезекті рет дәлізде бас қосқан науқастар осы тақырыпты тағы да қаузай түсіп барып жекелеген кісілер жайына ауысты. Келген-кеткен кісілердің қысқаша өмір баяны осы жерде бүкіл бөлімге аян болады. Одан құтылар ешкімнің де шарасы жоқ. Бұл күні де дәл осы жерде ер-әйел аралас бірнеше кісі бірі әлдене оқып отырса, бірі ойын ойнап әркім өзіне ұнағанын ермекпен айналысып отырды. Көбі кәрі-жасы аралас ерлер.

Таңертең бөлімге жас қыз келіп түсті. Қараторы, бұрымы мықынын соққан талдырмаш бойжеткен сымбатты-ақ. Біреулері ойындарын қоя сап өмірінде қыз көрмегендей оған тігіле қараса, енді біреулері өп-өтірік назар аудармаған боп, көз қиығымен ұрлана қарап, бөлмесіне дейін шығарып салды. Қыз бөлмеге кіріп кетісімен шыдамсыздау біреуі «қыз-ақ екен, ә!»-десе, біреуі «қоя тұр, құдай қаласа асықпай танысамыз,-деді. Бұл жерде көбіне алтыншы және сегізінші бөлмедегі науқастар. Екі бөлмеде де алты-алтыдан көбіне он екі науқас жатады. Ал кейде науқастар көбейіп кетіп орын болмай жатса, өзі шағын бөлмелерге тағы екі төсек қойылып, адам айнала алмай қалады. Түске таяу тағы бір қыз келіп түсті. Оны да медбикелер оныншы бөлмеге ертіп барды.

Бірі дәрі ектіріп, бірі өзге де ем түрін қабылдап абыр-сабыр боп жатқан науқастардың көбі мұны аса

байқамаса керек. Тек елден бұрын ұмтылып барлық емін күнілгері бітіріп алатын Исақ шал жанындағы жаңа түскен «үндемеспен» екеуі ғана көріпті. Түскі аста «теке сақал» аса бір маңызды мәселені ортаға салатындай-ақ тамағын бір кенеп алып сақалы шошаңдап:

-Ә-ә-ә, таңертең түскен қыз, қыз ба? Жаңа сәскеде одан да өткен, мынауыский бір қыз түсті,-деді бас бармағын көрсетіп.

-А-а, солай ма?

-Иә, қандай екен?

-Шіркін! Қиссаларда айтылатын сұлулардың нақ өзі! Аяқ басысын айтсаңшы! Әлгі бір жырда айтқандай аяғын некей-некей басады екен, шікінің!

-Ақсақал, қисса мен жырды көп оқып, көп тыңдағансыз-ау, шамасы?

-Аллаға шүкір! Ол жағынан бір кісідей хабарым бар.

- Мына сөзіңізбен бізді де қызықтырып тастадыңыз ғой!

- Пау, пау! Уа, шіркін! Уақытымның өтіп кеткені-ай!-деді жымия, жеңіл күрсінген ол қутыңдап.

- Уа ақсақал, уақыт өтпегенде не істер едіңіз?-деп қуақылана күлімдеген журналист қасын қаға жанындағы еркекті түртіп қалды.

- Е-е! Не істер едің дегені несі? Ең болмағанда бір-екі әзіл айтып қағысар едім де. Біз де жігіт болғанбыз,-деп мінезі жеңіл, ақылы шолақтау шал қызарақтап-ақ қалды. Ол күні екінші түскен қызды көбісі көре алмады. Тек теке сақал демалыс уақытына дейін ауық-ауық сол қыз туралы сөз қозғап, оны жанындағылар түрліше әзілге шаптырып біраз көңіл көтерді. Осы

уақыт аралығында төрдегі төсекте манадан тырп етпей жатқан ауыр науқас бірер қозғалақтап барып басылды. Оның тынышын алдық па деп ойлаған қалған бесеу жым болды. Екі бірдей қызды қабылдаған оныншы бөлме бұрын көз аурулары жататын бөлме болатын. Бұл өзі ұзын дәліздің ең төріндегі үлкен бөлме. Он, кейде аурулар өте көп болған кезде он екіге дейін науқастар жататын. Нақ бұл кезде, не себепті екенін кім білсін, бұл бөлмеде жаңа түскен екі қызбен бес-ақ науқас болды. Оның бірі сексеннен асқан ауыр науқасты орыс әжей, бірі күнде үйіне кеткісі кеп сұранып отырған тамағына ота жасатқан жас қазақ келіншек. Енді бірі ол да жақында ғана құлағына ота жасатқан, отырып қалған дүнген қызы.

Оныншы бөлмедегі екі қыз қатар тұрған төсектерге жайғасып, тез-ақ тіл табысып кетті. Тіпті бірден достасқан олар егіз қозыдай, бір жүретін болды. Бойы ортадан сәл биіктеу, қараторысының оң жақ үстіңгі ернінің сәл жоғары тұсында қап-қара жарты бидайдай меңі бар. Өзіне жарасып-ақ тұр. Бұл сызылған биязы мінезді Күлән. Екінші қыз-ұзын бойлы, аққұба, аса талдырмаш келген, еркін, ерке-леу мінезді Кәусар. Бұл жай бөлімде емделіп жатқан кісілердің бәрін дерлік елең еткізді. Бірінші күннен-ақ осы екі қыздың жүріп-тұрғанын, кіріп-шыққанын қызықтай қарап, аңдушылар көбейді. Дәрігерлер мен медбикелер де бұларға әдеттегіден тыс сүйсіне қарайды. Келесі күні-ақ асханада домино ойнап отырған кісілер қыздарды өз топтарына қосып алды. Әрнені сөз етіп отырған кісілердің бір уақыт әңгімесі алтыншыдағы ауыр науқасқа ауды. Төрде көбіне қозғалыссыз жатқан науқас айтыстарында жап-жас

жігіт. Жазылып кетуі екі талай. Бұл сөзге орай екі қыз да өз бөлмелерінде жасы сексендерге келген ауыр науқас әжей бар екенін білдіріп өтті.

- Ол кісіні қойшы. Асарын асап, жасарын жасаған кісі ғой. Әркім де сондай-ақ жасай берсе жаман болмас. Мына Жалғасты айтсаңшы! Байғұс, жап-жас, қыршын ғой тегі,-деп күрсіне сөйлеген газет қызметкері Тұрар ағайдың үнінде үлкен өкініш тұрды. Әшейінде көңілді, елдің бәрін жанына үйіріп ап, түрлі тақырыпта қызықты әңгімелер мен күлдіргі сөздер айтып күлдіріп, өзі де арқа-жарқа көңілденіп, жан-жағын базар ғып отыратын жанның сөзінен жақындап қалған қауіптің шеті көрінгендей.

Ауруханаға алғаш келгенде әлдеқайда сергек, өз аяғымен жүріп келген жігіт екі-үш ай, тіпті ұзағанда алты ай емделермін. Сосын бірте-бірте сауығармын деп ойлаған. Олай болмады. Емделген сайын бірте-бірте әл-дірмәні құрып бара жатқандай болған ол, алғашында:

-Неге бұлай! Емделген сайын қайта кері кетіп барамын,-деп тулаған кезі де болды. -Емделмесең одан да жаман болады. Ақырғы болар істің тіпті тез боп кетуі әбден мүмкін. Құлан-таза айықтыра алмасақ та аз да болса өміріңді ұзартуға болады-деген уәжді малданып қана тоқтам тапқан жігіттің басқа істер амалы да жоқ еді. Бұл кезде мына жалғанда қызығарлық түк қалмағандай, одан да неде болса тезірек болса екен, жанды қинаған азап сонымен бітсе екен деген ойлар санасын жаулап алған-ды. Қанша төсекке таңылған ауыр науқас дегенмен Жалғастың да естір құлағы, көрер көзі бар. Алғаш бәрін бей-жай тыңдап жатқанымен, айналасындағылардың, тіпті

қарт Исақ шалдың аузының суы құри айта бастаған қыздарды бұл да көргісі келді. Бөлмедегілер оларды сан-қилы сипаттап жатқанда төсектегі бұл, елеусіз ғана қыздардың дәлізде ары-бері жүргенін, отырғандығын бақылай қарап жатты. Бөлмеге кіріп-шығып жүріп бір-екі рет есік жабылып қалғанда қабағын түйе қозғалақтап қалған жігіттің бар ынтасы есік жақта екенін байқаған Тұрар үнемі есікті ашып қоюға тырысты. Көбіне терезе жаққа телміре қарап жататын жігіттің назары есікке қарай ауғанын ол бірден-ақ сезген еді.

Ертеңіне кеште Тұрар ойламаған жерден жаңа ойын тапты.

-Бүгін, осы қазірден бастап орын ауыстырып отырасыңдар. Міне былай. Ол әркімнің қайда отыратынын айта келіп, өзінің оң жағынан Кәусарға орын ұсынды. Бұл орнымызды ауруханадан шыққанша ауыстырмаймыз. Ауыстырған кісі жазасына қызық әңгіме, анекдот айтып мына жұртты тегіс күлдіреді. Болмаса ән айтады. Бұл шартты орындай алмаса «Салпаң құлақ сары ешкі»-деген атаққа ие болады. Кімнің салпаң құлақ болғысы келсін, бәрі өзді-өз орнына отыратын болды. Дегенмен бірер кісі орнын ауыстырып алып, бірі көпті көрген зоотехник емес пе қызықты әңгіме айтып құтылып кетті де, бірі сол күні-ақ атақ алып шыға келді. Бұл әлгі теке сақалдың жанындағы үндемес еді. Ол алған атағына өкпелеп бөлмеден шықпай ауыр науқастың қасында қалып қойды. Оған атақ беріп жүрген оның құлағы ауыр екенін білмейтіндер.

Осы уақыттың бәрінде қарсы беттегі алтыншы ерлер бөлмесінің есігі үнемі ашық тұратынын жас

қыздар бірер күн өткенде ғана байқады. Екі күн бойы орын тәртібі бұзылған жоқ. Үшінші күні ғана түскі ас кезінде Тұрардың оң жағындағы орнына кеп жайғасқан Кәусардың назары қарсы бөлменің төрінде көбіне қимылсыз жататын жанның өзіне телміре қарап жатқанын сезді. Бұрында да аракідік өзіне телміре қараған жанардың әсерінен жалт қарайтын қыз бұған аса мән бермейтін. Е-е-е, тұруға, жүруге шамасы жоқ ауыр науқас осы екен ғой. Дірмәнсіз адам айналасына тігіле қарамағанда басқа не істесін-деп, көңіл аудармауға тырысып, іштей Құдайым осындай-дан сақтасын,-деп тілек тілеп қана қоятын. Екі күн бойы қыздардан көз алмай бақылап жатқан жігіттің бұған дейінгі үмітінен гөрі күдігі басым көңілін енді тәтті қиял жайлап алғандай. Ол тіпті өзінің күні санаулы ауыр науқас екенін ұмытып кеткен сияқты. Әйелі, ұлы бар екені де ойына келер емес. Бар ойы орнынан тұрып Кәусардың қасына жақындау. Одан басқа бұл жалғанда арман қалмағандай. Еш жері ауырмайтын сияқты. Оның ойынша тек буын-буынын жайлап алған әлсіздік. Соны жеңіп орнынан тұрса болды, бар арманы орындалатындай күй кешті. Бүкіл жан-дүниесін жайлап алған бұл сезімнің дұрыс-бұрыстығын ой елегінен өткізіп, сабыр табуға шамасы жоқ. Бар ойы қызға жақын бару. Ол бойындағы бар күшін шақырғандай қозғалақтай бастады.

Түскі сорпадан екі ақ қасық ұрттаған Кәусар бойын билеген әлдебір сезімнен секем алғандай қарсы бөлменің төрінде жатқан науқасқа жалт қарады. «Ойпырмай мына жігіттің көзі өтіп бара жатыр ғой»-деп ойлағанша болған жоқ, ол қозғалғандай болды. Әрі-беріден соң ол сүйретіле орнынан тұра баста-

ды. Мұны байқаған тамақтанушылардың бір-екеуі дауыстап медбикелерді шақырса, бір-екеуі орнынан ұшып тұрып Жалғастың жанына жетіп барып қолтығынан демей берді. Орнынан толық тіп-тіке тұрған жігіттің осы кезде мұрнынан сау ете қалған қан бүкіл жейдесінің алдын жуып кетті. Аяғының ұшымен жүгіре басып жетіп келген күтуші медбике:

- Мұның не, Жалғас-ау? Қазір өзім тамағыңды әкеп ішкізетін едім ғой-деп, не істерін білмей әбігерлене орнына қайта жатқызғысы келді.

- Саған орныңнан тұруға болмайды ғой. Ол мына сөздердің бірін де елер емес. Шыр-пыры шығып қолтығынан сүйеген ер кісілерді де, медбикелерді де қанатын кең жая әлденені жасқаған жаралы бүркіттей қолдарын кең жая жасқап, шулаған кісілерді үн-түнсіз тоқтатқан Жалғас:

- Жоқ, бүгін мен де ел қатарлы отырып тамақ ішейінші,-деді үні дірілдей шығып. -Тек жейдемді ауыстырып беріңізші!.. Қалтырай дірілдеп тұрған бойын күштеп жинай түскен ол медқызметкерге өтіне қарады. Олар дереу Жалғастың жейдесін ауыстырып, беті-қолын бұрыштағы қол жуғышта жуынуына көмектесті. Науша бойлы, жауырыны қақпақтай, қалың кара қасты, қайратты кара шашты нағыз ер тұлғалы науқас жігіт ешкімнің көмегінсіз теңселе басып кеп тура Кәусардың алдындағы орындықты шетінен ұстап өзіне қарай тартты. Манадан жігіттің бар қимыл-әрекетінен көз алмай, оған жаны ашып қарап отырған қыз алдына кеп жайғасқан жігіттің өңіне бір сәт тереңдей, таңырқай қарап қалды. «Нағыз баяғының батырларындай екенсің. Әттең беті қайтпас бәлемен ауырмасаң менмін дегендей-ақ азамат

екенсің-ау»- деп ойлады қыз. Жалғас өзіне бір мезетте үрке, әрі таңырқай қарап отырған қыздың алдына асықпай жайғасты. Айналаға жігіттің бойынан әбден дәрі сіңген, бусанған тер иісі жайыла жөнелді. Жиырма төрт, жиырма бестердегі жігіт алдымен аз-кем дем алып алғандай болды. Әлде бірден шошытып алмайын деді ме екен, кім білсін? Бұл кезде ауру жанның екі көзі қызға мейірлене, аялай, аймалай қарап тұр еді. Ол тағы да барлай қарап алып, әбден жүдеп тарамыстанып кеткен салалы саусақтарын соза түсіп, өзіне таңырқай қарап отырған қыздың қасық ұстаған оң қолын ұстай алды. Қалтыраған қолы жіпси терлеп, бүкіл бой бітімінен жан-жағына бусанған ыстық леп ұрып тұр. Бұл уақытта жігіттің алдына бір табақ сорпа қойылып үлгерді.

-Қасығыңды берші?-бірден сен деп сөйледі. Аурудың азабынан әбден жүдеп қуқыл тартқан өңге, шүңірейе тереңнен барлай қараған көзге аяй, таңырқай қарап отырған қыз бір сәт сасып не істерін білмегендей халде еді. Әп сәтте есін жиған ол қолын тартқылағанмен қапсыра ұстап алған жігіт жіберер емес. Бойында егескендей сезім тулай жөнелген қыз қолын күштеп тартып қалды. Тамақ ішіп отырған қасығы жігіттің қолында қалып қойды. Өзінің таза қасығын қызға қарай ысырған ол:

-Кешір! Ал! Сен мынамен іш!-деп, өз ісіне өзі риза пішінде жымия түсіп, қыздың бұған дейін сорпа ішіп отырған қасығымен жау қуғандай алдындағы сорпасын үсті-үстіне құныға ұрттай бастады. Жігіттің қасығын үнсіз алған қыз қасықты табақша шетіне сүйей салды. Қыздың тамақ ішпегенін байқаған Жалғас:

-Іш, тамағыңды. Ішпейсің бе?-деді аса бір жылылықпен жымия түсіп. Бұған дейін жігіттің әрбір қимыл-қозғалысына таңырқай, түсінбей қарап отырған қыздың беті айналасындағылардан қатты қысылғаннан қып-қызыл боп кетті. Ол таза қасықты үнсіз ғана жігітке қарай қайта ысырып тастап, орнынан ұшып тұрып тез-тез басып барып бөлмесіне қойып кетті. Артынша Күлән да тұра жөнелді. Сілтідей тынған тыныштықты қуана, қосарлана шыққан Түрекең мен медбике Еленаның дауысы бұзып кетті.

-Ого! Дела идёт к поправку!

-Жігітім-ақ! Жаса, Жалғас! Жарайсың! Артынша Жалғастың тамағын тәбетпен тауыса ішкенін байқаған Төлен де:

-Жүкеңнің емі енді табылды-ау,- деп, қуана мәз болысты. Алыс ауданның мал маманы Төленді журналист Тұрардан жеті-сегіз жас кіші. Сондықтан ол қай жағынан болсын Түрекеңнің алдына түспей, ерекше құрметтейді. Есесіне Тұрар да өзін ерекше құрметтейтін ауруханалық інісін Төлеш деп еркелетеді. Ал былайғы ауылдастары мен ескі таныстары оны жай ғана Төлен дейтін.

Көпшілік ортасындағы болған жайдан қатты қысылып бөлмесіне жүгіре басып кірген Кәусар төсегінің қасында екі бетін алақанымен алма кезек шапаттап тұр екен. Артынша күле, сөйлей жетіп келген Күлән:

-Бәсе-бәсе! Келе жұртты дүр сілкінткеніңе қарап, осы қыз тегін емес-ау деп ойлап едім.

-Қойшы, сен де дүрлікпей. Жүзі шоқтай қызарған Кәусар құрбысына жақтырмай бұрыла қарап: -Сөз

етуге тұрмайды,-деді.

-Жо-жоқ! Сенің бір сиқырың бар! Жігіт болсам, мен де саған ғашық болған болар едім. Әшейінде ұяң боп көрінетін, сызылып қалған Күлән, ойнақылана құрбысына әрнені айтып қояр емес. Келесі күні Жалғас тамақтануға ел қатарлы келді. Күш-қуатының нағыз толысқан шағында үшінші дүркін емделуге ауруханаға жатқан жап-жас жігіттің көңілінде бұл күнде үмітінен гөрі күдігі басым. Әр жолғы емшарадан соң күш алып сауығу белгісі күшеюдің орнына әл-дірмәні құрып, су түбіне кетіп бара жатқандай. Шарасы таусылып, бұл жалғаннан күдер үзгендей халде. Осы қызды көргелі көңіліндегі шарасыздықты серпіп тастап, бойында әлдеқалай күш-қуат пайда болғандай. Төсекте жатқысы келмейді. Көпшіліктің ортасында Кәусарға жақындау жерге барып отырса болды. Бұдан бақытты жан жоқтай. Сол сезімнен күннен күнге күш алғандай әлдебір дегбірсіздік бойын билеп алды. Бір күні тіпті тамақтан кейін Кәусардың қарама-қарсысына отырып алып онымен бір жақ боп ойынға ат салысып отырды. Көңіліндегі күдік сейіліп, жарық дүниеге деген үміті күшейгендей. Үшінші күні дәрігердің қатаң ескертуінен кейін амалсыз мына көпшілікті қимағандай орнынан созалаңдай тұрып, бөлмесіне бет алды. Төсегінде үнемі Кәусарға телміре қарап жатады. Дегенмен арақідік орнынан тұрып ары-бері жүретінді шығарды. Бірте-бірте дәрігерлер де тұрып- жүруіне тыйым салуды доғарып, еркіне қоя берді. Түрекеңнің қатал тәртібі қатаң сақталып, қыз өз орнынан басқа орынға ауысып отыра алмаған. Тіпті Кәусар бөлмесінен шықпай қойса мұндайда барынша епті Төлеш қояр да қоймай әйтеуір алып шығады.

Кейде көмекке Күлән да кірісіп кетеді.

Енді төрт-бес күннен соң жаңа жыл. Бұл кезде оныншыдағы әжейді әлдеқашан үйіне шығарып алып кеткен. Келіншек те асыға аулына аттанған. Сол күні дүнген қызы да үйіне шығып оныншыда Кәусар мен Күләннан өзге ешкім қалмады. Кешкі астан соң Кәусар бөлмесінде үйінен алдырған химия пәніне үңіле қарап, Күлән әлдебір журналды ақтарып отыр. Ойламаған жерден есік тықылдап іші пысып отырған Күлән есікке жетіп барды. Артынша кері бұрылған ол:

-Төлеш аға ғой! Сені шақырады,-деп басын ойнақылана билетіп Кәусарға қарады. -Жай ма?

- Өзің көресің ғой! Ойымды бөлдіңдер ғой дегендей орнынан қабағын шыта тұрған қыздың қимылынан жақтырмағандық байқалады. Есікті айқара ашып басын ғана шығарған қызға қыпылықтай қараған Төлен, қолына көлемді ақ қағазды ұстатты да тайып тұрды. Ақ парақтың екі жағын толтыра өлең сөзбен жазған хатты үнсіз қолына алып, көз жүгірте бастағанда шыдамсызданған Күлән оның қолынан жұлып алды. Асыға-аптыға оқып шықты да:

-Оң жауап берші, бір қызық болсын!

-Қызға хат жазбай-ақ ауруынан айығып алсын! Мына күйінде хат жазғаны не теңі? Хатты Күләннің қолынан жұлып алған Кәусар быт-шытын шығара майдалап жыртып тастады.

-Ту-у, Кәусар! Оның не? Еш болмаса ескерткішке қалдыра салмадың ба? Жүзі қызара түсіп, бұртия қалған құрбының ренжіп қалғаны байқалды.

-Еріккендерге ермек болғым келмейді. Сені мен мен мұндай хаттың талайын аламыз әлі. Так что

не огорчайся! Кәусар томсара қалған құрбысының жүзіне сықылықтай күле қарап, бетінен еркелете сипады.

-Дегенмен сен өте қатал екенсің! Байқап жүрмін ғой... Әлдене ойына түсті ме Күлән бірден сабыр тауып байсалды қалыпқа енді.

-Өңгіме сол жігітпен достасып, жүріп, одан кейін үйленуде емес қой. Тұрар аға айтып еді. Қыршын жас айықпайтын ауруға шалдығыпты,-деп. Оны өзі біле ме, білмей ме қайдам. Әйтеуір осы қызды көргелі бұл жігіттің бойында бір оң өзгеріс бар. Қыз тақаппарлау екен. Ең болмаса өтірік болса да бір оң шырай танытса. Мүмкін бір ғажайып боп жазылып кетуіне сеп бола ма?.. Кім білсін? Үмітсіз шайтан-деген,-деп еді. Қаламасаң да жылы жауап айта салсаңшы. Нең кетеді? Осы сөздер әсер етті ме, кім білсін?.. Ойла-нып қалған қыз әлгі хатты қайта есіне алды. Жартылай құрбысы, одан түгелдей өзі оқып шыққан хаттан есінде қалғаны мұны ұзақ марапаттай келіп, өзінің ғашық жүрегінің мұң-зарын төккен өлең хаттағы сөздердің екі жолы есінде қалыпты.

«Өмірден күдер үзіп жатыр едім

Төсектен жұлып алды бір сиқыр күш».

Ол дегенмен мына хатта шындық бар-деп ойлады. Әйткенмен құрбысына:

- Өлеңмен Жалғастың атынан хат жазып қоймай жатқан да сол Тұрар ағаң ғой,-деді.

- Енді... Мүмкін ол өтінген шығар.

- Өтініпті деші!

- Несі бар? Мүмкін бар жағдайды түсінген ағайдың өзі жаны ашып жазып берген шығар. Екінің бірі ақын емес қой. Әкесінің бір сөзі есіне түсіп кет-

кен Кәусар:

- Болмайтынға болыспас болар-деді нықтай түсіп.
Одан да айтшы, өзіңнің жігітің бар ма?

- Иә, бар.

- Бәсе, солай-ау деп ойлап едім.

- Ол немере ағамның жолдас баласы. Сонымен
бірге үйге келіп жүріп, ақыры маған сөз айтты.

- Аты кім?

- Бақтияр.

- Ағанның жолдас баласы болса сенен жасы үлкен
болды ғой.

-Иә. Ол осы күзде әскердегі міндетін атқарып
келді.

-О-о-о! Ондай болса саған әлі үйленеміз дер.

-Тура үстінен түстің. Мен оқуға түскім келеді
дедім. Биыл оқуға түсе алсаң түстің, түсе алмасаң
күзде үйленеміз,-дейді.

-Сен оны сүйесің бе?

-Әрине, сүйемін! Ол да мені тура мендей сүйеді
деп ойлаймын.

-Сонда оқуға түсе алмай қалсаң шынымен
үйленесің бе? Өкінбейсің бе?

-Қайдам, уақыт көрсетер.

-Сендер үйде нешеусіңдер?

-Біз бе? Біз екеуміз. Мен, сосын інім. Сен ше?
Сендер нешеусіңдер?

-Мен ғанамын.

-Не?! Сонда сен жалғызсың ба?

-Иә.

-Ы-ы-ы! Жалғыз болған да жақсы шығар,
иә. Барлығының назары бір өзінде. Бірақ біз де
жалғызданбыз ғой. Жалғыз қыз. Жалғыз ұл.

-Меніңше көп болған жақсы сияқты.

-Айтпақшы сенің жігітің бар ма?

- Жоқ.

- Иә, қойшы! Өтірік айтпай. Сен сияқты қыздың жігіті жоқ дегенге сенбеймін.

-Несін өтірік айтады екенмін? Жоқ дедім ғой, жоқ. Иә. Хат, ашық хат жазып, кітап сыйлайтындар баршылық. Бірақ әзірге ондайға ойымды бөліп, уақытымды кетіргім келмейді.

-Иә байқадық. Мына қатал мінезіңмен ешкімді жолата қоймайтының анық. -Алдымен жоғары оқуға түсуім керек. Оқуымды аяқтап, екі-үш жыл қызмет істеп, ата-анама нанымды жегізген соң-ақ ойлансам да болар. Осыны айтып кезекті оқулықты қолына алған Кәусар сөз осымен бітті дегендей теріс қарап оқулыққа үңіле бастады. Күлән:

- Ол кезде кеш болады деп ойламайсың ба?-деп әңгімені әрі қарай жалғастырғысы келгенімен, селт етіп жауап қатпаған құрбысына:

- Сенен оны күтуге болады,-деді күдерін үзе.

Ертесіне дәл сол уақытта тағы хат келді. Хат та-сушы сол Төлен ағай.

- Жауап қане, қалқам-ау?!

- Жауап болмайды, - деді қыз еркелегендей күлімсіреп. Кәусар Төленге қатарласа кеткен Күләнға:

-Кешегі хаттың тағдырын айта бар. Бүгінгісі де соның жолын құшады. Ерке қыздың қылығынан қауіптенген Төлен, келесі хатты Күләнның қолына ұстата беріп тайып тұрды. Ол тез-тез оқып шықты да:

-Кәусар, Кәу-са-а-ра! Осыны жыртпай-ақ қойшы. Ескерткішке сақтап қойшы, а-а?-деді қиыла өтініп. Егер мен осындай хат алсам ешқашан жыртпас едім.

Сақтап қояр едім! Ші-р-кі-ін! Сен бақыттысың ғой!
Қиялға берілген құрбының жүзі әлденеге балбырай
балқып, хатты тағы оқи бастады.

Сұлу қыз, ел ішінде бір дарасың
Жақсыға арман болған бір баласың
Он жетінде қалқатай ойнап қалғын
Жас асқан соң отыздан құр қаласың

Қара жер ғашықтарға сыз болмайды
Жүрегі шын ғашықтың мұз болмайды
Өзібек, қазақ, қырғыз араласаң

Ішінде дәл өзіндей қыз болмайды. Бұдан кейін
Төленді пошташы қыздардың арасында да Төлеш-
деген үшінші атқа ие болды.

Ертесіне екі қыздың да тамағына ота жасалды.
Қанша жеңіл ота дегенмен қыздар сол күні орында-
рынан тұра алмады. Ерлер бөлмесі түгелдей олардың
көңілін сұрай келген. Табалдырықтан аттаған күйі үн-
түнсіз бұларға телміре қарап топтың ең соңында әлсіз
денесі қалтырай дірілдеп, өзін-өзі әрең игеріп, Жалғас
та тұрды. Ертең жаңа жыл деген күні ауруханадан зоо-
техник Сәбден мен Исақ шал, ал 31-желтоқсан күні
Тұрар мен пошташы Төлен шықты. Қыздар еріксіз
жаңа жылды ауруханада қарсы алатын болды. Жаңа
жылдың бесінші жаңасында олар да үйіне қайтты.
Аурухананың бұл бөлімі біраз күнге шейін құстары
қайтып, базары тарқаған көлдей жетімсіреген күн
кешіп барып, баяғы сұрқай, көз үйренген көңілсіз
күйіне түсті.

Күнде бір мезгіл қыздар ары-бері жүреді-ау де-
ген кезде басын көтеріп төсегінің үстінде дәлізге
телміре қарап отыратын Жалғас бүгін екінші күн
оларды көре алмай сілесі қатты. Үшінші күні оны

аяды ма, өзгелерге қарағанда ерекше мейірімді мед-
бике Елена Жалғасқа олардың алдыңғы күні шығып
кеткенін хабарлап, оны жұбатқандай болды. Кеудесін
көтеріп отырған жігіт Лена шығып кетісімен түбінен
кескен теректей төсегіне құлай кетті. Бір сағат өтпей
бұл күнде әжептеуір боп қалған балпанақтай ұлын
көтеріп, күйеуінің артынан Қалима келді. Есіктен
кіре қосағына тігіле қараған ол:

- Саламатсыздар ма? Қалайсың?-деді үні құмыға
шығып.

- Амансыңдар ма? Жақсымын. Тәуірмін.
Жалғастың тұрғысы-ақ келді. Бірақ қанша талпынса
да өздігімен тұра алмады.

-Жаңа ғана сіз келердің алдында өздігімен тұрып
отырған.

-Көп отырған соң шаршап қалған ғой,-деп жатыр
бөлмелестері жамырай тігісін жатқызып. Әлсіреген
күйеуін сүйемелдей тұрғыза берген келіншектің
бетін көз жасы жуып кетті. Ол жасығанын, уайым-
қайғысын күйеуіне көрсеткісі келмеді. Бірақ ішінде
толып қалған мұң-шер еркінен тыс көзінен жас
боп ақты. Жат жерге келгеннен бері уайымнан бір
арылмағандықтың әсері ме, әлде босанғаннан кейінгі
күтімінің кемдігінен бе, ол жыл жарым уақыттың
ішінде едәуір азған. Тіпті жағы суалып, қалың
қиғаш қасының ортасына сызық түскен. Бетіне аяғы
ауыр кезде ноқталана түскен қалың секпілі де кете
қоймаған. Үстіндегі жеңі ұзын, қоңырқай түстен
жолақтанған өрнек салған көк түсті қалың шерсть
көйлегі кеңіп кеткен.

Арқасына жастық қойып Жалғасты отырғызып
болған ол, сөмке толы ауылдан әкелген тәтті-дәмдісін

тумбочка үстіне бірінен соң бірін алып қойып жатты. Осы кездің бәрінде жат кісіге ұстата салған бөбегі уілдей қыңқылдап үздіксіз әке-шешесіне талпынумен болды. Бар тірлігін аяқтап болып, баласын қолына ала берген келіншек, өздеріне бей-жай қарап отырған күйеуіне ұлын ұстата берді. Алғаш тосырқағандай шешесіне қарап қыңқылдай ұмтылған бөбек, анасы енді қолына ала бергенде:

- Е-е-е, енді таныдым ғой!- дегендей әкесіне қарапыржалақтай күліп он саусағын жая қолын сабалады. Бөлмедегілердің бәрі:

- Анаң қарай гөр. Қан тартады деген осы ә?!

- Әкесін танып жатыр!-деп, жас баланың қылығына мәз болып қалысты. Жалғас та қолынан келгенше саусақтарын шыртылдатып, уілдеген дыбыстар шығарып баласын ойнатумен болды. Сөмке толы ас-аухат көтеріп келген келіншектің қол жүгі жеңілдегенмен, ішкі дүниесіндегі уайымы бұрынғысынан да ауырлай түсіп ауылға қайтты. Жалғас сол жатқаннан мол жатты. Жарытып тамақ та ішкен жоқ. Жанындағылар ұзақ отырғанды көтере алмай қалған ғой,-десті. Жалғас ол күні шым-шытырық түс көріп, қайта-қайта қинала оянып әбден мазасы кетті. Ертеңінде күнімен ұйықтады. Кешке елмен бірге әжептеуір тамақтанған ол елден бұрын ұйықтап қалды.

Көктемнің аяғы. Күн ыстық емес. Жанға жайлы тамылжыған бір күн. Үлкен сәске кезінде Жалғас жалғыз өзі далада серуендеп келеді. Айнала толған түрлі-түсті гүлдер. Сонадай беткейде қып-қызыл қызғалдақтар қаптап тұр. Әдемілігімен көз қуантып, көңілді арбаған гүлдердің қайсысын терерін білмей

ол әр гүлге бір ұмтылды. Ұмтылған сайын әлгі гүл дегені көбелекке айналып ұшып кете берді. Кенет алдында өңіндегідей ап-анық, жүзі сынық Қалима пайда болды. Қолындағы баланы бұған ұсына береді. Ол шаршаған сияқты болды. Баланы алайын деп қолын соза бергені сол екен Қалима дегені аппақ, ақ көйлек киген Кәусарға айналып кетті. Қолында бір топ алқызыл қызғалдақ, жан-жағына қуана күлімдей қарайды. Ұсына берген мұның қолын байқамайды. Тіпті мұны көріп тұрған да жоқ сияқты. Бұл не деген алдамшы дүние-деп айналасына қарағаны сол-ақ екен, әлгінде ғана жанында тұрған сияқты болған Кәусар сонадайдағы беткейге қарай кетіп бара жатады. Үстіндегі ақ көйлегі көгілдір түске боялып шыға келді. Беткейдегі қызғалдақтар да көгілдір түсті қоңырау гүлге айналды да кетті.

-Кәусар, Кәусар! Бұл тұра ұмтылды. Бұл қараған сайын, ұмтылған сайын ол алыстай түсті. Үстіндегі көгілдір көйлек желменен желбірей түсіп бу ма, әлде сағымға ма айналғандай. Қап, бел асып кететін болды-ау, мені көрмеді-ау,- деп ойлайды. Алыстау қырдан асып кетпей тұрып барынша айқайлап оны өзіне қаратқысы келеді. Біртүрлі денесі ауырлап, аяғы батпаққа кіріп бара жатқандай. Оу, бұл жерде батпақ жоқ еді ғой деп ойлады. -Кәусар! Кәусар! Бар даусымен айғай салды. Бірақ ол естімеді. Қанша ышқынса да даусы оған жетпеді. Бұл мүлде басқа дүниеде тұрғандай. -Кә-әу-са-а-ар! Кәусардың қолындағы манадан бері гүл деп ойлағаны үлбіреген шарфқа айналып желмен желбірей беткейге ұшып түсті. Оны байқамаған қыз қырдан асып кетті ме, әлде ұшып кетті ме, әйтеуір жоқ болды. Бұл таңырқап айналасы-

на қарайды. Айналасындағы манадан бері гүлдер деп ойлағаны жай ғана көк майса шалғын шөп екен. Қап, ұзап кетті-ау! Мені көрмеді, байқамады, К-К-Кә-ә!..

Жалғасты жанындағы кісілер оятты. Қан сорпасы шығып терлеген оның мойнынан аққан терін сүртіп, көрпесін ауыстырды. Мұның алдыңғы он-он бес күндікте басынан не өткізгенінен бейхабар бөлмелестері:

- Жайсыз түс көрдің бе?

- Бірдеңе деп қинала сөйлеп жаттың ғой.

- Мүмкін жайсыз жатқан шығар,-деген сияқты сөздерді жаудыра жөнелді. Ол сөздерге аса мән беріп жауап бере қоймаған Жалғас, әлден уақытта өзімен-өзі төбеге қарап, әлгінде ғана көрген түсін есіне алып жатты. Біраздан соң түсі былай қалып, күні кеше ғана осында жүрген қыздың әрбір тәтті қылығы, ерке, еркін мінезі, ішкі ойын жасырмай көзіне тіптіке қарайтыны, бәрі-бәрі көз алдынан сырғып өте бастады. Ол өз-өзінен жымиды, тіпті аракідік дыбысын шығара күліп жіберді. Ештеңе түсінбеген айналасындағылар бір-біріне қарады. Түске таяу ойламаған жерден есіктен ақ халат жамылған Тұрар кіріп келе жатты.

-Ас-са-лау-ма-ғалейку-ум! Даусын әрлей созып кіре берген кісіге таңырқай қараған кәрі-жасы аралас ерлер:

-Уа-ға-лей-кумас-салам!-деп жамырай, жадырай жауап қтты. Қуанып кеткен Жалғастың бар сезімін жүзінен тануға болғандай. Тұруға талпына берген оны жанына жетіп барған Тұрар лып еткізе сүйемелдеп отырғызып, арқасына жастығын қойды. Кенже інісін сағынып көргендей маңдайынан сүйді.

-Қалайсың, бауырым?

-Жақсымын, аға. Әсіресе бүгін, тіпті жақсымын.

- Ой, азаматым! Лайым әрдайым жақсы бол!

- Жай жүрсіз бе?

-Бір жұмыспен келіп ем. Хирургия бөлімінде бір құрдасым ота жасалып жатыр еді, соған соқтым. Сен де ойымда тұрсың ғой. Түс ауып кетпей тұрып үлгірейін, халдеріңді білейін дегенім ғой.

-Аға, білесіз бе, мен сондай бақыттымын!

-Әрине бақыттысың!

-Жо-жоқ. Тыңдаңызшы! Мен, мен... Құдайдың, сіздей бәрін айтпай түсінетін жанға жолықтырғанына ырзамын. Кәусар мен Күләндай қыздарды көргеніме, махаббаттың не екенін түсінгеніме ырзамын. Әйелім, балам да бар. Мен сондай бақытты жан екенмін ғой!

-Айналайын-ай! Бүгінгі жадыраған жүзіңді көріп қуанып қалдым ғой! Осы бетте аман-есен сауығып отбасыңа оралуыңа тілектеспін! Айып етпеші! Сағат екі жарымда автобус. Содан қалмауым керек. Жұмыс. Өзің түсінесің ғой!

-Рахмет аға! Сау болыңыз! Сіз де бақытты болыңыз! Ол қоштасып бола беріп бөлмеден асығыс шығып бара жатқан Тұрар ағасына, айналасындағы адамдарға соншалықты ырза пейілде сүйсіне, жүзі әдеттен тыс нұрлана қарап отырды.

ДӨКЕЙЛЕР.

XX-ғасыр, 1980-жылдардың 1-жартысы.

Аудан орталығындағы белді бір мекеменің беделді бастығы Шақан Бекенұлы Төкенов бүгін кеңсеге едәуір кештеу келді. Түннің бір уағына дейін

ойнаған карта мен ішкен арақ жан қойсын ба, бет-аузы ісініп, көзі қызарып, қабағы түксіп, қысқасы тиісерге қара таппай кабинетіне өткен. Есіктен кіре секретарша келіншекті шақырып алып біраз тықсырды, есепшілерге ықсырды. Едәуір уақыт өткенде, қойшы әйтеуір, жыны басылып, сабасына түсейін деді.

Енді бір уақыт кабинеттің нақ төріндегі креслода шалқасынан шіреп отырған ол, алдында қатар тұрған үш телефонға кезек көз тастады. Қарап отырса, үш телефон светофордың үш көзі тақылеттес екен. Қызылы қаламен байланыстыратын, жасылы аудан басшылары мен өзге де мекемелермен, ал сарысы кеңсе ішіндегі бағыныштыларымен байланыстыратын. Жұмысты қайсысынан бастау керек деп ойлады ол. Әрине сары телефоннан бастау керек. Бағынышты бәлелерге тапсырманы үстемелеп беріп, күнде ананы орындадың ба, мынаны түзеттің бе?-деп отырмаса, бетімен жайылып кетеді бұл құрғырлар. Ол енді шақырып алып шықпыртқандардан басқа қол астындағы халқына жеке-жеке тапсырма бере бастады. Осы кезде жасыл телефон баж ете қалды. Трубканы көтере бере осындағы дөкейлердің бірі ме деп, -Ләпбай!-дей берейін деп еді, өзінің құрдасы Межколхозстройдың бастығы Маңғаз Рақымбаевич Сырбазовтың даусын тани кетіп:

-Ләп., Ә-ә, Мәке, сен бе?! -Иә, хал-жай қалай? Не жаңалық?

-Е-е-й, Шақа! Ләбің не ей сенің? Түндегіден әлі ұйқыңды аша алмай отырсың ба?-деп сөзін маңғаздана бастады, түнгі финишта Шақанмен бір жақ боп ойнаған Мәкең.

-Жоқ-ә, Мәке! Сен ұйқы-мұйқыны қайтесің?

Одан да ана дөкейлер жақтан не хабар? Соны айта отырсаңшы! Әне күні қаладан бір комиссия келеді-міс-с, дегенді құлағым шалып қалып еді. Сол жағы тиыш па екен әйтеуір? Жұмыстарың қалай? Былай ақсамай, сылтымай дегендей жүрсіндер ме?

-Ой-бой! Ондай атты күн қайда, Шақа-ау?! Сол «ақсаулар» көбірек боп тұр ғой, бізде де. Ну, ничего, келсе келсін, комиссия. Бірдеңе ғып бетін қайтарып, өз аулымыздан тойтарып тастаймыз ғой, Бәкең, Жәкендер аман болса!

-Уай, оның несін уайымдаймыз! Жұмыс болған жерде кем-кетік те болады. Жұмыс болмаған жерде не болады?

-Иә, дұрыс айтасың. Жұмыс жоқ жерде кем-де, кетік те жоқ. Екеуі қарқылдай күлді. Осы кезде екеуінің күлкісін тия, сөздерін бұлардың даусынан да зор, бұлардан да маңғаздау бір дауыс бөліп кетті.

-Е-е-й, Маңғаз, кіммен сөйлесіп жатсың? Тездетіп ауаткомға жет! Шақан жауапты секретар Қойбак Тайлақұлының даусын естісімен сәл тыңдап барып, тыңдап тұрғанымды біліп қойса ұят болар-деп трубканы қоя бергені сол еді, жасыл телефон қайта безілдеп қоя берді. Сол Қойекеңнің нақ өзі екен. Қызметінің жоғарылығы болмаса ол да Шақанмен түйдей құрдас.

-Ей, Шақа! Тездетіп ауаткомға, осы қазір жет! Ақылдасатын шаруа бар! Облыстан шаруашылықтың барлық саласынан, тексеруге бір-бір дөкей шығыпты. Қазір маған көрші аудандағы достар хабарлады. Апта бойы қырғындай тиген қызылкөз бәлелерді қазір ғана сендер жаққа шығарып сап, Уһ-деп тұрмыз-деді. Қысқасы тез жет! Тез-тез! Ауаткомнан мұндай хабар келіп тұрғанда Шақанда не жан қалсын. Дерету маши-

насына мінді де ауатком қайдасың-деп ұша жөнелді. Бұл келсе, мұнан басқа да төрт-бес мекеме басшылары жиналып, әңгіме басталып та кетіпті. Мұндағы дөкейлер бар, мекеме басшылары бар, бәрі кеңесе келіп, «ақылдасып пішкен тон келте болмас» дегендей мынадай шешімге тоқтаған. Қысқасы облыстан келген дөкейлерді ауаткомдағыларға бір ісімен жақса да, он ісімен жақпай қалып жүрген Шақан Бекенұлы өз үйіне қабылдап, кәдімгі құдасындай күтіп алатын болады. Өйткені аудан орталығындағы жалғыз қонақ үйдің іші қыста бір түнеп шыққанша мұз боп қатып қалғандай қақаған суық, ал жазда миың айналып аузыңа түсіп, өкпең қысылғандай ыстық. Әрі қысы-жазы өлдім десең бір жұтым су таппайсың. Буфетінде өтпей қалған балық консервілері мен қаздай тізілген түрлі ащы су шөлмектерінен басқа ештеңе жоқ. Асхана алыс, тамағы нансыз, әрі дәмсіз. -Ау, Қойеке-ау, Жарандар-ау! Басқасы бола жатар, ет жағын қайтем? Ет жағы қиын болайын деп тұр ғой деп шыр-шыр етті Шақан.

-Оның ретін таппасаң несіне мекеме басқарып жүрсің? Айтылды бітті! Қысқасы мекенің осы мекеме болсын десең, андағы шақша басыңды шайқап-шайқап көр де, выход тап! Осы жолғы комиссиядан аман-есен құтқарсаң, жолым болды дей бер жігітім! Ауатком төрағасының да, хатшысының да көзіне бір түсіп, тасың өрге домалайды енді,-деді Қойекең.

-Көзге түсуге бұдан оңтайлы кез таппайсың!

-Ойбай-ау, шынында да солай екен-ау!-деп бірер жандайшаптар кеу-кеулеп кетті. -Япыр-ай, Қойеке-ай, қандай тапқыр, қандай қамқорсыз, ә?!

-Мұндай жақсылықты, мұндай оңтайлы кезді

әкең де тауып бермейді ғой! Әкең де, Шақа-ау! Неде болса, барыңды салып басып қал бір. Тасың мұнан да жоғарылап өрлеп кетсе әжеп емес,-деп жатыр ақылгөй құрдастары жамырап. Бұлар бір келісімге келгенше көрші ауданнан шыққан бір рота дөкейлер де келіп жетті. Қонақты қарсы алушылардың бәрі бір кісідей ұйымшылдықпен қарсы алып, жамыраса сәлемдесіп, хал-жай сұрасып жатты. Сызданған дөкейлер оңайлықпен бұларға қабақ танытар емес. Топ ішінен байқатпай сытылып шыққан Шақан зытып отырып жұмыстағы келіншегіне звондады.

-Ойбой, Қызғалдақ осылай да осылай. Қысқасы мұнан былай да маған әйел боламын десең, дереу үйге бар да дайындал. Ана төрт бәлені, то есть төрт баланы бақшадан алуға асықпа! Болмаса қарауылдың қасында бірер күн қона салсын де! Звонда солай деп. Тып-тыныш жұмысында отырған келіншек айдың-күннің аманында күйеуінің тегіннен-тегін аптығып тұрмағанын түсінді. Жүгіріп бастығына барып бұл да асыға-аптыға мән-жайды түсіндіре бастады. Артынша жауап күтіп жатпай-ақ, күйеуінің беделіне сенімді келіншек үйіне қарай бар жылдамдығымен ұшып бара жатты. Жол-жөнекей осы керек-ау деген ұсақ-түйек дастархан мәзіріне керектіні түгелдей сыпырып келеді. Қанша желдей естім дегенмен Қызғалдақтың біраз уақыты осымен кетті. Үйіне сүріне-қабына кірген келіншектің өкшесін ала, құлай жаздап бір қойдың, бірнеше тауықтың етін арқалап, қалтаңдай басып қойма меңгерушісі жетті. Етті түсіре салып, басқа кемшіліктің тізімін алып, шопыр кетті шапқылап. Артынша шөлмектердің түр-түрін тізіп маймандай басып басбух жетті.

-Келінжан, кешіре гөр, жұмыстың басқа түрін атқарысатын адамдарды жіберейін,-деді ол кетерінде. Бүгін Шақанның үйінде той болып жатқандай. Бекер обалы не керек, мекеменің басбухынан бастап,қарауылына дейін адал қызмет етісіп жатыр. Бірі бас үйітсе, бірі сексеуіл жарып, далаға самауырға шай қойып әлек. Қысқасы облыстан келген дөкейлер құдасының ауылына келгендей ішіп-жеп, қол-аяғын созып, аунап-кунап қайтсын,-деп жандары қалмай жанығып жатыр. Өне-міне дегенше біраз шаруаны тындырғандай болған Қызғалдақ, дастархан жасауға келгенде ерекше ептілігі бар құрдасы Жұлдызды шақырды. Жұлдыз Қойбақ Тайлақұлының «үйіндегі бәйбішесі» болғанымен, өзім дегенге өзегін салар, аңқылдаған ақкөңіл келіншек еді. Оның үстіне өз сөзімен айтқанда екі қабатты үйдің бірі астында, бірі үстінде көршілес құрбысы Қызғалдақтан аяған ептілігін ит жесін. Ол да бар өнерін салып, екі білекті сыбанып жіберіп дастархан жасауға кірісіп кеп кетті. Әп сәтте мейрамханадағыдай тамақтың, салаттың түр-түрі қойылған дастархан жайнап шыға келді.

-Уһ-деп демдерін бір-ақ алған келіншектердің есіне осы кезде ғана бақшадағы тентектері естеріне түсті.

-Ойбу! Әкелері айтса айтқандай балалар бақшада қонып қала жаздапты-ау! Бақшаның жұмысы аяқталғанына бақандай бір жарым сағат болыпты ғой!

-Қалбай-ау! Ау, Қалбай! Бақшаға ызғы! Балаларды әкел! Бақшадан таппасаң тәрбиешілердің үйіне бар! Әйтеуір тауып кел балаларды! Есік алдында енді қандай бұйрық болады деп тұрған шопыр,

машинаға отыра сап ызғи жөнелді. Біраз жұмысты тындырысқан Жұлдыз да өз үйіне бір барып келуді жөн көріп, екінші қабатқа жүгіре жөнелді. Осы сәтте сау етіп қонақтар да кіріп-кіріп келген. Бірден қонақжай бөлмеге өткен дөкейлер, бір ауданнан екінші ауданға жеткенше оңай боп па, ашығып-ақ қалған екен. Жергілікті нөкерлерімен ал кеп түрлі тағам мен арақ-шарапқа бас қойды. Біраз ас ішіліп, бірнеше шөлмек босаған соң елдің бәрін орысша сөйлеуге ділгір ғып отырған Лев Львовичтің де, жан-жағындағылардың төбесінен қарап кекірейіп отырған Боранбай Қауынбайұлы Дауылбаевтың да, ерекше маңғаз Керімбай Сылқымбайұлы Кесапатовтың да түксиген қабақтары жазылып, сұрланған жүздеріне қан жүгіре бастаған. Енді ше, дыңдай-дындай мекеме басшылары, кімсің, менмін,-деген жігіттер бірі шай құйып, бірі арақ құйып, алың-келің, -деп бәйек боп жатқанда қанша қара тас болса да жібімесін бе? Шақан қонақ күтісуге ертіп келген жолдастарына да, осынша тағамдарды түр-түрімен жайнатып жіберген келіншектерге де бір сәт дән риза боп отырды. Әбден ішіп-жеп, кеңірдектеп тойған қонақтар енді бір кезде «тамақ басар» жасауға кірісті.

-Әңгіме былай, бала,-деді Борекең Шақанға қарап. - «Тамақ басарға» маған бес жүз, Лев Львовичке пен Керімбай Сылқымбайұлына бес жүз. Бес саусағын алға ұмсына тарбита жазған ол саусақтарын әр көрсеткен сайын артынан «жүз» деген сөзді тісінің арасынан ысқырта шығарып. Ал қалған комиссия мүшелеріне мырзалығыңа қарай өзің білесің. Жүздете салсаң да болады. Яғни қалған бес адамға бес жүз. Мынаны естігенде Шақанның басқаруындағы

мекемеде қойма меңгерушісі боп келе жатқанына қырық жыл болып қалған Кебеже Сандықбайұлы Сандықбаевтың көзі ежірейіп, отырған орнында мелшиді де қалды. Мұны сезген Шақан ет дайындау жағынан резервте тұрған жолдасы зоотехник Жылтырбайға «сен қалайсың?»-дегендей қасын қағып қалды. Ол да талайды көріп қалған қу емес пе, қонақтардың көзін ала беріп, өзің ше?-дегендей иек қақты. Не керек, күтуші жігіттер ұғысты. Бір айдаһардың пәтін қайтаруға шамалары келетінін пайымдады. Едәуір уақыт өткенде етке тойып, араққа қыза бастаған дөкейлер «тамақ басарға» салынған салық төленген соң темекінің түтінін бірінен бірі оздыра будақтатып «күліс» ойнап отырды. Қолдары жақсы жүріп отыр-ау шамасы, манағыдай емес, сыздаусудан, маңғаздықтан із де қалмаған. Екі езулері құлақтарына жете мәз. Бұл кезде мана үйге келісімен үлкендердің сабылуына қарап бүгінгі қонақтардың тегін қонақ емес екенін сезіп, бір бөлмеге тығылған төрт тентек, қонақтарға бойлары үйреніп бері қарай жылт-жылт көріне бастаған. Түнімен ойнаған карта, ішілген арақ толасын бір таппай, келесі күн де келіп жетті. Балалар тағы бақшаға барып келді. Бір қойдың еті, жылқының бірнеше қазысы, төрт-бес тауық қазанға және тоғытылды. Жас бастық Шақанға бірде жақса да, бірде жақпай қалып жүрген Кебеже Сандықбайұлы кеше қонақтар келісімен Шақаннан тікелей бұйрық алған. -Қонақтар іш десе ішесің, же десе жейсің! Қысқасы өзің ішіп-жей бермей, соларға алғызасың. Қажет болса, өл десе өлесің! Ақсақалымыз деп, көргенділік танытып, бүгінгі кештің асабасы етіп сайлаймыз. Мен тың жүруім керек. Әйтпесе опе-

рация дұрыс аяқталмайды,-деген. Кебең әрі ойланып, бері ойланып көрді де:

-Ішуін ішерміз, жеуін жерміз-ау! Ойбай-ау, Шақа-ау, өлуін қалай өлеміз?-деген. -Ой, Кебеке-ай, соны да сөз деп, әлгі күйеу жігіт қайын жұртына түсе барғанда «кемпір өлді, кемпір өлді»-дегенде, қисаң етіп өле қалатын кемпірлер ғұрлы жоқсың ба? Солар құсап өле салсаң, тірілуің де солар сияқты оңай болады. Сөз осымен түсінікті болды. Бастығының ақылы басына мықты қонған Кебең ертесіне шыдамай «өліп» қалған. Сұлап жатқан шынашақтай шалды шопыр Қалбай үйіне жеткізіп салды. Орнына асабалыққа бас инженер келді. Бойы екі метр сырықтай серейген бұл жігіт әзірге жаман болмай тұр. Келер түнге қарай қолы әбден жүріп айналасындағылардың қалтасын түгел тонауға айналған Борекең арақтың буы мен ақшаның буы қосылып тілін бұрай масаң дауыспен:

Ар-р-ғы атамды сұ-ра-саң-ай

Дау-ыл-л-бай-ды,

Боран-бай-дың бұл-л ба-с-с-ы-ау

еш-ш-те-ңе-ге ауыр-май-ды.

Жолы бол-лар жігіт-тің-ай

қол-лы жүр-рер,

Шытыр-ла-ған ақ-ша-лар-ей,

Кең қал-лта-н-ны-ай,

өз-зі-ай, біл-лер-ай-ау-у!-деп әндете отырып үй егесі Қызғалдақты шақырып «шотал» берді. (Яғни әрі қарай да қолы жүру үшін жасалатын ырым). Кешелі бері Қызғалдақты көрген сайын қаны қызып, елеріп отырған Лев Львовичқа бұл шақыру ұнап кетіп сақаулана:

-Кыз-з-гал-дак?! Да, да! Я понимаю! По каз-

захский пон-ни-маю-у. Значит это крас-ный цве-ток! Тюль-пан! Не-ет! Я, луч-ще по-зо-ву её Красной Розой! Ро-зо-оч-ка! По-си-ди с нами, ми-и-лая!-деп елпiлдеп, танауы желпiлдеп кеткен ол, ендiгi бiр кезде сыртқы есiктен кiре берген Жұлдызды көзi ша-лып қалып, оны да тiлi күрмеле жүрiп ортаға шақыра бастады. Төрт бала тапса да тал бойында тарыдай минi жоқ дегенмен Қызғалдақтан Жұлдыздың реңi әлдеқайда асып түсер едi. Жұлдыз десе Жұлдыз! Анадайдан көркi көзге ұрып, жақұттай жарқ-жүрқ ете қалғанда есi кетпейтiн еркек қалмайтын. Қонақтың берген «шоталын» алып қонақжай бөлмеден сыландай шыққан Жұлдыздың соңынан есi шыға еңбектей жөнелген Лев Львович:

-Джулдуз-ка! То есть Же-ен-н-я-я! Нет, нет! Звез-да! По-дож-ди-й!-деп тәлтіректей тұра беріп, төрт тағандап құлап түсті. Мына көріністі қызықтап бөлмелерінен атып-атып шыққан төрт тентек те төртаяқтап кеп берді. Ойы лезде балаларға бөлінген, балажан Лёва ағай ендігі кезекте есекше ақырып, әтеш боп шақырды. Ішек-сілелері қата мәз болған балалар енді Лёва ағайды түйе ғып мініп алды. Үйме-жүйме, үстіне балаларды тізіп алған ол ботасы өлген інгенше боздап, ерлі-зайыптылардың жатын бөлмесіне өте беріп етпеттей кеп құлады. Мұны да ойын деп түсінген балалар бірі құлағынан тартып, бірі танауын шұқып, бірі жұдырығымен түйгіштеп, тұр-тұрлап қояр емес. Орнынан төрт аяқтап тұра берген ол қос төсектің біріне қолы жетер-жетпес тағы құлады. Балаларды басып қалар,-деп зәресі ұшқан Қызғалдақ кішкене тентектерін өз бөлмелеріне шырпыры шығып әрең шығарды.Әшейінде Қызғалдаққа

күннің көзін тигізбей, жел өтіне өпкізбей қызғыштай коритын қызғаншақ Шақан жатын бөлмедегі төсегіне өрмелеп шығып бара жатқан Лев Львовичке амалы құрып, алара қарап тұрды да, есігін сарт еткізіп жаба салды. Осы кезде қалт-құлт басып асхана жаққа өткен Борекеңнің артынан ілесе жөнелген ол, абырой болғанда, эзер үлгеріп қалды. Асхананы дәретхана деп ойлап ыңғайлана бастаған Боранбай Қауынбайұлын желкесінен шап берген ол, қырылдата-сырылдата сыртқа сүйрей жөнелді. Сыртқы есікке Борекеңді сүйей сала қаны басына шапшыған ол, көмекке бас инженерді шақырды. Ол келе қоймаған соң бұл кезде әр жерден адамнан гөрі ыңыранған мал дыбысына көбірек ұқсас дыбыстар шығып жатқан қонақжай бөлмеге кіріп барғанда алдымен серейіп жатқан бас инженерді көрді.

-Қ-Қ-Қал-ба-а-ай! У-Уа, Қал-л-ба-ай! Тұтыға айғай салған ол Борекеңді қаға-маға сыртқа жүгіре шығып:

-Уа, неғып отырсың қалбиып?! Ті-тие, мына бәлелерді машинаға!-деді ашуға булығы ақырып. Есік алдында екінші тәулік ара-тұра әртүрлі бұйрықтарды орындаудан шаршап, машина ішінде кезекті бұйрықты күтіп, қалғып отырған қалқан құлақ жігіт, көзін уқалай, ішке жүгіре басып кірді. Қатты ашуланған Шақан:

-Осы үш бәленің көзін құрт!-деді. Тістеніп.

-Ана суық қонақ үйге апарып, бір бөлмеге орналастыр. Таң атқанша, қатып қалмай тірі шыкса, ертең өздерің бой бермей кетіп қалдыңдар. Ыстық үйде өкпеміз қысылды,-деп көнбей қойдыңдар, деп құтыламыз. Қонақ үй бастығына сендер барғанша

звондап, мән-жайды түсіндіріп қоямын.

-Шақа-ау мыналарыңыз кабинада отыра алмайды, ал будкаға сыймайды ғой. -Сыйғызамыз! Екеуі мықшындап, бір жақтарына Қызғалдақты көмекке ала жүріп алдымен бас инженерді, одан кейін Лев Львовичті, екеуінің үстіне қарны шартыған Борекеңді кәдімгі тең тиегендей ИЖ-2500 москвичінің будкасына аяқтарын салбырата үлкен бір машақатпен тиеп болды-ау.

-Қалбайжан, абайла! Бәтеңкелері түсіп, аяқтары үсіп қалмасын. Әйтеуір дін аман қонақ үйге жайғастырсаң, арғы жағын бір Алладан көрсін!

У-Уһ!-деп үйге кірген ерлі-зайыптылар қонақ жайда бастасып-аяқтасып жатқан алтауды аунатып жүріп төсек жөренесіне жайғастырды-ау. «Дөкейлерді» осылайша «дөңгелетіп» жүргенде келесі таң да сыз берді. Ертесіне түс ауа қонақ үйдегі үшеу, ілби басып әрең кірді есіктен. Келе, әлі қорылға басып жатқан қосшыларын тұр-тұрлап жүрген «дөкейлердің екі дөкейі» өз ұсқындарынан да жаман жолдастарының ұсқындарын көргенде беттері қызарып-ақ қалды. Асығыс аяқ-басын түзеген болған олар тағы бір-бір рюмкадан тамақтарына тастап, бастарын жазып алып, ел көрмейтін алакеуім шақта келген ізімен қаласына қайқайған. Сол кеткеннен мол кеткен. Сөйтіп Шақан Бекенұлының беделі аудан басшыларының алдында тағы бір белге өскен.

ДӨКЕЙЛЕР.

XXI-ғасыр, 2000-жылдардың 1-онжылдықтары.

Неше күннен бергі сан құбылған күзгі ауа райы бүгін ерекше тына қалыпты. Таңертең желсіз, тымық

көрінгенімен, ерекше суық ызғар білінген еді. Түске қарай ауа жылымық тарта тымпиып тұр. Аспанды торлап алған қалың сұр бұлтқа қарағанда кешікпей қар жаууы ықтимал-ау. Аты дардай көшенің бойына орналасқан мекеменің іші бір қарағанда тып-тыныш көрінгенімен, әр кабинетте отырған қызметкерлер іштей қыпылдап, енді не болар екен деген күпті ой мазаларын кетіріп абыржытуда. Өйткені жыл басынан бері әр ай құр өтпей, қызметкерлердің жалақысынан жиналатын жарна жылдағысынан да өспесе кемімей, тіпті жиілеп кетті десе де болғандай. Жақында ғана өрт сөндіру мекемесінің тексеруінен аман-есен өткен. Өзара ақша жинап, әрине. Санэпидстанцияның тексеруінен де осы әдіспен әупірім,-деп аман-есен құтылды. Аттарын атай беруге болмайтын тағы бірер мекеменің тексеруін де амандықпен атқарған мекеме қызметкерлерінің бұл күндегі басты мақсаттары өз қызметтерін мүлтіксіз атқарудан бұрын келесі тексеруден қалай аман құтылу жағы қатты толғандырады. Қаржы полициясынан құтылғанда үлкен бір дүлей дауылдан құтылғандай, басшыларынан бастап қарауылына дейін терең бір дем алып, -У-у-uh!-деген. Қатардағы қызметкерлердің ұзынқұлақтан естігені бойынша, бұл жолғы тексеру прокуратурадан -дейді. Көпшілік ұзынқұлақтан пәлен жерден тексеру келеді екен-мыс,-деп естиді. Содан кешікпей артынша ақша жию басталады. Бірақ сол бар болғырларды директор және оның қанша директор(яғни бас) ауысса да ешқашан ауыса қоймайтын мойыны бірінші орынбасар, екінші орынбасарлары мен басекендердің бірер сенімді жандайшаптары болмаса өзге ешкім де ия келгенін, ия кеткенін байқамайды, көрмейді. Әйтеуір көпшілік осы мекеменің бір бұрышын жалға

алып «асхана» ұйымдастырып отырған пысықай жеңгейдің әлдеқашан бәсекендердің сеніміне кірген жан екенін сезеді. Кейде ғана сол жеңгейдің асханасына бәсекеннің бір-екі нөкерімен бірге әлдебір екі-үш бейтаныс кісілермен жайрандай күлімдеп кетіп бара жатқанын бірер кісі ғана байқайды. Кейбір аңқаулау ештеңемен ісі жоқ қызметкерлер қарны ашып, жүрегі сазған соң артынша асханаға кіріп барса бәсекең де, нөкерлері мен бейтаныс кісілер де жоқ боп кетеді. Таңырқаған қызметкер: - Япыр-ау әлгінде, менің алдымда ғана осы асханаға «дөкейлер» кірген сияқты еді ғой! Олар сонда қайда кеткен! Бу боп ұшып кетті ме? Таңырқаған қызметкер есікке бір, тесікке бір қарап, іштей таң-тамаша болады. Бірақ ішкі сезімін білдіруге болмайды. Өзін жақтырмай қарсы алған аспаздан керектісін сыбырлай сөйлеп алады да, аулақтау, шығар есік жақтағы бір орынға отырып алып, асын үн-түнсіз ішіп-жеп тезірек орнынан тұрып кетеді. Ал артық рет бәсекеннің көзіне «ошаған» боп көрінбеуге тырысатын сақ жандар ол күндерде аштан өлсе де асханаға жуымайды. Көзге көрінбейтін, іздесең таппайтын жайлы бір жайда іс бітеді, қу кетеді. Жылмия келген бейтаныстар бәсекендердің тобында жымия шығып бара жатады. Оны да әлдеқалай себеппен дәлізге шығып қалғандар болмаса ешкім байқай қоймайды. Қызметкерлердің аракідік әлдеқалай бас қоса қалса айтатын өзекті мәселелері де, қызықты тақырыптары да осы жайлы. Әсіресе мұндайда зейнетке шығуға жақын қалғандардың пікірі ашықтау. Онда да олардың өзі екіге кейде тіпті үшке бөлініп кетеді. Үйінде сенімді арқасүйерлері барлар:

-Дұрыс. Тексеру келсе ақша жинаймыз. Ауызда-

рын майлап-майлап, жымын білдіртпей аттандырып жіберу керек. Ары қарай тып-ты-н-ыш жұмысымызды істеп жүре береміз,-дейді. Екінші біреулер:

-Е-е-ей, баяғыдан, атам заманнан бар әдіс. «Орысқа бара бергенше пара бер»-деген. Бұл болған, болып та жатыр, бола береді де,-дейді. Құдды бір өзекті тақырыптан диссертация қорғап тұрғандай дәлелдей сөйлеп. Бұлар бастықтарға жағына білетін, сонымен қатар арқа сүйерінің арқасында айлықтары шайлықтарына орай жетіп жүргендер. Тағы бір топ:

-Құдай-ай! Бәле болды ғой! Зейнетке шығып көзімізді құртқанша құтыла алмайтын болық-ау! Бұл күмілжи, даусы мұрнының астынан естілер-естілмес айтқан сөзі. Іштей: -Қалт-құлт етіп өзіміз әрең күн көріп жүргенде тағы ақша жинайтын болды ғой. Қалған тиын-тебенімді келесі айлыққа дейін бірдеңе ғып себелеп жеткізермін деп жүр едім. Қалтамның түбіндегіні қағып берсем айлыққа дейін кімнен қарыз аламын, а?-деген ой жанын жегідей жейді. Бұл үшінші топтағы зейнет жасына жақындағандар, сондай-ақ өзге де қызметкерлердің тең жартысынан асығы.

Тиісті кісіге жиятындарын жиып берген соң былай шыға әңгіме бастаған көпті көрген қария:

-Ой, заман-ай десейші! Кешегі Кеңестің кезінде тексеруші дегенің дүркірей келіп, шұрқырай аттанушы еді. Өзіміз де солармен қоса ішіп-жеп, құдамызды қарсы алғандай қарсы алып, нағашымызды шығарып салғандай шұрқыраса, қимай қоштасып, шығарып салушы едік. Енді міне тексеруші дегеніңнің қай есіктен кіріп, қай тесіктен шыққанын да байқамайтын болдық. Әйтеуір ақша жинап берсек болды. Ары қарай не боп жатқанын бір құдайдың өзі білсін. Жұмыс бітіп кешке

үйлеріне қайтқан қызметкерлердің аялдамаға дейін, және аялдамада тұрып та, әрқайсысы өз көліктері келгенше айтылған әңгіме:

-Құрысын, жина десе үн-түнсіз жинап береміз де. Әйтеуір жұмыссыз қалмай уақтылы айлығымызды алып тұрсақ болды. Бұл орта буын өкілдері.

-Келмеске кеткен Кеңесті қайтесіз! Осы күнімізге шүкір дейік. Соғыссыз, аспанымыз ашық, жеріміз тыныш болса болды. Бұл Кеңестің тарар алдындағылар.

-Иә, не көрсек те көппен бірге көрейік! Жеке бастың бәлесінен сақтасын.

-Бәрін айт та бірін айт, өз ішіміздегіні қойшы!

-Бәрінен де жақсысы ешкімге жалтақтамайтын, тәуелсіз егемен ел болдық! Мұның бәрін істеп отырған өз айналамыздағылар ғой!

- Иә, бұдан жаманымызда да тойға барғанбыз. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк! Не болса соны айта бермендерші!

-Тиын-пиын жинады деген не тәйірі! Аспанымыз ашық, жеріміз тыныш болсын. -Бәрінен де тәуелсіздігіміз баянды болсын, ағайын! Сырттағы ешкімге жалтақтамайық.

-Дұрыс айтасыз!

- «Басшысыз қалса ел жетім» деген. Ел басқарған арыстарымыз аман болсын! Бірлікшіл, момын ағайын осындай мәмлемен тарасты. Иә ел аман, жұрт тыныш болсын!

СЕЛ

Оңтүстік өңірде бұрын-соңды болып көрмеген бұл қыс алты ай бойы елді жақсы-ақ қысты. Қыстың басы басталысымен-ақ әр екі-үш күн сайын жауған

қар тоқтамай, күндіз-түні қиыршықтай себелеп кейде бірнеше күнде, кейде тіпті аптаға жуық үздіксіз жауып барып әрең толас тапты. Қалың, әрі тығыз жауған қардан мал тұрмақ адам аяқ алып жүре алмай қалды. Әшейінде бейнеті аз емес ауыл үйдің айналасын қардан тазарту, мал қораға жол салу, қора ішін тазалау дегендерің анша-мұншаның әлі келе бермейтін зор машақатқа айналды. Жыл сайынғы қыс мезгілінде ауласын қардан ат шаптырым етіп тазалап тастайтындардың өзі күні-түні қармен алыса-алыса ақыры титықтап, шаршап, қажетті жерлерге ғана жол салып қоюмен шектеле бастады. Көрші үйлер мен қора-қопсы арасына салған осындай жолдар құдды тунель сияқтанып, ашық алаңқайда емін-еркін асыр салып ойнайтын, балалықпен ештеңені елең ете қоймайтын ойын баласы мен жасөспірімдердің қуаласпақ, тығылмақ, сондай-ақ соғыс ойындарын ойнайтын жеріне айналды. Алғаш қыс басында үлкен жолдарды бульдозерлер тазалады. Кейін бұл техникалардың әрбіреуіне жағдайға байланысты екі-үш қыстаудан бекітіліп берілуіне байланысты көшелер мен жолдарды тазалауға техниканың бұл түрі жетпей қалды. Сондықтан, жоғары жақтағылардың шешіміне байланысты ауылға жақын маңда орналасқан әскери бөлімнің танктері ауық-ауық қардан тазарту жұмыстарына жәрдем етіп жатты.

Алғаш омбы қарды малтығып жүріп, аяқ киімдерінің қонышынан қар кіріп, сабақ аяқталғанша аяқтары малмандай су болған бірнеше оқушы суық тиіп ауырып жатып қалды. Бұл жағдайдан кейбір тапқыр аналардың ойлап тапқан әдістерінің

арқасында қиындықтан шығудың жолы табылды. Сондағысы қыстық аяқ киімнің сыртынан ұзын шұлық киіп оны жуан саннан резеңкемен бекітіп тастау еді. Сол қыста сауда орындарында шұлықтың саудасы жақсы-ақ жүрген болуы керек. Амалдап жүріп оқушылар екінші тоқсанды әрең аяқтады. Қысқы он күндік каникулды қосқанда бір жарым ай сабақ тоқтап қалды. Ауыл тұрғындарының жаз бойы тынбай, әр отбасының өз шама-шарқынша қорадағы мал басының санына қарай жинаған шөп-шаламы қыс ортасына жетпей таусылуға айналды. Ал үйінде отыну даярлайтын ер-азаматы жоқ тек қыз балалары бар шаңырақтардың жайын ойлаудың өзі қорқынышты еді. Екі ұзындау, екі қысқа, айналдырған төрт көшеден тұратын «орталық»-деп аталатын шағын ауылдың шаруашылық жайы қарияларын ойландырмай қоймады. Олар бірінші күні диірмен жанында кездесіп, біріне бірі сәлем айтып, ертең түске таяу у-шусыз, тыныш, ескі қамбаның қасында жолығып ақылдасатын боп шешті. Ондағы ойлары қамба мен диірменге келген кісілермен де ой бөлісіп, келісілген шешімді ағайынға тезірек таратып, оның орындалуын жылдамдату.

Ескі тоған жиегіндегі ұзын көшенің орта тұсындағы қам кірпіштен бір замандарда соғылған қамба мен пайдалануға берілгеніне жеті-сегіз жылдай ғана болған диірмен шағын ауылдың ғана емес бүкіл осы өңірдің жаңалық орталығы. Екеуі ауылды көлденеңінен кесіп өтетін үлкен арықтың екі жағына орналасқан. Бірінен біріне өту оп-оңай. Қарымды кісі өткелден қарғып өтсе, қорқақтаған жан сәл әріректегі тас көпірден айналып өтеді. Бір-біріне

жақын орналасқан диірмен мен қамбаның жаңалық орталығы болатын себебі қыс демей, жаз демей бұл екі орыннан адамдар үзілмейді. Қамбада бір кезеңдерде өкіметке өткізілетін астық сұрыпталып жатса, бір кезеңдерде ауыл еңбеккерлері өздеріне тиесілі астықтарын, шекерлерін қаптап алып жатады. Кейде қамбашыны орнынан таппай бірталай кісілер оны сағаттап иіріліп күтіп тұрғаны. Мұндай кезде қамбашы не колхоз кеңсесіне, не қырманға кетеді. Бұл жағдайдың ауық-ауық қайталанатыны сонша ел оған әбден үйреніп кеткен. Күн райы жайлы болса қамбашыны сағаттап күтуден жалықпайтын колхозшылар осы арада қысыр әңгіменің тиегін әбден-ақ ағытады. Күн райы суық, не желді, болмаса аса ыстық кездерде жақын мандағы қабағы ашық қонақжай үйге кіріп жан бағады. Қарап жүрмей естіген білгендерін де айта жүреді. Диірменге келгендер болса-болмаса ұн, жем тартқызып, тірлігі біткенше сол маңайдың тіршілігін қыздырады.

Екінші күні қамба жанында үш-төрт ауыл ақсақалдары қызу кеңес құрып тұрды.

-Біз ес білгелі мұндай қысты көрмеп едік. Әлде менің есімде қалмады ма, а?-деп жасы сексеннен аса бастаған, ұзын ақ сақалы омырауын жапқан, аққұба өңді, сылыңғыр келген, үстіне қаракүл жағалы, етегін қарақоңыр пұлышпен көмкерген ұзын сары тон киіп, қолына тобылғы түсті таяқ ұстаған Ескелді қария жанындағыларға сұраулы жүзбен қарады.

-Жо-жоқ. Сізбен үзеңгілес келе жатырмыз ғой. Меніңше де мұндай қыс бұрын-соңды болған емес. Төртбақтау келген, қараторы, қаба сақалды қария Ташкенбай оң қасын сәл көтере таңырқағандай

пішінмен жанындағы қызылшырайлы кісіге қарады. Бұл кісінің үстінде қалың сырма шапан.

-Талай-талай қатты қыстар болды-ақ қой. Небір жұт та болды. Бірақ аязы қатты, желі күшті қыстар болғанымен дәл осындай қары қалың қыс болғанын білмейді екенмін,-деп қызылшырайлы, сақал-мұртын дөңгеленте ұқыптап бастырған, қалың сырма шалбар мен заманауи, тізеден жоғары қара тон киген Садық кісі сөзге араласты. Көп кешікпей-ақ бұларға орта жастан аса бастаған және екі кісі кеп қосылды. Тобы көбейе түскен кісілер манадан диірменге кіріп-шығып жүрген жастау екі еркекті қастарына шақырып алды.

-Ассалаумағалейкум, ақсақалдар!

-Орта толсын!

-Уағалейкумассалам!

-Толмағаны сіздермен толсын.

-Ау ақсақалдар-ау! Далада жаурап тұрғанша жылы үйге кіріп ақылдаспайсыздар ма?-деп жақын тұрған үйіне шақырған орта жастан аса бастаған Сабырға Ескелді бастаған ақсақалдар тобы рахметін айтып, үйге барудан бас тартты.

-Үйге барған соң әңгіме ұзарып кетеді.

- Әйелдерді де босқа әбігерге салмай осы тұрғанда-ақ шешетін мәселе. Желсіз тымық күнде сібірлей себелеп жауып тұрған қарды елемей, жағаларын қолғапты қолдарымен бір-бір қағып алған үлкен кісілер қамбаның маңдайшасына жапсыра бекітілген бастырма астына сөйлей жүріп ығысты. Сөз саптастарына қарағанда мәселенің негізгі түйіні Есекеңнің шешіміне байланысты шешілетіні анық көрініп тұр. Топтаса иіріліп тұрған ақсақал-қарасақал сол кісіге қарайтындай.

-Қысқасы, осы ауылдағы малының жем-шөбі таусылуға таяп, не істерге білмей сасып отырған үйлерге жәрдем беруіміз керек.

-Иә.

-Иә, қарап отыруға болмайды ғой.

-Ауыл басшыларының онсыз да жұмыстары бастарынан асып жатыр. Колхоз малын аштан қырып алмау әрекетімен олар да күндіз-түні сабылып жан-жақтан көмек қолын созамын деушілермен байланыс жасап жар құлақтары жастыққа тимей жатса керек.

-Жеке меншіктің малына да қарайласамыз -деп қаулы шығарыпты,-деп естідік.

-Ендеше осы тұрған кісілерден бір-екеуіміз ақсақалдардың атынан басшыларға барып жолығайық. Жеке меншікке беретін көмегінің көлемін байқайық.

-Берсе сол көмекті алдымен жетім-жесірлерге, одан қалды жем-шөбі тақыр таусылуға қараған үйлерге бөліп берейік.

-Колхоздың көмегі жетпей жатса осы ауылда бірнеше жыл бұзылмай тұрған маялары бар үйлер бар.

-Бір емес, екі-үш мая пішен сүрлеп жинаған кісілер бар.

-Е-е! Онда соларды үгіттеп көндіріп, мұқтаж жандарға бөліп берейік.

Ауылдың жайын, ел қамын ойлаған ақсақалдар бірінің ойын бірі оқып тұрғандай. Алдын-ала келісіп алғандай бірінің ойын бірі жалғастырып, бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, тез-ақ мәмлеге келді. Үлкендіктерін міндет қып, ешкімді әбігерлікке де салмады. Бос, қысыр сөзге уақыт жоқ. Сөз осымен

бітіп кеңес аяқталды. Қариялар енді осы сөздерін іс жүзіне асыруға кірісті. Кеш түсіп маңайды қараңғылық басқанда колхоз кеңсесіне екі қария келе жатты. Мақсаттары кешкі правление жиналысына қатысу. Олар бастықтың келуін ұзақ күтті. Ақыры ел орынға отыра жеткен басшының алдында төртінші мәселе боп қаралған қариялар ұсынысы ертеңінде-ақ іс жүзіне аса бастады. Бір аптаға жуық уақытта айтылған уәждері мен ұстанған шешімдерін толық жүзеге асырған қариялар -уһ!-деп алаңсыз дем алды. Астарын уайымсыз ішті. Бітірген істеріне көңілдері тоғайды. Дегенмен бірде қалың қарлы, бірде аязды оншақты күнгі шамадан тыс тынымсыз еңбек, жастары ұлғайған кісілердің денсаулығына кері әсер етпей қойған жоқ. Ауыл халқы қарияларына барынша разы болды. Осылайша қары қалың қатты қысты да артта қалдыра бастаған ауыл халқы көктемге жетпей ақсақалы бар, кейуанасы бар бірнеше қарияларды келместің кемесіне мінгізіп салды. Екі-үш жігіт келіншек түсіріп, үш-төрт қыз күйеуге шығып кетті. Сырт қарағанда баяғы көшелер, баяғы үйлер сол кеңсе, сол мектеп, медпункт пен дүкен, почта да өз орнында. Еш өзгеріссіз сияқты, тып-тыныш тымпиған шағын ауыл. Қанша қиын болды дегенмен өмір өз ағымымен жүріп жатты.

Көктем шығып, күн жылына әбігерліктің жаңа бір түрі басталды. Шағын мектептің жоғарғы сыныбы саналатын бұл сыныпта нақ қазіргі сабақта оқушылар 100% қатысып отыр. Өйткені бұл география сабағы. Жастықты артта қалдырып жігіт ағасына айнала бастаған мұғалім-Мұрат Әбдіғаниев өте талапшыл, алған бетінен қайтпайтын, қатал кісі.

Сабақты түк сезбес біреу болмаса өзгелердің миына езіп құятынның нақ өзі. Талапшылдығы сонша жақсы оқитын оқушылар тек тақырыпты ғана меңгеріп қоймай, сол тақырыпта өткен жерлерді картадан тактаға теріс қарап тұрып көрсететін жағдайға жеткен. Ең нашар оқитындардың өзі төрт мұхит пен алты құрылықты, басты таулар мен өзендерді картадан кідірмей көрсете алады. Бүгінгі күні де жиырма сегіз оқушы тым-тырыс мұғалімнің аузына қарап қатып отыр. Шыбын ызыңы білінгендей тыныштықты ағайдың екі қатар парта арасынан жүрген салмақты аяқ басысы ғана бұзып тұр. Әдеттегідей оқушыларды түгендеп болған ол партаның ортасымен жүріп өтті. Тікірейе көтеріліп маңдайына түсе берген қайратты қара шаштарын оң қолымен кейін қарай бір серпіп тастады да, оқушыларға тегіс барлай қарап алып сөз бастады.

-Балалар, өздерің де естіп жатқан шығарсындар. Қыстай жауған қар тау боп үйілді. Күн жылына бастағалы маңайдағы сол тау-тау боп үйілген қарлар еріп, енді сел жүру қаупі туып тұр. Таластың суы кемерінен асып жағасындағы елді мекендерді су басып қапты. Қаладан, аудан орталығынан қатынайтын жолдарды түгел су шайып кетіпті. Көрші ауыл Көкбастаудың үйлері жарты белінен су астында қалыпты. Әңгіме тұрмыс жайынан басталғаны ұнап кетіп, кейбір босаңси бастаған оқушылар шыдамай үн қатып, сұрақ қоя бастады.

-Ағай, ағай! Сонда үй ішіне де су кіріп кетіп пе?

-Тұрғындар көшеге шығып, жүре алмай қалып па?

-Сабаққа бара алмай қалған шығар, иә?

-Токтандар! Шуламаңдар! Әрине жан-жақта түрлі қиындықтар болып жатыр. Қарасудың да екі көшесін су алып кетіп, халық қиналып жатыр. Осы кезде шыдамсыздау бір бала қолын көтере беріп, ентіге сөйлеп:

-Ағай, ағай сол ауылдағы біздің бір туысымыз таңда атпен келген. Сол кісі судың үй ішіне кіріп кеткенін айтты. Сөзді екінші бала іліп ала жөнелді.

-Иә, ыдыстар, кірлен, шылапшындар суда қалқып жүр дейді. Тағы біреу үлгермей қалатындай ентіге сөйлеп:

-Сол ауылда тұратын бір бала айтты, таңертең ұйқыдан тұрғанда кроватимыз су ішінде жүзіп тұрды. Жалаңаш аяғымызды қайда қоярға білмедік дейді.

-Су сондай суық екен деді. Елеріп алған балалар бірінің сөзін бірі іліп ала жөнелді.

-Жә, болды! Жамырамаңдар! Бізде де сондай жағдай болмас үшін алдын ала қам жасауымыз керек. Аздап сабырға келген балалар:

- Иә, қам жасауымыз керек!

- Сонда не істейміз ағай?

- Кейбір көпті көрген ақсақалдар, күзде жерге тоң қатып үлгермей қалың қар басып қалды. Жерде тоң қалың болмаса судың біразы жерге сіңіп селдің қаупін бәсеңдетеді,-дейді. Өздерің білесіңдер. Мұндай жағдайларда халықты жұмылдырып, қиын мәселелердің түйінін шеше алатын аталарымыз да сиреп қалды. Сол кісілердің орнын кім басуы керек?! Оқушылар бір ауыздан:

-Біз!

-Әрине, біз!

-Ондай болса бүгіннен бастап сабақтан соң

әрқайсысың үйлеріңде бар кетпен, күректеріңді алып шығасыңдар.

-Алып шығамыз, ағай!

-Алып шығамыз!

-Барлық арық-атыздарды тазалау жұмысын қолға аламыз. Шүліз жақты да тексеріп шығуымыз керек. Екпінімен келген су еш жерде іркілмей төмен қарай ақса, бұйыртса селден аман қалармыз деп ойлаймын.

-Дұрыс айтасыз, ағай!

-Үлкен тоғанды тазалау жұмысын колхозшылар қолға алатын болды. Ал қалған шағын арық-атыздарды тазалауға жәрдем береміз ғой!

-Жәрдем бергенде қандай!

-Жәрдемдесеміз, ағай!

-Сонымен қатар үлкендер су басында түнгі күзетке шығатын болды.

-Біз де күзетісеміз!

-Біз де күзетейікші, ағай! Сонымен сөз бітіп, оқушылар сол күннен бастап қысқартылған күн тәртібімен оқып, қалған уақыттың бәрінде арық тазалау жұмысымен айналысты. Кейбірі тіпті есік алдын сыпырғандай арық ішін айнадай етіп тазалады. Ол күндердегі географ Мұрат Әбдіғаниев ағайдың еңбегі ересен болды. Тек оқушыларды ғана емес үлкендерді де күндіз-түні кезексіз келген бейнетке бір кісідей жұмылдырып, үлкен-кіші, баршасын тәртіппен бағындырып ұстай алды. Іс-әрекеттің ешбірі бос кеткен жоқ. Нәтижесі айтарлықтай-ақ болды.

Бұл кезде Қарасу көлінің суы кемерінен асып сыртқа, егіс даласына жайыла бастаған. Ақыры қауіп төндірген су да келіп жетіп үлкен тоған, арық-атыз түгелдей бетімен бет суға толды. Шағын ауылдың

тоғанды бойлай бой түзеген ұзын көшесінің жар-тысына ғана жалата төселген шағал тас әлдеқашан жерге сіңіп жоқ болуға айналған. Қалған жарты-сы қара жол. Бұл жолдармен жыл сайынғы жаз ай-лары бойы арбамен шөп тасылады, аракідік шаруа қамымен шынжыр табанды трактор өтеді, белорусь тракторы мен машина болса болмаса тынбайды. Жол жол емес, әлдеқашан қазылып, жол деңгейінен төмен түсіп, қосымша бір ойпауыт, жалпақ арыққа айналып кеткендей еді. Бүкіл тоған, арық-атыз, сай-салаға сыймаған су, енді осы көшемен сарқырап аға баста-ды. Күндіз-түні бүкіл көшені алып, ештеңеге бой бермей сарқыраған судың дыбысының өзі көңілдерде қорқыныш ұялатып, үрей туғызардай. Ауыл үйлері құдды бір телегей теңіз үстіндегі аралдарға салынғандай. Апта бойы күндіз-түні ауыл тұрғындары бес-алтыдан, оншақты адамнан құралған бригада-бригада боп су басында, қауіпті аймақтарда күзетте тұрды. Олар қолдан келгенше суды сай-салаға арық-атызға бұру жұмысымен айналысты. Сарқыраған ды-быс екі тәулік өтіп үшінші тәулікке қарағанда сылқ-сылқ етіп барып, бірте-бірте сылдыраған жұмсақ үнге ұласа бастады. Бесінші тәулікке қарағанда ол да тоқтады. Көшенің биіктеу жерлері судан ары-лып, жай ғана балшық болып, сайлау жерлері үлкен-үлкен шалшыққа айналды. Бір Алланың жәрдемімен оншақты күн күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеген ауыл тұрғындарының жұмылған жұдырықтай тас-түйін бірлікті тірлігінің арқасында бейнеттері зая кетпей, өте ой жерде тұрған үш-төрт үй болмаса өзге бірде-бір үй селдің әсерінен зардап шекпеді. Әйтеуір не керек өзге ауылдардай үйлер белшесінен су ішінде

қалған жоқ. Аптадан аса түн ұйқысын төрт бөлген ауыл бірте-бірте бұл қиындықты да артта қалдырды. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші жан-жақтағы ауылдарды су алғанымен Батыр атындағы ауылды сел айналып өткендей болды.

Үшінші тоқсан аяқталып оқушылар көктемгі каникулға шығарда колхоз правлениесінің қаулысы бойынша бүкіл ауылды селдің қаупінен құтқару жұмысына белсене басшылық еткен география пәнінің мұғалімі Мұрат Әбдіғаниев ақшалай, заттай сыйлықпен марапатталып халықтың алғысына бөленді. Мектептегі ең жоғарғы 7-8- сынып оқушыларының әрбіреуіне Қазақстанның классик жазушыларының бір-бір атақты кітаптарын сыйға тартты. Бұл күндердегі жанқиярлық еңбегі үшін мектеп басшылығы да құрметке бөленіп, бүкіл мектеп ұжымына алғыс жарияланды, сый-сияпатқа ие болды. Осы істің нәтижесінде аудандық оқу бөлімі де құрметтен шет қалған жоқ. Ауылына, еліне адал қызмет ету тек абыройға бөлендіретініне сол кездегі, сол оқушылардың көзі әбден-ақ жетті. Еңбек-бар қиындықты жеңбек,-деген осы.

БІР ҮЗІМ НАН.

Шағын ауылдың орталық көшесінің дәл ортасындағы кеңсеге қарама-қарсы қоржын тамнан шыққан орта жастан аса бастаған ақ жаулықты әйел бірден ауыл сыртындағы тоғанға қарай бет алды. Бірер жіп-шуанды екі қырықтық қайшымен қоса бірінің ішіне бірін салған үш-төрт қапты аузын буып иығына аса салған. Жанында қолынан жетектеп алған

бұйра бас, төрт-бес жасар немересі. Алғаш жетегіне жүрмей, ойнап жатқан ойынын қимай қикарланған баланы әжесі әрнені айтып қызықтырып ақыры еркіне көндірді-ау. Сонда да біресе арқалап, біресе жерге түсіріп Біраз әбігер болды. Бір қарағанда ерке, қикар көрінгенімен нәті жуас бала әжесінің қызықтыра айтқан уәжіне тез-ақ елтіп, аздан соң томпаңдай ілесе жөнелді. Екеуі тез-ақ күн қызбай тұрып ауыл шетіндегі тоған жиегіне шығып үлгерді. Әр жер, әр жерінде биік қара талдар мен қамыс тұтаса өскен жиектегі жалғыз аяқ жолға түскен бірі үлкен, бірі кіші екеудің өзара әңгімесі қызық, әрі жарасымды-ақ сияқты. Әлден уақытта тоған жиегіндегі көлеңкелі жол бітіп екеуі ашық алаңқаймен келе жатты. Бұл кезде күн тас төбеге көтеріліп, жаздың ыстық күні жер бетіне қызуын барынша төге бастаған. Шаршап, екі аяғы талған бала ары қарай жүргісі келмей тоқтай қалды. Ыстықтағаннан беті қызарып, екі шекесінен тер аққан ол:

-Апа, үйге қайтайықшы! Мен шөлдедім,-деді қыңқылдап жылай бастап. Баласының қасына қалт тұра қап шекесінің терін қол орамалымен сүрте бастаған әже: -Жоқ, балам, аз ғана шыдашы! Діттеп шыққан шаруаны тындырмай орта жолдан қайтуға болмайды. Немересінің қолынан ұстап ілгері жылжығысы келгенмен, ол қолын жұлқылай тартып:

-Ы-ы-ы, шыдай алмайым!-деп жылауын үдете бастады.

-Қой, жыламашы енді, құлыным! Әне, ан-а-а-ау, киіз үйдің төбесін көріп тұрсың ба? Жақын қалдық қой!

-Жо-о-оқ! Көр-гем жоқ!

- Өне, тоғанның арғы бетінде, анау қалың қамыстың ар жағында төбесі шошайып көрініп тұр ғой! Сол қараша үйге барамыз!

-Бар-ма-й-ым! Немересін қайтіп көндірірін білмей сасқан ана, оны басынан сипап, арқасынан қағып, бетінен сүйіп әбден пұшайман болды.

- Жаным, жарығым менің! Сосын дем алып, ша-а-ай ішеміз! Сол жерден к-ө-ө-өп қойларды, қоша-қандар-ды-ы көресің! Бір жақсы апа бар. Ол бізге құртмай береді. Тойғанымызша жейміз.

-Ке-ре-гі жоқ! Же-ме-й-ім! Ақыры немересін ары қарай жүруге көндіре алмаған ана оны арқалап алып ілгері жүріп кетті. Бұл уақытта өзі де біраз шаршай бастағанын сонда ғана сезген ол, тіп-титтей немересін іштей аяп келеді.

-Кіп-кішкентай болған құлыным-ау сол! Осынша жерге шыдағаныңа да шүкір! Ауылдан шықпай-ақ көтер десе қайтер ем! Жа-ры-ғы-ым, шыдамды-ақ өзі! Ол іштей өз-өзімен күбірлеп, немересін айналып-толғанып келе жатып өзінің шаршай бастағанын ұмытып кетті. Бір иығына тастай салған қабын бала арқалаған соң қолтығына қысып алған-ды. Сол қаптары бар болғыры жетер жеріне жетпей қайта-қайта қолтығынан сырғып әбден әбігерге салған соң орта жолда тоқтай қалып, қап ішіндегі қолдан ешкі, аракідік ат қылын қосып ескен жіптерді бір-біріне жалғап белін буды да қаптарды соған қыстыра салды. Мұның бәрін баланы алдарқата жүріп істеген ол немересін қайтадан арқасына арқалап алды. Ақыры діттеген жеріне де жетті-ау. Өзі айтқан қамыстың арғы жағы кең алқапты қара құм. Малды ауылдың ежелден жаз жайлауы болған жер. Қойшының үйі

осы құмның төрінде екі өзектің ортасынан орын тепкен екен. Үйге жақындай бере сонадайдан:

-Ауф! Ауф,-деп қос төбет қосарынан бұларға қарай өре түрегелді. Ананың арқасындағы тербелістен балқып ұйықтап бара жатқан бала абалаған иттердің дыбысынан оянып, басын көтеріп алды. Иттер үре бере-ақ іле шыққан ақ жаулықты әйел: -Жат әй, жат түге!-деп иттерді жасқай беріп, үйіне келе жатқан кейуананы тани кетті. Иттер: -Е-е-е, өз адамымыз екен ғой дегендей бәсеңсіп, шегіншектеп қалды. Ақ жаулықты әйел:

-Ау, Бүбіш әпке! Бұл сіз бе?-деп келе жатқан кимешекті әйелге қарай қуана ұмтылды.

-Иә, менмін, Күлтай! Қалай, амансыңдар ма, қарағым? Көптен көріспеген-ау. Бір-бірін сағынып-ақ қалыпты. Екеуі құшақтаса көрісіп амандасты.

-Е-е-е, аман-есенбіз. Бізді жау алар дейсіз бе? Кимешекті кісінің арқасындағы баласын қолына көтеріп ала беріп бетінен сүйіп, өзін тосырқай кеудесінен итеріп тыжырынған баланы қайта жерге қойған Күлтайға:

-Қой! Өйтіп айтпа!-деді Бүбіш тыйым сала сөйлеп. Қапалақтап асып-сасып жүрген Күлтай: -Қалай, өздеріңіз аман-есенсіздер ме, келін-бала аман ба? Екеуі дабырласа ауыл-аймақ, ағайын-туыстың амандықтарын сұраса жүріп үйге кірді.

-Неғып осынша ыстыққа ұрынып түске қалдыңыз? Үйден ертерек шықпадыңыз ба? -Ерте-ақ шыққанмын. Мына баламның жүрісімен жарты жолға жеткенше митындап, жеткеніміз осы болды ғой.

Жайлы, көлеңке беттің іргесін ашып қойған

салқын үйге кірген соң ұйқысы ашылып кеткен бала бұл кезде әрнеге қызықтай қарап, құлдыраңдап өз бетімен ойнай бастаған.

-Ой, құлыным-ай сол! Кіп-кішкентай боп жарты жолдан асқанша жаяу келді ме? Дереву төрге таза көрпеше төсеген үй иесі:

-Жоғары шықсаңызшы әпке,-деп ілтифат көрсетіп жатыр. Төрге оза берген жасы үлкен Бүбіш жайғасып отырып жатып:

-Иә, өзі жүріп келді,- деп мақтаныш ете немересіне қарады.

-Міне, жігіт болды деген сол.

-Айтпақшы, Қорабай қайда?

-Үйде ұн бітіп қалып, Түймекенттегі диірменге ұн тартуға кетіп еді. Міне бір апта болды, әлі келе алмай жатыр.

-А-а-а. Солай ма? Бұл уақытта есік алдындағы шай қайнап, Күлтай сақырлаған шағын сары самауырды үйге кіргізіп, дастархан жасай бастады. Ісін істей жүріп сөзін жалғастырған ол:

-Екі ауылдың арасы жақын көрінгенмен, көктемде су тасығанда бұзылған көпір әлі жөнделмепті. Немересін қасына шақырмаққа бұрыла берген Бүбіш:

-А-а-а, неғыл дейід, әлі жөнделмеп пе? Естіп отырғаным осы. Олар- дастархан басына жайғаса бастады. Аз үзілістен соң Күлтай сөзін ары қарай жалғастырды.

-Ақшолақ, Сарыадырмен айналып Кентке жеткенше түн боп кетіпті. Өңірдегі істеп тұрған жалғыз диірмен болған соң ұзын-сонар өшірет дейді. Төртінші күні түс қайта бидайын әрең тартқызыпты. Сол әбігерлікпен жүргенде арбасының дөңгелегінің

бір темірін, қамытын біреу қолды ғып кетіп, соны ұстаға істетуге кеттім, уайымдамасын,-деп алдыңғы күні біреуден сәлем айтып жіберіпті. Сүтін көме қатқан күрең шайды Бүбішке ізетпен ұсына берген Күлтай:

-Бұйыртса бүгін кешке шейін кеп қалар,-деп енді өзіне шай құя бастады.

-Апта бойы қой соңында жүріп сен де әбден сілелеп шаршаған екенсің ғой. -Айтпаңыз! Қартайса да азаматтың аты азамат. Сол жаман шалдың арқасында әлде де болса көп нәрсені біле бермейді екенмін. Екеуі әңгімесін жалғастыра отырып шай іше бастады. Шөл қысып, шаршаңқы тартқан аналар самайларынан тері аға, шайды сүйсіне ұзақ сораптады. Мана үйге кірісімен бір кесе салқын суды сіміріп алған сары бала Болашақ бұл уақытта екі әже екі жақтап шақырса да дастарханға жоламай өз бетімен алаңсыз ойнап отырған. Әжелер шайын ішіп бола беріп енді дастархан жинамақшы болғанда ол:

-Апа, қарным ашты. Нан жеймін,-деді.

-Ой, құлыным сол! Күлтай жия бастаған дастарханды дереу қайта жазды.

-Қарашы, бұл қырсықты. Қайдағы жоқты сұрап... Бүбіш сыбырлай сөйледі.

-Мейлі, мейлі, апасы... Ботасы құрт жейді, ма-а-ай жейді. Кең жазылған жолақ өрнекті қалың шыттан жасалған көкшіл-қоңырқай дастарханда шынында да құрт пен майдан басқа ештеңе жоқ еді. Дастарханға тігіле бір қарап алған бала:

-Жо-о-оқ! Құрт та, май да жемеймін. Н-на-а-н! Нан жеймін,-деп жылай бастады.

- Ой-и-бу! Шөл қысқаннан шайға отыра кетіп,

барымды дастарханға қоюды да ұмытып кетіппін ғой! Балам, міне, міне, ірімшік жейсің бе? Күлтай өрешенің ар жағынан бір дорба жақсы кебе бастаған сап-сары ірімшікті алып шықты.

-Жей ғой! Ірімшік жеші,-деп Бүбіш те бәйек боп жатыр. Басын шайқай көз жасына ерік беріп, боздай жөнелген бала:

-Н-на-а-ан, нан жеймін! Керек емес, басқа ештеңе!-деп өзінің асты-үстіне түсіп бәйек болған қос ананың қолын жасқап, жылауын үдете түсті. Әбден сасқан Күлтай: -Мүмкін ежегей жерсің, а?-деп тағы бір керегенің басынан сап-сары ірімшік қосып, ірі-ірі ғып жайған ежегейді алып келді. Бала оған да көнбей, енді үйге кетеміз,-деп әке-шешесін шақырып жылай бастады.

-Кө-ө-ке-е, Жи-и-ше-е!

-Көкең мен жеңешен жұмыста. Олар сені естімейді. Одан да міне, ал. Апаңның бергенін ала ғойшы, жаным!

-Дәмін көрші, қарашы, өте дәмді.

-Жоқ, же-мей-й-мін! На-а-ан. Бір үзім на-а-ан жеймін.

-Қап, мынаны-ай, ә!

-Сіздің үйде ұн бар ма еді?

-Ұн да, нан да бар ғой. Бірақ ала шығу ойыма келмепті,-деп өзін кінәлідей сезінді Бүбіш. Күлтайдың онсыз да қызарып тұрған көздері боталап, жасқа толып шыға келді. Қолдары дірілдей ежегейді дастарханға қойып жатқан ол:

-Менің де қос бірдей ботамды соғыс жалмаса біздің де үйден ұн да, нан да үзілмес еді-ау. Митыңдаған қарттардың ісі өнер ме? Ертеден қара

кешке қой соңында жүріп ұнның біте бастағанын да елемепіз. Қос қозым-ай! Ең болмаса біреуі тірі болса ғой! Менің де осындай немерем болар еді-ау. Сол үшін-ақ күн ілгері нан қамын жасар едік қой. Біз сияқты қос қакпасқа нан не керек, басқа не керек. Өлмеген соң жүрміз дә! Күйзеле күңіренген Күлтай, әлдеқашан соғыста қаза тапқан қос ұлын есіне алып, тоқтаусыз аға жөнелген көз жасына ерік берді. Немересін жұбата алмай отырған Бүбіш, оған енді шерлі ананың бітпес қайғысы қосылып шын-ақ састы.

-Күлтай! Күлтайжан, мұның не? Сенің бүйтіп жылап қаларыңды білсем мұны алып келмес едім ғой. Өзің білесің. Мен қай бір басқа жарыған жанмын. Жалғыздан ілескен жалғызды сеніп, тастап кетер жан таппадым.

-Жо-жоқ, қайта алып келгеніңіз жақсы болды. Өкси жылаған шерлі ана көз жасын басындағы орамалының иығына түсіп тұрған ұшымен сүртті.

-Өзің білесің. Жұмыстағысы жұмыста. Жұмыста емесі қыстың қамымен бірді-екілі малына шөп дайындау қамымен жүр. Біреулер отын қамымен. Әйтеуір тірлік қамы ғой. Күлтайды жұбататын сөз іздегендей Бүбіш оған бағдарлай қарай берді.

-Өзгенің баласы болса да отымның басында бала даусы шыққанға қайта қуанып та отырмын, әпке. Ол әлі өз-өзін тоқтата алмай отыр.

-Тірі адам тіршілік етеді,-деген. Жақсылықтан күдер үзбе! Шал да болса тірегің бар. Сол аман болсын де! Қой, жаман ырым бастап, жылама! Күлтай жылауын сап тиды. Керегеге тірей жинаған жүктен Бүбішке жастық әперді.

-Әпке, кешіріңіз! Аяғыңызға салып тербетіп көріңізші. Бала біреу сабағандай әлі өксіп жылап тұр.

-Қап-ай, енді бұл көнбейді. Енді қайттім! Амалы таусылған Бүбіш енді немересіне:

-Балам, балапаным-ау! Мана біз қалай келісіп ек. Күлтай апаңның қойларына қосып қойған сенің қойларың бар. Олардың жүнін қырықпасақ мына ыстықта олар ыстықтап ауырып қалады деп едім ғой! Сен әбден шаршадың. Кішкене ұйықтап алшы. Сен ұйықтасаң, мен біраз қой қырқайын. Жарай ма, жаным. Ол енді аяғына жастық сап баланы тербете бастады. Сәлден соң әбден шаршаған бала ұйықтап кетті.

Қос өзектің бойын қуалай жыңғыл мен шеңгелдің көлеңкесінде бір-біріне тығылыса үйездеп жатқан қойлар әзірше тырп етер емес. Сирек те болса әр жерде өскен сәмбі тал мен қарағаштың қомақты көлеңкесіне топ-тобымен үйірілген қойлардың арасындағы бірді-екілі ешкілер ғана орындарынан тұрып аракідік бір-бірімен сүзісіп, секіріп түсіп ойнап қояды. Малдың осы бір жайбарақат шағын пайдаланған екі әйел біраз уақытта төрт-бес қойды қырқып-ақ тастады. Бұл уақытта күннің қызуы едәуір басылып аздап самал жел есе бастады. Салкын леп біліне бере-ақ қойлар орындарынан тұрып, дүр-дүр сілкініп алып өре бастады. Бытырай жайылған қойлардың алды ұзай бастағанда жаулығын дұрыстап тартып, қолына торсыққа құйған сусыны мен таяғын алған Күлтай, Бүбіштің бүгінше осында қонуын өтініп, уәдесін алған соң, шабан торысына мініп, мал соңынан еріп жүре берді. Оған жас сары төбет құйрығын бұлғандата, егесіне еркелей, сыпылдай басып, ілесе кетті. Күлтай қараша үйден

едәуір ұзағанда алыстан, Ақшолақ жақтағы үлкен күре жолдан әлдебір қарайған нүктені көрді. Бұл не болды екен? Біздің шал емес пе?.. Осы оймен көзін оң қолымен күннен көлегейлеген ол әлсін-әлсін күре жол жаққа қарап алаңдаумен болды. Малды алысқа ұзатпай ауылға жақын маңындағы оты молдау беткейге иіре жайған әйел: «бүгінше осы да болар»-деп ойлады. Ұзамай-ақ әлгіндегі қарайған нүктенің нобайы анық көріне бастады. Ол өз шалын алыстан-ақ танып: -Е-е-е, Құдая шүкір! Тәубә! Аман-есен келе жатыр екен. Әйтеуір, еш болмаса осы жаман шалым аман болса екен. Ия, Раббым!-деп тағы да өзінің көзіне жас келіп қалғанын байқамай да қалды.

Үстіне едәуір жүк артылған, көк есекті қодығымен қосақтай жеккен ескі арба күре жолдан құмдауытқа бұрыла бере қатты сықырлап, қиралаңдап қалды. Арбаның жүрісі ауырлағанын сезген қарт арбадан сырғып түсті. Ортадан сәл жоғары бойлы, орта денелі, сақал-мұрты тегіс ағарған ақсақалдың жүзінен қажығандық байқалады. Ақ түсті бөз жейдесін көнелеу қоңыр сұр жаздық жұқа шалбарының сыртынан сала салған. Белін көлемді көк гүлді шыттан жасалған белбеумен буған. Басындағы көнергеннен жиегінің түгі қырқыла бастаған, қаракөк сырма тақиясының астынан, сала құлаш ақ шыт бет орамалын бос салып алыпты. Шамасы күн өтпесін дегені болу керек. Ыстықтаған болуы керек, көкірекшесін шешіп, арба үстіндегі азық-түліктің арасына қыстыра тығып қойыпты. Аяғындағы көне кебіс-мәсісі киіле-киіле сыртына қарай қисайып кеткен. Өмір бойғы ауыр қара жұмыс, оған екі бірдей боздақ баласының қайғысы қосылған соң, не сорым. Бұл күнде қарттың

көңіл күйі де, бар болмысы да үстіндегі тозығы жеткен киімі секілді. Жетім көңіл, жетім тірлік. Қарттың оңашадағы ойынша әйтеуір өлмеген соң кемпірі екеуі бір-біріне сүйеу боп қыбырлап күн кешіп жүр.

Үлкен жолдан үйге қарай бұрылған арбаны алдымен бұл күндері үй маңынан ұзап шықпайтын кәрі төбет байқады. -А-а-ф!-деп иесінің алдынан арсалаңдай шыққан ит, амандасқандай егесінің қолын бірер иіскеп, жалап, қуанғандай, есек арбаның ар жағына бір, бер жағына бір шықты. Ит те болса алдынан шыққан мақұлыққа риза боп көңілі толқыған ақсақал кәрі төбеттің құлағының артынан бірер умаждай сипап:

-Кә, кә! Күшім, күшім, бізді сағындың ба? Жүре ғой! Жүр үйге,-деді жүрісін тоқтатпай итінің қылығына сүйсіне қарап. Көзінің алдынан аққан суы тұмсығына жетіп, жымырая салбыраған құлақтарын шыбын-шіркейден қорғана ауық-ауық қағып қойып, сары төбет маңғаздана маймаңдай басып, бір ілгері, бір кейін ілесіп отырды. Топ қамыстың артынан шыға келгенде есік алдында сары самаурынның кернейінен түтіні будақтап, эне-міне қайнауға жақын қалғанын байқап, үйде өздеріне жақын бір жанашырдың бар екенін сезді. Жүрегіне нұр құйылғандай, іші жылып сала берді. Құмақтағы жолдан шығып саздауыттың кедір-бұдырына бұрылған жүгі ауыр есек арба шиқ-шиқ етті. Туырлығын тегіс көтеріп, жан-жағына салқын болсын,-деп су сеуіп қойған киіз үйден кимешегінің алдын аша көтеріп, күндігінен асыра қайырып қойған кейуана шыға келді.

-Ия Қоқа! Ат-көлігің аман келдің бе? Сұқ саусағын ерніне тақап, тыныш, «жай сөйле» деген-

дей болған Бүбішті алғаш Қорабай түсінбей дабырлай сөйлеп:

-Бұл кім болды екен десем, әпке, сіз екенсіз ғой. Амансыз ба? Үй іші, бала-шаға аман ба?-деді.

- Аманшылық-аманшылық. Жай сөйлесейік, бала ұйықтап жатыр.

-А-а-а? Ия, мақұл. Бір-біріне ыстық ықыласпен амандасқан үлкендер сыбырласа сөйлесіп жүріп ұнды да, кебекті де, қант-шай мен өзге де үйге алған керек-жаракты тегіс түсіріп орын-орнына жайғастырды. Баланың не үшін ұзақ жылап ақыры әбден шаршап ұйықтап қалғаны да сөз болмай қалған жоқ. Мұны естіген Қорабай ақсақал кідірмей орта қаптың бірінің ішінен қалың сары қағаз қапшыққа оралған әлденені алып шықты. Бұл жүрерде диірменші орыс досының әйелі:

-Әй тамыр, сен үйге барып, одан нан ашытып, оны пісіремін дегенше қанша уақыт? Ой-ой, өте ұзақ уақыт. Мә, мынаны ала кет,-деп нағыз орыс пешінде жаңа ғана піскен топ-томпақ, қып-қызыл нанды қояр да қоймай осы қағаз қапқа орап салып берген. Жүрерінде:

- Привет передай, жене!-деген. Бұл ораулы-сол нан еді. Қорабай баланың қасына жақындай беріп, ауық-ауық астыңғы ернін бүлкілдете сорып, пысылдай ұйықтағанына қызықтай қарап тұрды.

-Тіфә! Тіфә! Өсіп қапты өзі. Ұйқысы қанып қалды ма, әлде қағаз қалтаның сыбдырынан ояна бастады ма бала қозғалақтай берді. Қорабай ақсақал қапшықтан алған нанды баланың бас тұсына қойып үлгерді. Осы сәтте ұйқысы қанған бала көзін ашып алды.

-Міне, балам! Сен бағана бір үзім нан деген

екенсің. Бір үзім емес, үлкен бір таба нан. Қанша жесең де жей ғой енді. Орнынан қуана ұшып тұрған бала қомақты нанды әуелі дастарханға әкеп қойды. Енді нанды тура дегендей атасына қарады. Қорабай кере қарыс нанды турап, бата ғып, бетін сипаған соң ғана қолын созған бала, бір үзімін алып, шекесі тер-ши сүйсіне жеп отырды. Жаңа піскен нанның қош иісі маңайға тарап, үй ішіндегі жас бала мен үлкен кісілердің көңілдерін тоғайтты. Ұзақ жолдан шаршап келген қария мен кейуана кішкентай баланың әрбір қылығын қызықтай отырып, қою шайды сүйсіне, самауырдағы су таусылғанша сораптады. Шайға да, кенттің жаңалығына да әбден қаныққан Бүбіш жер ошаққа Күлтайдың кешкі асқа аса беріңіз,-деп дайындап кеткен етін асып дайындай берді. Өзінің қажетін алып келгендіктен бе, әлде туғалы өз ата-сын көрмегендіктен атаға деген сағыныштан ба, бала жатырқамай ақсақалға «аталап» тез-ақ үйреніп кетті. Біраз дем алған Қорабай Болашақты ертіп малдың алдынан шықты. Құлдырандай былдырлаған жас баланы жетектей шыққан шалын көріп Күлтайдың да көңіл-күйі көтерілді. Кеш батып, қас қарая қойларды қотанға иірген үлкендер орталарында бүлдіршін Болашақ, май шамның жарығымен кешкі астарын ішуге отырды. Алдымен жаңа әкелген ұннан қамыр илеп салынған асқа ата-бабалары мен қос қозысына бағышталып құран оқылды. Дастархан басында жас сәби үлкендермен бірдей қолын жайып, бетін сипап аруақтарға астың және оқылған құран аяттарынан болған сауапты бағыштасты. Қолы күймес үшін шағын ыдысқа өзіне жеке салынып берілген еттің қамырынан бірер талын ғана жеген жас баланың

ұйқысы кеп есіней бастады. Беті-қолын жуып, жанындағы жастыққа қисайта салған әжесі арқасынан бірер қаққан соң-ақ бала ұйықтап кетті.

-Түс қайта жақсы-ақ ұйықтаған секілді еді, шаршап қалған ба?-деді, әлде де болса бала қылығын қызықтай түскісі келген Күлтай мен Қорабай қосарлана үн қатып. -Іліктр жарығына үйреніп қалған ғой, мына алакеуім жарық ұйқы шақырды ма, оның үстіне біраз жүріске шаршаған шығар... Бүбіш жас бала жайын түсіндіріп жатыр.

-Кіп-кішкентай ғой әлі. Шаршаған шығар. Қорабай да қауқылдап ұйықтап кеткен баланың жүзіне мейірлене қарады. Көңілдері аз да болса жайланған қарттар астарын іше отырып, алдағы болашақты сөз ғыла бастады. Әңгіме тізгіні Қорабай ақсақалда.

-Иә, бұл қиындық та артта қалар. Соғыс уақытындағы балалар бір үзім нан тұрмақ тулаққа шашқан бір уыс дәнді зарыға күтті. Соғыс біткен соң он жылдықта туған бұлар оларға қарағанда әлде қайда бақытты. Үкімет, қайтсін енді. Соғыс кезіндегі қираған, бүлінген тірлікті қалпына келтіргенше де талай уақыт керек болды ғой. Бүлдіру оңай, түзеу қиын деген осы. Әлі бұдан да жақсы замандар болады. Бұзылған көпір де қайта бұзылмастай боп жөнделер. Есек арбамен бір, бір жарым сағатта жететін мына тұрған Түймекентке машинамен бірнеше минута, теп-тегіс тас жолмен жететін де күн туар. Тіпті диірменге Түймекентке сабылмай-ақ өз аулымызда диірмен орнап, күндіз-түні үн да, жем де тартылып, балалар нанға, бір ғана нан емес-ау, нанның түртүріне, мал жемге қарқ болар әлі. Малшылар май шаммен емес, электр жарығымен отырар. Оны біз

көрмесек те мына Болашақ балам көреді,-деді ол бұл кезде ұйықтап қалған сары балаға қарап. Сол кездегі қарттардың айтқанының бәрі дәл келіп, осы айтылған барша игіліктің рахатын болашақ ұрпақтары көріп отыр. Бірлік болса, тірлік болса көре береді де!

ҚЫЗҒАНЫШ СЫЗЫ.

Жаз мезгілі аяқталып, күз басталса да оңтүстікте күн әлі ыстық. Күз түскені таңғы мезгілден кіші сәскеге дейін ғана білінеді. Осы уақыт аралығында жазға лайық жеңіл киінгендер тоңып, сәл жылылау киінгендер үлкен сәскеден бастап ыстықтап берекесі кетеді. Сондықтан да көпшілік жастар бұл мезгілде көбіне күнімен ыстықтап берекесі кеткенше аз уақыт тоңа тұруға разы боп, көбінше жеңіл киінеді.

Сәске түс. Күн күндегісінен бетер қызып шыға келді. Облыс орталығындағы үлкен институттың бас ғимаратының алды топ-топ, ығы-жығы, әшейіндегіден ерекше жиналған қалың халық. Көбі жеңіл киінген студент жастар. Бәрінің қолында үлкен-үлкен сөмкелері бар. Бірі арқалай көтерсе, бірі сүйрелеп діттеген жерлеріне барып, көлеңкелей тұрып жатыр. Арасында институт ұстаздары мен комсомол ұйымы басшылары, профсоюз қызметкерлері мен студент жастар арасындағы жетекшілер, аракідік ата-аналар да кездесіп қалады. Санқ етіп дауыс күшейткіштен шыққан үн, лек-легімен сапырылысып жүрген жастардың назарын өзіне еріксіз аударды. Бұл студенттік кеңестің төрағасы, Лениндік степендиат ұлты қарашай жігіт- Хусейін. Күллі жиналғандардың назарын өзіне аударған ол:

- Бес минуттық жиналыста айтылатын сөздерге мұқият назар аударыңыздар. Тынышталып, айтылғандарға назар аударуларыңызды өтінемін!-деп айғай салды. Жастар тұрған-тұрған жерлерінде тым-тырыс тына қалды. Сөз алған жетекші ұстаз қолына дауыс күшейткішті алып:

-Құрметті 1-курсдықтар! Алдымен сіздерді студент болуларыңызбен құттықтаймын! Біздің институтқа хош келдіңіздер! Қиындығы мен қызығы қатар жүретін студенттік өмірлеріңіздің басында сіздерге тек жемісті жеңіс тілеймін. Оқуда да, еңбекте де әрқашан алда болыңыздар! Сіздер мен біздер тәртіп пен әрқашан бірлікте болсақ біз ала алмайтын камал болмайды деп ойлаймын. Бір боламыз ғой!

-И-и-иә! Бір боламыз! Студенттер шу ете қалды.

-Қазір осы біз тұрған жерге бірнеше автобус келеді. Шуламай, соған тәртіппен жайғасыңыздар. Барар жеріміз аса алыс емес. Десе де жолда кетіп бара жатып бастарыңызды, қолдарыңызды терезеден шығармаңыздар. Қыздар, орамалдарыңызды терезеден шығарып желбіретпеңіздер. Бұл өздеріңіздің барар жерлеріңізге аман-есен жетулеріңіз үшін керек. Үлкен өмірге бет алдыңыздар. Сондықтан енді балалықты тастау керек. Тәртіпті боп, үлкендікті бүгіннен бастаңыздар. Осылайша ол кісі әр сөзінің арасында қайта-қайта тәртіпті баса айтты.

-Е-е-ей! Естідіңдер ме! Балалықты тастаңдар!-деп бір шалдыуырттау бозбала іліп ала жөнелді. Шулаған топ ішінен әлдебіреулер байсалды жауап айта бастады.

-Хұп болады!

-Тәртіпті боламыз!

-Слушаемся!

Артынша-ақ келіп, қаз-қатар тұра қалған бірнеше автобуска 1-курстықтар жамырай жайғаса бастады. Ұзамай-ақ салондарын кіл жастарға толтырып алған бірнеше автобус қаладан шығып, үлкен асфальтпен жарыса заулап келеді. Автобустар аракідік бір-бірін басып озса, озған көліктің ішіндегі жастар мәз бола шулап, қыздар үлбіреген шарфтары мен орамалдарын қалып бара жатқандарға терезеден бұлғап, жігіттер ши қалпақтары мен кепкаларын сілтеп, қолды-аяқта тұрмай, әр іс-әрекеттерімен қуанышты көңіл-күйлерін паш етіп келеді. Бұған дейінгі институт қабырғасында өткізген онбес күнде бір-бірін танымайтын жастардың іштері әбден пысып қалған секілді. Сол күндерде әрқайсысының бойынан көріне қоймаған ерекшеліктері де осы бір азғантай уақытта-ақ көрініс беріп келеді. Жетекші ағайдың: -Бағана шуламаймыз дегендерің қайда?-деген наразы даусы шықты. Біразы шулағанын қойып басыла қалды.

-Қанекей, орамалдарыңды, қолдарыңды, бастарыңды сыртқа шығармандар. Біріншіден, жүргізушіге кедергі келтіріп жатырсыңдар. Екіншіден, өз өмірлеріңе, денсаулықтарыңа зиян тиюі мүмкін. Қане, доғарыңдар! Шуламай, одан да өлең айтыңдар. Орыс тілді бірнеше қыз: -Ой, мароз, ма-ро-о-оз,

Не ма-ро-о-оз ме-ня,

Не ма-ро-о-оз ме-ня-я-а-а,

Ма-е-го-о-о ко-о-ня!-деп әндете жөнеліп, артынша ду күлді. Жетекші ағай біртүрлі ыңғайсыз сезінгендей болды. Бірақ артынша Иманғалиев Есболған деген кіп-кішкене, нәзік жігіт:

-Көк жүзінде барады қаздар қалқып -деп, құлаққа

жағымды әдемі қоңыр даусымен әсем әнді бастап кетті. Студенттердің көпшілігі қосыла жөнелді. Бұл ән біте бере ол енді:

-Ақ тамақ қарлығаштар,
қаракөз қарындастар,
Гүл болып егілдіңдер,

жыр болып төгілдіңдер,-деп жаңа бір әуезді әнді соза жөнелді. Есболғанды бұрыннан барлығы қысқартып Есбол-деп атайды екен. Оның бірнеше жақсы қасиеті сол күні сол автобус ішінде-ақ байқалды. Және бұл батыл әрекеті жігіттер мен қыздардың талайына түрткі болғандай, енді бір-бірімен жарыса ән оздыра бастады. Діттеген жерге жеткенше талай әсем ән шырқалды. Ағайдың көңілі көтеріліп:

-Сіздер Инженерлік, техникалық ВУЗ-да емес, тура бір Консерваторияда оқитын тәріздісіздер. Шеттеріңнен өнерпаз екенсіздер. Осы беттен таймаңыздар!-деді риза боп. Әндетіп-жырлатып діттеген жерге келгенде күн бесіннен ауа бастады. Ауылдан едәуір қашықтағы қызылша плантациясының басына келіп тоқтай-тоқтай қалған автобустар студенттерді түсіріп болды да, «біздің қызметіміз осымен аяқталды» дегендей бұрылып алып қаласына қайқайып отырды.

Ұшар басын ақ қар басқан Алатау нақ бүгін осы жазыққа іргелес көшіп қонғандай, қызылша егісінің оңтүстігін тегіс доға тәрізді иіле қоршап тұрған секілді екен. Көгілдір аспанда үйдей-үйдей аппақ ақша бұлттар жайымен жылжып барады. Биік таудың көлеңке тұстары қанық көк, ал күн түсіп тұрған тастар ашық аспан түстес көгілдір, өсімдік өскен

тұстары қою жасыл боп бір-бірімен үйлесе үндескені соншалық, құлпыра көз тартады.

Кең алқапқа егілген қызылша жапырақтары бірөңкей қанық жасыл. Тақта-тақта боп керіле созылып жатқан жап-жасыл егіс даласының өзі қандай десеңші, шіркін! Бұрын-соңды мұндайды көрмеген Қазақстанның солтүстік өңірінен келгендер мен Кеңес үкіметінің өзге де аймақтарынан келген жастар мынадай сұлулыққа тамсана таңырқай қарап, кең даланың кәусар ауасын құныға жұтып, жан-жақтарына жалықпай, қызыға қарай берді. Алдарында тұрған бейтаныс бейнеттен хабары жоқ кейбіреулері:

-О-о-ох! Куда мы попали. Настоящий Рай!

-Во-о-оз-дух! Во-оз-дух какой чистый! -деп екі қолын екі жаққа жая, басын шалқайтып, көзін жұмып тыныстай қалса, енді бір-екеуі қолдарын екі жаққа жайған күйі «біз Райға келіппіз» деп құлай кетті. Артынша пісіп тұрған қызылша басы жамбасына батқан болуы керек, әрі ду етіп күлген жолдастарынан қысылды ма, өздерінің ерсілеу, шалдуырт балалық мінездеріне ұялып, орындарынан ұшып-ұшып тұрды. Ұзамай күлкілерін тыйған жастар көңілді леппен өздеріне бөлініп берілген жерлерге барып қызылшаны жапырағынан тазартып, жинауға кірісті. Кейбіреулер тазалағанның жайы осылай-деп түбіртектегі аппақ етіп арши бастаған соң оларға білетін кісілер қызылшаны қалай аршу керектігін көрсетіп, үймектерді қалай үю керектігін түсіндіріп жатты. Сонымен ол күні кешке дейін біраз жастар аса үлкен іс тындырмаса да жаңа жағдайдағы еңбектің түрін қалай атқаруды үйрене жүріп біраз істі еңсерді. Еңбек күннен-күнге қыза түсіп, бұған дейінгі бір-бірін шала

танитын жастар енді бір-бірін жетік біле бастады. Тіпті кейбіреулері осы қысқа мерзім ішінде жұптары жазылмайтын нағыз жолдас боп, оның аяғы достыққа ұласа бастағандай. Ұзақты күн загон басындағы еңбек барысында жалғыз Есбол ғана емес, әскер қатарында міндетін өтеп келген Абдиев Тимур да құйқылжыта ән айтқанда құлақ құрышын қандырады екен. Қоңыр даусы да ерекше, ол ән айтқанда құдды бір радиодан атақты әншілердің бірі ән шырқап жатқандай сезіледі. Алғашқы аптадан-ақ әдемі, әнші жігіттер Шолпан мен Гауһар атты қыздарға үйірсектей бастады. Ұлдарға қарағанда қыздар арасындағы достық қарым-қатынас баяулау өтіп жатқандай. Екі апта өтіп үшінші аптаға қарағанда бұл егіс даласындағы қызылшаны жинап бітіп студенттер өзге жердегі егіс даласына баратыны айқындала бастады. Алғашқыдай емес жастар сабыр тауып жұмысқа қызу кірісуде. Дегенмен, бұл кезде күнге күйіп тотығып, беті-қолдары жарылып, аздап шаршаңқы да тарта бастаған ба, қалай, дерсің.

Ойламаған жерден егіс басына орыс мектебін тамамдаған Ділданың әпке-жездесі сүттей аппақ, жап-жаңа «Москвичімен» келе қалды. Егіс басындағы көлік жүретін жолға тоқтай қалған оларды алыстан-ақ таныған Ділда тұра жүгірді. Оның тобындағы кіл оңтүстіктің қыздары көбіне орысша сөйлейтін оған онша жақындай бермейді. Мүмкін бұл тілге шорқақтықтан болар...Қатынас тек сұрақ-жауап түрінде ғана, одан әріге аспайды. Сондықтан ба екен, ол көбіне басқа топта болса да, қазақ мектебінің түлегі, өз ауданының қызы Гауһармен жақындау жүреді. Жұмысты тастай салып тұра жүгірген жолдасының артынан ілесем бе, ілеспесем бе дегендей ойлана

түсіп жай басып келе жатқан Гауһарға туыстарына жақындап қалған Ділда:

-Гау-һа-ар! Гау-у-һа-ра! Идём, быстрее! - деді қолын бұлгап. Гауһар да тұра жүгірді. Қолдарын бұлгаған олардың артынан тағы біреу қыз жүгіре басып бара жатты. Шұрқыраса, сағынысып, көрісіп жатқан туыстарға таныс емес қыздар қызыға қарап қалыпты. Жездесі де мейірімді-ақ. Жездесі емес құдды бір туған ағасы ма дерсің. Бауырларымен қуана қауышқан Ділда енді өздеріне жақындай беріп, тосырқай, иіріле тұрып қалған жолдастарын таныстыра бастады.

-Девочки, познакомтесь. Это моя старшая сестра Жаңылған. Ұзын бойлы, сылыңғыр келген ақсары, қысық көзді сүйкімді, жас әйел қыздарға мейірімді жүзбен күлімдей қарай берді. Әпкесімен әлі де құшағы жазыла қоймаған Ділда сымбатты келген, жігіт ағасы жасына жетіп қалған кісіге бұрыла беріп:

-Её муж Зиябек,-деді мақтанышпен қуана күлімдей. Қыздар да тобын жаза түсіп, өз аттарын атап, келген кісілермен таныса бастады.

-Мен Жайнамын. Ұзын бойлы, кең маңдайлы, талдырмаш келген қылықты қара қыздың аты да мінезіне сай. Дауыс ырғағы мен әр қимыл-әрекетінен жайдары да жайсаң мінезі көрініп тұрғандай.

-Мен Гүлзат. Қап-қара құмай көзді, бүйректей бұлтиған қараторы, өзінше сүйкімі бар қыз сөзге сараң. Сабырлы мінезді бұл қыздың бар болмысы көпті көрген үлкен кісі сияқты.

-Ал мен Бинұрмын. Толықша келген, аққұба өңді, әдеміше бұл қыз ашық-жарқын, ерке мінезді.

-А это мне самая близкая Гауһар. Она из наше-

го района,-деді Ділда әдетінше орысшалап, алдымен келсе де тартыншақтап тұрған ұзын бойлы, аққұба өнді, ұяң мінезді, аса талдырмаш Гауһарды өзі таныстырып. Ділданың өзі бойы ортадан жоғарылау, ашаң жүзді, қысықтау әдемі қоңыр көзді, шашы тірсегін соққан, сүйкімді қыз. Сол күнгі оның әпке-жездесінің әкелмегені жоқ десе болғандай. Ыстық, нарттай қызарып піскен күлшелер, алма, жүзім, қияр, қызанақ, қарбыз, қауын, шұжық. Қысқасы тамақтың түр-түрі. Одан өзге қыздардың беті-қолы жарылып кеткен шығар-деп, қажетті кремдер мен сусabyн да ала келген. Мұның бәрін көрген қыздардың қуанышында шек жоқ. Сол күні Ділданың өзіне салғырт қарап жүрген қыздардың алдындағы беделі күрт өсіп, төбесі көкке сәл-ақ жетпей қалды. Жұмыстан шаршап қайтқан жастар кешкі астан соң «Облади обладаға» жұлқына билеп жатқанда, бұл қыздар ескі клубтағы жатақханаларында қарбыз жеп отырды. Бұл жағдай қыздарды бұрынғыдан әлдеқайда жақындатып, тіпті туыстай ғып жіберді. Дегенмен, оңтүстіктің қыздарының өзара жақындығы бұрынғыдан да нығая түсіп, жатақханада бір бөлмеге орналасты да, ауылдары жақын болғандықтан жатақханадан орын ала алмаған, көбіне әпкелерінің үйінде тұратын Ділда мен Гауһардың жолдастық қарым-қатынасы өзінше дами бастады. Бір жарым айға созылған, ауыл шаруашылығына жәрдем біткен кезде, барша студент жастардың арасында кім-кіммен жолдас бола алатыны айқындалып қалған еді. Бір өкініштісі ұзамай жетіп келген қысқы сессиядан бірнеше студент құлап, келесі семестрге өте алмай қалды. Бірнеше студент қайта тапсыруға мүмкіндік

алып, әупіріммен әрең келесі семестрге өтті. Әйтсе де, еңбек, әсіресе қара жұмыс адамның іші-тысын бірден айқын көрсетеді екен. Сол кездегі жолдастық пен достық қарым-қатынас кейбір жастардың арасында махаббатқа ұласып, алдағы жылдарда бір отбасына айналса, енді біреулері өмірлік айнымас дос, жолдас болып қалды.

Тағыда күз түсті. Ауарайыда, институталдын-дағы көрініс те тап былтырғыдай. Тіпті күннің саны да сол былтырғыдай, қыркүйектің он бесінші жаңасы. Тағы да студенттер ауылшаруашылығына, оның ішінде де қызылшаны жинасуға көмекке баруға жиналып жатыр. Тек айырмашылығы былтырғы 1-курстықтардың жігіттері түгелге жуық, ал қыздардың азын-аулағы ССО-ға кеткен. Тағы бір айырмасы былтырғыдай тек 1-курс емес, биыл 2-курс пен 3-курстың студенттері бірге. Яғни ССО-дан қалғандары түгелге жуық. Және бір басты айырмашылығы былтырғы жылы тек бір ғана жас мұғалім, «Студент жастар кеңесі» төрағасы мен оның көмекшісі бас боп келсе, биылғы жылы бір ғылым кандидаты- доцент, тәжірибелі математик аға оқытушы және бір аға оқытушы жас мұғалім бас боп келе жатыр.

Тағы да жол. Тағы да улап-шулап студенттер қалаға іргелес ауданның Бурыл тауы жақ шетіндегі егіс алқабына түс қайта келіп жетті. Үстілерінің шаңын қағып, тақта-тақтаға топ-тобымен орнала-са бастаған жастар таныс боп қалған қызылша жинау жұмысына жатырқамай тез-ақ қызу кірісіп кетті. Күш-қуаты тасып тұрған жас өрендер қойсын ба,

сол күні-ақ өздері түскен екі тақтаның қызылшасын түгел жинап боп, келесі тың тақталарға түсті.

Екі апта өтпей-ақ күн райы бұзылып, күрт суыта бастады. Студенттер жұмысқа бұрынғысынан едәуір жылы киініп шығып жүр. Десе де кейбіреуі жеңілдеу киінгендіктен кешке қарай тоңатын болды. Үшінші аптаға қарағанда таңертеңнен аспанды сұр бұлт торлап тұрды да кенеттен жел ұйытқып, түс қайта сіркіреп жауын жауа бастады. Комбайнға ілікпей қалған қызылшаны қол күрекпен (капач) қазып жинап жүрген кәріс қызы Ада мен солтүстіктің орыс тілді қызы Дана қолдарындағы жаңа қазылған бірнеше қызылшаны Жайнаның тобы тазалап тұрған үймекке әкеп тастай салды.

-Ой как холодно! Я замёрзла,-деді Ада қолдарын бір-біріне ысқылай, иығын қусыра, кеудесін үздіксіз оңды-солды ырғай түсіп.

-Я тоже. Нас как каждый день до вечера будет держать, а? Жаурағаннан ерні көгере бастаған Дана аяқтарын бір-біріне соға секіре бастады. Олардың киіміне назар аударған Жайна:

-Өздерің де қызықсыңдар, тым жеңіл киініпсіндер ғой!-деді наразы бола тұра жаны аши қолғабын шеше беріп біреуіне ұсынып. Гүлзат дереу бір қабат шұлығын шешіп Данаға бере бастады.

- Мә, киіп ал! Суық тиіп қалар.

-А сама не замёрзнеш?

-Менің екінші шұлығым бар. Ол да қалың. Бинұр қалың жемпірінің сыртынан киген желеткесін шешіп Адаға берді. Гауһар жылы орамалын Данаға ұсынды. Ділда да қабаттай киген жемпірі мен свитерінің бірін шешіп жеңіл киінген қыздарға ұсынып жатыр.

Жолдастарының берген киімдерін қабаттай киген екі қыз бір пәсте-ақ жылынып, көңілдене жан-жағына қарай бастады.

-Девочки, смотрите, преподаватели идут! Аданың даусы жарқын шықты. Бұларға дейінгі тақтаны көлденеңінен қиып өтіп, жандарында тағы бірер кісілер бар оқытушылар келе жатыр. Өзара егістіктің түсімі жайлы әңгімелеп келе жатқан жетекші қызметкерлер мен мұғалімдер күн райын елемей қызу еңбектеніп жатқан жастарға дән риза. Дегенмен қыздардың жанында аз кідірістен соң-ақ біразы ілгері жылжып жүре берді де, үш мұғалім қыздардың осы тобында кідіріп, қалып қойды.

-Қалай, қыздар, тоңған жоқсыңдар ма?

-Қайдағы!

-Тоңсақ та шыдап тұрмыз ғой!

-Агай, честно говоря замёрзли!..

-Давайте, сегодня вернёмся в стань пораньше.

-Сөйтейікші, агай!

-Ертерек қайтайықшы.

-Әйтпесе суық тиіп ауырып қаламыз ғой!

Шынында да қыздар айтса айтқандай күн көзі ашылар емес. Жауын бірде саябырлай, бірде қайта үдей бүркіп тұр. Мұны байқаған үлкендер сол себепті де жұмыс барысын тексеруге шықса керек. Математик пен жас мұғалім:

-Қыздар бұл ұсыныстарың тек бізге ғана байланысты емес қой,-деді. Іле доцент агай: -Осы тақтадағы жұмысты ертерек аяқтайық. Сосын бригадирмен келісіп көреміз. Ол кісілердің де бала-шағасы бар, түсінер,- деді байыппен. Олар қыздармен аты-жөндерін айтып танысып, біраз қызылша да

тазаласты. Тіпті арасында жасының үлкендігін пайдаланғаны ма доцент ағай:

- Қыздың жасын сұрама деген сөз бар. Әйтсе де жастарың нешеде?-деп қыздардың жеке-жеке жастарын сұрай бастады. Қыздар, бірі он тоғыздамын, бірі жиырмаға шықтым,-деп жауап берді.

-Оу, әлдеқашан үйленетін жасқа келіпсіңдер ғой! Математик қу тілді екен, іліп ала жөнелді.

-Үйленгені несі, әлі алдымызда төрт жыл оқу бар.

-Бізге оған әлі ерте.

-Ертесі несі! Бұрынырақта сіздердің жастағылар бір-екі баланың анасы болған. -Қойыңызшы ағай, өткен ғасырдағыны айтпай.

-Жо-жоқ, осы кезде де жиырмаға дейін үйленіп жатқандар аз емес.

-Ал біз оқуымызды аяқтамай ондай жайды ойлағымыз жоқ. Уәделесіп алғандай қыздар бір дауыста жауап қатты.

-Қыздар пысық болса оқу мен отбасын да ұштастыруға болады. Байыппен басталған оқытушылар мен студенттер сөз таласы әзілмен аяқталды. Аздан соң біз өзге де жастардың жұмыстарын тезірек бітіруін қадағалайық деп, доцент Бейсенов Қали мен математик Керімов Сәбит ілгері жылжып кетті де, бойдақ жас мұғалім -Жарас Баймаханов қыздарға көмектесем,-деп қалып қойды. Орта бойлы, толықтау келген сары жігіттің мінезі тумысынан ұяң ба, әлде бір топ студент қыздардың мысы басты ма, сөйлеген сайын қып-қызыл боп кетеді екен. Өзінің ыңғайсызданып тұрғанын білдіргісі келмей әбжіл қозғалған ол әп-сәтте-ақ, үлкен үймектің бір шетін еңсеріп-ақ тастады. Қыздармен әзілдей

сөйлесіп тұрған жігіт әрбір қимыл-қозғалысының арасында өзге қыздардан гөрі Гауһарға жалтақ-жалтақ қарай берді. Мұғалімнен қалыспайық дегендей қыздар да барынша шапшаң қозғалуда. Бір кезде Гауһардың қол сағатының бауы ағытылып кетіп қалың жапырақтың ішіне құлап түсті. Қызылша аршып тұрғандардың бірі байқаса, бірі мұны байқап үлгермегендіктен лезде сағат жапырақ арасына жасырынып жоқ болды. Манадан білдірмеген болғанымен тек осы қыздан назарын аударма алмай тұрған Жарас мұғалім мұны елден бұрын байқады. Дереу еңкейіп жапырақтың арасын тінте жөнелген ол көп ұзамай-ақ сағатты тауып алып қызға ұсына беріп:

-Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан,- деген,-деді өрттей қызара түсіп. Ол сағатты өз қолымен қыздың білегіне таққысы келген. Бірақ қыз жолдастарынан ұялды ма, ыңғай танытпай жігіттің қолынан алып жан қалтасына сап қойды.

-Абайлаңыз! Қалтаңыздан түсіп қалмасын! Ол бұрынғысынан да қызара түсті. Қу қыздар бәрін сезіп тұр.

-Сіз не, Гауһардың сағаты тағы түсіп қалса тағы тауып берер ме едіңіз?!-деп Жайна жайрандай сұрақ берді.

-Иә! Тағы да, тағы да тауып берер едім.

-Вот это да-а-а!

Осы кезде үймекті толық аршып болған қыздардың тұсына қызылша тиеген машина мен конвеер келіп бұлардың тазалаған үлкен үймегін көлікке арта бастады. Қыздар айналаға шашылған масақтарды теріп кузовқа лақтырып жатыр. Әп-сәтте аршылған қызылшалар бірінен соң бірі машиналарға

тиеле берді. Кузовтары қызылшаға толған машиналар ыңырана қозғалып бірі егіс даласынан шығып бара жатса енді бірі кезекті рет кузовын өнімге толтыруға үздіксіз келіп жатыр. Мұның бәрі жұмысты дұрыс ұйымдастырушыларға байланысты болса керек. Ұзамай студенттерді жатақтарына алып қайтатын көлік те келіп жетіп, сол күні ауа райына байланысты студент жастар жұмыс басынан күндегісінен әлдеқайда ерте қайтты. Жұмыстағылар күндегісінен әлдеқайда ерте келгендіктен, кешкі ас дайын емес. Студент аспаздар енді ғана ас қамына кірісіп жатыр. Егіс басынан тоңып келген жастар жатақтарына келісімен дым тартқан киімдерін құрғақ, жылы киіммен ауыстырып, әрқайсысы өздеріне ұнаған тірлдікпен айналыса бастады. Біреулері топтасып отырып гитара тартып ән айтса, енді бірі оңашаланып алып көптен оқып тауыса алмай жүрген әдеби кітаптарын оқуға кіріскен. Енді бір топ қыздар жиналып алып мана егіс даласындағы болған, өздері сезген жайды сөзғып отыр. -Нет, я так удевляюсь! В чем её секрет. И в прошлом, и в этом году все парни прямо сохнет по неё. Сегодня даже этот молодой препод из за неё, аш, потерял сознание,- деп тумысынан қызғаншақ Дана ернін шүйіре, онсыз да үлкен қара көздерін ұясынан шығара, төңкере түсіп, бір топ қыздардың арасында әңгімені қыздырып отыр. Бір-біріне жақындай, ентелей түсіп отырғандардың бірі:

- А что тут такого, удевлятся не к чему. Она тихая, скромная девчонка,-деді.

- Да ну, брось, чистая колхозница! Өзін аса сәнқой санайтын қыз ернін шүйіре менсінбегендік танытты.

- Между прочем, она симпатичная, при чем вос-

питана по старому казахскому традицию. Вот такие девушки нравятся всем,-деп өз ойынан хабар берді орыс тілді болса да халықтық дәстүрді сыйлайтын Орталық Қазақстаннан келген Сәуле. Көбіне орысша сөйлейтін бұл қыздардың әңгімесі көп ұзамай-ақ Жайнаның тобындағы қыздарға да жетті. Олар бұл сөздерге аса мән бермегенмен, ойын күле жүріп ашық айтатын Бинұр:

-Ендеше олар да қазақылықты, қазақ тілінде сөйлеуді үйренсін. Сонда қазақы тәрбиемен өскен жігіттердің сүйіктісіне айналып шыға келеді,-деп өз-өзіне риза боп сақылдай күліп алды. Ертесіне -ақ Жайнаның тобындағы қыздарға Жарас мұғалімнің жақындай бастағанын сезген орыс тілді қыздардың екі-үшеуі: -Смотрите, смотрите, Батва идет! Батва!-деп бір-бірін түрткілей сықылықтап күле бастады. Мұғалім олардың неге күліп жатқандарына мән беріп елемеді. Ал қазақы қыздар ағай сезіп қоймаса екен- деп, өздерін олар үшін ыңғайсыздықта сезінді. Көпшіліктің тілегі ме, кім білсін, жас ағай ештеңе сезе қоймады.

Екі-үш күн суытып барып қайта жылынған күн райы жастардың да көңіл-күйіне әсер етіп, бұрынғыша жатақ басында күнде кешке қарай үйреншікті музыка ойнап, кешкі астан соң би билеу жалғасын тауып жатты. Бұл бірен-саран ауыл жастарының да делебесін қоздырып кешкісін бірнеше жас жігіт жатақ басындағы студенттермен билеуге күн сайын келетін болды. Осындай даңғаза кештердің бірінде тамақтан соң сыртқа онша шыға бермейтін Жайнаның тобындағы қыздарды сыртқа шығаруға басы доцент Бейсенов Қали ағайдың өзі боп, математик Сәбит

ағай кірісіп кетті. Көмекшілері ретінде бірнеше студент жігіт пен қыздардан ерке-тотай Бинұр жүр. Жатақтағы астылы-үстілі екі қабатты сәкінің екінші қабатында алысырақтан түскен көмескі электр жарығымен кітап оқып тынығып жатқан қыздарды бірінен соң бірін қол-аяқтарынан шап беріп ұстай алып, ерік-алдына қоймай дырылдата сүйреп, сәкіден түсіріп жатыр. Түскен қыздарды түскенінше бір-бір жігіт іліп әкетіп биге шығарып жүр. Өзімен көршілес қызды шырқырата шыңғыртып, сыңғырлата күлдіре түсіп ала жөнелгенде өзіне де тықыр таянғанын сезген Гауһар қол-аяғын жинап сәкінің түкпіріне тығыла түсті. Күнделікті сабырлы мінезін жоғалтып, ойнақы, жас бозбалаға айналып кеткендей болған Сәбит ағай, сәкінің бірінші қатарына шығып алып секіре түсіп оны да қарсылығына қарамай, шырқырата күлдіріп алып шықты. Тастай қараңғы түнді жатақ басына жиі орнатқан электр шамдары самаладай жарық қып тұр. Гауһарды алып шығысымен-ақ іс осымен біткендей жастардың арасына Қали ағай мен Сәбит ағай сіңіп кетті. Әшейінде жұмыстан соң өз вагондарына кіріп алып шахмат ойнап отыратын кісілер, әлгі жігіттермен қоса қыздармен барын сала билеп жүр. Гауһарды сыртқа алып шығысымен Бинұрмен жалғастырған еді, артынша Жарас ағай пайда боп, қыздар енді онымен билей бергенде музыка бітіп қалды.

-Ой, құдайым-ай! Бір билейік дегенде мұнысы несі? Ол күле түсіп, шыдамсыздана жан-жағына қарады. Артынша музыка қайта ойнап, жастар бір-бірімен ісі жоқ билей жөнелді. Әлгінде ғана билегісі кеп тұрған Жарас ағай лезде ғайып болды. Гауһардың

қолынан шап беріп ұстай алған Бинұр:

-Жүрші оңашарақ! Бірдеңе айтайын,-деп қиыла қалды. Көңілінде еш күдік жоқ Гауһардың оған ілесуіне тура келді. Асхананы бұрышынан айнала берген оларды Жарас ағай күтіп тұр екен. Менің ісім осымен бітті дегендей:

-Сенде ағайдың шаруасы бар екен,- деп айтып болар-болмас ол сытыла жөнелді. Жанына жақындай берген Бинұрға: -Рахмет,-деп естілер-естілмес тіл қатқан жігіт Гауһарды да кетіп қалмасын дегендей қолынан қос қолдап ұстай алды.

-Ренжімесеңіз, біраз жүріп кайтсақ қайтеді. Сұңғыла қыз бұл жігіттің әуелгі көргеннен-ақ өзін ұнатып жүргенін сезетін. Әйтсе де түк білмегендей сыр бермейтін. Күнделікті ебін тауып әрнәрсенің сылтауымен өзіне жақындауға тырысатынын байқағанмен дәл осылай болады-деп ойламапты. Қапелімде бұл жайға таң-тамаша қалған қыз:

-Сонда қайда барамыз,-деді сұраулы жүзбен.

-Іһі,-қысыла күлген жігіт:

-Иә, қала емес, саябақ жоқ. Айдалада қайда барамыз,-деп тұрғаныңызды түсінемін.

-Иә. Түн өте қараңғы екен. Гауһар сабырсыздана жан-жағына қарады.

-Қорқасыз ба?

-Иә.

-Қорықпаңыз, жаныңызда мен бармын ғой! Ішінен қорықпауға болатын адам екенінді қайдан білейін деп ойлағанмен үн-түнсіз қалған қызды жетелегендей жол бастаған жігіт, басқа ештеңе ойына түспеген болуы керек:

-Қараңғы дейсіз, әне ай да бізбен бірге жүріп

келеді,-деді, осы кезде қалың бұлт арасынан шығып жүзіп бара жатқан айға қарап. Ол енді асып-сасып, қысыла күле түсіп:

-Аспан бұлтты боп тұр ғой,-деді даусынан діріл байқалып. Себезгілей түскен ай сәулесімен бір-бірінің сұлбасын байқай бергені сол еді, қайтадан қалың бұлтқа барып жасырына қалды. Өлгіндегі толық айдың көмескі жарығымен бағдарлаған, машинаның қос дөңгелегінің ізімен жол болған кара жолға түсе бергендері сол еді қыз сүрініп қап, жігіт оны құлатпай ұстай алды. Жарас алғашқы ыңғайсыздықты жеңіп, бойын да, ойын да, жинақтай бастады. Кенет қыздың оң қолын ұстай алған ол: -Гауһар, бүгіннен бастап сен-деп сөйлесейікші,-деді қиыла өтініп. Саусақтарын тарақтай ұстағысы келіп әрекеттенген жігіттің жып-жылы алақанынан қолын жайымен тартқылай түсіп босатып алған қыз:

-Қалай сонда? Сіз ұстазсыз, мен студентпін. Сізге күллі елдің көзінше қалай сен дей аламын.

-Жоқ, көпшіліктің көзінше сіз дей беріңіз. Ал осындай оңашада сен-деп сөйлесейікші... Өзі әлі сіз-деп келе жатып қызға сен-деп сөйлесуді өтінгені Гауһарға қызық сияқты көрінді.

-Ал өзіңіз әлі сіз деп келесіз ғой!

-Ә-ә, иә. Солай екен-ау... Гауһар, келісесің бе?

-Қайдам, оны уақыт көрсетер. Екіұштылау жауап. Десе де жігіттің көңіліндегі үміті нығая түскендей.

-Жатақтан алыстап барамыз, қайтайықшы. Қыз ары қарай аяқ баспай бір орнында тұрып қалды. Онымен қатарласа қалт тұрып қалған жігіт:

-Жаңа ғана шықтық қой. Кішкене жүре тұрайық тә?!

- Жо-оқ!..

-Шыққанымызға көп болса оң, он бес минут-ақ болды ғой.

-Сонда да, түн тым қараңғы, қорқынышты екен.

-Жарайды бүгінге осылай-ақ болсын. Жігіттің үнінен қынжылу байқалады. -Ыңғайын тауып күнде сөйлесіп тұрайықшы.

-Ағай, қайтайық. Қыз бұрылып, ақырын басып жатаққа қарай бет алды. Оған ілесе түскен жігіт:

-Ағайы несі тағы? Мен саған соншалықты үлкен көрінемін бе? Жарас десеңші! Жарас деші!-қиыла өтінген жігіт, қызды кідірте беріп, тағы да қолынан ұстай алды. Ізінше қолын тартып алған қыз:

-Жарайды. Қыздың үнінен сабырлы салқынқандылық сезіледі.

-Жарас қайтайық енді. Аз кідірген қыз қайта ілгері баса бастады.

-Мақұл. Қайтсақ, қайтайық.

Бірде бар, бірде жоқ көмескі ай сәулесімен әрең көрінетін екі дөңгелектің бірікпейтін екі ізіне түскен жастар осымен жатақтарына қайтты. Ауадан аздап дымқыл леп білініп тұр. Гауһарды жатағына әкеп салған Жарас сыпайы қоштасып, жақсылықтан үміт үзбейтінін айтып, өз вагонеткасына кетті. Кіріп келгенде жатақтағы қыздар ұйықтап қалғандай тым-тырыс. Гауһар олардың ұйқысын бұзбау үшін жарықты жақпай-ақ қоюды жөн көрді. Өз орнына сипалай жүріп жайғаса бергені сол еді сыбыр-күбір басталды.

-Вернулась наша красавица! Қалыпты дауыспен сөйлеген бұл қыздың сөз екпінінде ыза ма, қызғаныш па, әлдене бар. Келесі біреуі сыбырлай сөйлеп:

-Гауһар, Гауһар! Не дейді, ағай?

-Не деді, не айтты а-а-а?

Қараңғы, ескі клубтың бір кездегі ұзын көрермен залында қыздардың сыбырлай сөйлегені даусын шығара сөйлегеннен бетер жаңғырығатын сияқты. Гауһардың күндіз-түні бірге жүретін жолдас қыздарының бәрі бастарын көтеріп алған. Жан-жақтан түрлі сұрақты жаудыра жөнелді. Гауһар жауап беруге асығар емес. Әсіресе тағаты таусылған Бинұр бастырмалатып қояр емес.

-Не деуші еді? Ай жүріп келеді,- деді.

-Ай жүргені несі?

-Қайдан білейін?

- Дәл солай деді ме?

-Иә, дәл солай деді.

-Басқа ештеңе айтқан жоқ па?

-Біз де аймен бірге жүріп келеміз,-деді.

- Мә-ә-ә! Жынданған шығар, байғұс.

-Ғашықтықтан есі ауып қалған ғой бейшараның!

-Иһи-хи-и!

-Һи-Һи-й! Бірінің сұрағын бірі іліп ала жөнелген қыздар енді қиқылдап-шиқылдап күле бастады.

-Да хватит девчонки!

- Дайте нам спать! Ызалана, бұйыра сөйлеген Ада мен Дана көрпелерімен бастарын қымтай түсті.

-Ой, так хочется спать, но и ситуация интересное,- бұл қашанда әрнәрсені жайбағыстай сөйлейтін Сәуле.

-Да-а-а! Захотелось эй ситуация!

- Хватит уже! Завтра днём продолжите. Күлкісін сап тиган қыздар:

- Жарайды, болды!

-Не болды сонша!? Біздің де ұйқымыз келді. Жа-

тып алып әңгіме айтып, қарқылдап күлгендерінде үндемей-ақ қоямыз ғой, біз осы. Бинұр бұрқырай орыс тілділерге тиістіре біраз қыжыртып алды.

-Құрысын, қоя-ақ қойшы. Қойыңдар енді! Қараңғыда қабан күркірейді-деп. Тынышталыңдар! Жайна тас қараңғыда дүрліге бастаған қыздарды тыныштыққа шақырды. Кейі сабыр тауып, кейбіреуі әлі де сыбыр-күбірді жалғастырып жатыр.

-Иә ертең де күн бар ғой. Гүлзат Жайнаны қостады. Сонымен бар қызықтан құр қалғандай торсылдаған Бинұр да, қалған қыздар да қанша дегенмен шаршаған ғой, тым-тырыс тынышталып ұйқыға кетті. Түннің бір уағында басталған қалың жауын ертесіне түске таяу әрең толастады. Күндегіден едәуір кештеу егіс басына келген студенттер күнімен жауынның әсерінен батпаққа айналып кеткен тақталарда дірдектей жүріп қызылшаны әрең жинап жатты. Әңгіме айтуға ешкімнің шамасы да келмеді, құлқы да болған жоқ.

- Оңтүстікте күн жылы болады-дегенге сеніп жүрсек, okazывается мұнда да күн суық екен ғой-деп, күн сәл жылт етсе жеңіл киіне қалатын солтүстіктен келгендер күңкілдей наразылық танытуда.

Бұл күні де бригадирлер мен звено жетекшілері мұғалімдермен қоса студент жастарды аралай жүріп:

-Бұл әлі ештеңе емес. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің демекші, әлі қар жауып кетсе бұдан да қиын болады. Сондықтан қар жауғанға ұрындырмай ерте көктемнен басталған еңбегімізді еш кетірмей, Құдайдың беріп тұрған несібесін үсітіп алмай жинауымыз керек. Бұған бірден-бір жәрдемші күш өздерің, қарақтарым,-бригадир бар ықыласымен

сөзін аяқтай бере зеновой:

- Осы тепсе темір үзгендей жастардың бұла күшіне сеніп отырмыз. Мұндай күндерде жылы киініндер. Әсіресе аяқтарыңа су өтпейтін жылы аяқ киім киіп жүріңдер. Суық тиіп қалмасын жандарым.

-Иә, айналайындар сөйтіндер. Бұлар да өз балаларымыз сияқты бір-бір үйдің еркесі, үміті ғой!

Күн райының бұзылуы бірнеше күнге жалғасты. Аптаға созылған суық күндер аяқталып, ақыры қайта жылт етіп, күн нұры жер бетіне аямай-ақ жарығы мен жылуын төккендей күндер басталды. Бірақ түнде-түнде қырау түскендіктен бе күндіз күн шақырайып, шуағын молынан төгіп тұрғанмен ауада суық ызғар бар. Студенттер бар жылы киімін киіп алып, жұмысқа қызу кірісуде. Қызылша өнімін жинауды еңсермейінше өздерінің оқу орнына қайтуы ұзара түсетінін сезеді ме, бұрынғыдай әзілдесуді, бір-бірімен сөйлесіп тұрып қалуды сиреткен. Десе де жастар емес пе, жұмыстан соң, жауын-шашынсыз осындай ашық күндерде кешкі астан соң бұрынғыша музыка қойып, би билеп көңіл көтереді. Осындай күндердің бірінде ағайлар мен Бинұр жабылып жүріп Жарас пен Гауһардың тағы да оңаша кездесуіне мүмкіндік туғызды.

Аспанда шөкімдей де бұлт жоқ. Кештеу туған толық айдың себезгілей түскен сәулесі аналаны бозғылт қылаң түске бөлеген. Дала күндегісінен әлдеқайда жарық. Алакеуім жарықтан даланың бар болмысы көзге ұрып көрініп-ақ тұр. Аздап суықтау көрінгенмен түнгі тап-таза салқын ауа тынысыңды ашып, жанға жайлы әсер етеді. Сондықтан ба, Жарастың көңіл-күйі ерекше көтеріңкі. Екі жас

бұрынғыға мүлде кері бағытта жайымен қатар жүріп келеді. Жігіт бұл кездесуге іштей өзін-өзі дайындап, айтар әңгімесін де сұрыптап қойғандай. Әуелгі кездесудегіден әлдеқайда батылырақ. Өз-өзіне сенімді түрде сөз бастады. Аулақтау шыға бере, аз үнсіздіктен соң даусын бірнеше рет кеней түсіп:

-Гауһар, шынымды айтсам, өзінді бір көргеннен-ақ ұнатып қалдым. Сондықтан саған өзім туралы толық мәлімет бергім келеді. Айып етпесең, сен жайлы да толығырақ білсем деймін. Толқып келе жатқаны бәрібір даусынан анық байқалды. -Айып етпейсің бе?

-Оның несі айып?

-Рахмет, дұрыс түсінгеніңе. Алдымен өзім туралы айтып берейін. Мен осы ауданның тумасымын. Мақтанып кетті-деп ойлама. Мектепке алты жасымда барыппын. Жақсы оқып, алтын медальмен бітірдім. Содан соң Алматыдағы Халық шаруашылығы институтына түстім. Сонда оқып жүргенде әскер қатарына шақырылып, екі жылдан аса Владивостокта әскери міндетімді атқардым. Келген соң оқуымды қайта жалғастырып, қызыл дипломмен аяқтадым. Әрине сонда қалсам да болатын еді. Ата-анамның өтінішімен осында келіп, осы сен оқып жүрген институтқа жұмысқа орналасуыма тура келді. Мұнда қызмет атқарып жатқаным екінші жыл.

-Сонда осынша уақытта мен сияқты бір қызды кездестіре алмағаныңыз ба? Қысыла күлген ол:

-Осы сұрақты береріңді біліп ем. Иә, болды. Жоғары сыныпта оқып жүргенде бір қызбен көңіл қосқанмын. Екеуіміз өмірлік болуға серттескен едік. Бірақ ол мен әскер қатарында жүргенде үйленіп кетті. Содан қыз біткеннен көңілім қалып, әскерден келген

соң барынша сабаққа ден қойдым. Қызыл дипломмен бітіргенім де сондықтан ба, қайдам...

-Жақсы екен.

-Ал, сен ше? Сен өзің туралы ештеңе айтпадың ғой?!

-Мен не айта алам... Мектеп бітірдім. Осы оқу орнына түстім. Міне өзіңіз көргендей екінші курс басталды.

-Ұмытпасам, біз сен -деп сөйлесуге келіскен сияқты едік.

-Иә, солай. Бірақ бір дегеннен маған біртүрлі сияқты көрінді.

-Жарайды, бірте-бірте үйренесің ғой.

-Сонда да, неғып Алматыда қалуға тырыспадыңыз?

-Біз үйде бес баламыз. Ең үлкені мен. Менен кейін екі қарындасым бар. Одан кейін інім мен кішкентай қарындасым. Өзімнен кейінгі екі қарындасым да бірі мен әскер қатарында жүргенде, бірі мен оқуымды бітірмей-ақ үйленіп кетті. Енді қалған үш баланың үлкені өзің. Айналырған екі баланы екі жаққа жібермейміз деп, үлкен ғылым жолына түсейін-деп тұрған жерімнен әке-шешем көнбей шақырып алды. Мүмкін бұл тағдырдың екеуімізді кездестірейін-деп тұрғанынан болар. Ал өзің ше, өзің неше ағайындысыңдар?

- Сіздің жайыңыз жақсы екен. Мен үйде біреу ғанамын. Жігіт сәл ойланғандай үнсіз қалды.

- Сонда әпке- сіңлі, аға-інің мүлде жоқ па?

-Туыстар бар ғой. Бірақ өзіммен бірге туған жоқ.

- Сонда отбасында кім-кім тұрасыңдар?

- Әжем, әке-шешем және мен.

- Жақсы. Несі бар. Үйленген соң сен де көбейесің.

- Оның жөні бөлек қой. Ал бауыр деген басқаша. Ілгеріде, жаугершілікте атасы бөлек аттан түс, атасы бірге атқа мін-деп, баласын аттан түсіріп тастап, бауырын мінгізіп жаудан құтқармай ма? Соған қарағанда бірге туған бауырдың жөні ерекше емес пе?

-Мына сөзіңнен ақылың бар, жан-жақты екеніңді байқадым. Оған қуанып келемін. Менің саған деген ниетім түзу. Үйленген соң менің бауырларым саған да туған бауырдай болатынына сенімдімін.

-Охо! Сіз тіпті екінші рет кездесіп тұрып менімен үйленіп те үлгердіңіз ғой. Философ жігіт шыны ма, сыры ма кім білсін, бүгінгі күн барын жасырмай, аршыла түскендей. Іштегі бар ойын төгілте баяндап келе жатқандай көрінді қызға.

-Иә! Менің саған деген ниетім түзу. Сенімен үйленуді армандаймын. Нақ қазіргі күндерде күндіз-түні содан басқаны ойлап жүргенім жоқ-десем өтірік емес шығар. Және сол бақытты күн ертерек болса екен деп ойлаймын. Сен келіссең, 7-қарашада саған құда түсіп барсақ, желтоқсанның 31-күні сені келін ғып түсіріп, жаңа жылды біздің үйде қарсы алсақ қой, шіркін!

- Сіз тіпті менсіз-ақ бәрін өлшеп-пішіп қойыпсыз ғой! Әрине сізге енді үйленгеннен басқа не қалды. Дипломыңыз қолда, қызметіңіз бар. Енді тек үйленуіңіз қалды емес пе? Жайымен қатарласа жүріп келе жатқан екеу бұл кезде қалың қамыс көмкерген үлкен көлге жақындап қалған еді. Кенет қалың қопа арасынан не әйел, не еркек екені белгісіз, алғаш қинала жылаған адамның даусына ұқсас дыбыс шығып, артынша қырылдаған құстың үніне ұқсап

кетті. Шошып кеткен қыз:

-А-а-а!-деп шыңғырып, қатарында келе жатқан жігіттің арқа тұсына жасырына ығысып, оны құшақтай алды. Әбжіл бұрыла беріп қызды құшағына алған жігіт:

-Қорқып кеттің бе? Қорықпа. Ол құс қой. Діріл қаққан қызды аялай, қапсыра құшақтап тұрған ол, бұл жайды бұрыннан біле ме, еш сескенбестен қызды тыныштандырып, жай-жапсарды түсіндіре бастады.

-Бұл көлдің бір-екі жерінде бұрыннан «байғыз» деген құс мекендейді. Біз соның біріне жақын келіп қалыппыз. Тынышымды алма-деп бізге наразылық білдіріп, сақтандырғаны ғой. Қорқып кеткен қыз әлі де діріл қағып тұр.

-Құрысын! Кетейікші!

-Сонда ары қарай сөйлеспейміз бе?

-Түннің де біраз уақыты боп қалды. Ертең қойдың кезегі, оны да ұмытпайық.

-Жарайды. Жауабын айт,-деп асықтырмаймын. Ойланып, оң жауабын берер -деп үміттенемін. Олар мұнда келе жатқандағыдай емес, жіті басып жатақтарына қайтты. Қызды шығарып салып тобына қосқан жігіт бүгінгі күн үлкен іс тындырғандай өз-өзіне риза боп, алдағы тәтті күндерді ойлаумен таң атырды. Ашық, жылы күндер аптаға жуық жалғасты. Гауһар екі күнге үйіне барып келуге сұранды. Бір жағы кей қыздардың ызалы, кекесінді көз қарастарынан бірер күн болса да демалғысы келсе, бір жағы бұл жайды анасымен ақылдаспақшы болды. Ұстаздар оны еш кедергісіз, ризалықпен үйіне жіберді. Тіпті бір машинаны тоқтатып, қалаға, автовокзалға аман-есен жеткізіп салуын сұранды. Үйіне аттанып бара

жатқан қызға қиыла қараған жігіт:

-Сенсіз өткен екі күн екі жылдай болатын болды. Сағына күтемін,-деді ешкім естіп қоймасын дегендей жайымен сөйлеген ол, өрттей қызара түсіп. Қыз аттанып жүріп кетті. Аз-кем артынан қарап қалған жігіт бірер рет қолын бұлғап, селкостау бұрылып көпшіліктің арасына сіңіп жоқ болды. Үстіне үйе қызылша артқан машина аударылып кетердей қиралаңдай жүріп отырып егіс даласынан шықты-ау әйтеуір. Құлап қалмайын деп терезенің жанындағы тұтқадан тас қып ұстап алған қыз, наразы кейіпте бір қырынан ауық-ауық жүргізушіге қарап қояды. Мұны байқап қалған ол:

-Қорықпа қарындас! Біз деген мұндайдың неше атасын көргенбіз. Қазір асфальтқа шыққан соң, түп-түзу заулаймыз.

- Керісінше, жайырақ жүрсеңіз қайтеді.

- Ойбу-у! Жоспарды қайтеміз, жоспарды-ы-ы! Жүргізуші қол сағатына қарады.

Ұзамай тас жол, одан асфальтқа шыққан жүк машинасы заулап келеді. Жүргізуші де қыз да өз ойымен өзі. Қыздың бар ойы қыздардың ызыңдаған сөздері мен орынсыз әзілдерінен бір-екі күнге болса да құтылуын құтылдым-ау. Ал анама бұл жайды қалай айтамын. Қобалжығаны сонша, жүрегі май ішкендей болды. Ойлап отырса осы күнге дейін анасымен бұл тақырыпта ешқашан сөйлеспеген екен. Бір тоқтамға келе алмай терең ойға шомған қызға бір уақытта жүргізуші:

-Ал, міне қарындас, автовокзалға келдік,-деді. Ұйқысынан оянғандай селк етіп, оған жалт қараған қыз:

- Сізге көп рахмет. Жолыңыз болсын!-деп тездетіп машинадан түсе берді.

- Өзіңнің де. Жүргізуші асығыс өз жөнімен кетті. Өз аулына баратын автобусты біраз күткен қыз сол уақыт аралығында да, үйіне жеткенше де әлгі ойдан арыла алмады. Дарбазадан кіріп келе жатқан қызын ошақ басында әлденемен айналысып жатқан анасы әуелгіде байқамады. Гауһар тықырын білдірмей аяғының ұшымен басып келіп сөмкесін жайымен жерге қойды. Анасының көзін екі қолымен баса қоймақ еді, осы кезде әлденені сезген ол кісі жалт бұрылып, қапелімде алдында тұрған қызын көріп қуаныштан құлап қала жаздады. Өзін сүйемелдеген қызының көмегімен бойын түзеп алған ана:

-Ботам-ау! Сен бе едің!?

-Иә, мен, ма-а-ма!

-Қашан келдің? Сағынысқан ана мен баланың құшағы айқаса кетті. Ауладағы дыбыстан далаға шыққан әжесі сүріне-қабына, бір жағынан жетіп келіп, айналып-толғанып, бар мейірімін төгіп бола алмай жатыр.

-Қа-ара-а-ғы-ым! Қа-ра-ғы-ы-ым!

-Қарайған басыңнан айналдым! Көкірегін немереге деген сағыныш кернеген ұлы ананың даусы көмейінен емес, күңірене мекіреніп, әлдебір түкпірінен шығып жатқандай.

-Мен де сіздерді қатты сағындым, жандарым, менің! Папам да жұмысынан ертерек келсе ғой! Бірі қарт, бірі егделікке бет бұра бастаған қос ананы құшағына сыйдырған қыз жеңіл күрсінді.

-Біржола келдің бе?

-Қайдағы, екі күнге сұранып келдім. Қимастықпен

екеуі екі жағынан жалт қарады.

-Одан ұзаққа жібермеді ме?

-Қайдам, жібере ме, жібермей ме -деп екі күнге сұранып ем жіберді ғой, әйтеуір.

-Аман-есен қауыштырғаныңа шүкір, Аллам! Күңірене сөйлеген әжесінің үні жүрегін езіп кеткендей. Әйтсе де, қыз бұрынғыша еркелей сөйлеп сыр білдіргісі жоқ. Қос ана екі жағынан ере отырып үшеуі ұмар-жұмар үйге кірді.

-Папам жұмыста ма? Сұраулы жүзбен анасына қарады.

-Иә.

-Бапаң жұмыста ғой, қарағым!

-Кешке келе ме?

-Иә, келеді, қарғам!

-Әйтеуір алыста емес екен ғой!

-Бүгін ұзамаймыз,-деген.

Қас қарая әкесі келгенде қуаныштары кемерінен асып төгілгендей, бұл үйде Гауһардың келуіне байланысты шағын отбасылық той болды. Түннің бір уағына дейін сағыныштарын баса алмай әңгіме-дүкен құрған үй іші әдеттегісінен әлдеқайда кеш жатты. Онда да Гауһарды жолсоқты боп шаршап келді деген оймен. Әйтпесе үшеуі үш жақтан қыздарына әлі қанша қарап отырарын құдай білсін. Ол күні шынында да шаршаған ба, әлде үй-ішімен қауышқанына көңілі тоғайды ма, Гауһар тез-ақ ұйықтап қалды. Келесі күні сәскеде бір-ақ тұрған ол анасының дайындаған дастархан басында ұзақ әңгімелесе отырып, әжесі үшеуі таңғы асын ішті. Әңгіме әртүрлі тақырыпта- бұл жоқтағы ауылда болған жайлар, әкесінің көбінде сыртта жүретін қызметі, үй ішіндегі шаруа жайы, қала берді

Гауһардың жолдас қыздарының қызық қылықтары мен жолдастық жақсы қарым-қатынастары туралы. Одан әрі өрбімеді. Ақыры дастархан жиналып әркім өз ісімен айналыса бастады. Гауһар әжесін моншаға түсіріп, киім-кешектерін, одан өзге де үй-ішілік біраз заттарды жуды. Анасына болысып тамақ пісірісті. Амандасуға келіп, кіріп-шыққан бірер ағайындарға шай берді. Бір күн сонымен зыр етіп өте шықты. Қолы тірлікте болғанмен ойы сан-саққа бөлінген қыз өзін әлдеқайда қалқып жүргендей сезді. Екінші күн кеше жуған кірлерді өтектеп, қаттап орын-орнына қоюмен шұғылданды. Әжесі разы боп батасын жаудырып жүр. Дегенмен әже мен ата-ана:

-Екі-ақ күнге келсең демалмадың ба?

-Қызылша жинау деген оңай шаруа емес. Оның үстіне күн де суый бастады, жылы киініп жүр.

-Суық тигізіп, ауырып қалма, қызым, -деген сияқты қамқор көңілдерін білдіріп қояр емес. Екінші күні де анасымен қалай сөйлесерін білмей дал болған қыз түнімен ұйықтай алмай дөңбекшіді. Қызының бөлмесінің жарығы сөнгендей болғанын сезген ана, оны ұйықтадыға балап өз шаруасымен айналысып жүріп, қайта жанған жарықты байқады. Әсел ана қызын ертең жол жүруге дайындалып жатыр деп ойлаған. Жай басып жарма есіктің сыртына тоқтады. Есіктің үстіңгі қабатының әйнегінен қызының ұйықтамай төбеге қарап жатқанынан әлденеге сезіктенген әйел жайымен есікті аша беріп: -Әлі ұйықтамағаның ба?-деді.

-А-а-а, иә. Мына бір кітапты оқып жатыр едім. Аударылып түскен қыз кезі келген жерін ашып кітапқа үңіле қалды. Ойға қалған анасы бұрылып

алып жөніне кетті. Анасы бөлмесінен ұзай бергенде атып тұрып жарықты сөндірген қыз тағы бітпес ойға шомды.

- Не деп айтамын? Алыс- деп қалаған оқуыма да жібермеген ата-анам бұл жайды айтқанда қайтер екен?.. Япырым-ай! Ел сияқты сырласатын туған жеңгем де жоқ. Ол енді айналасындағы көршілерді ойынан өткізе бастады. Бұлардың үйінен соң жалғыз жесір кемпір тұрады. Оған үйтіп-бүйтіп өз ата-анасы әртүрлі жәрдем көрсетіп жүреді. Келесі үйдің әйелі бұның анасынан сәл-ақ кіші кісі. Одан арғы үйдің келін-баласы әлдеқашан қалаға көшіп кеткен. Орнында екі кемпір ғана. Келесі жақ шеттегі үйде қырықтарға келген осы ауылдың қызметкері балашағасымен бір қора жан. Көшенің келесі беті колхоз кеңсесі, почта, кітапхана. Япырым-ай өз үйі тұрмақ ағайын-туыста бұнымен сырлас болардай бір жан жоқ екен-ау. Осы уақытқа дейін бұған түк мән бермеген екенмін-ә?-деді ол іштей өз-өзіне. Ол осы ойлармен мазасы кетіп жатқанда түннің бір уағы боп, ата-анасы әлдеқашан ұйықтаған болуы керек, тым-тырыс тыныштық орнады. Сырттан тек анда-санда үрген ит пен беймезгіл шақырған қораздардың үні ғана естіледі. Әрі-беріден соң ол бұл ойдан жалығып атып тұрып жарықты қайта жағып алды. Осы қыздар айтса айтқандай, маған неге жігіттер үйірсектей береді?! Жауап іздегендей қарсы алдындағы кісі бойы айнаға көзі тастады. Бір мезет өз мүсініне өзі сынай қарады. Ұзындау бойлы, аса талдырмаш бой-бітімінен еш мін таппады. Өзін осындай ғып жаратқан Жасаған Иеге, ата-анасына іштей ырза. Ол ендігі кезекте бетпішініне көз салды. Айнадағы қасы қиылған қыз,

бота көздері күлімдей өзіне қарап тұрды. Оймақтай еріндерін біресе шүйіріп, біресе бұртитып өз-өзін мазақтағандай аз тұрды да, жатып ұйықтау керектігі ойына түсіп жарықты қайта сөндірді. Орнына қайта жатқан оның ойына қапелімде: -Ал мамама айттық делік. Сонда мен сол Жарастың айтқан ұсынысына дайынмын ба деген сұрақ сап ете қалды. Өлгінде ғана ұйқысы келіп тұрғандай еді, әпсәтте қайтадан шайдай ашылды. Келін болу?.. Өз үйінді тастап өзгенің үйінде өмір сүру?.. Қандай қиын!.. Мұның қазіргі жасында әжесінің тұрмыс құрғанына үш жыл, анасының тұрмыс құрғанына екі жыл болған! Бірақ ол заман басқа заман ғой! Шіркін-ай, біреумен ақылдасқанда ғой! Туған жеңге тұрмақ мұның ағайындарының ішінде жасы жас туысқан жеңге де жоқ екен-ау. Е-е-е, ана бір туыстың үйінде жас жеңгей бар. Бірақ оның үйі алшақтау болғандықтан келін түсіп той болғанда бір көргені болмаса, сөйлесіп те көрмепті. Әй, бәрі құрысын! Мен оған әлі дайын емеспін. Алдымда әлі төрт жылға жуық оқуым бар. Одан әрі жоқ дегенде екі жыл ата-анама нан жегізуім керек. Мені дүниеге келтіріп, алақандарына сап аялап, бәйек боп өсірген аяулыларыма не көрсеттім. Әлі ештеңе де көрсеткен жоқпын. Ең бірінші қолымнан келгенше соларға қызмет етуім керек. Осы ойға бекіген он тоғыз жасқа әлі тола қоймаған қыз таң алдында ғана ұйықтап кетті.

Әсел ана қызының қайтар жолына түрлі дайындықтар жасай жүріп те ойдан арыла алмады. Бұрынғыдай емес, қыздың бір өзгерісі барын ана жүрек сезіп-ақ жүр. Жастайынан адуын енеден қатты қаймығатын ана, өз баласына бей-берекет жақындай

алмайтын әдеті жеңді. Неде болса өзі айтар деп іштей сарыла күтіп жүр. Ертесіне түске таяу тұрған Гауһарға:

-Ботам-ау, екі күнге келдім деген сияқты едің, түс болды. Енді қалай қайтасың?- деді ана енесіне қаймыға, жалтақтай қарап.

-Іхi-him! Немене, ертең-ақ қайтады! Жарығым, қарағым сол! Осы болмаса өкіметтің қылшасы жиналмай қалып-па!?

-Дұрыс айтады әжем. Бір күн кешіксем ештеңе қирап кетпес. Гауһар әжесіне еркелеп, оң қолымен кимешек сыртынан орай құшақтады. Әже мен немере құшақтасқан күйі дастархан басына отыра берді.

-Қайдан білейін... Мен де кеткенін қалап тұрғаным жоқ. Әшейін, сөгіс алып қалмаса екен дегенім ғой. Енесі мен қызының шайын дайындап алдарына қойған Әсел сыртқа шаруасына шығып кетті. Немеремен оңаша қалған ұлы ана шай құймақ болған қызды қолымен жасқай тоқтатып: -Өзім құямын. Саған шайды өз қолыммен құйып бергім кеп отыр,- деді самаурынға жақындап шайнекті қолына ала беріп. Бабымен құйылған шайды екеуі сүйсіне ішіп отырды. Әжесінің әлденеге толқып отырғанын қыз байқап отыр. Неде болса көңілін бөлмей артын күтуде. Аз үнсіздіктен соң:

-Гауһар-жа-а-ан! Бой жете баста-а-дың қарағым! Қайте-е-ейін, аға-жеңгең бар болса бұл сөзді жеңгеңнің айтқаны мақұл еді ғой! Құда-а-аның бермесін кім тартып алған дейсің? Әжең де, жеңгең де мен болдым-ау. Біздің аямыздан алыстап шалғай жүрсің. Бір топ қаздың ішінде аққу құстай, мен жігітпін дегеннің көзіне бірден-ақ түсер көркің

бар. Әлдеқалай тілек білдіріп, қолын созған азаматты ұнатып жатсаң сөз басқа, ұната қоймасаң қатты сөйлеп, көңіліне қаяу салма, қарағым. Ақылың бар еді ғой, сыпайы сөзбен шығарып сал. Ер азаматтың киесі болар. Бірде болмаса бірде сол киесіне тиіп, назасына ұшырап жүрме, қарағым!..

Толғана сөйлеген қарт ананың үні көкірегінен күмбірлей шыққанда немеренің өн бойынан құмырсқа жорғалағандай тітірентті. Ал сөздерінің мән-мағанасы жүрегіне жаңа бір қан ағысындай құйылып, санасына мәңгілікке тереңдей сіңіп жатты. Іштей толғаныста отырған қыз, еркеліктің ізі де қалмай, қарт анасының жүзіне тіктеп қарауға да дәті бармады. Әжетайым тағы не айтар екен дегендей тым-тырыс, шайын ішуді де доғара түсіп, дастархан үстіне үңіле қарап қалды. Көп сөйлеп баланың миын ашыта бермейін деді ме, едәуір үнсіздіктен соң өзінен жоғары отырған немересіне:

-Шайың суып қалды ғой. Кесеңді бер ыстығынан құйайын. Қарт ана басына қақырайта ораған күндік пен көлкілдей төгіліп тұрған аппақ кимешегінің астынан қос-қостай салған күміс сақина, білезік толы қолын немересіне қарай созды.

-Жоқ әже, мен ішіп болдым.

-Ішкенің сол-ақ па? Әбден бір ішек боп бітіпсің. Жүдеп те қалғансың ба, қалай? Бұрынғыдан да тарала түскен қызына елжірей қарады. Үй-ішілік шаруамен екеулей жүріп айналысқан әже мен немере өздеріне қызықты болған талай жайларды әңгімелей жүріп біраз уақыт өткізді.

Бесін намазы мен екінтінің арасында аздап мызғып алатын қарт ана төсегіне кеп жайғасты.

Ұйықтап кеткен әжесіне жеңіл жамылғыны қымтай жапқан Гауһар сыртқа шыққанда анасы пеш қора жақтан қолына сүзбе толы дорбаны ұстап есік алдына егілген алма ағашының астына құрылған сәкіге қарай келе жатты.

-Мама, құрт жаямыз ба?

-Иә, біраз сүзбе жиналып қалған екен, алдыңғы күні сен келгенде тасқа бастырып қойып ем. Бүгіннен қалдыруға болмайды. Сәкі үстіне бір-біріне қарама-қарсы жайғасып құрт жаюға кіріскен ана мен бала аз үнсіздіктен соң, қадау-қадау әрнені сөз ғып отырды. Аздан соң:

-Гауһара, бұрынғыдай емес сенің бір өзгерісің бар сияқты. Неде болса айтшы, балам. Саған менен жақын, менен жанашыр жоқ шығар.

-Иә деген, әжем ше, папам ше? Олардың жаны ашымай ма сонда маған? Қыз бұл сұрақтан жалтарып, аздап еркелігіне баса бастады.

-Әрине, жаны ашиды, жақсы көреді. Десе де әлдене боп жатса алдымен анаң- мен білуім керек емес пе? Жалтара бермей шыныңды айтып, ішіндегіңді бір ақтарсаңшы, балам-ау!

Құтылар жол жоқ болды. Айту керек пе, айтпау керек пе? Төмен қарап аз ойланып қалған қыз анасының жүзіне қиғашынан барлай қарады. Ананың сұраулы жүзі өзіне елжірей, емірене қарап отырғанын көрді.

-Маам, бір кісі маған сөз айтты. Қызына тіксіне қараған Әсел:

-Кісі дейді? Сонда үлкен кісі ме?

-Жоқ-ә. Менен аздап үлкен.

-Оқи ма, жұмыс істей ме?

-Біздің институтта ұстаздық қызметте. Екі жыл бұрын Алматыда қызыл дипломмен оқу бітіріпті. Ол анасына Жарастың айтқандарын айна-қатесіз айтып берді. Кісі деген сөзді естігенде шошыңқырап қалған анасы жігіттің бар жайын, ұсынысын естігенде көңілі орнына түскендей, жеңіл күрсініп алды. Тіпті риза боп қалғандай. Десе де ол аз ойланып отырды да:

-Ал өз ойың қалай?- деді.

-Білмеймін. Тіпті соны ойласам миым қатып кетеді. Менің әлі ұзақ оқуым бар ғой! -Иә, балам. Үш жарым жыл оңай уақыт емес. Сол институтта ұстаз болса оқытатын шығар... Оқуыңды тастата қоймас...

-Мама, оның айтып отырған уақыты тым тығыз! Мен әлі оған дайын емеспін.

- Иә, тым тығыз екен. Сонда біразырақ күте алмайды ма?

- Білмеймін. Ол жағын сөйлеспеппіз.

-Жарығым-ай, тек адаспасаң екен!

-Қойшы. Тегі осыны сөз етпей-ақ қояйықшы.

-Балам-ай, сені он жасыңнан-ақ айттырғандар боп еді. Он екіге келгенінде де әкеңнің бір жолдасы құда түсіп келген.

-Онысы несі, құда түскен деген баяғыда қалған жоқ па? Сонда папам не деді?

-Екеуі де осы өз ауданымыздың кісілері, ауылдары да жақын. Әкең бұл мәселені өскенде қызымның өзі өз қалауымен шешеді. Бір түйір баламның алдына шықпаймын, -деп қонақ қып күтіп сый-құрметпен, сыпайылап шығарып салды. Паузадан соң.

-Әрине, бәрі біздің қолымызда емес қой. Бір Құдай біледі. Тек іштей біреудің жалғызы, не екеудің бірі болмаса екен деймін. Ақылың бар еді ғой! Ақылыңа

сал, жүрегіңе үніл,-деді күрсіне. Қыз, ал ол екеудің бірі ғой, деп ойлағанымен бұл жөнінде қайталамады. Десе де аз үнсіздіктен кейін:

-Ақылыма салсам осы дұрыс та сияқты. Жүрегіме үнілсем, ол жігітті жақсы көріп қалдым дей алмаймын. Жақсы көруге де уақыт керек шығар. Кейде менің ойымдағым емес сияқты көрінеді. Шын ғашық боп үйленгім келеді-дегенді айта алмады. Шындығында өзге ойлармен қатар, қызды, ол сүйгендей сүйе алмасам кейін қалай өмір сүрем, деген ой мазалайды.

-Ақылыңа жүгін, ақылыңа, балам. Сөз осымен бітті. Келгелі ішін жегідей жеп, ашыла алмаған сырдың осылайша оңай ашылғанына іштей қуанған қыз аздап жеңілдеп қалғандай болды.

Ауылынан ертеңіне сәскеде шыққан қыз студенттер жатағына кешке қарай жетті. Жол-жөнекей тағы да терең ойға батқан ол, жігіттің тағатсыздана жауап күтіп отырғанын айтпай-ақ түсініп келеді. Не деп жауап айту керек? Қалай ренжітпеу керек?! Неде болса өзінің бұл жайға әлі дайын емес екенін әжесі айтқандай жұмсарта жеткізгісі келді. Шын сүйетін жан болса күтер, күтпесе өзі білер,-деп ойлады.

Жұмыстан шаршап қайтқан жолдастары сол күнгі кеште ауылдың, оның ішінде үйдің дәміне қарық болды. Не жауап айтар екен деген ұстаз жігіт қыздар жаққа жалтақ-жалтақ қарай береді. Қыздардың онымен ісі жоқ. Тіпті бұл өмірде бұл жігіт жоқ, және қызбен арада еш сөз болмаған сияқты. Өздерімен өздері мәзмейрам. Тағаты таусылған жігіт тағы да Бинұрдың көмегіне жүгінгісі келді. Қас қылғанда Бинұрдың да бұнымен ісі жоқ. Тіпті бұл жаққа қарамай-ақ қойғаны. Не істерге білмеген Жарас ақыры студент жігіттің

біріне жүгінуді жөн көрді. Өзімен жақын танысып, бірнеше рет сөйлескен Ерболды шақырып алған ол:

-Бинұрды шақырып берші?-деп өтініш айтты. Бірталай уақыт өткенде ғана жатақтан сыртқа шыққан Бинұр:

- Не болды, ағай, жайшылық па?-деп бар даусымен дүниені дүрліктіре өзін мұғалімнің шақырғанын паш етіп тұр.

-Тыныш, жай сөйлесеңші... Жүр, бірдеңе айтайын. Қызды қолтықтай алған ол мұғалімдер тұратын вагонеткаға қарай жетелей жөнелді. Үнемі күліп жүретін Бинұр, есіктен кіріп келген бойда, биік стол үстіне кең жайыла жайнаған дастарханды көріп:

-Мә-ә-ә! Ағай, бүгін не, туған күніңіз бе?- деді алақанын бір-біріне сарт еткізе соғып.

-Иә. Туған күні.

-Осы дастарханға Гауһарды ертіп келсең тегі жақсы болар еді. Қосарлана шыққан доцент Бейсенов Қали мен математик Керімов Сәбиттің даусын естігенде тосылып қалған қыз:

-Ой-бу-у, айтпақшы, сәләматсыздар ма? Кешіріңіздер сіздерді мүлде байқамаппын,-деді күндіз жұмыс басында бірге болғандарын да ұмытып, асып-сасып. Ұстаздар оның балалық мінезіне риза боп күліп алды. Ізінше кері бұрылған қыз:

-Жарайды, мен қазір Гауһарды ертіп келемін,- деді есіктен шыға беріп. Жатаққа жүгіре басып жетіп келген Бинұр:

-Гауһара! Бері шығып кетші,-деп көзін қысып қалып Гауһарға қиыла қарап тұр. Іштей Бинұрдың көз қысуының мәнін бірден-ақ түсінген ол, ойпырым-ай, асығысын-ай, мына кісінің. Неде болса ертең

сөйлесерміз-деп ойлап едім, тағат таппады-ау. Енді не десем екен-деп, іштей жігітке жауапқа дайындала жүріп Бинұрға ілесті. Бұл кезде даланы қараңғылық басып, айнала тек электр жарығымен ғана самаладай боп тұрған. Екі қыз вагонеткаға келгенде екі ағай жоқ боп шықты. Шыдамсыз, ашық мінезді Бинұр:

-Ағайлар қайда кеткен?-деп сабырсыздана жан-жағына қарады. Ашыла берген есік артынан:

-Бинұр бері кеп кетші,- деген Қали ағайдың үні естілді. Ізінше сыртқа шығып кеткен жолдас қызының артынан қарай берген Гауһарға:

-Олар кәуап пісіріп жатыр, қазір келеді,-деді Жарас қызара күліп. Тағаты таусыла қыз жауабын күткен жігіт оның қолынан қос қолдай ұстап төрдегі орынға отырғызғысы келген. Бірақ қыз аса алыстамай: -Осы жер де болады,-деп төрден төмендеу жайғасты. Қатарласа отырған жігіт әлі де қыздың қолын босатпай:

-Үй-ішіңмен ақылдастың ба? Ол кісілер не деді?-деп қиыла қарап қапты. Жігіттің жүзіне ойлана, барлай қараған қыз:

-Ол кісілер не десін? Менің қалауымнан аса алысын ба?-деді жай ғана күрсініп.

-Дұрыс айтасың. Қазір бағзы заман емес. Ата-аналарымыз қашан да біздің жүрегімізге үңіледі. Қалауымызбен санасады ғой.

Қапелімде не айтарын білмей отырған қызға мына сөз жол көрсеткендей. Әжем қатты айтып ер-азаматты назаландырып алма деп еді. Мынасы дұрыс болды-ау,-деп ойлады ол. Қызға құлай түсіп сұраулы жүзбен қарап отырған жігіт:

-Сонда өз қалауың қалай, маған аз да болса

жүрегінде орын бар ма?-деп дегбірсіздене жауап күтіп отыр.

-Не дерімді де білмеймін. Жігіт аздап тіксіне қарады.

-Өзіңіз ойлаңызшы. Сіз әскерге кеткенде ұнатып жүрген қызыңыз күйеуге шығып кетті,-дедіңіз. Сонда қандай күй кешкеніңізді айттыңыз.

-Иә, айттым.

Осы мен не сандырақтап кеттім,-деп ойлады қыз іштей. Бірақ неге екені белгісіз сол сарынмен ары қарай жалғастыра берді.

-Менде де сондай бір адам бар еді. Ол да күт деген. Күтсем бе, күтпей сізбен кетсем бе, сол жағы қинап тұр мені. Соны күтем десем, сіз ренжисіз. Күтпей сізбен кетсем ол ренжиді. Тура жолы қайсы? Өзіңіз айтыңызшы.

Япырым-ай, мына шылқи өтірік қай жағымнан шығып жатыр. Қайдағы әскер, қайдағы жігіт? Мұның бәрін қайдан тауып алдым. Осыған дейін бір жігітті жақындатып көріп пе едім... Өмірінде бірінші рет өтірік айтқан қыз өз-өзінен қысылды. Әлгінде ғана қолын қос қолдап ұстап, қызара қиылып отырған Жарас сұрланып қоя берді. Ып-ыссы алақаны әп-сәтте мұздап, қыздың қолын жібере салды.

- Бәсе! Бәсе,-деп ем-ау! Тым салқын, тым каталдығыңа қарап... Маған мұндай бақыт қайдан келсін?.. Қыздан бағым жанбай-ақ қойды-ау!

-Кешіріңіз, күйінетін ештеңе болған жоқ қой.

-Үнемі кешігіп жүремін. Мүм, мүм, мүмкін қайта бір ойланып көрерсің!

Неде болса болды. Бүлдірсем де, тындырсам да айтылған сөз атылған оқ қайтып ала алмаймын. Өз

ақылына салсын. Шын сүйген жан бәріне төзеді,- деді іштей кітапты көп оқып, соған ғана сенетін, махаббаттан тәжірибесі жоқ қыз. Жарасқа келесі сөзді айтқызбай:

-Тек осының жауабын өзіңіз табыңыз дегенім ғой!-деп қоштасып, мұғалімдер тұрағынан шыға жөнелді. Қыз шығып бара жатқанда жігіт:

-А-а-ай!-деп қинала бір ақырды да стол үстіндегі дастарханды шетінен уыстай ұстап жұлқа тартып қалды. Дастархандағы қыздан оң жауап болса өздерінше тойлатуға дайындалған тағамның біразы төгіліп-шашылып рәсуә болды. Бірер ыдыс қирап жерге түсті.

Жігіттің ыңғайсыз шыққан даусынан шошып кеткен қыз ертерек аулақ кетуге асықты. Сыртта кәуап пісіргендердің жанында жүрген, түк түсінбеген Бинұр оған жанамалай беріп:

-Ой-ба-ай-ай, не болды? Даусы жаман шықты ғой,-деді Гауһардың қолынан үрейлене ұстап.

-Мен әскерде жігітім бар деп едім...

-Содан? Өзі де күтпеген мына жағдайлардан қатты қысылған Гауһар:

-Содан, содан... Не болушы еді? Жынданып кетті ғой!

-Шынымен! Ой-ба-ай, мен қорқып кеттім, даусынан.

-Сен бе, мен бе?

-Шынымен-ақ әскерде жігіттің бар ма, ей?

-Қайдағы жігіт?

-Е-е-е, сынағың келген екен ғой! Бір жағынан дұрыс ей! Екі қыз жатақтарына ене бере екеуара сөздерін доғарды. Күн суық, жұмыс ауыр. Күнімен

суықта тоңып, қызылша жинаған қыздар бұл кезде тегіс ұйықтап қалған-ды.

Қыздың оң жауабын күткен кісілер абдырап не істерге білмей қалды. Біразы піскен, біразы шикі кәуапты алып Қали мен Сәбит вагонеткаларына келгенде шашылып, күл-талқан болған дастарханнан едәуір алшақта басын қос қолдап ұстаған Жарас бүк түсіп отыр екен. Бар жайды айтпай-ақ түсінген үлкендер Жарасты жұбата бастады. Мейірлі жүзбен күлімсірей Жарасқа қараған Қали:

-Е-е-е, қыз дегеннің қулығына құрық бойламай-ды. Жай ғана сені сынамаққа айтқан шығар,-десе, Сәбит:

-Бұлданбаса қыз бола ма? Оған бола күйінбе. Әлі-ақ тіл табысып кетерсіңдер деп жатыр.Екеуі екі жақтап вагонетка ішін жиыстыра жүріп Жарасты тыныштандырды.

Ертесіне аспан ашық, бұлтсыз болғанымен суық, ызғарлы жел тұрып, студент жастар дірдектей жүріп қызылшаны әрең жинады. Аракідік иіріле топтасқан олар от жағып жылынып алып істерін ары қарай жалғастырып жүр. Бұлтсыз ашық аспаннан күн шуағы молынан төгіліп, жер бетіне жылуын аямай-ақ бергенмен өңмеңнен өтер суық жел жылуды сездірер емес. Түс әлеті болғанда бұған дейін біраз жұмысты еңсерген, әбден тоңған, Жайнаның тобындағы қыздар тақтаның басындағы ойпауытқа барып от жағып, ықтасында жылынып отырды. Қолдарын отқа қақтаған қыздардың әңгімесі түндегі Жарас мұғалім мен Гауһардың арасындағы жай. Әңгіме тізгіні әдеттегідей Бинұрда.

-Қызда-а-ар, мә-ә-ә ,түнде қызық болды ғой.

-Иә, не қызық?

-Мына Гауһар ма, Гауһар! Жарас ағайды біржола өлтіріп түсті ғой!

-Қойшы-ей, неғып өлтіріпті?

-Тірі жүр ғой, әне! Қыздар ду күлді. Гауһар Бинұр ары қарай не айтар екен дегендей сәл ғана жымыып қыздарға бақылай қарап қалыпты. Сырты жайбарақат көрінгенмен іштей толқып-ақ тұр. Бірақ сездірмеуге тырысады. Шалт мінезді, ерке Бинұр: -Ей, тыңдасандаршы енді,-деп әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

-Есіктің артында анадай жерде ағайлар кәуап пісіріп жүр екен. Мені Сәбит ағай сол жерге ертіп барып қолыма бір тәрелке ұстатып қойған.

-Әй, созбақтамай тоқ етерін айтшы ! Шыдамсыз Гүлжардың тағаты таусылды-ау деймін. Қабаттай киінсе де суықтан беті түктеніп кеткен ол жанып жатқан отқа ентелей түсті.

-Қоя тұршы-ей! Гүлзат оған жақтырмай қарады. Жанып жатқан отқа бір бүйірін бере түрегеп тұрған Шолпан:

-Айтсын дә дұрыстап. Қыздар оған жабылып кетті. Тосылып қалған Бинұр ары қарай жалғастыра жөнелді. Жан-жағына жалтақтай қарап алып:

-Маған піскен қауапты піскенінше беріп жатыр, мен тәрелкеге салып мәз боп тұрсам...

-Иә?

-Сосын?!

-Сосын, сосын! Екеуі күбірлеп сөйлесіп отырған. Ағай дә, аға-а-ай сөйлеп отырған. Бірақ сөздері анық естілмейді. Бір кезде мына жөкеңнің сыңғырлаған үні естілгендей болды. Сырттағы ағайлар:

-Охо, қыз жауап айтып жатыр, -деп қуана бастағаны сол еді, бұл көкең есіктен шығып келеді. Ал Жәкең ақырып жібергенде тау қопарылды ма дерсің. Ағайды айтам да, ағайды! Жарас ағайды. Бинұр ақырған кім екенін түсіндіңдер ме, дегендей жан-жағына күлімдей, жайнаңдай қарап қойды. Жайна:

-Ау сен мына түріңмен жазушы боп кетпеші.

-Соны айтам-ау! Қыздар тағы ду күлді. Жастықтың мастығы ма, бұған ешқайсысы бәлендей терең мән беріп тұрған жоқ. Бәрінің ойы түптеп келгенде оқу жайына ойыса берді. Бірі:

-Шынында да, өліп-талып әрең түскен оқуын аяқтамай қалай үйленеді,-деп Гауһарға жаны аши сөйлесе екіншісі:

- Ары қарай оқытса жақсы, оқытпай қойса кайтеді,-дейді.

-Қойшы-ей! Оқыған көзі ашық адам қалай оқытпайды,-деп және біреуі жігіт жағына сенім білдіргендей болса, енді бірі:

-Е-е, қойшы соларды! Түйе көпірден өтіп алғанша ғой. Алып алғанша сүйдім-күйдім, өлдім-талдым,-дей береді. Алып алған соң құдай білсін, көріп жүрміз ғой талайды,-деп күдікті одан бетер күшейте түсті.

-Гауһара, неде болса дұрыс болған екен. Екінші-ақ курстамыз. Оның үстіне сабақтың бәрі орыс тілінде. Сызу деген бәледен құтылмайынша үйлену түгіл жігітпен жүруге болмайды. Жайнаның сөзі көңілге қонымды шықты.

-Иә, дұрыс айтасың.

Орыс мектебін бітіргені болсын, қазақ мектебін бітіргені болсын қыздардың аса терең, жан-жақты

ойламай-ақ айтып жатқан сөздерінен бәрінің діттеген мақсаттары бір екені байқалды. Бәрінің көкейінде азды-көпті осы жеткен жетістіктерінің өдесіне жету. Аман-есен оқуларын бітіріп, мамандық алу. Көпшілігі-ақ одан кейінгісі кейін-ақ бола жатар,- деген пікірде.

-Оған үйленгеннен басқа не қалды? Бұл аз сөзді, көп ойлы Гүлзаттың сөзі.

-Қатын алып алған соң соны жұмсап, шалқадан түсіп жатпақ қой. Өткірлеу сөйлейтін Гүлжардың пікірі.

Ту-у-у, қандай жаман сөз еді. Біреудің қатыны болу?.. Құрысын, жаман екен! Гауһардың жүрегі май ішкендей болды. Оның ішкі толқынысымен ісі жоқ Бинұр:

-Ой ондай жігіттің әлі оны келеді саған. Қыздар осындай бітпес әңгімемен тұрғанда қаракер атқа мінген Жарас келесі тақтадан біресе әрі, біресе бері құйғыта шауып өтті. Оған жаппай тігіле қараған қыздардың біреуі:

-Мынау жынданған ба?-деді.

-Тура Бекежан!

-Айтпа, дәл таптың! Қыздар сыңғырлай-сылдырлай күле жөнелді. Сол аптаның аяғында ауыл шаруашылығы жұмысы аяқталып студенттер институтқа оқуларына оралды.

Институтқа келе жұмыстың нағыз қауырт және ең маңызды екінші түрі басталды. Сельхоз-када жүргенде қалып қойған оқу жоспарын қуып жету үшін қойылған оқу кестесімен студент біткен

таңертеңнен кешке дейін институтта сабылып жүр. Арасындағы үзілістерде қалталарындағы азын-аулақ тиын-тебендерімен үзіп-жұлқып тамақтанған болады. Өстіп жүргенде қысқы сессия да жетіп келді. Күзгі оқиға қыздардың мүлде естерінен шығып кеткендей. Жанталасып, бәрінің ойы тек сессиядан аман-есен өту. Күндіз-түні сабақтан бас ала алмайды. Тәулігіне үш-төрт сағат қана ұйықтайды десе өтірік емес. Бірде оқу залдарында кейбір санаулы оқулықтарға кезек күтіп жүйкелері жұқарса, бірде түнімен ұйықтамай табандарынан тік тұрып сызған сызуларын өткізе алмай әлек болады. Қыруар уақытын сарп етіп сызып, одан сағаттар бойы кезек күтіп мұғалім алдына апарғанда ол сызбалары өтпей қалып, көз жастары көл бола жылайды. Өздерін-өздері жұбатып қайта сызуға кіріседі. Біріне-бірінің бұрылып қарауға шамасы жоқ. Ақыры ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердегі еңбектері жанып қыздар тегіс екінші семестрге өтті. Дегенмен бұлардан бөлек жүретін бірер қыздар мен жігіттер тағы да оқудан шығып қалды. Сессияны дұрыс тапсыра алғандар қысқы каникулға шығып, елдеріне барып, біраз демалып ес жиып қайтты. Институттан шығып қалғандардың орнына бұрын денсаулығы жөнінен, отбасындағы қиындықтарға байланысты амалсыз бірер жылға оқудан қол үзгендер келіп қосылып жатты.

Қыздың жауабынан ашуланып, қаны басына тепкен Жарасқа алғашқы келген ой, мен осы кімнен кеммін, болды. Мектепті анау алтын медальмен бітірдім. Институтты қызыл дипломмен аяқтадым.

Әскердегі абыройым да бір кісіге жетерлік. Ұстаздарым бұл еңбегімді бағалап сол институтқа кіші ғылыми қызметкер ғып қалдырды. Тіпті кандидаттық минимум тапсырып қойдым. Алматыда екі бөлмелі пәтерім де бар. Сонда бұл қыздарға не керек! Түк түсінсем бұйырмасын. Басынан осы ой шықпай-ақ қойды.

Ауылшаруашылығы жұмысын аяқтап келгендеріне екі апта өтіп, үшінші апта басталған. Жаңа салынып біткен, бар жағдайы жасалған жатақхананың бірінші қабатынан тиген бір бөлмелі пәтерінде тұр. Ол айнаға қарап тұр келбетін сынай бастады. Өз-өзіне қарап тұрып, иә, орта бойлы, толықтаумын. Қой көзді сарымын. Мұрын, құлақ бәрі орнында. Аса келбетімің дей алмаймын. Десе де ешкімнен кем емеспін ғой! Бір мезгіл ата-анасына өкпеледі. Қоймай шақырып алып... Өзім үйренген институтта үйреніскен кісілеріммен қатар қызметімді атқарып жүре берер едім. Осы қызды көріп жан азабына түспес едім. Ішін өрт жалағандай болған ол, бұл не сұмдық? Бұдан қайтып құтылуға болады,-деп ойлады. Мен сүйген қыздар мені неге сүйе алмайды? Мүмкін толықтығымнан шығар. Ол енді іштей бір кезде айналысып жүріп тастап кеткен спортпен қайта шұғылдануға шешім қабылдады. Өз жұмыс уақытын іштей шолып өтті. Спортпен айналысуға уақыты мүлде жоқ сияқты. Десе де бокс үйірмесіне барып уақытын біліп, ыңғайына қарай жоспарлауды жөн көрді. Ақыры үйірмеге барып, жол-жөнекей жұмыс уақыты мен спортқа кететін уақытын іштей жоспарлап келе жатты. Оқытушылар жиналып отыратын бөлмеге кіргені сол еді секретарь қыз:

-Сізді проректор шақырып жатыр,-деді. Проректорға келсе бұған кандидаттық диссертациясын қорғауға жедел шақырту кеп жатыр екен. Қуанып кетті. Қызға деген реніштен кейінгі бірінші рет қуануы. Екі күнде жиналып, үшінші күні Алматыда болуы керек, ары қарайғысын уақыт көрсетеді. Бірден есіне Гауһар түсті. Осыған дейінгі оған деген өкпе-назы сумен шайылып кеткендей. Тіпті өзіне басу айтып, жұбатқан Қали ағай мен Сәбеңе:

-Қызы құрысын! Қыз үшін енді ешқашан бүйтіп есімнен танбаспын,- деген. Бәрі есінен шықты. -Япырым-ай! Келгелі бір хабарласпаппын-ау! Қайда?! Не істеп жүр екен? Жаным-ау сол! Дереву оны іздестіру керек. Ойына осы институтқа келгелі өзіндей жас, әрі бойдақ болған соң жақын араласа бастаған Комсомол ұйымының басшысы Қайырбек пен студенттер кеңесі төрағасының орынбасары Сайлау түсе кетті. Студенттермен жиі ұшырасатын осы екеуінің көмегіне жүгінуді жөн көрді. Аса іш беріп сырласпаса да, сіз бізі, сәлемі түзу осы екеуіне, әсіресе Қайырбекке қарағанда елгезектеу Сайлауға сенуге болатын шығар,-деп ойлады ол. Жұмыс аяғына таяу екеуін де тауып алған Жарас буфетте бірге кофе іше отырып, құрдастарына бір қыздың қайда тұратынын анықтауға көмектесулерін сұрады. Өзінің не себепті асығыс екенін де жасырмады. Екі жігіт қолдан келген көмегін аямайтынын айтып, сонымен қош айтысты. Жатақхананың тәртібі мен тазалығын қадағалайтын, студент жастар арасындағы өз көмекшілеріне жүнген жігіттер сол күнгі кеште-ақ, қызды институтқа тиіп тұрған жатақханадан тауып алды. Тіпті олар оны іздеп жүргенде қыз жоғарыдан басқышпен төмен

түсіп келе жатты. Көмекші жігіттер Асқар мен Бейсен қызға байқатпай бастықтарына мына қыз, деп ымдады. Екі-екіден қатарласа басқышпен жоғары көтеріліп келе жатқан жігіттер әңгімелескен кейіпте болғанымен назарлары қызда. Қыздың бұлармен ісі де болмай, тек институт қызметкерлеріне амандасқандай, елеусіз ғана басын изеп өте шықты. Бойы қып-қысқа шәлтиген Сайлау қапелімде мұз жұтқандай ішінің мұздағаны сонша ақсұр жүзі қуарып, демін ішіне тарта Қайырбекке жалт қарады. Ортадан сәл жоғары бойлы, жалпақ бас кара жігіттің түрі өрт сөндіргендей қарауыта күреңіткен. Қаны басына тепкен оның жүзі мың құбылып, әшейіндегі қараторы жүзі қошқылдана қабарып кетті. Ішін қызғаныш өрті қарып өткен Сайлауға алғашқы келген ой, ойпырым-ай, мына сары торсықтың пәлесін-ай! Сонда мынадай қызды қолына түсірген бе? Тағы өзі кандидаттық диссертация қорғамақ, бәлесін қарай гөр,-болды. Ал Қайырбек болса, философтың пәлесін-ай! Кімге көзі түскенін қарашы! Бұйырса, қарағым, бұйырса! Ебін тауып бұйыртпауға да болады,-деп ойлады. Бір мезетте бір-біріне қараған екі жігіт ішкі ойларын айтпай-ақ түсінді. Бұл екеуінің де өңді қыздарға қол созуға шамасы жоқ. Сайлаудың бойы тым қысқалығымен тұрмай, қырым еті жоқ шілпиген бетінің төменгі жағын, яғни иегінен біреу тартып қалғандай ұп-ұзын, үшкір. Соның кесірінен ажарлы қыздар түгілі кәдуілгі ел қатарлы қыздардың жанына жақындап барудың өзі бұл үшін үлкен машақатты іс. Жасөспірім кезінде әкем де, анам да дәл мендей емес. Сонда мен қайдан шыққанмын, деп өз жаратылысы үшін талай налыған-ды. Келе-келе көндікті.

Көнбегенде қайда барады? Өзінен-өзі безсін бе? Ал Қайырбектің бойы ешкімнен кем емес болғанымен маймақ аяқтарының арасынан арба өтіп кеткендей. Иықты, қап-қара қас-кірпігі қалың жігіт осы аяғының кесірінен мектепте оқып жүргенде «шенбераяқ» атанып талай қыздың мазағына айналып, талай бозбаламен төбелескен. Енді міне азды-көпті абыройының арқасында ешкім бетіне келіп мазақтамайтын болды. Сыртынан не десе ол десін, бұл естіп жатқан жоқ. Аса ажарлыға амал жоқ жоламайтын мұның да іші у жалағандай өртеніп тұр. Іштей ұғысқан екеу тобық жұтып алғандай томсырая екінші қабатқа көтеріліп, көмекшілерінің бөлмесіне барды. Асқар мен Бейсен елпек қағып бастықтар не айтар екен,- деп алды-арттарына шығып жүр. Сөзді Қайырбек бастады.

-Қалай, жігіттер жатақханада тәртіп бұзып жүргендер жоқ па?

-Жоқ.

-Соңғы апталарда тәртіпсіздік болған емес.

-Тазалық жағы ше?

-Моншаның кезегінің кестесі қалай?

-Тазалық та жаман емес.

-Моншаның кестесі міне! Бір данасын моншаның есігі сыртына іліп қойғанбыз. Бастық жігіттер оқып көріп:

-Дұрыс!-деді.

-Енді бір тапсыратын іс, әлгі қызға ешкім тиісіп жүрмесін!

-Ой, тиіспейді ағай!

-Бәрі сыйлайды оны.

-Сонда да дегеніміз ғой. Былай нетіп... Жігіттер жағынан сақ болыңдар деген ғой біздікі. Сәл ойлана

қалған Сайлау:

-Оған келген хат-хабарды да бақылап жүресіңдер ғой,-деді, бірінші қабаттағы студенттерге келген хаттар салынатын, алфавит бойынша бөліктерге бөлінген, қабырғаға ілулі жәшікті сүйір иегімен нұсқап.

-Жарайды, түсіндік, ағай!

-Хұп, болады, ағай! Олар біраз жатақхананы тексеріп жүріп барып жөндеріне кетті. Ертесіне жолығуға келген Жарасқа екеуі де жайдары жүзбен қол алыса амандасып, қыздың қай қабатта, қай бөлмеде кімдермен тұратынын тегіс айтып берді. Қуанғаннан қып-қызыл боп кеткен Жарас жаңа таныстарын нағыз жолдас болуға тұрарлық жандар екен, деп ойлады. Ертесіне кешке жұмысы аяқталысымен жатақханаға келген Жарас вахтадағы апайдың жанында тұрып әлдебір студенттен Асқар мен Бейсеннің бірін шақырып келуді өтінді. Көп күттірмей-ақ Асқар жетіп келді. Жарас Гауһарды шақырып беруін өтінді.

-Мақұл,-деп жоғарыға жүгіріп бара жатқан Асқардың алдынан Бейсен шықты.

-Не болды, ей? Кім ол шақырған?

-Өлгі, анау, экономика мен философиядан беретін жас ағай ше, сол ғой!

-Ой-бо-о-ой, не дейді?

-Мына қыз институттың жас мұғалімдері мен басшыларының бәрінің есін алып біткен бе? Бір-біріне таңырқай сұраулы жүзбен қараған екеу жоғарыға бірге көтерілді.-Мұнысы несі?

-Кеше ана екеуі ешкімді жолатпандар-деп кетті. Бүгін мынаусы келді. Не істейміз?

-Енді қайтеміз? Қалт тұра қалған Асқар бір

шекесін ұстап ойланып қалды.

Бейсен: -Ей, Асқар, былай қылайық. Мына ағайға қызды іздеп таппадық. Бөлмесіндегілер әпкесінің үйіне кетті,-деді дейік. Ана екеуі ұрсып жүрер. Бәлесінен аулақ. Ары қарай тағысын тағы көре жатармыз. Осыған келіскен екеуі төменге түсіп, жас ағайларына қыздың жатақханада жоқ екенін айтты. Жарас, аға, әпкем жоқ деген сияқты еді. Мұнысы несі болды екен, деп аз ойланып тұрды да, жарайды, туыстарының біріне кеткен ғой, деп өз-өзін сабырға шақырып, бұрылып жүре берді. Десе де көңілін сан түрлі мазасыз ойлар жайлап алды.

Ал қыз бұл аралықта жатақхананың төменгі қабатындағы оқу залында сабаққа дайындалып отырған. Ертесіне түсте бұған дейін Гауһарды еш жерден кездестіре алмаған Жарас асығыс Қайырбекке келді. Оны орнынан таппады. Шарқ ұрып жүгіре басып жүріп Сайлауға келді. Ол бір жаққа шығып кеткен екен. Қайтып келеді-деген соң күтуге тура келді. Он-онбес минут күттіріп кабинетке Сайлау кіріп келгенде қатты қуанды. Амандаса беріп оны қос қолдай ұстай алған Жарас сәл оңашалау жерге алып барып, төс қалтасынан төрт бүктелген хатты шығарып, қолына ұстата берді.

-Сайлау, Сайлаубек сенен үлке-ен өтініш...Мына хатты қалайда Гауһарға тапсыршы. Өз қолыңмен! Тағы біреуден біреуге беріліп ұят боп жүрмесін!

-О, не дегенің! Әрине! Өз қолыммен табыстаймын!

-Бүгіннен қалдырма иә?!

-Әрине, бүгіннен қалдырмаймын. Кешке апарып берем ғой! Қазір бәрібір ешкімді таппаймын. Хатты

алып ол да төс қалтасына салып қойды.

-Саған сендім! Рахмет, саған! Сау бол!

-Сен не, кетіп барасың ба?

-Иә, екі сағатқа жетпейтін уақыт қалды, көліктің жүруіне. Қазір барып үйден чемоданымды алып шығамын, болды. Ал хош сау бол. Менен сәлем де!

-Сау бол! Айтамын, айтамын сәлемінді. Сайлау екі алақанын бір-біріне сарт еткізе қысты. Жарас арқасынан бір қағып қойып жүріп кетті. Жұмыс уақыты бітіп, үйлеріне қайтар уақыт болғанда төсқалтасынан Жарастың хатын алып оқыған Сайлау Қайырбекке келді. Ешкім естіп қоймасын дегендей жайымен ғана:

-Уа Қайырке! Мына философтың бәлесін-ай! Жүрек сырын төгілте жазған екен сабазың. Жыртып тастағым келіп еді. Сізді де таныссын деп ойладым. Ол хатты Қайырбекке ұсынды. Ол селқостау қолына алып көз жүгіртіп шықты да:

-Хат тасушыны оңай жерден тапқан екен,-деді Сайлауға қайта беріп. Сайлау Қайырбектің көзіне тіке қарап отырып, сенің де қалауың осы емес пе дегендей хатты жайымен жырта бастады. Ал ол болса түк болмағандай жайбарақаттық танытқанмен өзі жырtpаса да, хаттың жойылғанына құшуақ ала қуанып отырғаны бүкіл болмысынан көрініп тұрды. Жыртылған хатты қоқыс жәшігіне тастай салған Сайлау мен Қайырбек үлкен бір іс тындырғандай үйлеріне қайтты.

Студенттер қысқы сессиясын тапсыру машақатымен жүргенде Жарас кандидаттық қорғау машақатымен болды. Ара-арасында бірнеше рет жазылған хаттар, тіпті бірер рет сөйлесуге шақырған

жедел хат та иесіне жетпей оқылып болған соң жарты жолда жыртылып қалып отырды. Бұл жай Жарасқа да, Гауһарға да мәлімсіз еді.

Қысқы демалыстан қайтқан студенттердің жайбарақат бір жайлы кезеңдері басталды. Қоржын-қосқалаңын үйдің азық-түлігіне, қалталарын әркім мүмкіндігінше қаражатқа толтырып келген бұл кез, студенттердің ең бір байып тұрған кезі. Бірен-саран кейбір сынақтарды тапсыра алмай қарыз боп қалғандар болмаса өзгесінің бәрі жайбарақат. Көңілдері де тоқ. Оңтүстіктің бұл өңірінің қысы нағыз қаһарында дегенмен бірде жылымық тартып, қалың жауған қар ерй бастаса, бірде қақаған аяз қолыңды қарып, бетіңнен шымшиды. Бірақ мұның бәрі жас көңілдерді еш қынжылтпайды. Осындай кезде арқаларын кеңге салып, туған күн өткізіп, киноға, театрға барып біраз жырғайды. Сырттағы ауа жылымық тартып көктем иісін сездіргендей күндердің бірінде бөлмесіне кіріп келген Гауһар мен Ділданың алдынан күлім қағып Айнаш шықты. Үнемі сәнде, жарасымды киініп жүретін ол бұл күні де шірене киініп алыпты. Сабақтан бірге шыққандарымен қапелімде екі қыздың қайда сіңіп жоқ боп кеткенін байқамай қалған ол бөлмесінде бірге тұратын қыздармен әңгіме-дүкен құрып, күтіп отырған.

-Қыз-ау, қайда жүрсің? Бөлмендегінің бәрі орнында. Сен-ақ жоқсың,-деді сөзін әдейі Гауһарға арнап, арнайы соған келгенін білдіріп.

Бұл жылда ебін тауып сельхозқаға бармай қалып қоятын бөлімдегі жалғыз қазақ келіншек. Күйеуі

өзге институттың жоғары курсына оқиды. Өне-міне бітіруге таяп қалған. Бір қызы бар. Ол ата-анасының қолында. Ал өздері күйеуі оқитын институттың жатақханасында тұрады.

-Ділда екеуіміз сабақтан соң біраз дүкен араладық. Жақсы зат көрсе кенедей жабыса кететін ол:

-Қане көрейікші, не сатып алдыңдар,-деп Гауһар мен Ділданың аса тоқ емес сөмкелеріне көз салды. Өзге қыздардың да назары бірден алынған заттарға ауды. -Ай, айтарлықтай ештеңе емес. Бұл күнде қазақша сөйлеуге едәуір төселіп қалған Ділда: -Жай майда-шүйде ғой. Екеуі алған заттарын ортадағы стол үстіне тастай салды. Қыздар бірінен соң бірі іліп алып көріп жатыр. Айнаштың бұл бөлмеге келсе тек өзіне келетінін білетін Гауһар:

-Не болды, жай ма? Сұраулы жүзбен оған қарады.

-Қайдан жай болады? Бір преподты есінен тандырып түсті деп естідік қой. Бұл жайды ешкім білмей-ақ қойса екен, деп ойлайтын қыз:

-Қойыңдаршы, соны сөз ете бермей! Гауһардың қабағы түйіліп, Айнашқа жақтырмай қарады. Сезімтал Айнаш бірден түсінді.

-Есіме де алғым келмейді.

-Соны айтам-ау! Қызылшада жүргенде өлдімталдым дегені қане! Келгелі міне үшінші аптаға қарады бір рет те хабарласпады. Жайна өзін сатып кеткендей тістене сөйледі. Гауһар қатты намыстанды. Құдай-ай сол бәлеге қайдан ғана жолықтырдың екен. Құр босқа елдің аузында сөз болдым-ау,-деп ойлады іштей.

-Е-е, жігітім бар,-деп шорт кессе неменесіне уақытын кетіріп әуре болады? Гүлжар Жарастың шо-

тын шауып шыға келді.

-Е-е-ей, ана орысша сөйлейтін бәлелер де түрліше мазақтап тыным бермеді ғой. Гүлзат өз сезгенін айтып жатыр. Осы кезде манадан сөзге араласа қоймаған Ділда:

-Они ревнуют,-деді.

-Осының бәрі бос сөз. Өзім сүйіп тұрмаған соң дап-дардай адамды босқа әуре қылудың қажеті не?

-Е-е, сен сөйтіп айтты екен деп бірден қоя салса онда оның сүйгені қане! Жігіт деген сүйетінін дәлелдемей ме екен?

-Соны айтам. Хабар-ошарсыз кетті ғой тіпті. Гауһардың қас-қабағын аңдап, әлгі сөзінен кейін тосылып қалған Айнаш қыздардың жарыса айтқан уәждерінен соң:

- Қыздар, қызғаныш деген қып-қызыл пәле! Мұндайда бір мықты дәнекер керек. Айналып келгенде екеуінің арасында дұрыс дәнекер болмаған. Өмір көріп қалған келіншек өзінше көсілді.

-Давай, мен екеуінің арасына дәнекер болайын. Бірақ Гауһар көйлек кигізеді маған! Айнаш енді жеңгетай болуға кірісе алатынын айтып, қайтадан жайраңдай бастады.

-Е-е, неге Гауһар кигізеді екен? Екеуі үйленген соң Жарас ағай кигізеді ғой! -Үйленген соң Жарас не, Гауһар не, екеуі бір адам болмай ма? Олар күле түсіп, әзіл-шынын араластыра шулап жатқанда манадан әлдеқайда асығыс жиналып жатқан Гауһар: -Бұларға дауа жоқ екен. Жүр кетейік,-деді, сөмкесін қолына ала беріп.

-Да, да пошли, а то скоро затемнеет.

-Біз Ділданың әпкесінікіне кеттік, ертеңге дейін!

- Чао, до завта! Екі қыз шығып жүре берді.

Айнаш: -Ау мен де сендермен шығайын. Көңілін түрлі тәтті қиял жайлаған келіншек, бөлмеде қалып бара жатқандармен көзін қысып, жылы қоштасып, қыздарға ілесе кетті.

Арада аз уақыт өткенде өзара сыйлас, әрі жиі қарым-қатынастағы қатар тұрған екі бөлменің қыздары бірігіп 8-наурыздың құрметіне қаладағы ең айтулы кинотеатрға киноға барды. Кинотеатрдың алды ығы-жығы жастар. Бұлардың институтына жақын болғандықтан ба, әлде күнде көріп жүрген соң көпшілігінің жүздері таныс па, жиналған жастардың көпшілігі осы қыздардың оқу орнынан сияқты. Сеанс басталуға жақындағанда топ-топ болып иіріліп тұрған жастар лек-легімен театрға кіре бастады. Жайнаның тобындағы қыздарға жанамалай көрермен залына өтіп келе жатқан бір топ жігіттердің арасынан біреуі: -Әне, ана қыз,-деді жанындағыларға сыбырлай сөйлеп.

-Қане, қане?

-Өй, әне! А-н-а-ау, дәл ортадағысы. Жанындағы біреу:

-Бәрі іріктеп алғандай әдемі қыздар екен ә!

-Иә. Несін айтасың, мықты-ақ!

-Сонда да әне бір екеуі ерекше екен. Жарық сөніп, сеанс басталып кетті.

Ұзамай, қайда барса да, Гауһардың артынан кейде екі-үш, кейде үш-төрт жігіт аңдығандай жүріп отыратынды шығарды. Қолға бере бермейтін кітаптардан дәріс алуға оқу залына барса сөз жоқ ия, артқы орындықтардың бірінде, ия бір жанында, кейде тіпті алдындағы орындыққа қарама-қарсы отырып алып

мұны аңдиды да, назарын өзіне аударуға тырысады. Гауһар бұл жайға алғаш ыза болып, назар аудармауға тырысты.

Көктем мезгілінің ортасы боп, жазғы сессия жақындап келеді. Қыздардың ең бірінші мақсаты осы семестрден аман-есен өту. Десе де ара-арасында, әсіресе жақын аралықтағылар ауылдарына барып қайтса, шәкіртақы алса екіден үштен бірігіп, дүкен аралап, киноға барып, таза ауада қыдырып та тұрады.

Жанға жайлы шуағы мол күндердің бірінде орталық көшенің жаяу жүргіншілерге арналған жолымен жайымен басып екі қыз қатарласа әңгімелесіп келеді. Аяқ астынан шыға келген үш жігіттің бірі екі қызға соқтыға бастады. Әсіресе ортадағысы тым батыл. Қатарласа беріп қағып өтіп қыздардың қолдарындағы заттарын жерге түсірді. Құлап түскен бірінің қолындағы бір бума сызуға арналған қағаз бен бірінің қолындағы сөмкесін жерден көтеріп алып бере беріп, кешірім сұрап тұрып, бірінің аяғын басып кетіп ауыртып қойды. Ерсілі-қарсылы өтіп жатқан жүргіншілердің бірі жігіттерге жақтырмай қараса, бірі жымия күліп өтіп жатыр. Қыздар кейіп, қолдарына алған заттарының шаң-тозаңын қағып, бет орамалдарымен сүртіп тұрғанда, қайдан келгені белгісіз Жарас ағай пайда бола кетті. Әуелгіде екі қызға тиісе бастаған топ жігітті көріп, қуып жетуге тырысқан ол жақындағанда Гауһар мен Ділданы жазбай таныды. Жігіттер оқытушыны көре сала тайсақтай жөнелді. Жарас та жүзі таныс болғандықтан олардың өз оқу орындарынан екенін айтпай-ақ түсінді.

Бұл кезде ол диссертациялық жұмыстарын аяқтап, жұмыс орнына келгеніне бірер күн болған. Қыздарға

аса жылы амандасып, Ділдаға өтінішпен қараған оның жүзі ду етіп өрттей қызарып кетті. Айтпай-ақ түсінген Ділда:

- Мен сені аптекада күтемін, - деп алға қарай жүріп кетті. Гауһармен оңаша қалған Жарас күтпеген кездесуден ішкі толқынысын тежей алмай:

-Түһ, әйтеуір кездестірдім-ау!-деді қыздың сөмке ұстаған қолын қос қолдай ұстай алып. Ыстық алақанының ұсақ дірілі қатты білініп тұр.

-Қайдағыны айтпаңызшы! Мені іздеген де жоқсыз ғой.

-Саған солай көрінді ме? Мен диссертациямның жұмысымен асығыс Алматыға кеткенмін. Кездестіре алмаған соң, саған хат жазғанмын.

-Қайдағы хат? Қызарып тұрған оның өңі лезде өзгеріп шыға келді

– Сонда сен менің хатымды алмағаның ба? Сұраулы жүзі сұрлана бозарған ол қабағын шыта ойланып тұрды да:

-Гауһар, өтінемін! Түһ, мына қырсықты қарашы! Терең күрсініп алып:

-Мен қазір асығыс, бір жаққа тығыз жұмыспен кетіп бара жатыр едім. Дереу қол сағатына қараған ол:

-Ертең сағат екіде... Жо-жоқ үште, үште дәл осы жерде кездесейікші! Өтінемін, жаным! Мен саған бәрін түсіндіремін. Иә жоқ, иә бар деген қыз:

-Сау болыңыз, - деді сенер-сенбесін білмей, оған тігіле қарап. Бұл кезде күздегі оқиға ауылшаруашылығында болған 2-3- курс жігіттерінің бірге жүріп, бірге тұратындарының көпшілігіне мәлім болған. Сондықтан да кейбіреуінің көкейіне

кім екенін көрер ме еді деген қызығушылық орнаса, кейбіреуінің ойына қызық үшін төте жолмен танысу мүмкіндігін іздестіру тұрды. Осы оқиғаны әңгімелеп отырғанда топ жігіттің бірі:

-Япырым-ай не деген тәкәппар қыз. Анадай жағдайдағы жігіт сөз айтса кез-келген қыз құба-құп деп құлап түсер еді ғой,-десе, енді бірі:

-Расында да, шектен тыс тәкәппар екен,-деді.

-Өй, тәкәппар, тәкәппар,-деп. Мен болсам дәл сол қызды үш-ақ күнде көндірер едім. Ана преподыңның өзі сорлы жігіт қой, деді үшіншісі.

-Ей, ендеше мықты болсаң көрейік ол қасиетінді!

-Несі бар, көрсек көрейік! Сонымен топ жігіт бәстесіп, батыл жігіттің қыз көндіру ерлігіне қысқа уақытта көз жеткізуге уәделесіп, бәстесіп тынды. Ал әрқашан, әр кезеңде Гауһарды аңдитын да, көшеде екі қызға соқтығып жүрген де осы жігіттердің нақ өзі, ал тым батылы Байбол еді.

Барсам ба, бармасам ба, көңілі қырық құбылған қыз әйтседе барып жолығуды жөн көрді. Зәулім, саялы ағаштың тасасында сағатына қайта-қайта қарағыштап, келер ме екен, келмес пе екен, деген сияқты мың сан оймен сабыры сарқылған Жарас, анадайдан Гауһардың төбесі көрінгенде жүрегі аттай тулап қоя берді. Он бес минутта көңілін күдік жайлап, тағаты таусылған ол қуана қызға қарай ұмтылды.

-Жаным, жаным менің, келдің бе, әйтеуір?

-Сәләматсыз ба?

-Япыр-ау, біз әлдеқашан сен-деп сөйлесуге келіспеп пе едік?

-Ол кездер желмен ұшып кеткен сияқты ғой. Қысыла күлімдеп қызарған Жарас:

-Қойшы тегі! Мен сені бір сәтке де ұмытқан емеспін. Өзім де білген жоқпын. Күтпеген жерден шұғыл шақырту келгенде сені шарқ ұрып іздеп таппадым. Сосын саған жазған хатымды Сайлауға беріп кеткенмін. Сонда ол саған бермегені ме?

- Мен ешқандай хатты көрген жоқпын.

-Неғыл дейді? Япырым-ау ол өз қолымен табыстаймын-деп уәде беріп еді ғой. Одан кейін де Алматыдан саған бес рет хат жаздым. Екі рет жедел хатпен сөйлесуге шақырдым.

-Қайдам, мен бірде-бір хат алған емеспін. Таңтамаша қалған Жарас:

-Олардан мұндайды күтпеппін,- деді. Аз ойланып өз-өзіне келгендей болған ол: -Мейлі, болған іс болды. Менің Алматыдағы шаруаларым бітуге таяу. Енді бір барамын. Сосын біржола бітеді. Былтырғы жыл бір мәмілеге тоқтай алмадық. Түсінемін, сен үшін күтпеген, тым асығыс та болған шығар. Одан бері талай уақыт өтті. Сен әбден-ақ ойланған шығарсың. Ол тағы да қысыла қызарып :

-Үйдегілер де әбден мазаны алып бітті. Күнде, бәрі бітті ғой, енді неге үйленбейсің дей береді.

-Иә сізге үйлену керек. Ішкі толқынысы аз да болса басылып, сабыр таба бастаған жігіт: -Менің ойымды дұрыс түсінсең екен! Осы күнгі ұнатқан қызын бір-екі рет сөзге тартып, содан соң алып қаша жөнелетін көп жігіттерге ұқсағым келмейді. Қысыла қызарып: -Өзім сүйіп, ұнатқан адамымды зорлықпен жылатып-еңіретпей, өмірде бір-ақ рет өз еркіммен болатын қуанышымды сән-салтанатымен, келісіммен болса екен,- деп едім. Ақ босағамды қуанып, күліп

аттаса екен -деп едім. Аз ойланып реңі бозаң тартқан ол, тіпті өзім үйде отырып-ақ, інілерім мен жолдастар арқылы алып қашып алуға да болар еді. Ол іс менің жағдайымдағы адамға өте ақымақтық, қызды басыну, және ең бастысы сенің көңіліңе өмірлік қаяу түспей ме? Мен солай ойлаймын. Ал сен ше, сен қалай ойлайсың?

Тағы да үйлену, тағы да сол сөз. Бұл шіркін неге біраз жүріп бір-бірімізді тереңірек білуді қаламайды. Бұл мені танып, білдім дегенмен мен жете біле алмай, ол сүйгендей сүйе алмай тұрған жоқпын ба? Соны неге түсінбейді? Әрі үш жылдан аса оқуым бар. Оның бәрін қойшы, бір апта көрмесе тағаты таусылып отырған үйдегі аяулыларымды қалай шұғыл тастап кетем. Іштей осы тәрізді түрлі ой мазалап тұрғанымен Гауһар ләм деп ештеңе айтпай ойға батып тұра берді.

-Не ойлап кеттің? Әлде үйленген соң әрі қарай оқи алмай қалам деп қорқасың ба? Қорықпа! Мен тірі тұрғанда институтты ойнап жүріп-ақ бітіресің. Ата-анаң да қарайласып тұрамыз. Селт етіп ұйқысынан оянғандай болған Гауһар:

-Солай деп ойлайсыз ба?-деп жігітке ойлана қарады.

Жайымен бір жүріп, бір тоқтап келе жатқан олар саябақтың ортасын көктей өткен, екі жағы толы жас ақ қайыңдар мен қарағайлар өскен жолдың аяғына да келіп қалды.

Аптаның аяғында театрда өтетін концертке баруға қыздың уәдесін алып көңілін демдеген жігіт қалған мәселені содан соң ақылдасуды жөн көрді. Беті әрең бері қарай бастаған қызды артық ойлармен шошытып алармын-деп қорықты. Ертесінде

үлкен аудиторияда дәріс оқып тұрған Жарас, соңғы қатарда тыныш отырмай студенттердің назарын өзіне аударып берген жас жігітке көзі түскенде, өткендегі қыздарға жөнсіз соқтыққан пысақай жігітті жазбай таныды. Ол жігітті тыныштыққа шақырып дәрісін ары қарай жалғастыра бергені сол екен, жаңа ғана тынышталғандай болған студент, ерегіскендей түрлі қылықтарын қайта бастады. Ашуға булыққан Жарас оны күллі студенттердің алдына шығарып теріс қаратып тұрғызып қойды. Байбол тоқсан минут бойы қозғалмастан теріс қарап тұрды. Гауһардан бір-ақ курс жоғары оқитын бұл жігіт, достарының ол туралы әңгімесін естігенде қызбен қалайда жақын танысып, біраз тамырын басып көрмек еді. Содан кейін ебін келтіріп өте жақын қарым-қатынаста боп, қызды өзіне тәуелді ғып, жолдастарының алдында мақтанғысы келген. Оқуды бітіруге әлі екі жыл бар. Осы аралықта қыз уысынан шықпай икеміне көніп отырса оны көрер, көнбесе жөнін табар. Тек достарының алдында бәстен жеңіліп, ұятқа қалмаса болды. Маған не қылар дейсің? Алдыңғы екі қыздай жылап-жылап қояр. Тіпті ешкімге шағым да айта қоймас,-деп ойлаған. Бірақ бұл ойлағандай болмады. Қыз бұған еш назар аударар емес. Тіпті жанына қанша жақын барғанмен елемеді де. Үнемі бұзақы біреуге қарағандай бұл жақындаған сайын, ол анағұрлым алыстай түсті. Ақыры ол қызды ұнатып қалып, онымен оңаша қыз бен жігітше сөйлесу арман болды. Өстіп жүргенде екі-үш айдың жүзі өтіп, жолдастары: -Үш күнде көндіремін дегенің қайсы? Үш ай өтті ғой,-деп оны мазақтай бастады.

Соңғы кездерде Гауһардан көздерін таса қылмайтын аңдушы жігіттер Жарас ағаймен жүретін

адамдардай саябақ ішінде жайбарақат кетіп бара жатқандарын сол күні-ақ Байболға жеткізді. Еркектік намысы басына теуіп, ыза болған ол бірден қызды алып қашуға шешім қабылдады.

Аптаның аяғына бір күн қалғанда Байбол бір топ аулындағы достарымен Гауһарды жылатып-еңіретіп үйіне келін ғып түсірді. Екі тәулік көнбей алысқан қыз үшінші күні сілесі қатып шаршап, бәріне қолды бір-ақ сілтегендей сылқ түсті. Байболдың Гауһарды алып қашқанын естісімен институтта бірге оқитын бірнеше жігіт көлік тауып түнделетіп алыстау ауылға жетіп барды. Той тойлауға келген жігіттер қырғын оқиға үстінен түсті. Ештеңеге мойын бұрмай құлында-құлыны шығып шыңғырған қыз, оны көндіруге жан салып жатқан үлкенді-кішілі әйелдер. Қым-қуыт мына жағдайдың үстінен түскен төрт жігіттің екеуі мына көріністен жүректері шайлығып, қызға жаны ашып, құрысын, келген ізімізбен қайтайық десе, екеуі өйтпесе қыз бола ма,-деп өректі. Ақыры екі жігіт-Жандос пен Ерік өздері келген көлікпен кері қайтып, Мағзұм мен Болат қалып қойды. Түрлі ойға қалған Жандос пен Ерік ертесіне болған оқиғаны жанындағы жолдастарына айтты. Олардың бірі не де болса артын күтейік десе, бірі, қызға обал ғой, кеш боп кетпей тұрғанда жанындағы қыздарды хабарландырайық деді. Ал қыздар Гауһарды вокзалдан ары тұратын не-мере әпкесінікіне кеткен болар-деп ойлаған. Ертесіне сабақ болғандықтан кештетіп жеткен Мағзұм мен Болат қыздың әлі ризалық бермегенін айтып келді. Жолдасымыз үйленді деп қуанудан гөрі екеуінің де жүзі сынық, білдіргісі келмегенмен көңілдерінде өкініш пе, уайым ба, бар сияқты. Дүйсенбі күні түс қайта бөлмеге тегіс жиналған Жайнаның қыздары:

-Гауһардың бүгін сабаққа келмегені несі?-деп, бір-біріне сұраулы жүзбен қарады. -Оның мұндайы жоқ еді ғой.

-Әлде ауырып қалды ма екен? Бәрі бір ауыздан бүгін күте тұрайық. Ертең де келмесе үнемі бірге жүретін Ділдадан сұрармыз,-деп ұйғарды.

Түрлі пікірде әбден тартысып бір мәмілеге келе алмаған жігіттер өзара айтысып жатқанда бұл қиянатты іске жандары төзбеген Жандос пен Ерік сол күнгі кеште-ақ Гауһардың жайын қыздарға келіп хабарлады. Старостамен келісіп, болған жайды деканатқа хабарлауды жөн көрген олар бес қыз, бірнеше жігіт, екі машина боп Гауһардың соңынан аттанды. Өзге қыздар әпкесіне хабар берді. Қыздарын қалада оқуда, деп жүрген ата-анасы бұл хабарды ең соңынан естіді.

Кіл еті тірі қыздар мен жігіттер қойсын ба, жан-жақтан Гауһардың жанашырлары жетемін дегенше қызды зорлықшыл қолдан кері тартып алып кетті. Келін түсті деп мәз болғандар айран-асыр боп отырғанда Гауһардың туыстары жетіп, іс одан бетер насырға шапты. Байбол қорыққанынан қашып кетті. Бұл жайдан хабарланған институт басшылары оны сол аптада-ақ оқудан шығарып жіберді. Ойсыз істелген істің хабары заң орындарына да жетіп, үлкен дауға айнала бастағанда Байболдың ата-анасы жан-жаққа шапқылап, кешірім алуға жанын салып жатты.

Театрға екі билет алған Жарас Гауһарды концерт басталып кеткенше күтті. Ақыры салы суға кеткен ол, қол-аяғынан жан кеткендей жай ғана жаяулап үйіне қайтты. Алабұрта көңілі алаң болған Жарас, Гауһарды өзі тоқсан минут тұрғызып қойған студент жігіттің зорлықпен алып қашқанын екі-үш күн

өткенде естіді. Ішін өрт жалаған ол үш күн төсектен тұра алмай жатып қалды. Туыс қарындасы мен оның жолдасы дәрігер шақырып, жұмысқа жарамсыздық қағазын алып берді. Жатақханаға баруға үзілді-кесілді қарсы болып ешкімді көргісі келмеген Гауһарды жолдастары немере әпкесінікіне апарды. Төрт-бес күн өткенде Гауһардың қайда екенін білген Жарас оған жолығуды жөн көрді. Қыздардан мекен-жайын алақандай қағазға жаздырып алған ол ақ «Волгамен» вокзал сыртындағы қыздың әпкесінің үйінің алдына кеп тұра қалды. Бау-бақшалы шағын үйдің дарбазасы ашық тұр. Бұл кезде жас нәрестелі болуы себепті үйде отырған әпкесі аулада керілген сымға баланың жуылған жаялықтарын жайып жүр екен. Батылдау басып келген жігіт: -Сәламатсыз ба? Гауһарға жолығуға бола ма?-деді келіншекке қарап. Тіксіне, бұрылып қараған ол:

-Жай ма, сіз кім боласыз?-деп тосырқай қарады.

-Мен жігітімін. Бір ауыз сөйлесейін-деп ем.

-Кіріңіз. Ол өз бөлмесінде. Жіңішкелеу, ұзынша дәліздің жағалай есіктерінің қайсысына кірерін білмей біраз бөгелді. Әлдене тырс етті. Неде болса тәуекел-деп сол есікті ашты. Гауһар ештемемен ісі жоқ, ортаға қойылған столдың жанындағы орындықта бүйірдегі терезеден сыртқа қарап отыр. Тіпті мұның кіргенін естімеген де сияқты.

-Іһім, Гауһар, Гауһара мен келдім. Жалт бұрылған күйі қозғалмай қатып қалған қыздың көзінен моншақтай жөнелген іп-ірі жастары кеудесінен домалай өтіп, алдында айқара ашық жатқан кітап бетіне төгіліп жатты. Ойпырым-ай, қуаныш пен еркелік ұялаған әдемі бота көздері бұрын үнемі күлімдеп тұратын. Жүрегін біреу суырып алғандай болған

жігіт, жылаған көз де осынша сұлу болады екен-ау,- деп ойлады. Жан күйзелісін жасыра алмаған жігіт жанына жетіп барып, қолын қос қолдап ұстай алды.

-Құрысын, бәрі артта қалды. Неге сабағыңа бармай жүрсің? Еш уайымдамашы! Қаласаң, тура осы қазір-ақ ап кетейін!-деді өн бойы қалтырап.

-Жо-о-оқ, жоқ! Енді бұрынғы Гауһар емеспін,- деді қыз өз көз жасына өзі тұншығып.

-Ештеңе етпейді, онда тұрған ештеңе жоқ. Жаным, сәулем сол, жүрші, өзім алып кетейін.

-Жо-жоқ! Мен енді ешқашан үйленбеймін. Ah-ah-ah! Дауысы қатты шығып аһылай жылаған қыз кеудесін қылышпен кесіп түсіргендей стол үстіне құлап түсті. Өлгіден бері есік сыртында екеуін тыңдап тұрған әпкесі:

-Қинай бермеңізші, біраз өз-өзіне келсін,-деді қиыла өтініп. Шарасы таусылған Жарас бүк түсіп отырған қыздың шашынан еңкейе беріп сүйді де, қоштасып, бұрылып шыға берді. Байболдың ата-анасы қашып кеткен балаларын бір апта іздеп ақыры тапты. Айдан аса уақытта ары қарай өзіміз оқытамыз деп, уәдесін беріп, қыздың жақындарының кешірімін алды. Екі айдай уақытта ақыры Гауһарды келін ғып түсірді. Кіммен қарайсаң сонымен ағар деген сөз жеңді. Үш айға жуықтағанда сотқа өтіп кете жаздаған істі де тоқтатты. Махаббаттан аузы күйіп, күдерін үзген Жарас алты айдан соң, бұрынғы достарының көмегімен педагогикалық институтты жаңадан бітіріп жатқан қызға екі-үш-ақ рет жолығып, ақыры соған үйленіп, ата-анасының алдындағы қарыздың бірінен құтылғандай болды.

Арада жиырма жыл өтті. Гауһар тоғыз жыл тұрып күйеуінен айрылысты. Бұл үйден кетісімен-ақ көп ұзамай алдымен әжесі, одан кейін он жылдан соң әкесі қайтыс болды. Жалғыз қалып қойған анасын үш жылдан соң қолына көшіріп алды. Үлкен ұлы баяғы өзі оқыған оқу орнына түсіп оқып жатыр. Анасының да бақилық болғанына екі жыл. Бұған дейін аудан орталығында тұрған ол екі ұлының жайымен облыс орталығына көшіп алған. Биыл ғана оқуға түскен екінші ұлы, кенжесі жарты жыл өткенде түскен оқуынан айнып жаңадан ашылған Академияға ауысамын-деп қиғылық сап қоятын емес. Мінезі әкесіне ұқсаған ұрыншақтау ұлын тағы бірдеңеге ұрынып қала ма, деп уайымдаған Гауһар неде болса оның айта беретін оқу орнына барып басшыларымен сөйлесіп көрмек болды. Жұмыстан малтығып шыға алмай әне барамын, міне барамын деп жүргенде тағы бір апта өтті.

Ақыры сәрсенбінің сәтіне таңертеңгі уақытта қаланың басты көшесінің аяқ жағында орналасқан Академияның зәулім бас ғимаратына келді. Аспанды қою сұр бұлт басып, иә жаңбыр емес, ия қар емес, әйтеуір ұсақ дымқылдық бүркіп тұр. Таныс емес оқу орнының кең де ұзын дәлізімен әр есіктің сыртындағы жазуларға үңіле түсіп келеді. Міне баласы айтып жүрген факультеттің деканаты. Имене басып ішке кірді. Секретарь қыз отыр екен.

- Сәләматсыз ба? Қыз, балам өзге оқу орнының бірінші курсына оқушы еді. Академияның осы

факультетіне ауысқысы келеді. Соның шешімі қалай болар екен? Кіммен сөйлесем болады?

-Декан орнында жоқ. Бір аптаға командировкаға кеткен.

-Онда енді кімге барсам екен?

-Бұл негізі жаңа ашылып жатқан оқу орны ғой. Кісілердің көбісі ректорға жолығып жатады.

-Онда мен де сол кісіге жолығып көремін бе?

-Өзіңіз біліңіз. Ректордың кабинеті үстіңгі қабатта дәл осы біздің үстімізде. Гауһар келесі қабатқа көтерілді. Ректордың қабылдау бөлмесіндегі қыз:

- Ол кісі қазір келіп қалуы тиіс. Күте тұрыңыз,- деді. Секретарь ұсынған орынға отыра берген Гауһардың көзі есік сыртындағы жазуға түсті. Ректор-Баймаханов Жарас Меңдешұлы. Отыра берген ол қайта ұшып тұрды. Жүрегі кеудесін жарып шығардай дүрс-дүрс соғып, қол-аяғынан жан кеткендей құлап қала жаздады. Әлденеге сүрінгендей болды да шығып жүре бергісі келді. Шығып кетсем бе деген ол, неге екені белгісіз төр жақтағы үлкен терезеге қарай бет алды. Секретарь қыз оған таңырқай қарап қалыпты. -Бір жеріңіз ауырды ма?

-Жай, басым айналып кетті,-деді ол мойнындағы жұқа шарфын босата беріп.

-Бәсе, өңіңіз құп-қу боп кетті ғой. Қан қысымыңыз жоқ па?

-Жоқ. Қайта төмен.

- Онда түсіп кеткен ғой.

-Иә, солай-ау деймін. Қыз дереу алдында тұрған графиннен стаканға су құйып, ұсына беріп:

- Отырсаңызшы. Су ішіп алыңыз,-деді қамқор көңілмен.

-Жоқ тұрып тұрып-ақ ішейін. Терезе алдында есікке қарама-қарсы тұрып, суды екі-үш бөліп ішкен Гауһар аздап өз-өзіне келгендей болды. Сырттағы түнерген бұлтты ауа райынан ба, бөлме іші күңгірт көрінді оған. Ізінше есік айқара ашылып төртбақтау келген кісі маңғаз басып келіп, ректордың кабинетіне еніп кетті.

-Міне, осы кісі ғой ректор,-деді секретарь қыз. Ол сондай кішіпейіл екен.

-Ертерек кірмесеңіз қазір біреу кіреді де күтіп қаласыз. Гауһар біреу орнына шегелеп қойғандай қатты да қалды. Іштей өз-өзін қамшылап, сабырға келіп, жинақталуға көндіргісі келгенмен әзір күші жетер емес. Қыз айтса-айтқандай біреу кіріп кетті. Бірақ ұзақ кідірмей артынша шықты. Тағы бір ер кісі кірді. Секретарь: -Айттым ғой. Бұл кісі енді ұзақ отырады. Сосын бірге шығып кетіп қалуы мүмкін. Бұған дейін аздап ес жиып қалған Гауһар:

-Онда ішке кіруге бола ма,- деп сұрашы? Ауырып тұр, деп ойлап жаны ашыған қыз бастығына кіріп, тез-ақ шықты.

-Рұқсат. Кіре беріңіз. Амал жоқ, кіру керек. Бойын жинап ала қойған Гауһар кабинетке кіре берді. Нақ төрде есікке қарап отырған Жарас әуелгіде түк түсінбей қабағын шыта, тігіле қарап қалды.

-Қатты өзгеріп кетіппін бе? Саламатсыз ба?

-С-с-сә-лә-матсың ба? Бойындағы әлгінде ғана білінген маңғаздықтан түк қалмады. Орнынан баяу

көтеріле берген ол баяғыша ду қызарды. Екі қолын бірдей ілгері созды. Түкке түсінбеген орынбасары Ақылбек екеуіне кезек қарай берді. Гауһар оң қолын ұсынып сәлемдесті. Алдына ең жақын қойылған орындықты нұсқаған Жарастың даусынан тағы да діріл байқалды.

-Япыр-ау, Гауһар, шынымен сен бе?! Осы мен түс көріп тұрған жоқпын ба?

-Жоқ, өңіміз-ақ. Ақылбектің даусынан ба, бойын тез жинап алды.

-Ақылбек, мына кісі менің сүйген қызым. Қарашы, Сәкеннің Гүлбарамы іспеттес емес пе? Жиырма, иә, жиырма жылдан кейін кездесіп отырмыз.

-Ой қандай күтпеген, әрі керемет кездесу десеңізші. Жарайды, сіздер сөйлесе беріңіздер. Ол шығып кетіп бара жатты.

-Ақылбек, сағат екіде келесің ғой!

-Мақұл. Ақылбек шығып жүре берді. Жүзі қайта ду етіп қызарған Жарас:

-Жаным-ай, тура бұрынғы қалпың! Әсіресе даусың сол қалпы өзгермепті.-деді, толқып отырғанын жасыра алмай.

Алдымен Гауһардың жайын сұрады. Осы уақыт аралығында басынан қандай жағдайларды өткізгенін айтып беруін өтінді. Келіншек бар жайын жасырмай және қысқаша баяндап берді. Басын шайқай, тебірене отырып тыңдаған ол, енді Гауһардан біржола айрылғаннан кейінгі өзінің жай-күйін, алғашқыда үйленуден мүлде бас тартқанын, ақыры жақындарының көмегімен сол кезгі көпшілік

жігіттердің әдісіне басып бірер көрген қызды алып кашқанын әңгімелеп отырды.

-Бірақ шүкір, ол өзі бір менің бағыма кеңпейіл, жайсаң жан боп жолықты. Тіпті оншақты жылға дейін кейде түс көріп жатып оянғанда, оны сенің атыңмен атайтынмын. Сонда да шу шығарып ұрсып көрген емес. Соның арқасында арамызда терең сыйластық орнады. Үш баламның анасы ғой, қатты құрметтеуші едім. Оны да жоғалтқаныма, мәңгіге жоғалтқаныма үшінші жыл боп барады.

-Ойпырым-ай, не дейсіз?! Артының қайырын берсін. Иманды болсын. Қандай өкінішті! Тіпті жас кетіпті-ау! Ойланып кеткен Жарас:

-Иә, тағдырдың жазуы солай шығар. Ол терең күрсінді. Осынша уақыттан кейін бізді кездейсоқ кездестірген де тағдыр шығар. Тағы біраз ойға берілді. Асықпай сөйлей бастады. Өткен өтті ғой! Мен үшін әлі де талай қыздан артықсың. Гауһар қалай күрсінгенін байқамай қалды. Алқымына жас келіп тығылды. Сонда да осалдық танытпауға тырысты. Жарас сөзін әрі қарай жалғастырды.

-Әлде де болса кеш емес. Әрине, жақындарымның пікіріне салсам, үйленбеген қыз алғанымды қалайды. Ойланып отырмын. Үнсіздік.

-Таныс емес жас қызбен тағдыр қосамын деп бәрін шатастырып алмайын. Бұл кездесу бекерден-бекер емес шығар. Ойлана түсіп:

-Құдай айдап келген шығар сені. Ендігі жерде сенің екі балаң мен менің үш баламды екеуіміз бірігіп аяққа тұрғыза аламыз ғой. Солай емес пе?!

Содан кейінгі өмір тек екеуіміздікі. Екеуі бір мезетте бір-біріне аялай қарады. Бір-бірінсіз өткізген жиырма жылды әңгімелеп, аракідік сағына, бір-біріне елжірей қарап отырғанда екі сағаттан аса уақыт зу етіп өте шығыпты. Кабинетке ұзын бойлы, аққұба өңді, жігіт ағасы жасындағы Ақылбек кіріп келді. Оған жалт қараған Жарас:

-А-а, келдің бе?-сағатына қарады. Иә, бұл жайлы әлі сөйлесеміз. Алдындағы қағаздарға қарады. Уақыт боп қалыпты ғой. Міне, кезек күттірмейтін жауапты жұмыс. Қоштасып орнынан тұра берген Гауһарға қарап:

-Гауһар, қазір жұмысқа ма, үйге ме? Бүгінгі күн жұмыс істеп қарық қылмасын түсінген келіншек:

-Үйге,-деді күмілжи үн қатып.

-Онда қазір Ақылбек сені апарып салсын. Мен қалалық мәслихатқа жиналысқа барамын. Екі-үш күнде жүргізушіні жіберем, мүмкіндік болса өзім тауып аламын. Ол тағы да сағатына қарап алып асығыс шыға жөнелді. Ақылбек Гауһарды есік алдында қаңтарулы тұрған жеңіл көлікпен үйіне апарып салды. Әңгімешіл екен, тіпті ескі таныстардай. Жолай келіншекті сөзге тартып, өзі туралы да біраз мәлімет берді.

Екі-үш күн өткенде жерге әжептеуір қалың қар түсіп, аспан бұлттан айығып, күн жарқырап тұрды.

Гауһардың жұмыстан үйіне келгеніне бір сағаттай уақыт болды. Желтоқсан айының өте қысқа күні әлдеқашан батып маңайды қараңғылық басқанына да біраз уақыт болған. Келе тамақ дайындауға кіріскен

ол өзі асханада жүргенімен ойы екі-үш күн бұрынғы Жарас айтқан сөзде. Япырым-ай, ол енді не дер екен. Сүйе алмадым деп, ата-анамды қалай қиып кетемін деп, оқуым бар деп, сонша қырсықпасам ғой бәрі басқаша болар еді. Сонда не таптым, ақыры жылға да жетпей бәрібір сүймеген адамыма зорлықпен қосылдым. Мен соны қаладым ба, армандап па едім?! Амал қайсы?! Туысы қаласын, дос-жараны айтсын, бәрібір емес пе? Әрине, оның мына жағдайында қандай қызға болмасын маңдайынан шертіп жүріп үйленуіне болады. Оның қасында қазір мен кіммін? Жарайды ол елемей-ақ маған үйленгенімен балалар бір-бірімен сыйыса ала ма? Балалар сыйыспаған соң оның маған деген сезіміне селкеу түспей ме? Сана-сын сан сұрақ жаулап алған Гауһардың миы ашып, басы ауырып кетті.

Балалары сабақтан келіп кешкі астарын ішті. Олармен біраз әңгімелесіп, өзі ертеңгі жұмысқа дайындалып жүргенде түннің бір уағы болды. Япырым-ай, Жарас хабарласам деген сияқты еді. Көңілі алаң боп біртүрлі қобалжи берді. Бір мезет, маған не болған? Ол аса жауапты жұмыстағы адам. Мүмкін қолы тимеген шығар, мүмкін бір жаққа командировкаға кеткен шығар,-деп ойлады ол. Әбден шаршаған ол төсегіне жата беріп қайта тұрды. Ызындап тұрған радионың даусын басуды жөн көрді. Радионы бірден өшірмей құлағын сәл бұрап еді жақсы ән шырқала жөнелді.

Мені сүйген жүрегіңнің

Лүпілінен айналайын. Солғын тарта бастаған жүзі жаңа аршылған жұмыртқадай нұрлана түсті. Иә,-деді

ол, бұл өмірде мені де сүйген бір жүректің барына шүкір. Төсегіне қайта жатқан ол әлгі әнді қайталап жатып ұйықтап кетті. Күнде таңертең оянғанда жүрегі осы әнді айтып тұрады, осы әнді ыңылдап айтып жүріп ұйықтайтын болды.

Бүгін де таңертең жан түкпіріндегі осы әнмен оянған ол, жексенбіні пайдаланып базарға барып, біраз керек-жарақты түгендегісі келді. Балаларының бірі ұйықтап жатса, бірі бұлардың ұйқысын бұзбайын деген болуы керек дыбысын білдірмей үйден шығып кетіпті. Кештеу тұрған Гауһар бір-екі кесе шайды әлденеге дегбірі қашып, қайта-қайта терезеге қарап, түрегеп тұрып ішті. Қолына алған заттары қайта-қайта жерге түсіп кетіп, ойпырым-ау маған не болды,- деп ойлады іштей. Балам жаңа ғана тысқа шыққан сияқты. Бірдеңеге ұрынбаса екен. Кеудесі, мені сүйген жүрегіңнің лүпілінен айналайын, дегендей болды. Япырым-ай, хабарласам деп еді, ұзап кетті-ау. Өзімдікі болмаса да аман жүрсе екен! Келіншектің бар жан-жүрегімен тілегі осы еді.

Сөмкесіне керек-жарағын түгендеп салып, киініп бола бергенде сырттан ентіге, жүгіре басып, қолында газеті бар кіші ұлы кірді.

- Мама, Жарас Баймаханов ағайдың қаралы хабары жазылыпты.

-Не?! Не деп тұрсың?! Құп-қу боп құлап қала жаздаған анасының қолына газетті ұстата берген ол, ештеңемен ісі жоқ:

-Сыртта жолдастарым күтіп тұр , -деп шыға жөнелді.

-Газетті қолына ала берген Гауһар:

-Жо-жоқ, мүмкін емес!-деп қолындағы газетке үңіле берді. Бірақ соңғы бетте жарияланған қара рамамен қоршалған сурет пен жарты бетке жуық қаралы хабар бәрін растап тұрды.

-А-а-аh! теңселіп кеткен Гауһар үйге сыймай, әрнәрсеге бір соғылып сыртқа шықты. Қайда бара жатыр, кімге бара жатыр, өзі де білмейді.

Далада аяз да, жел де жоқ. Құдды ауа райы демін ішіне тартып қалғандай. Аспанды ақшыл сұр бұлт басып, соңғы күндерде аздап ери бастаған қатқақ қардың бетін жапалақтай жауған көбік қар басып қалыпты. Жаяу жүргіншілерге арналған жолмен келе жатқан қырықтарға кеп қалған келіншекке қарсы ұшырасқандар одырая қарап өтіп жатыр. Біреулері естірте ішіп алған ба,-десе, біреулері ауру ғой,-деп өтіп барады. Ол ешкімді де, ештеңені де елемеді. Пальтосының түймесін тегіс ағытып тастаған. Басындағы құндыз бөркі бір жағына қисайған. Мойнындағы шарфын бір қолымен жұлқа тартып босатқан күйі аракідік сүріне түсіп, теңселе басып ілгері жылжып келеді. Мас адамдай баяғы өзін Жарас күтіп алған жердегі зәулім саялы ағашты келіп құшақтай алды. Осы кезде ғана көзінен жасы төгіле жөнелді.

- Не-е-ге, не-ге бұлай болды?-деді өкси сыбырлап. Құ-дай-ы-ым-ау, ол әлі елуге де келген жоқ қой. Биік ағашты өкси құшақтап біраз тұрған Гауһар әлі біткендей ақырын жылжып, баяғы екеуінің театрға баруға келісетін жолға кеп тірелді. Тіпті менікі

болмай-ақ қойсын! Тек тірі болмады ма?!

Олар оң жақ бетімен жүрген. Ілби басқан келіншек жол жиегіндегі бұл күнде едәуір өсіп толыса бастаған қайыңдар мен қарағайларды көріскендей кезек құшып, қыстыға өксіп, жылжи басып, жылап кетіп бара жатты. Же-е-ер бе-ті-ін-де жү-ре-е бер-ме-еді ме?! Бұл уақытта иығына бір шеті ғана ілініп жүрген шарфының жерге сырғып түскенін де байқамады. Кеудесі тағы: Мені сүйген жүрегіңнің лүпілінен айналайын! Айналайын!-деді.

Күнде көңіліне шуақ шашқандай болған ән елес, жоқтауға айналып кеткендей көкірегінде зарлап тұр. Өзегін өкініш тілгілеген Гауһардың үні қаттырақ шығып кетті. -Ah-ah! Бұл әділетсіздік қой! Ол аспанға тігіле қарады.

-Жасаған ием-ау! Кө-ө-өзіне, кө-ө-өзіме бір-ақ көрсе-етіп ала салғаның не?! Лүп-лүп, лүп-лүп, лүп-лүп! Осы сәтте аспаннан жүрек лүпілі естіліп тұрғандай болды. -Лүпіліңнен айналайын! Шынымен-ақ кеткенің бе? Моншақтай аққан жас толы қайғылы, мұнды көздері бұрынғыша әдемі. Бірақ оны көретін Жарас, енді жоқ.

2-БӨЛҮМ.

Өлеңдер



ТУҒАН ЖЕР.

Бәрі ыстық...
Топырағың, томарың да
осынау суы кепкен тоғаның да.
Алыстап кетсем әр кез сағынамын
мандайдан өпкен келіп самалыңды.
Жап-жақын тұрғандай боп көрінетін
осы бір асқақ, биік тауыңды да.
Сағыныш неткен ғажап сезім еді
елес боп бәрі алдында «төгіледі».
Шығып ап бір биікке айналаңа
қарасаң кемерің де көрінеді.
Көкшіл сұр сол кемердің ар жағында
балалық қап қойғандай көрінеді.
Қарашы бұл белестер арасында,
Айна көл, мөлдір бұлақ сағасында
Ізім жатыр, бұлдырап сәби күнгі
сен соған замандас-ау барасың ба?
Бұл жердің әрбір биік, даласы да,
ауылы, ауданы мен қаласы да
бәрі ыстық, бәрі-бәрі өзімдікі,
Достым-ау, сен осыған нанасың ба?!

Жаз. 2012.ж.

НЕМЕРЕ.

Үнің сенің кәусар таза бұлақтай.
Бар болмысың балауса көк құрақтай.
Қылығыңмен жарқ еткізіп жақтың, сен
кеудемдегі сөнген сансыз шырақты-ай.

Былдыраған тілің неткен тәтті еді.
Жан жадырап тапқандай ма жақсы емді?
Болса дағы қырсықтығың көп мейлі
бар болмысыңбойға қуат, жанға шуақ ап келді.
Сен бар болсаң сөнбес менің шырағым.
Сәтті күні жаратылған шырағым.
Ойыныңмен, тірлігіңмен бейкүнә
айналаңа шаштың өмір шуағын.
Құлын мінез құлдыраған құлыным,
бақытты боп, ұзақ болсын ғұмырың!
Ерке тотай Назконтайым, құндызым.
Аспандағы жарқыраған жұлдызым.
Биік болсын өмірдегі мұратың.
Сарқылмасын бойыңдағы қуатың!

Көктем. 2012.ж.

ӘЛДЕКІМ.

Келемеж етіп, кекесінменен
қарайды
тоздырып жүйке,
іштегі жан сарайды.
Итеріп әрі,
тартып та бері көреді
байқаймын, мені
әлдекімге санайды.
Қалғыма, шырақ!
Қарғыма, бірақ, басыма!
Қаңғыған қаңбақ-деп пе едің
мына қасында.
Танымай жүрсең,
таба алмай жүрсең балама
Семсердің жүзі, мен, бала!

Сене алмай жүрсең,
сезе алмай жүрсең соқырсың!
Содырдың бірі,
қодырайып «төрде» отырсың.
«Төріңнен» сенің,
өріңнен сенің не пайда?
Шілдеде тамған
тамшыдай да жоқ пақырсың!

Көрсетер елге өнегесі жоқ үлгісіз.
Бір ісінде сенің береке жоқ «белгісіз»,
құзырыңа біреу құлдық ұрып қараса,
қыбыжық қағып қарманып ауа қабасың.
Қабынып қабақ, жансыз, статуя боласың,
Әбігер болып әрнені шатпай әлдебір
Жолыңды тап!

Шұбаландамай ей, пақыр!

*1980-жылдардың аяғы, 1990-жылдардың ба-
сында жазылған.*

ОЙЛАР, ТҮЙІНДЕР...

Сүрініппін, құламаппын, тұрыппын.
Өзімше бір жақсы дәурен құрыппын.
Зұлымдардың құрығынан құтылып,
Жақсылардың жанында өмір сүріппін.
Махаббатпен жалғасады өмірің,
Ақылымды бағындырып сезімім
Жүрегімді билетсем де бір кезде
Өмірімді билетпеді көңілім.
Мойыныма нардың жүгін артыппын.
Ауырсынбай алға қарай тартыппын.
Еңбегімнің қызуынан қуат ап,

Өз-өзіме риза болған «тантықпын».

Көрдім талай бұл өмірдің қиынын,
Шештім тағы шешілместей түйінін.
Бар міндетті бір-ақ өзім жиып ап,
Ойлап кетсем,
ай-шіркін-ай! Қиын-ақ...

Музасында бұл өмірдің балқыппын.

Кейбір кезде, күн нұрындай шалқыппын.

Кейде солып қала жаздап мен сорлы

Кейде бірақ,

Гүлімді ашып, жұпар шаша аңқыппын.

Асықтыра көрмеші, сен, Жаратқан!

Енді ғана көңілімнің таңы атқан.

Бір азырақ демімді мен алайын.

Өмірімнің эпилогын жазайын.

Сол ісімнен тағы қуат алайын.

Ләззатына қанайын!

Асықтыра көрмеші тек, Жаратқан!

20.11. 2011.ж.

ТӘУЕЛСІЗДІК.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығында туған өлең.

1-нұсқа

Тәуелсіздік!

Берік болсын тұғырың!

Ұзақ емес,

Мәңгі болсын Ғұмырың!

Көк байрақты

биік ұстап, Қазағым,

Өссін талай,

өнерлі жас буының.

Астықпенен,

малға толған даламыз.
Мәдениет,
ошағы әрбір қаламыз.
Техника да,
ғылым да менің санамда.
Өркениеттен,
әлемдегі қалам ба?!

5.12. 2011.жс.

2-нұсқа.

Жас баладай
аңқау жатқан елім бар.
Ұлан ғайыр,
байлық тола жерім бар.
Місе тұтпас
Алла берген нәсібін,
Қараниет,
жемқорлар да табылар.
Құлқындарын пара тескен «қуларға»
Дәл түссінші,
ұзын болып құрығың!
Арамдықтан тазарсыншы,
санамыз!
Сонда ғана
халық болып қаламыз.
Шын-ақ мәнді
Қазақстан боламыз!
Тәуелсіздік,
мәңгі болар ол анық.

8.12. 2011.жс.

ӨМІРДІҢ КЕЙБІР СӘТТЕРІ.

Аюменен алысып,
Қасқырменен жарысып,
Өтіпті талай күндерім.
Түлкіге жетпей қулығым
Қалыппын кейде жаңылысып.
Несіне оның сасамын,
аршындап қадам басамын.
Өмірдің мынау кезінен
әлі-ақ талай асамын.

2011.ж.

ЖҰМБАҚ ҚЫЗ.

Бірінші кітабым, Замана сырындағы Алтынай
оқиғасына байланысты туған толғау.

Жиырманшы ғасырдың бас жағында
Өкіметі Кеңестің жас шағында
Дүниеге келіпті бір һас сұлу
Өтіпті бұл жалғаннан қас қағымда.
Раушандай,
сәтті күні жаралыпты.
Күннен күн
тоты құстай тараныпты.
Сәні мен салтанаты келіскен соң,
ер түгіл, әйелді де қаратыпты.

Шын сүйген
сол сұлуды болды ма екен?
Көңілі
ішпей-жемей толды ма екен?
Қашан қолым жетер,-деп жүрген кезде
Әлдене себеп болып өлді ме екен?

Қара бұлт
шыға келді қас қағымда-ай,
Тағдырға қарсы тұрар
кім бар? Құдай!
Өндірдей өсіп қалған жас сұлудың
алпыс бесте,
шалға кеп бұйырғаны-ай!
Екі жыл және шалмен өмір өтті,
Басына не ой келіп, нелер кетті?
Жоқ та емес,
бар да емес қу ағашқа
Телініп, қанша жүрер, кім біліпті?
«Кәмпеске»
шалды дағы шалып кетті.
Түрмеге
шықпастай ғып салып кетті.
Хабарын
абақтының білейін ,-деп,
бір ағайын бірнеше барып кепті.
Ілесті,
бір күні сұлу ағайынға
Мен де бір
«бұйрықтыма» барайын да.
Ерекше
сәнін сол күн келтіріпті,
құлпыра,
нұр шашыпты маңайына.
Абысын, жаны ашып былай депті:
Қауіпті жолға бұлай шықпас болар,
тыңдамасаң ісіміз қалай оңар?
Қарапайым,
жұпыны киінсеңші!
Сонда ғана жолымыз болып қалар...

Айтылған
сөзді сұлу елемепті.
Түрленіп,
тоты құстай шыға кепті.
Әлде ол кездесем- деп ойлады ма?
Арманын,
өзі тендес алдан епті.
Шалды іздеп шыққаны, әлде,
сылтау ма еді?
Сүреңсіз өмір
өзін-өзі қыстау ма еді?
Үмітін алғы күннен
үзбеген жан,
бір сәуле шақырғандай болған еді.

Әлде...
Көңілі кедей жігіт құлады ма?
Сол жігіт бұл қалада тұрады ма?
Белгілеген қалыңды төлей алмай,
көздің жасын көл қылып бұлады ма?
Кім білген?..
Не күтерін тап алдында!
Сыбырлап,
қауіп-қатер тұрады ма?
Шулаған ну қамыстың арасында
тап басып,
не тұрғанын аңдасын ба?

Көңілі көк аспанда
құс боп ұшты.
Жан жарын қиялдағы
сүйді, құшты.
Тағдырының тармағын іздеп жүріп,
қапияда,
һас сұлу ажал құшты.

Көктем. 2013.ж.

АПАТАЙЫМА.

**Замана сырындағы әжеме байланысты оқиға
еске түскенде туған өлең.**

Есімде!

Бәрі есімде...

Радионың құлағын бұрағаның,

Дірілдеп тұрды тізең,

құламадың.

Естілген зарлы әнді тыңдап тұрып,

қалтырай қос иығың жылағаның.

Көк сандықты

құлаққа тіреп алдың,

Көз алдың тұманданды,

сірә, ұғамын...

Кеудеңе көлбей түскен кимешектің

көрдім мен көз жасыңмен шыланғаның.

Не себеп?

Неге осынша сағың сынды?

Көрінбеуші ед ешқашан жаның мұңды.

Есіңе алдың ба әлде абызым-ай,

Өткізген,

өкінішті жас шағыңда.

Кеудеңе

көк сандықты қыстың бір кез.

Мұңды ән

неге мұнша бітеді тез?

Сыртынан сипаласам,

қайталар ма?..

Дегендей сұрақты жүз, сұраулы көз.

Үні өшті

көк сандықтың бұдан әрі.

Зарлы ән

қайдағыны еске салды.
Өткені еске түскен қайран ана
Желіні түбіменен жұлып алды.
Сыбырлап,
әрең шығып тұрған дауыс,
біржола осылайша тыныстады.

Көктем. 2013.ж.

ӨЗІМ.

Жалтақтап жалған сөйлеп көрмеп едім.
Өзімше айналама өң беремін.
Кездесем замандасқа бір кездегі
мықты боп көрінуді жөн көремін.
Көктемде ерте шыққан бәйшешектей
бірер күн жылуынан гүлденемін.
Бірер күн осы оймен күн көремін.

Шеше алмай түйіндерді жүрген кезде
күн еңкейіп кетіпті-ау, қалай тездеп.
Білемін сен де аз қиналмадың
Жөн көрдің анда-санда жиналғанын.
Алыстан аңсап бізді бір көрмекке
келесің қауымыңмен іп-лезде.
Адамша қарсы алмаққа қам қыламын.
Дұрысы осы емес пе келген кезге?

Жаздың басы. 2013.ж.

ШЕТ ЕЛГЕ КЕТКЕН БАЛАЛАР.

Сұлу сөзге ұстамыз-ау бәріміз,
жорта сөйлеп жасымыз да, кәріміз.
Бірер ауыз сөз жүйесін келтірмей
қалай ғана қазақ болып қаламыз!

Асып түсіп, бірімізден біріміз
күннен күнге шешен болып барамыз!
Жылатпаған жесірі мен жетімін,
дархан халық жер бетінде осы ең-деп,
бір еркін көсілеміз газетте!

Және сайрай жөнелеміз радио,
қала берді төрдегі көк жәшікте.
Қанша қамқор болсақтағы жетімге,
жетім шетке күн-түн санап кетуде.

Қарық қылып тастамаса да елдегі,
барын бөліп берер еді-ау үйдегі.
Жанашырлар ысырылды бір шетке,
жетіміне қолы жетпей «сендегі»..

Көбеймесінші,
жетімдер үйі қалада!
Өзі түгілі, қара домалақ баланың
кетпесін,

сынып түскен тырнағы далаға!

Жөнге келтіріп құжаттарының барлығын,
беріңдер!

Шыр еткен бала үніне
зар болып жүрген анаға!

Маңдайдан сипап,
арқасын қағып әлде де

жарайды солар, жетімдеріңе панаға!

Көбейте алмай жүргенде,
халықтың санын ,қазағым,
жетімді шетке жібергенің не мазағың?..

Өз ұрпағың
өзінде қалса егерде,
көбейіп көрпең,
ұзарғаны да қарағым!

—

Қой да емес, қозы,
лақ та емес сататын.
Өзінде қалса, тас та емес,
жамбасыңа бататын.
Алланың берген сыйлығын шетке асырып
артынан несін
аһ ұрып бекер шатасың?..
Күздің басы. 2013.ж.

МІНЕЗДЕР.

Арасында жүргенде
тауықша жүндейді.
Сәл ілгері жылжысаң
көре алмай күндейді.
Жырақтау кеткенде
іргенді аулақтап,
жақсы еді-ау, япыр-ай,-деп
бір уақ ойға алып, күдерін үзбейді.
Келмеске кеткенде
аһ ұрып, аңырап,
жоқтау сап жамырап,
жан-жағын қармасып, сонда-ақ шын іздейді.
...
Жанына жақын барсаң,
жаныңды жаралайды.
Кей жаман ешбір жанның
әріне қарамайды.

2014.ж.

*Қазақтың маңдайына біткен ұлы
тұлғаларының бірі де бірегейі Д. А.Қонаевтың 100
жылдығына немерем Димашқа арнап жазған та-
ныстыру өлеңі.*

ТАНЫСТЫРУ.

Ошақтыдан тараған
Әбілден туған Тұрсынбек.
Бағымды сынап көрмекке
ортаңызға кеп қалды
Тұрсынбек тегі мен Димаш,
ай сипатты қарашы,
жүзінен нұры төгілген,
Әбутәліптің баласы.

Жұманазар нағашым,
Найманның бір дарасы.
Таныстырдым өзімді,
жетсе көптің санасы.
Ұлы бабам Димаштың
бүгін 100 жас шамасы.
Дүбірлеткен тойына
жиналды Қазақ баласы.
Дара туған бабама
ұқсасам-деген ұрпақтың
бірі менмін, қарашы!

Тәуелсіз Қазақстанның
Туын биік көтерер
ұрпағының дарасы,
Мен Қазақтың баласы!

2012.жс.

ҰСТАЗДАРҒА.

**Ұстаздар күнін белгілеуге байланысты
туған өлең.**

Ұстаздар, құтты болсын, мерекеңіз!
Жылдан-жыл кіре берсін берекеңіз.
Бақытты, ел ұрпағын жақсы өсіріп,
Шаттыққа қуанышқа кенеліңіз!

Қиын да қызық еңбек арқасында
құрметіне еліңнің бөленіңіз!

Өскен ел,
өркениеттен қалмаңыздар.

Жан-жақты
жақсылықты қармаңыздар.

Жемдеген балапанын қарлығаштай
беруден білім нәрін талмаңыздар.

Ұстаздар! Асыл жандар!

Талмасын қанаттарың ешқашанда
адал бол өз ісіңе әрқашанда

«таяздыққа» жақындап бармаңыздар.

Қапелімде ұятқа қалмаңыздар.

...Ізгілік пен мейірім арқасында

Мәңгілік жүректерде қалғансыздар!

6.10.2012.ж.

ШӘКІРТТЕРІМЕ

Аман-сау бармысыңдар, қарақтарым,
Таралып, қатайды ма қанаттарың?
Ұядан темір қанат ұшып едің
Бір тобы сары ауыз балапанның.
Көшінен өмір-өзен қалмадың ба?
Адаспай өз жолыңды таңдадың ба?
Әлде бір қатал сынға кездесіп қап
Ойыңнан төменірек самғадың ба?
Арқалап өмір жүгін кеттіңдер ме?
Зәуімен діттегенге жеттіңдер ме
Шамшырақ көңілдерде жақтыңыз ба?
Өмірлік серігіңді таптыңыз ба?
Көшеге көрік берген сәмбі талдай,
Бұр жарып, бұтақ жайып қалдыңыз ба?
Қарғам-ау!..
Қағажу көрдің екен неден қатты?
Бұл өмір бола бермес күнде тәтті
Ерте түскен күзгі күн қырауындай
Қу уақыт самайыңа ізін сапты

Маусым 2013ж

ӨТКЕН КҮНДЕР.

Алда не күтіп тұр-деп
көңілім алаң.
Зуылдап өткен күнге
қайран қалам.
Жастықта кешкен бейнет
шеккен мехнат

НАҒИМАНЫҢ ӨЛГЕНІНЕ ОН ЖЫЛ БОЛДЫ

Қыз едің отбасында дана туған.
Тұрушы ед талайлардан дара тұлғаң.
Тоғыздың қамын бірдей жеуші едің,
Сырт көзге көрінсе де бойың бұлғаң.
Қамтылмай ешбір жұмыс қалмаушы еді,
тындырмай қолға алғанды қоймаушы еді.
Еңбегімен ақ, адал елге жаққан,
ешқашан сатқындыққа бармаушы еді.
Япыр-ай, шын-ақ кетіп қалғаның ба?
Сұм ажал жақынымды жалмадың ба?
Баратын орынына ауық-ауық,
ізі де бұл жалғанда қалмады ма?!

14.12.2014.жс.

АЙГҮЛІМ.

Талай жаз, талай қыс өтті.
Көрпеңді қалың жамылып,
ұйқыға терең малынып,
беймаза мынау тірліктен
біржолата жалығып,
тірілерден бөлініп,
іргеңді аулақ сөгіліп,
алыстау жерге барғаның,
мәңгі сонда қалғаның.
Қарманып көрдім мен талай
қанатым талды, бос айғай...
Талпынғанмен қаншама
орныңды басар бір пенде
таппадым, шіркін, дүние-ай

2014.жс.

КЕЛЕДІ ӨМІР ЖАЛҒАСЫП.

Күндерге түндер жармасып,
түндерге күндер жалғасып
сырласып, бірде мұңдасып
дөңгелей берді зырласып.

Көңілді көп күн мұң басып
Кей-кейде ғана жырғасып
отырушы едік сырласып.
Қайрылмай күндер өткені-ай.
Сағымдай сырғып кеткені-ай !

Дауылдар қанша соқса да
сел болып терің ақса да,
ауыр жүк басып еңсені
тереңге тартып жатса да
көтеріп бәрін-бәрін де
Келеміз өрлеп тағы алға .

Ұсынып кейде ащысын,
тауыспай тағы тәттісін
кезектесе алмасып,
келеді өмір жалғасып.

2014.ж.

ЖАҢА ЖЫЛ.

Кел, жаңа жыл, жадыратшы жанымды,
ерекше бір нұрға бөлеп маңымды.

Әуелете ақ шампанды ашайық,
Жаңа жылға шашу ғылып шашайық,
Көңілімді қуанышты күй кернеп
Дастарханға толтырайын барымды!

Қуанайық, шаттанайық бәріміз
Мұңсыз болсын жаңа салған әніміз!
Көк аспанда қалықтап кө-ө-өп ақ құстар,
Күннен күнге арта берсін сәніміз!

Бірлікпенен кемшін тұсым толықсын,
Дос-жаранмен аумағымыз молықсын.
Қызғаныштың тілі қысқа қырқылып,
Тілеулестер жанымызды дөп ұқсын!

2015-жаңа жыл.

ӘЗІЛ.

Сағындырып, сарғайтып,
сәлем жетті.

Үш күн түнеп, түстеніп,
әрең кепті.

Қашығын-ай мектебі 44 тің
Скорый поезд 18- Гамалейге
Түнемелге тармаса әрең жетті.

Көктем.2016.ж.

АҚ ТІЛЕК.

Өзім еңбек еткен бұрын ұжымым
Көрдім талай бейнеті мен қызығын.
30 жылдық мерей тойың құтты боп,
өсе берсін, білімді ұрпақ, «бұзығың»!

Ісімізді әрі қарай жалғасын
Білікті ұстаз, білімді ұрпақ самғасын!
Шона ағамның атындағы мектептің
мерейтойы 100 ден де әрі жалғассын!

20.05. 2016.ж.

ҚАСИЕТТІ ҚАРТ ҚАРАТАУ.

Қойнауы Қаратаудың мың бір бұлақ.
Ағады тасты тесіп, құзға құлап.
Шатқалды бойлай өскен қалың шілік
Арасы, тал мен терек, қамыс, құрақ.

Қияда жайылады арқар, марал.
Тоғайы тербеледі ессе самал.
Қияннан пайда болған сұрғылт бұлттар
кетеді нөсерлетіп ауық-ауық.

4.08.2016.ж.

Себелеп жауын сіркірей келіп жетеді.
Ұйтқыған желі әп-сәтте-ақ қуып кетеді.
Құбылған күнді, тұнжырап келіп түн ұрлап
түнерген таулар бір сәтте-ақ қалғып кетеді.

5.08.2016.ж.

АҚТАС- ӘУЛИЕ БҰЛАҚ.

Қойнауы Қаратаудың нөпір халық.
Небір алыс-жақыннан келеді ағып.
Естіген соң ем іздеп шыбын жанға
жаз сайын емделеді сонда барып.

Сарқыра-а-ап, тау басынан ағар бұлақ.
Буалдыр, ақ моншақтай бу бұрқырап.
Бұрғыдай қара тасты тесіп шыққан
бар қасиет сол суда салсаң құлақ.

Жиналған шартараптан барша халық,
ем іздеп күндері өтті талай налып.
Түскен соң Қаратаудың бұлағына
шипa боп, науқасынан кетті арылып.

Дәл түбінде бұлақтың ордасы бар.
Жыланды бірен-саран көрді осылар.
Жаратқан қасиетті қорғасын-деп
жәндіктің сұстысынан жіберді дәл.

Тырмыса тау басына шығар халық.
Кейбірі айналаға қарайд таң ғып.
Тастағы сүйкеніскен бір-біріне
бір жұбын жыландардың көрері анық.
Тағы да төменірек зер салыңыз.
Ұғуға құпияны қамданыңыз.
Тау-тасын, бұлақ, жылан, шіліктерді
Көресіз де, қайран қап қадаласыз.
Көтеріп тұрған алып жылан басын.
Оң жақ бетте барыстың ізі қалған,
кесіртке сол жағына ою салған
алшысынан түскен бұл алып тасты,
көтеріп тұр әнекей жылан басы.
Келтіріп баршасының мағынасын
ескерткіш қара тасқа салынғасын
бір-ақ қарап зерделі түсінетін
шеберін-ай көрінбес құдіреттің.
Салыпты тасқа қашап сүгіретін.
Сөзі жоқ тас кітапқа бір қарасаң
Табиғат тылсым күші осы емес пе?
Әлемнің түсінесің құдіретін.

27.07.2016.жс.

МАЗМҰНЫ

Уақыт – не деген әділ, дәл, қатал, өткір, тұңғыық.....	3
---	---

1-Бөлім.

Балауса.....	6
Әйел бақыты.....	16
Бір үміт, бір күдік.....	68
Дөкейлер XXғ.....	122
Дөкейлер XXІғ.....	133
Сел.....	137
Бір үзім нан.....	148
Қызғаныш сызы (повестен үзінді).....	162

2-Бөлім

Туған жер.....	240
Немере.....	240
Әлдекім.....	241
Ойлар, түйіндер.....	242
Тәуелсіздік.....	243
Өмірдің кейбір сәттері.....	245
Жұмбақ қыз (толғау).....	245
Апатайым.....	248
Өзім.....	249
Шет елге кеткен балалар.....	249
Мінездер.....	251
Таныстыру.....	252
Ұстаздарға.....	253
Шәкірттеріме.....	254
Өткен күндер.....	254
Тұрғынбекқызы Нағышқа.....	255
Нағиманың өлгеніне он жыл болды.....	256
Айгүлім.....	256
Келеді өмір жалғасып.....	257
Жаңа жыл.....	257
Әзіл.....	258
Ақ тілек.....	258
Қасиетті қарт қаратау.....	258
Ақтас - әулие бұлақ.....	259

Қысқа жазба

Қысқа жаза

Ұлдана Молдабаева

ҮМІТІ ОҢЫ

Корректоры: Теляева М.

Компьютерде беттеген: Ахметов Б.

Баспашы: Сембина Ш.

Басуға 10.11.2016 ж. қол қойылды.

Офсеттік қағаз, қалыңдығы 80 гр/м.

Офсеттік басылым. Пішіні 84 x 108 ¹/₃₂

Шартты баспа табағы 16,3

Есепті баспа табағы 10,2

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 0479

Бағасы келісімді.

ЖШС «Формат-Принт» басып шығару баспаханасы,

080003, Тараз қаласы, массив Телеорталық, 8/33-үйі

Тел.: 8(7262) 42-52-09, copy-format@mail.ru